

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ТІЛДЕРДІ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫ

«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫН ЗЕРДЕЛЕУ ИНСТИТУТЫ

Тура биде туған жоқ

*Орталық Қазақстандағы
би-шешендердің әдеби мұрасы*

Екінші кітап



Қарағанды – 2020

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5Қаз)
Т80

*Жинақты құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған
филология ғылымдарының докторы, профессор
Мұхаммадғали Ілиясұлы Әбдуов*

Ақылдастар алқасы

Әбдуов Мұхаммадғали Ілиясұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Қаңтарбекова Гүлнарайым Хасенқызы**, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы; **Қалиев Бектұрсын Аманкүлұлы**, филология ғылымдарының кандидаты, доцент; **Түйте Елдос Ерғазыұлы**, филология ғылымдарының кандидаты, доцент; **Әбдуова Нәзилә Мұхаммадғалиқызы**, PhD докторант; **Елшібекова Назерке Халмаханқызы**, магистр

Пікір жазғандар

Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор;
Айтбаева Бақыт Манатқызы,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор

Т80 **Тура биде туған жоқ** (Орталық Қазақстандағы би-шешендердің әдеби мұрасы). — Екінші кітап. — Қарағанды: «Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ» КЕАҚ баспасы, 2020. — 313 бет.

ISBN 978-9965-39-822-3

Жинаққа Орталық Қазақстан өңірінде өмір сүрген би-шешендердің әдеби мұрасы енгізіліп отыр. Олардың есімдері мен шешендік сөздерінің басым бөлігі көпшілікке мәлім болғанымен, кейбір туындылары жарыққа шықпаған тың мұралар. Сонымен қатар, сол мұраларды жеткізушілер туралы түсініктер, кейбір сирек қолданылатын сөздер мен ру, жер-су атауларына анықтамалар жасалды. Жинақ рухани құндылықты бағалайтын көпшілік оқырманға арналады. Ізденушілердің зерттеулеріне өзінің септігін тигізетіндігіне сенімдіміз.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5Қаз)

ISBN 978-9965-39-822-3

© «Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ, 2020

*«Ата-ананың қадірін,
Балалы болғанда білерсің.
Ағайынның қадірін,
Жалалы болғанда білерсің.
Балалықтың қадірін,
Саналы болғанда білерсің.
Асыл менен жасықты,
Бағалы болғанда білерсің.
Бостандықтың қадірін,
Жабылғанда білерсің.
Қалтаңдағы ақшаны,
Қағылғанда білерсің.
Денсаулықтың қадірін,
Ауырғанда білерсің»*

Аргын Абыздың аталы сөзі

Buketov University





*Танысыңның бәрі – ақылың емес,
Жақыныңның бәрі – жанашырың емес.
Туысыңның бәрі – адал болмайды,
Дұшпаныңның бәрі – қатал болмайды.*

Жаманкүл шешен

Бастау

Көнеден бүгінге дейін өзінің жалғастылығын тауып келе жатқан шешендік өнер, халықтың тыныс-тіршілігімен біте қайнасып, жалпы адамзаттық қажеттілікке айналу арқылы өзінің өміршеңдігін айқындап отыр. Мұндай маңыздылықтың қорына енуіне бірнеше негіз бар. Біріншіден – оның өзегі – шындық. Шешендікке ақиқаттан алшақтау жат қылық. Басқаны былай қойғанда, жеңіл қалжың, әзілге құрылған шешендік әңгімелердің астарында да турашылдық, түзулік көрініс беріп тұрады. Екіншіден, оның қалыбы – сұлулық. Әсемдік әлемі әркімді еліктірмей қоймайды. Ал, сөз сұлулығы сиқырлы сағым. Елес берсе, ере берерің хақ. Үшіншіден, оның азығы – дарындылық. Бірақ, өкінішке орай бұл қасиет екінің бірінде кездесе бермейді. Төртіншіден, оның қазығы – ақыл. Яғни, ақылы асқан дарын, кемеңгер адам ғана оны ұстап тұра алады. Бесіншіден, оның өрісі – халық. «Көрусіз қалса көз жетім, тыңдалмаған сөз жетім» деген қанатты нақыл да осыған орай айтылса керек. Біз сөздің қадір-қасиетін түсіне білген елміз. Сондықтан да болар тізгінді ханға ұстатқанымен, басқару, бағыттау, байыптау, байлау билердің еркінде болды. «Сөз білмеген тілін көрсетеді» дейді халық. Бұл шешендік өнерге қорған болудың, жақтаудың көрінісі емес пе? Шешендік туралы айтылған ой, жазылған пікірлер аз емес. Сөзтану тарихына тереңдей енген адам талай таңқаларлық тамаша толғаныстардың куәсі бола алады. Белгілі ғалым А.Байтұрсыновтың төмендегі тұжырымы оқырман қауымға ой салары хақ. «Шешен сөзде айтушының мақсаты – баяндап, сипаттап, анық түсіндіріп беру. Оны істеу үшін шешендер жай пайдаланушыларша айтқан сөзі адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді, сөз қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кетуге ыждаһат етеді. Сондықтан, шешен сөздің

«қыздырма» яки «қоздырма» деген айрықша бөлімі болады. Оның қызметі адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру. Шешен сөздің бұл бөлімі пікірді дәлелдеп, сипаттап, мәністеп болғаннан кейін келеді. Өйткені, пікірді баяндап, ақыл жағы қанағаттанғаннан кейін жүрек жағына әсер етіп, бойын балқыту жеңіл болады» [1, 184].

Ауыз әдебиетінің қай саласын алып қарасақ та шешендік өнермен тығыз байланысты болып келеді. Ертегі, аңыз, жыр қай-қайсысында болмасын, толымды тұрғыда кездеспесе де, әр тұстарында әрегідік көрініс беріп отырады. Бұл жағдай сол шығарманың тартымдылығын, көркемдігін арттыруға айрықша үлес қосып тұрғандығын аңғаруымызға болады. Мәселен, «Қырық өтірік» ертегісіндегі Тазша баланың тапқырлығы, өтірік өлендегі өрнекті өрімдер, «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүністің Қарт Қожаққа айтқан сөзі біздің пікірімізді айғақтай түседі.

Фольклорда шешендік сөзге мазмұны мен құрылысы жағынан жақын тұратын сала – мақал-мәтелдер. Кейбір зергерлер түйдектетіп, төгілте толғау барысында осы мақал-мәтелдерді де қолданып отырған. Ол, әрине, аз сөзбен көп мағынаны аңғартудың жолы. Осындай тәсілді көрсету арқылы ажырата жазса, мақалдың шешендік сөздердегі алатын орынын да айғақтауға болады. Бірақ, кейде мақал-мәтелді шешендік сөз түйінінің ықшамдалып, ысылған, жонылған түрі ме деп ойлайсың. Ғалым М.Ғабдуллиннің: «Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, мақалдың өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар. Ең алдымен, әдебиеттік жағынан алғанда, мақал үлкен жолға, образ арқылы өрілген логикалық ой тіршілікте, қоғамдық жағдайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады... Халық аз сөзге көп мағына сыйғыза отырып, өзінің өмірінде көргендерін, бастан кешірген кезеңдерін, алған тәжірибелерін мақал арқылы айтып береді. Бұл жағынан алғанда көптеген мақалдар ақыл-өсиет, нақыл сөз есебінде қызмет атқарады» [2, 68], - деген ғылыми түйіні біздің жоғарыдағы ойымызға өріс беріп тұрғандай.

Шешендік сөздердің түрлерін түгелдеу барысында да біраз байламдар баршылық. Әсіресе, талғам таразысынан толық өткені, шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау сөздер. Бұл мәселе төңірегінде терең талдау жасаған ғалым Б.Адамбаев болатын. Осы айтылған үш сала қазақ халқының қалыптасқан, дәстүрге айналған шешендік сөздері болып табылады. Әрқайсысының өзіндік сипаты, табиғаты бар. Мәселен, шешендік арнау – бір сөз зергерінің екінші біреуге айтқан сәлемі, аманаты, сыны түрінде келсе, шешендік толғау – кейінгіге өсиет, жастарға бата, нақыл, ал, шешендік дау – әр түрлі тартысқа, таласқа орай туындаған.

Шешендік арнау сөздер мазмұны жағынан аңыз-әңгімелермен араласа отырып беріледі. Бірақ, өсиет, нақылы басым болып, басқалары (оқиғасы, әрекеті) соған бағынышты болып тұрады. Шешендік толғау басынан-аяғына

дейін ғақлия, ғибрат сөздер. Бұл кемеңгер ойдың жемісі. Бұған оқиға желісін қолдану қажет емес. Шешендік дау көлемі шағын оқиғалы әңгіме тәрізді.

Шешендік сөздерді жүйелеудің тағы бір жолы оның қолданылу жолдарына қарай жүзеге асады. Оны шамамен тапқыр сөз, ділмәр сөз, дана сөз деп бөлуге болады. Бұлардың да өзіндік байланысы мен ерекшеліктері бар. Олардың сипатын айтып, сырын ашу бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі. Жинақта тапқыр сөз үлгілері жиі кезігетіндіктен, оған байланысты ой-пікірлерімізді ортаға салғанды жөн көрдік.

Шешендік өнер табиғатының бір тармағы тапқырлықта жатқандығы анық. Ел ішіне кеңінен тараған сөз шеберлері туралы әңгімелердің барлығы бірдей әдемі, әсем тапқакты нақылдарға құрыла бермеген. Олардың бір тобы болған оқиғамен байланыса келіп табан астында сөз тапқырлық өнерді дәріптеуге арналған. Көне көз қариялардың есінде сақталған мына әңгіме біздің осы пікірімізді қуаттай түседі.

Ертеде ел аралап келе жатқан Кернейбек деген шешен бір ауылға келсе, дін жайында насихат айтып жүрген Ишан он алты қабат ақ боз үйдің ішінде, сол ауылдың ел-жұртын жинап, намазға тұрғызып жатыр екен. «Көппен көрген ұлы той» демекші, Кернейбек те көпшіліктің соңынан орын алыпты. Иманға ұюшы жамизатты шолып шыққан Ишанның көзіне үстінде жыртқық шапаны, нашар киімі бар шешен түседі. Көптің алдында жаны ашыған кейіп білдіріп:

- Мүсәпірім-ау, мынадай киіммен намазға тұру күнә болады, сыртыңнан мынаны киіп оқы, - деп өзінің оқалы, қымбат бағалы шапанын шешіп беріпті. Көпшіліктен бұрынырақ намазын тәмамдап тысқа шыққан шешен атына мініп алады. Сәлден соң өзінің шапанын іздеген Ишан бір жігітке:

- Әлгінде бір мүсәпірге шапанымды беріп едім, барып алып келші! – деп тысқа жұмсайды. Ишанның жіберген жігітіне Кернейбек:

- Моллекеңе айта бар! Мұсылман адам екі сөйлесе діннен шығады, ердің екі сөйлегені өлгені. Егер Ишан өзі ки деп бермесе шешіп-ақ берейін, - дейді. Осыны естіген Ишан:

- Ойпырым-ай! Сөзі қандай ұтқыр еді! Туіспеңдер, шапанды сол-ақ кисін, - деп өзінің сөзден жығылғанын мойындапты.

Әңгімедегі шешеннің сөзі айтарлықтай мәнерлі, көркем деуге келмейді. Бірақ мазмұны жағынан мәнді, тартымды, естіген адамды елең еткізері хақ. Жолын тауып, жүйелі сөз айту арқылы жеңгендігін мойындатып тұр. Бұл – тапқырлықтың көрінісі. Осыдан келіп туындайтын ой, тапқырлықты танытатын әңгіме-аңыздар көркем сөз жағынан айрықша дараланып көріне қоймайды. Мұнда негізінен іс-әрекетке орайластырып қолданылған орамды ойлар басты міндет атқарады. Сондықтан, оқиғаның өрбуіне орай сөз мазмұнының сәйкестендіріле тауып айтылуы тапқырлық өнеріне аса қажет.

Тапқырлыққа тән тағы бір ерекшелік шешеннің сөзінің оқиғаға тікелей қатыстылығы, тығыз байланыста болатындығы. Яғни, өнерпаздың айтқан байламын оқиғадан бөліп алып қарастырар болсақ, маңызынан айрылып, кәдуілгі екінің бірі білетін жалпақ ой болып шыға келеді.

Тапқыр сөздердің басты маңызы оның өміршеңдігінде. Біріншіден, айтылар мәселе, кез келген өнер саласының өшпей, жалғастылық табуы халықтың қалауы бойынша қалыптасатындығы белгілі. Мәселен, жоғарыдағы келтірілген мысал-әңгімеміз Өз уақытында ғана қолданылып, кейінгі дәуірде құнын жойып, маңыздылығын жоғалтып қалып қойған жоқ. Осы тектес әңгімелердің ел ішіне кеңінен тарағынына құлақпен естіп, куә болып жүрміз. Ол өсіп-өркендегендігінің, дамығандығының белгісі. Бұдан біз шешендік өнер саласында тапқырлықтың да ерекше орын алатындығын аңғарамыз.

Екіншіден, тапқыр сөздің туындауына салиқалы топ, сындарлы жиын қажет емес. Кез келген ортада, кез келген жағдайда шыға береді. Мәселен, екі адам арасындағы әзіл-қалжың түріндегі үлгісін де кезіктіруге болады. Мұндайда тыңдаушы қауым шешеннің сөз мәнеріне емес, арнасын тауып ойланып айтқан ұтымды жауабына риза болады. Негізінде керексіз деп санап, дәстүрге айналған кейбір жағдайларға кедергі келтірген кезеңдерде де тапқыр сөздер өздерінің қадір-қасиетін жоғалтқан жоқ. Ірілі-уақты әр түрлі уақиғаларға байланысты талай тамаша тартымды, иірімді әңгімелер туындап жатты. Солардың бірі төмендегідей.

Аштықтың алапаты халықтың басына төнген 1932 жыл болса керек. Болат деген жігіт күндердің бір күнінде өзімен көрші отырған ауыл молласын үйіне дәмге шақырыпты. Заман болса қиыншылық, өзінде жүрек жалғар наны да жоқ, молла барыпты. Түйенің майлы етінен жасалған қуырдақты дастарқанға әкеліп қойған бетінде Болат былай депті:

- Моллеке, жол бойында бір түйені пойыз басып кеткен екен, соның сан етінен ойып әкеліп қуырдақ жасаттым, мынау сол!

Мұны естіген молла:

- Мынау арам ет қой! Сен мені күнәға батырайын деген екенсің, - деп біресе етке, біресе жан-жағына қарағыштай беріпті. Молланың дәмге көңілі ауып отырғандығын сезген Болат:

- Моллеке, бұл түйенің астында жатқан болат, үстінен басып өткен болат, жейін деп отырған және Болат, бір түйеге үш Болат жетпей ме? – деген екен.

Әңгімеде сөздің айрықша өрнекті, бейнелі қолданысы, мәнерлі, ырғақты түрі жоқ, оның орнына тапқырлықтың тамаша үлгісін көрсетіп тұр.

Жалпы шешендік өнердің жай-жапсарын жан-жақты меңгерген сөз зергерлері ретіне қарай бірде тақта, бірде ақпа сөзді, енді бірде нақыл, болмаса тапқыр сөзді қолданып отырған. Олар сөздің шебер қолдану үлгілерін ғана көрсетіп қоймаған, тапқырлығын да танытқан. Мұндайды егеске түскен екі шешеннің сайысынан да аңғаруға болады. Осы орайда ғалым М.О.Әуезовтің мынадай пікірі ойға оралады. «Билер айтысының қазір де барлық түрлері жиналып болмағандықтан, екіншіден бұл түрдегі айтысы да өте көп болғандықтан бұл күнде түгел жіктеп, бөліп қоюға болмайды. Сондықтан, қазір де қандай түрлері кездесетінін айтамыз. Бірақ, бұл жіктеу уақытша ғана жіктеу және ылғи ішкі мағынасына ғана қарап жасалған жіктер

болады» [3, 63]. Мейлі, жеке шығармашылық бойынша алып қарасақ та, мейлі кезеңдік тұрғыдан зерттесек те шешендік қолданылған жерде тапқыр сөздердің айрықша орын алатындығын және оның осы саланы дамытуға, өркендетуге, мазмұны мен маңыздылығын арттыруға белгілі бір деңгейде үлес қосқандығын мойындамасқа болмайды. Біздің еңбегімізге арқау болып отырған шешендерде де осы мәселе кеңінен кездеседі.

**Мұхаммадғали Ілиясұлы Әбдуов,
филология ғылымдарының докторы, профессор**



Buketono University



A decorative border with intricate black and white floral and scrollwork patterns, framing the central text. The border consists of four main sections: top, bottom, left, and right, each featuring symmetrical, swirling designs with leaves and dots.

Бірінші бөлім

**Өнер алды -
ҚЫЗЫЛ ТІЛ**



*Үш гайып бар:
Ажал гайып,
Қонақ гайып,
Несібе гайып.*

ӘНЕТ БАБА ШЕШЕН

Әнет би Кішілік ұлы халыққа танымалы тұлға. Ол XVII-XVIII ғасырларда ғұмыр кешкен. Халық оны билігінен гөрі айрықша құрметтің арқасында Әнет баба әулие деп атап кетсе керек. Заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов өзінің тұңғыш туындысы "Еңлік-Кебек" драмасында Әнет бабаны әулие абыз бейнесінде көрсеткен.

Танымалы ғалымдар Е.Сыдықов пен Ж.Артықбаевтың 2017 жылы «Әнет баба ғұмыры мен заманы» атты ғылыми зерттеу еңбегі жарияланған болатын. Онда Әнет бабаның өмірі мен елге сіңірген еңбегі жайлы жан-жақта айтылған. Мынадай пікірге назар аударып көрелік.

«Мысалы, Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Қоңырбикеден біздің сегізінші атамыз Кішік және Мәмбетсопы туыпты...» дейді. Егер «Ақтабан шұбырынды» басталғанда 97 жасында Қаратауда қалған Әнет баба 1626 жылы туды деп есептесек, ол қалайша 1628 жылдан кейін дүниеге келген Кішіктің баласы болмақ? Бұл жерде шежіреде бір жаңылыстық бары сөзсіз. Бізге осы даулы мәселе туралы жазған Қуандық Бекмұқашұлының пікірі қисынды көрінеді: «ал тарихи шындыққа келсек, Қоңырбике – Тұрсын ханның қызы. 1628 жылы Есім хан Тұрсын ханды шауып, Ташкентті алып, оның Нұрбике, Айбике және Қоңырбике атты қыздарын қолға түсіріп, соғыс олжасы ретінде өзінің қолбасшыларына бөліп берген. Қоңырбике Сарының үлесіне тиіп, ол оны өзімен бірге үзеңгілес соғысып жүрген Кішік деген баласына тоқалдыққа берген. Кішіктің ол кезде бәйбішесінен Саңқымұрын және Байымбет деген балалары болған. Қоңырбикеден Абайдың жетінші атасы Кішік емес, алтыншы аталары Әнет және Әйтек дүниеге келген». Біз әлі де анықтала түсетін қыр-сыры бар бұл мәселеге бір айналып соғамыз, әзірше Әнет бабаның туған жылы жоғарыда айтылған 1628 жыл дегенді қабылдаған дұрыс деген пікірдеміз» [4, 78]. Біз төменде Әнет бабаның ел аузынан жиналған шешендік сөздерін ұсынып отырмыз.

ӘНЕТ БАБАНЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Ертедегі жаугершілік, қиыншылық заманда Тобықты елі осы күнгі Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай, Торғай өңірлеріне, енді бір аталары ауыл-аймағымен Сырдария, Амудария аралығындағы Қызылқұм даласында, Бұхара, Ташкент, Түркістан, Шымкент шаһарларын мекендеп тіршілік етсе керек. Сол кезде қазақ баласы Түркістанды астана етіп, дәурені жүріп тұрған заманда алаштың бас биі Үйсін Төле биге:

-Уа, Төле би, біз адассақ сізден ақыл сұраймыз, енді сіз адассаңыз кімге жүгінесіз? - деп сұраған екен. Сонда, Төле би ойланбастан:

- Әнет бабаң бар емес пе? - депті.

Төле би төбе би болып сайланғаннан кейін өзін сынату үшін Әнет бабаға келіпті.

Он екі қанат ақ боз үйдің қақ төрінде төрт қабат төселген көрпенің үстінде, көкірегіне көк құранын қойып Әнекең жатса керек.

-Ассалаумағалейкум! - деп сәлем беріп кіріп келеді. Әнет баба басын көтеріп, сәлемін алып, жай сұрасып болған соң, Төле биге арнап төбел бас сойғызып, қонақ асы беріпті.

Төле би кетуге жинала бастаған кезінде керегеде ілулі тұрған қорамсақты нұсқапты:

- Төлежан-ай, анау қорамсақтан бір жебе суыршы, - депті.

Әнет бабаның айтқанын орындап, қозы жауырын қу жебені суырып алып бабаға ұсыныпты.

-Осы жебені ортасынан сындыршы, -деген екен. Әлгі сөзден кейін Төле би жебені тізесіне салып басып қалғанда ортасынан қақ бөлініпті. Бұдан кейін үш жебені алып сындыр дейді. Тағы айтқанын орындайды. Үш жебеден, үш жебеден алты шыбық жасапты.

Осыдан кейін Әнет баба Төле биге:

- Енді осы алтауын қосып сындыр, - деген екен.

Төле би шыбықты әрі майыстырады, бері майыстырады, тізеге салады сынар емес. Сынбаған соң қорамсағына жаңағы алты шыбықты салып алады да қолын жайып, Әнет бабадан бата тілепті.

Сонда Әнет баба Төле биге:

-Жорытқында жолың болсын, Қыдыр ата жолдасың болсын, -деп бата беріпті. Ауылдан былай шыққан соң қасындағы серіктері түкке түсінбей:

-Әнет бабаның онысы несі, бізді жебе көрмеді дегені ме? - депті.

Сонда Төле би:

-Жоқ, сендер түсінбеген екенсіңдер. Әуелі жалғыз жебені сындыртқан себебі кез келген қарулы қол белінді сындырады дегені, ал алты бірдей шыбықты сындыр дегені-егер ауыз бірлігің, ұйымшылдығың болса, алты алаштың баласына ешкімнің де шамасы келмейді дегені еді, - депті.

* * * * *

Бірде Әнет бабадан ел:

- Баба дүниеде не арсыз, не ғайып, не дауасыз, не қадірсіз, не тәтті, не күшті, не жаман? - деп сұраған екен.

Сонда Әнет баба сауалды үш-үштен жұптап жауап беріпті:

- Үш арсыз бар:

Ұйқы арсыз,

Тамақ арсыз,

Күлкі арсыз.

Үш ғайып бар:

Ажал ғайып,

Қонақ ғайып,

Несібе ғайып.

Үш дауасыз бар:

Мінез дауасыз,

Кәрілік дауасыз,

Ажал дауасыз.

Үш қадірсіз бар:

Жігіттік қадірсіз,

Денсаулық қадірсіз,

Әйел қадірсіз.

Бұл арада Әнет баба адам баласы жас шағында осы үш нәрсенің қадырын білмейді, ес тоқтата келе опынады дегенді айтса керек.

Үш тәтті бар:

Жан тәтті,

Мал тәтті,

Жар тәтті.

Үш күшті бар:

Ақыл күшті,

Жүрек күшті,

Тіл күшті.

Үш жаман бар:

Өтірік айту,

Кісі ақысын жеу,

Ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу. Міне, осы жаман ғадеттен сақ болындар, - депті.





*Қол бастау қиын емес,
Көк найзалы ерің болса.
Жол бастау қиын емес,
Соңыңа ерген елің болса.
Бәрінен де сөз бастау қиын,
Тауып айтсаң береке қылады,
Таппай айтсаң келеке қылады.*

ДОСБОЛ ШЕШЕН

Досбол шешен Арқа өңіріндегі Ұлытау аймағында шамамен алғанда ХІХ ғасырдың басында өмірге келіп, соңында дүниеден өткен. Қариялардың айтуына қарағанда, шыққан тегі Орта жүз құрамындағы Қыпшақ елінің Көзей деген руынан. Ел аузында сақталған әңгімелерге қарағанда, Досбол би бала кезінен бастап, шешендігімен, тапқырлығымен айрықша көзге түскен. Кейбір мәліметтерде Досболды халық Бала би деп атап кеткен деген әңгімелер де кезігеді. Би кедей ортадан шыққан болса керек. Оның әділдігі, ашық айтатындығы кейбір ағайындарына ұнамай, ренішке ұрындырып, біраз уақыт Сыр бойында мекен етіп қайтады. Тағы бір әңгімеде Досболдың тапқырлығы Әжібай және Торғай деген би мен датқаны екі ауыз сөзбен татуластырғандығы жайлы айтады. Сондағы Досболдың сөзі:

Іс түскенде басыңа,
Туған тұрар қасыңда.
Түбі бірге түртпейді,
Түбі бөлек күтпейді.
Түбі бірге кетпейді,
Туғанға ешкім жетпейді.

Міне, осындай шешендік сөздері Досболдың шебер тілді би болғандығын айқындай түседі. Оның нақыл сөздері ел ішіне кеңінен тарап, кейінгі ұрпаққа мақал-мәтел түрінде жеткен. Бізге жеткен аңыз-әңгімелердің қай-қайсысын алып қарасақ та, Досболды ұзақ өмір сүріп, тоқсан жасқа келгендігін мақұлдайды.

ДОСБОЛДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Нұржан деген кісі сөзге шешен, тапқырлығымен бірге саудагерлігімен аты шыққан дәулетті адам екен. Сол Нұржан Досболдың дабысын естіп, «жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ болушы ма еді, адамына кездеспей жүр де, егер сол кісімен кездесем сөзден тосар едім-ау» дейтін көрінеді. Бірақ өзі іздеп баруға жер шалғай, сан-сапалақ шаруадан қолы тимейді. Оның бұл сөзінен Қабырға бойын жайлап отырған Досбол да құлақтанады. Ол да Нұржанды бір көруге құмартады. Содан бірде қасына төрт-бес адам ертіп, Нұржанды өзі іздеп жолға шығады.

Ел арасында сөз жатқан ба? «Досбол Нұржанды іздеп келе жатыр екен» деген хабар Нұржанға Досболдан бұрын жетеді.

- Қап, кәрі түлкі бір ұпай алып кетті-ау, - дейді мұны естіген ол. – Мейлі, енді келсе келсін. Кімге бақ, кімге дақ боларын көріп алдық, - деп іштей түлеп Досболды күтіп алуға жан-жақты дайындығын жасай береді.

Бірақ, Досбол бір ауылдан бір ауылға қонақ болып, Нұржанның ауылына соқпай, оны төңіректен жүріп алады. Сөйтіп жүргенде Шалқарда жәрмеңкенің ашылатын уақыты болып қалып, Нұржан шұғыл сонда аттанып кетеді. Адамдарына Досбол өзі жоқта келсе, жібермей күтуді тапсырады.

Досболдың күткені де осы болса керек, Нұржанның Шалқарға кеткенін ести сала, адамдарын ертіп соның ауылына барады. Ауыл адамдары үй тігіп, қол қусырып күтіп алады.

Бірақ Досбол аттан түспейді. «Би бала қайда?» деп сұрайды. Ауыл адамдары Нұржанның қалаға кеткенін айтады.

- Е, мен оны даланың баласы, ауылының панасы деп іздеп жүрсем, оның – дүниеге көңілі ауған, сауда қуып, тиын сауған бала екен ғой. Қой, онда оны сол қаласына-ақ барып көрелік, - деп Досбол жүріп кетеді. Қос атпен жедел аттанған шапқыншы бұл хабарды сол күні Шалқардағы Нұржанға жеткізеді.

- Қап, мына қу шал тағы да алдымды орап кетті-ау. Қой, енді болмас, оны қалаға кіргізбей, сол даласында-ақ қарсы алайын, - деп алдынан шығады. Екі топ айдалада кездеседі. Нұржан өз тобынан озып, аттан түсіп,

- Армысыз, датқа аға! - деп сәлем береді.

- Бар бол, би інім - деп Досбол да өз тарапынан оның кішілік сәлемін зор ілтипат білдіре қабыл алады.

- Уа, би інім, жүрісің суыт көрінеді, қайдан келесің? – деп сұрайды Досбол амандықтан соң.

- Қаладан келем.

- Е, қалаңда не қымбат екен?

- Қыл-қыбыр, жүн-жұрқа қымбат екен.

- Не арзан екен?

- Тері-терсек, шанаш-манаш арзан екен, көрінген бұрышта ит тартып, жұлымдап жатыр.

Нұржанның жауабынан кейін Досбол сөзден тосылғандай, үндей алмай, күбіжіктеп қалады. Сол кезде Нұржан атына қарғып мініп алады да, жүре беріп, қайта тоқтайды. Сонан соң Досболдан:

- Басындағы не? – деп сұрайды. Досболдың басында қарсақтың терісінен тігілген сөпбөрік (төбесі шошақ етіп тігілген бөрік) екен.

Досбол:

- Қарсақ, - дейді.

Нұржан:

- Бізге де тігіп бермес пе екен,
Ауылыңа ере барсақ, -

дейді. Досбол:

- Ауылға барып боқ жейсің бе,
Саған осы да жетеді.
Ортасынан жарсақ, -

дейді. Сол кезде Нұржан атынан қайта түсіп, Досболдың қолын алады.

- Кешіріңіз, ініңіздің бір еркелігін. Ат шапан айыбым дайын. Ауылға жүріп, қадірлі қонағым болып кетіңіз, - дейді. Досбол бірнеше күн қонақ болып, еліне қайтады.

Жолда серіктері Нұржан мен екуінің жауаптасуының мағынасын сұрайды.

- Нұржанның менімен кездесіп, сөзден тосар едім деп жүргенін білесіңдер. Мен де оған келісіп, сендерді ертіп осында келдім. Бірақ, жасымның үлкендігін көлденең тартып, оның ауылына бармай маңайындағы ауылдарды араладым. Сөйтіп, екеуіміз жәрмеңке ашылғаннан кейін кездестік. Менің Нұржанның алдына бармау себебім «Жолың да кіші, жасың да кіші, ата салтымен сәлем беруге жарамадың, жөн-жобаны білмейсің, алыста жатып күндейсің, айтыспа, абыройың төгіледі. Менің шеніме де келмейсің» дегенім еді. Кездескенде «қайдан келесің» деп сұрау себебім «Саудагерлікке түсіп кеткен екенсің ғой, соған айтар қандай уәжің бар» дегенім еді. Ол жеңілгенін мойындап, «қаладан» деп жалтара жауап берді. Менің «не қымбат екен?» дегенім, «малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы деген даланың ұрпағы едік, біреуді алдап, біреуді арбап, саудагерлікке көшкен екенсің, қымбатыңнан айырылып, қара басып жүрмесің» дегенім еді. Ол тағы да жалтарып, «қыл-қыбыр, жүн-жұрқа қымбат» деп менің көселігімді бетіме басты. Менің «не арзан екен?» дегенім, «ол Алланың жаратуы, менің кемшілігім емес, басқа қандай кемшілігімді байқадың» дегенім еді. Ол «тері-терсек, шанаш-манаш арзан екен» дегені «түгің жоқ кедейсің», еліңнің азаматтары, сыйдырмай қуып жіберді, сөйтіп жүріп мені сынайсың дегені еді. Мен үнсіз қалдым, - деген Досбол әрі қарай сөзін жалғап:

Хан алдына барғанда,
Хан таппады мінімді.
Би алдына барғанда,
Би таппады мінімді.

Өз ауылыма келгенде,
Итке берсін күнімді, -
деп үнсіз қалады. Серіктері де еш нәрсе айта алмайды. Біраздан кейін Досбол өзі:

Арғымақты жамандап,
Асқанды қайдан табармын.
Ағайынды жамандап,
Туғанды қайдан табармын.
Тағдырдың жазуы шығар, -

дейді де, сөзін әрі қарай жалғайды:

- Сөйтіп, Нұржан менің тосылғанымды байқап, «Иә, қартым, солай жайынды біл» деп атына мінді. Сонымен қоса, басымдағы бөркімді сұрады. Ондағысы «Қалай есіңнен танып қалған жоқсың ба? Ауылыңды өзің таба аласың ба, әлде мен ертіп апарайын ба?» деген еді. Менің айтқаным «Жыланның үш кессе де кесірткелік қауқары бар, менің мүмкіндігім жетеді» деген жауабым еді. Ол мойындап атынан қайта түсіп кешірім сұрады.

* * * * *

Бірде Досбол шешен ел аралап келе жатып, бір жас жігітке жолығады. Жігіт аттан түсіп сәлем беріпті. Досбол болса:

- Балам, қай баласың? – деп сұрайды.

- Руым – Тарақты, Әкем Киікбай, өз атым Боранбай, - деп жауап беріпті. Жігіттің шешен екендігін сыртынан естіп жүрген Досбол:

- Шабысыңды көрмесем де, дабысыңа қанық едім. Аттың жалында, атанның қомында дегендей жол-жөнекей кездестік. Ақбоз үйді тіккізіп, қалы кілем жайғызып, қара сабаны пістіріп, сары қымызды сапырып, отырып сөйлескенде, жөн болатын еді, - дейді. Сонда Боранбай:

- Сіз тіккізер ақбоз үй он сегіз мың ғаламға ортақ көк күмбезді аспаннан кең емес шығар, сіз жайғызар қалы кілем шалғыны белден оралған гүл шешекке оранған, жасыл белді жазық даладан көлемді емес шығар. Сіз пістірер қара саба жағасында жайқалып өскен құрағы, елдің еркін емген бұлағы арынды өзен Есілден берекелі емес шығар. Сөйлескіңіз келсе, аттан түсе қалыңыз, ата, - дейді. Сонда Досбол риза болып:

- Балам, мен сөзіңе тоқтадым. Тілің тұтқыр көрінеді, аңшылар құрған тұзақтай, ел қамын ойла күн-түні ат терлігін құрғатпай, қамқоршысы өзің бол, жоқ жетімді жылатпай, - деп батасын береді.

* * * * *

Бір жиында отырғанда Досбол былай деп айтқан екен.

Көп шаңды құлан көтерер,
Боранды тұман көтерер,
Екі оқты бұлан көтерер,

Арғымақтың белгісі,
Арығанын білдірмес.
Асылзаттың белгісі,
Қайғырса да бүгілмес.
Асыл нардың белгісі,
Бүйірінен қақ жарып,
Бүйрегін алса бақырмас.
Арыстанның белгісі,
Айналып артқа ақырмас.
Қас батырдың белгісі,
Қақ жүректен оқ тисе,
Демеуге досын шақырмас.
Әуелден-ақ белгілі,
Өлмей адам қалмасы,
Өлмей көрге бармасы.
Көңіліңнен кетер ме,
Өлімнің салған таңбасы.
Нәубәтімен дөңгелер,
Ажалдың жеккен арбасы.
Дүние деген опасыз,
Әркімдерден өтеді.
Өлшеп берген демің бар,
Бірте-бірте бітеді.
Аты жүйрік ажалың,
Аяңдап-ақ жетеді.
Алтын тақта патша да,
«Ах, дариға, жалған» деп,
О да арманда кетеді.
Дүние деген шолақ,
Жан денеге қонақ.
Тірлікте еткен жақсылық,
Бұл өмірден өткенде,
Өзіңмен кетер сол-ақ.

* * * * *

Қуған түлкісі шұбарға кіріп жасырынған жігіт атынан түсіп, терлігімен іннің аузын тығындап си салады. Енді олжаны аламын-ау деп тұрғанда атқа жайдақ мінген, тоқымына кетпен басқан бір жігіт жетіп келеді.

- Ау, мұныңыз қалай? Тапа-тал түсте біреудің түлкісін олжа ғып тұрғаныңыз. Мен бұл түлкіні осыдан үш күн бұрын қуып, осы інге тыққанмын. Си салып алуға қалтамда шырпым, қазып алуға кетпенім де болмады.

Жолаушы жігіт шұбардағы шоқ тобылғының басына байланған белгіні көрді. Бұл қалай? Ол осы түлкіні кемі екі-үш күн қырды асыра куды ғой.

- Қарағым-ау, үш күннен бері інде түлкі жата ма не айтып тұрсың? - деп еді, анау едірендеп, қолын кетпеннің сабына апарады.

- Түлкі менікі ме, менікі! Белгім бар ма, бар. Кешегі бұрқасын қар ізімді басып қалыпты. Жолаушы:

- Ауылыңда салауатты кісі бар ма? – деп сұрапты.

- Бар болғанда қандай!

- Ал, ендеше сол кісіге барайық, - деп келіскен екеуі түлкіні іннен қазып алады. Біреуі басынан ұстап, екіншісі артқы сирағынан ұстап ауылға бет түзейді. Бұлар жақындай бергенде доп ойнап жүрген топ баладан шыққан бір бала:

- Ағалар, мыналарыңыз қалай? Жалғыз түлкіні көкбарша тартқылағандарыңыз, - деп сұрапты. Жолаушылар мән-жайды баяндапты. Бала:

- Түлкі ұрғашы ма, еркек пе? – депті.

- Е, оны кім аңғарған, байқағанымыз жоқ, – депті екеуі. Бала:

- Қазақта «Еркек тұз сақтайды, әйел үй сақтайды» деген сөз бар. Түлкі еркек болса, жолаушы аға сіздікі. Ұрғашы болса, ауыл ағасы сіздікі. Ұрғашы түлкі інінен шықпайды. Еркек түлкінің кірмейтін тесігі болмайды, - депті. Қараса түлкі еркек екен. Табанда екі жігіт қол алысып, жолаушы жігіт түлкіні қанжығасына байлап, желе жортып кетіпті.

Билік жасаған баланың аты Досбол екен. Бұл бала бидің алғашқы төрелігінің бірі болса керек.

* * * * *

Досбол датқа Ұлытаудағы өзі туып-өскен Жыланды өзеннің жағасынан Сырға көшіпті. Досбол қартайды, алдынан мал тайды, бұрынғыдай емес жантайды, шаруасы кеміді, - дегенді естіп, Ұлытаудағы ел жақсылары жиналып жай-жапсарын білуге аттанады. Ол кездегі дәстүрмен біреуі аттан түсіп «сөйлес қыл» деп дауыстаған соң Досбол өзі шығып, төс қағыстырып амандасады да:

Шіренбей мырзам үйге түс,

Шіренгенің жалған күш.

Азын аулақ көже бар,

Ойнап-күліп бөліп іш.

Түссендер мынау – кара лашық,

Жүрсендер анау – жол ашық, - дейді.

Сонда:

- Алыс жер, ит арқасы қияннан ат сабылтып, әдейі хал-жағдайыңды білуге амандыққа келдік, - депті біреуі. Жайғасқан соң әлгілер өзара ақылдасып, қалың елден жүз қой, үстіне киіз үй, екі бие сатып алып, датқаға

сыйлапты. Екі-үш күн жатқан меймандармен өзі бой жазып, көңіл көтеріп сөйлес қылған датқа:

Жігіттік өтті,
Кәрілік жетті.
Мал кетті – екеуледі,
Қатын шайпау,
Бала тентек – төртеуледі.
Талайға үлгі берген,
Досбол ағаларың,
Алдарыңа түсіп-ап мөлтендеді, -

деп ел жақсыларының азаматтық ісіне алғыс айтып аттандырыпты.

* * * * *

Бір күні Досбол қалың көптің арасында отырғанда оған «Қол бастау қиын ба, жоқ сөз бастау қиын ба?» деген сұрақ қойылады. Сонда Досбол былай деп жауап береді:

Көптің ішінде бар болса,
Сөзді шешен бастайды.
Шешен бастамаса, есер бастайды.
Шешеннің сөзі тыңдауға шырын болады,
Есердің сөзі уақытқа шығын болады.
Адам болатын бала шешеннің сөзін ұғып алады,
Адам болмайтыны құр қалады.
Көш бастау қиын емес,
Қонатын жерің болса.
Қол бастау қиын емес,
Найзалы ерің болса.
Шаршы топта сөз бастау қиынның қиыны,
Көпшілік тауып айтсаң мереке қылады,
Таппай айтсаң келеке қылады, -

деп тоқтаған екен.

* * * * *

Досбол жігіт ағасы болған шағында қарт батыр Қошқарға сәлем бере келіпті. Сонда батыр тұрып:

- Шырағым, осы сен Жиренше шешенбісің, әлде Алдар Көсемісің? – депті. Досбол табан астында:

- Төбеге би, төскейге мал толғанда, мен Жиренше шешенмін, ал, жанға зор, жағаға қол жеткенде, Алдар Көсемін, - деп жауап берген екен.

* * * * *

Бір күні көпшілік бас қосқан жерде Досбол шешеннен біреу былай деп сұрапты:

- Қол бастау қиын ба?
- Жол бастау қиын ба?
- Сөз бастау қиын ба? -

деп сұрайды. Сонда Досбол:

- Қол бастау қиын емес,
Көк найзалы ерің болса.
Жол бастау қиын емес,
Соңыңа ерген елің болса.
Бәрінен де сөз бастау қиын,
Тауып айтсаң береке қылады,
Қауып айтсаң келеке қылады, -

деген екен.

* * * * *

Досбол кедей адам болған екен. Бірде дәулетті құдасының үйінде отырғанда, құдасы биден сұрапты:

- Сіз, сөзге шешен, тілге шебер адамсыз. Ешкімнен жеңіліп көрдіңіз бе? Оған Досбол:

- Жоқ, жеңіліп көрмеппін, бірақ, екі рет қатты ұялғаным бар. Бірде қасқырдан, екіншіде сенің қызың – менің келінімнен. Ерте тұрып, қотанда жүр едім, бір қасқыр секіріп кірді де маған тілін жалаң-жалаң еткізіп өте шықты. Сонда ұялдым, өйткені, қасқырдың тілін жалаңдатқаны Досболдың қорасын шауып едім, құр ауыз кеттім-ау дегені еді. Екіншісі, мал келгенде келінім шелек алып, қотанға барған ғой. Өзге қатындар оны көріп, бидің үйінде қой болмайды, шырағым, қайта ғой, депті. Келінім шелекті құр әкелгенде ұялдым, - деген екен.

* * * * *

Досбол екі елдің арасындағы дауды шешуге Ордабай деген жігітті қасына ертіп, Шекті еліне барыпты. Әңгіме барысында Ордабай қайта-қайта күле біріпті. Сонда Досбол Ордабайға:

- Көлде жүзген қоңыр қаз,
Шөл қадірін не білсін.
Шөлде жүрген дуадақ,
Көл қадірін не білсін.
Тауда жүріп, таста өскен,
Ағайыннан басқа өскен,
Ордабай күлмей, кім күлсін, -
дегенде, Ордабай кешірім сұрап, күлкісін тыя қойыпты.

* * * * *

Досбол сөзге ерте араласқан кісі екен, он төрт жасында Туғанбай деген ағайынына атқосшы болып бір дауға барғанда, сөзге киліге беріпті. Сонда бір би Туғанбайға:

- Мына бір сұрқылтайдай сайраған кім өзі? – депті жақтырмай.
- Атымды сұрасаң жетесіз,
Анамды сұрасаң некесіз,
Сөзіңе сөзім тең келсе,
Түбімді сұрап нетесіз? – депті Досбол бірден өзі жауап беріп.

* * * * *

Досбол датқа болып тұрғанда Қоқан бектеріне онша жақпаған көрінеді. Ол кезде күшті әлсізді жаншып, салықпен тонап жататын заман ғой. Досбол салық жинауға салғырт қарап, әміріне де мойын бұрмай, бетіне келе берсе керек. Бір жолы Досмұхамбет бек қасына салық жинаушысын ертіп ел аралап келе жатқанда Досбол алдынан шығыпты. Әңгімелесіп отырып бекке:

- Жылыңыз не? – депті Досбол.
- Жылым доңыз, - дейді бек.
- Болса болар, елді түрте келдіңіз ғой! – дейді Досбол.
- Сіздің жылыңыз не? – дейді сонсоң салық жинаушыға.
- Жылым тауық, - дейді ол.
- Болса болар, ол-пұлды шоқи келдіңіз ғой! – дейді Досбол.

Бек кекеткенін кек тұтып, бірақ ел ішінде жазалауға халықтан қаймығып қайтып кетеді де, Досболды Түркістанға шақыртады.

Досбол қасына Балабиді ертіп, Түркістанда тұратын бекке келсе, бек кісіні өлім жазасына кесетін кеңесшілерімен бас қосып отыр екен.

- Елден өзің салық жинамайсың, ал салық жинай барғандарға жинатпайсың. Досбол сенің не білгенің бар? – дейді бек түгін сыртына шығарып.

- Тақсыр, мал табылады ғой, мен сіздің жаныңызды сақтап қалдым, - дейді Досбол саспай. – Қазақ «малым жаным садағасы, жаным арым садағасы» деген арлы халық. Бауырындағы баласын, өрістегі малын тартып ала бастаған соң жігіттер намыстанып, астыртын ат жаратып жинала бастады. «Елдің күші – селдің күші» деген емес пе, қазақ ашынып атқа мінбесін, мінсе, мынау сіз отырған жерді түбіттей түтіп, бақадай жаншып кетуі мүмкін.

- Астапыралла! – дейді сонда бек бозарып.

Балаби астам сөйлемейтін байыпты кісі болса керек, бек оған көбірек сенеді екен.

- Сонда оны кім басады? – дейді бек.
- Оны тек Досбол баса алады.

Содан былай бек Сырдан салық жинап, сауық құрып, ел қыдырмайтын болыпты.

* * * * *

Дешті қыпшақтың датқалары Әжібай мен Торғай бақталас болып, бірін-бірі сырттай жамандай берсе керек. Сонда Әжібай мен Торғайды Досбол былай деп табыстырған екен:

Ақ тоңынды жамандап,
Мақпалды қайдан табарсың?
Алғаныңды жамандап,
Асқанды қайдан табарсың?
Араздассаң жақынмен,
Жатқа олжа боларсың.
Адал болсаң жұртыңа,
Ағалыққа жарарсың...

Осындай мәмлегерлігімен, шешендігімен Досболдың атақ-абыройы бұл өңірге кеңінен мәлім болған. Қайда шиеленіскен дау болса, ел Досболды сонда шақырып, төріне отырғызып, төрелік айтқызады екен.

* * * * *

Досбол қартайған шағында Сыр бойындағы Торғайға қайта келіп, ниеттес ағайын-туғанын аралайды. Досекен жолдастарымен елдің шетіне ілікті деген хабарды естігенде оның алдынан танысуға Наурызбай шығады. Екеуі бір-бірін білмейді екен. Наурызбайдың жаңа танылып келе жатқан жас кезі болса керек.

Досекеннің дәм алып жатқан үйіне Наурызбай серіктерімен сау етіп, кіріп келеді. Наурызбай амандықтан соң үй иесінен:

- Қара ағаштай қалқиған қаралдысы жоқ, бұл жатқаның кім? – деп сұрайды, жол қажытып, ат соқты болып, шаршап жатқан Досекеннің түрін ұнатпай. Үй иесі жолаушымен әлі танысып үлгермеген екен. «Пәленше ғой» деп жөн айта алмайды. Сонда Досболдың өзі басын көтеріп:

- Иә, шырағым, дәл таныдың. Мен қара ағаштай қатушы едім. Өзімді елеп еңкейгеннің, таңдайына балшекердей татушы едім. Сендей талайлардың есінен қалғысыз қылып, шымбайына батушы едім. Қарайғанды ескермей, қалқиғанды хош көрмей, қақиғанды хан көрмей, елдің шетінде, жаудың бетінде, желдің өтінде жатушы едім, - дейді. Сонда Наурызбайдың серіктерінің біреуі:

- Қанша мақтасаң да ми сиярлық шекең, шынашақ айналар желкең жоқ екен, - дейді жолаушы сөзіне тоқтап қалған серігін демегендей болып. Досбол бұған да іле жауап қайырады.

- Арам етті қом желке,
Барсаң байдан табылар.

Құлан сирақ, қу шеке,
Іздесең қайдан табылар, -
дейді.

- Уай, сен кімсің тақылдаған? Сырдың бойын жайлаған, жалғыз ауыз сөзімен, тоқсанның қолын байлаған, ғаділдігі қара қылды қақ жарған бір туыс бауырларын іздеп келе жатыр деп еді. Осы сіз Досбол ағай болмағайсыз? – дейді осы кезде алғашқы сөзден соң іркіліп қалған Наурызбай.

- Болсақ болармыз. Ал өзің қатарынан артық туған, жастайынан ойын-сауық, өнер қуған, билік айтса, тура айтқан, қарсыласының апшысын қуыра айтқан, түсі досқа жылы, дұшпанға суық, әзіл-қалжыңға жуық, қыпшақта Наурызбай атты бір бала өсіп келеді деп еді, сен сол емессің бе? – дейді Досекен де өз тарапынан ілтипат танытып.

- Таныр көздің тая соғары болған ба, аға. Сол інін – танабұға Наурызбайың мен боламын.

- Кел, бауырым, ендеше, - Досбол құшағын ашады. Төс түйістіріп, аймаласқан бауырлар сағынышы басылған бір сәтте Наурызбай:

- Бәйгеге қосып жүлде алар,
Арғымақ ат баққаның.
Жат бауыр қып балаларды,
Кәнеки, пайда тапқаның, -
деп інілік назын білдіреді.

Іні сөзін қабыл алған Досбол да құлай мақұлдай сөйлейді.

- Оның рас, Наурызбай,
Арғымақ ат көп бақтым,
Садағасы кетсін буданның.
Сырттың қосын көп жектім,
Садағасы кетсін туғанның, -
дейді.

Бұл «соған өзім де өкінемін. Бірақ, амал не, уақыт өз дегенін істейді. Ағымнан асып шыға алмадық, енді бәрібір кеш дегені еді. Наурызбай да солай ұғады. Ол Досболды өз ауылына бастап алып барып жібермей қонақ етіп, құрмет көрсетеді. Одан ары ағайын аралауға қосшы болып, қасына ереді. Олардың осы сапарда алғашқы ат басын тіреген жері атақты Балқожа бидің (Ыбырай Алтынсаринің атасы) аулы болған. Балқожа Досекенді құшақ жая қарсы алады. Көрісіп, сағынған көңіл мауқы басылған соң би ат шаптырып Көлденең Қыпшақтың дуалы биі Мұғалды алдырады. Бұл Мұғал бидің сексенге келген кезі екен дейді. Үш даңғыл жүйрік бас қосып, шер тарқата кеңес құрады. Көкірегі ояу, көңілі жүйрік Мұғал карт Досболдың туысына, ой ұшқырлығына, көпті білер зеректігіне риза болып батасын береді. Келелі сөздің бір ретінде ол: «Келісің жақсы бала екенсің, кетісің қандай болар?» деп қалады. Бұл ақылды қарттың бауырымдап алыстан іздеп келген туғанның мерейінің өсіп қайтуын ауылдастарына, оның ішінде Балқожаға ескерткен құлақ қағысы еді.

Досбол екі күн жатып, үшінші күні жүруге Балқожадан рұқсат сұрайды. Би болса Досекеннің әлі де бірге болып, жата тұруын қалайды, жібергісі келмейді. Бірақ оған «Бір қонғаным – құдайы меймандығым. Екі қонғаным – ағайын-туғандығым. Ал үшінші қонсам болмай ма, тоя ішір тамақты қуғандығым» деп Досекен көнбейді. Ақыры Балқожа би Досболға рұқсатын беріп, үлкен баласы Қошанды шықырып алып, «Шұбар қысырақтың үйірін айдап кел, Досекеннің алдына салып бер, ала кетсін» дейді.

- Сәл кідіріңіз, - дейді сонда Досбол Балқожа биге қарап, - Сіз маған шұбар қысырақтың үйірін атадыңыз. Рақмет! Сіз бердіңіз, мен алдым. Енді рұқсат етсеңіз мен сол қысырақ үйірін мынау Мұғал ақсақалға байладым.

- Олай болса, - дейді Досболдың дүниеге қызықпағанына іштей риза болған Балқожа би баласына, - Досекеннің біздің ауылдан құр қол аттануы көрер көзден ұят болар, лайықты бір ат әкеп қосарына байла, - дейді.

Әкесінің айдаладағы бір жолаушыға айтулы шұбардың үйірін беріп қана қоймай, тағы бір таңдаулы ат әкеп бер дегеніне іштей наразы болған Қошан жылқыдан көзі соқыр, өзі кәрі бір көк атты ұстап әкеп, байлап қояды.

Аттанар алдында өз атының қасында байлаулы тұрған соқыр кәрі атты көріп, «Япыр-ай, Балқожаның мына баласы маған лайығы осы дегені ме» деп іштей назаланып, Балқожаға қарап былай дейді:

- Уай, Балқожа, сен алдымен өзіңе қара, екінші мына маған қара. Сосын ана соқыр аттың көзіне қара, Қошан мырзаның жүзіне қара, - дейді.

Көкірек сарайы даңғыл Балқожа би оның еміреуінін дәл таниды. Бірақ тереңдіктен дыз етпе ашуды басып тастай біледі. Жұрт көзінше баласына әлдекімдер сияқты ашу шақырып, кіжініп жатпай, кеңдік танытады.

- Досеке, - дейді Балқожа жұрт назарын өзіне аударып:

«Хандарда да бір мін бар,
Қарашасын бірдей көрмейді.
Байларда да бір мін бар,
Есігіне келген кемтарға,
Өзі тұрып орнынан,
Қолынан қайыр бермейді.
Жүйрікте де бір мін бар,
Жорғаменен табандасып желмейді.
Жорағада да бір мін бар,
Жал-құйрығын сүзіп салсаң да,
Бәйгеден озып келмейді.
Әйелде де бір мін бар,
Ажары сұлу болса да,
Ақылы сай келмейді», -

деп өзіңіз айтыпсыз ғой, әркімдерде де бір мін болатынын ескертіп. Балаңыздың бір шалалығы шығар бұл. Не дегенмен болар іс болып қалыпты. Енді осының айбын да, билігін де өзіңіз айтыңыз, - деп салмақты Досболдың өзіне салады.

- Билік айтардай мен дауға келіппін бе, айып алардай жауға келіппін бе, бұған мен не дейін, Балқожа-ау! Ал, әйтеуір құр қол жібермеймін десең, берер атың дос сүйсінер, дұшпан күйінер бірегей болсын.

Жуандығы, Балқожа, өзіңдей болсын,
Жорғалығы менің өзімдей болсын.
Сұлулығы мына Қошанжанның көзіндей болсын,
Ақтығы Бұхардың ақ бөзіндей болсын.
Жеріміз шалғай, жүрісіміз көп,
Аяғын тұсар асау, тарпаң болмасын,
Өмілдірік, құйысқан бізде жоқ,
Ері алға кетер еңкек,
Артқа кетер шалқақ болмасын, -

дейді.

- Е-е, Досекемнің көзі Бозжорғаға түскен екен ғой. Әй, Қошан, алып кел менің Бозжорғамды, - деп Балқожа баласына ақырып қалады. Сөйтіп, жүз тұсақ беріп сатып алған Бозжорғаны би өз қолымен Досболға жетектеткен екен.

Балқожа ауылынан шыққанан кейін Досбол Наурызбайды ертіп Қарт Шүйіншәліге, одан соң атақты ұста Тұрмамбетке барады. Тұрмамбет ұста Досекемнің ең бір сыйлас, қадір тұтар кісісі болса керек, екеуі жылап көріседі. Осыны көрген Наурызбай «бұл екеуі баяғыда өлген бабаларын жоқтап тұр-ау» деп қасындағы серіктерін күлдіреді. Бұл мысқылшыл Наурызбайдың үлкен кісілердің әйелше жылағандарын ерсі көріп, екеуінің де көсе екендерін қағытқаны екен.

Содан ұста қонағын үйге бастайды. Үйге еніп, бәйбішемен амандасып, жайғасқаннан кейін Досекем манағы Наурызбай сөзін еске алып:

- Бөрлі таудан аспаған,
Бедеуге қамшы баспаған.
Алысқа сапар шекпеген,
Ат қадірін не білсін.
Жақсы тағам ішпеген,
Жайлы орынға жатпаған,
Жат қадірін не білсін.
Қыста соғым соймаған,
Қозы етіне тоймаған,
Ас қадірін не білсін.
Атасы би болмаған,
Ер қадірін не білсін.
Алыстан шетке шықпаған,
Жер қадірін не білсін.

Сен ағайын-туған ішінде, елдің еркесі болдың, мен сыртта жүріп, жәбір-жапа көп көрген соң, соны ағама айтып, мұнымды шағып жатқаным ғой, Наурызбайжан, - депті. Наурызбай жеңіл әзіліне ұялып, қатты қысылған екен.

Досбол шешен қартайған шағында Наурызбай деген болыстың үйіне барады. Наурызбайдың үйі лық толған кісі екен. Ылғи жайсаң, байлар. Досболға онша мән бермей босағаға таяу жерге отырғыза салады. Өзі болыс, өзі бай, өзі жас Наурызбай әркімді бір сөзбен іліп-қағып отырады. Бір кезде босаға жақта отырған Досболға қарап:

- Ана қарияның елінің қары әлі кетпеген екен-ау, - деп күледі. Онысы Досболдың үстіндегі жаман тон мен басындағы тері тымақты сықақ қылғаны. Оған Досбол шешен жауап бере қоймайды. Наурызбай біраздан кейін тағы Досболға бұрылып:

- Ана кісінің үстінде дүниенің біраз байлығы бар шығар? - дейді. Сонда Наурызбайдың бұл мұқатқанына шыдай алмаған Досбол шешен былай депті:

- Алма мойын көк үйрек,
Көлден көлге қонысар.
Кедейден шыққан би болса,
Нашарды жақтап болысар.
Азаматы сай, аты сай,
Көшсе нуға жетеді.
Азаматы сай, шоты сай,
Қазса суға жетеді.
Көлде жүрген қоңыр қаз,
Шөл қадірін не білсін.
Шөлде жүрген дуадақ,
Көл қадірін не білсін.
Атасы билік құрмаған,
Анасы үлгі көремген,
Сен сияқты зәнталақ,
Ел қадірін не білсін.

Уа, кәрілік саған не жаздым,
Айғыр едім ат қылдың.
Жалғыздық саған не жаздым,
Сөйлер сөзге мәрт қылдың.
Жарлылық саған не жаздым,
Ағайынға жат қылдың.

Ағайынның азғанын,
Өзі білмес, жат білер.
Қапталдықтың батқанын,
Иесі білмес, ат білер.
Хан-патшаның азғанын,
Қырағы көзді халық білер.
Менің кім екенімді білмесең,

Анау төрде отырған,
Жаңаторы деген қарт білер.

Сол кезде Наурызбай болыс орнынан ұшып тұрып:

- Сіз Досбол шешен екенсіз ғой, қария, кешіріңіз, - деп Досболдың үстіне жанат ішіген жаба бергенде, ішікті серпіп тастап, Досбол: «Мен ат мініп, тон кигелі жүргенім жоқ» - деп тағы тақпақтата жөнелді:

- Қатқан тонды қартайған,
Бір ғана мен емеспін.
Бұдан былай кездесе,
Солармен де кеңескін.
Атаның болма баласы,
Халықтың бол данасы, -

деп шешен мақтаншақ Наурызбай болысты жиналған халық алдында қатты ұялтқан екен.

* * * * *

Кенесарының зорлықшылары Сыр бойын мекендеген елді шауып, Биікбай батырды соққыға жығып кетеді. Оның ішіндегі Әжібай деген кісінің бір үйір жылқысын Қожық Мақашұлы айдап әкетеді. Әжібай қасына Досбол шешенді ертіп, қолды болған малын іздеп барады. Қожық ол тұста Шу бойында отырады екен (бұл оқиға 1844 жылдың жазында болған). Қожық Сыр бойынан келген жоқтаушыларды үш күн қонақ етіп, Досбол шешеннің өнеріне қанығады. Қайтар жолда Досболға қарап: «Бұйымтайыңызды айтыңыздар», - дейді. Сонда Досбол тұрып:

Әкең – Мақаш, өз атың – Батыр Қожық,
Дұшпаның ерегiскен кетер тозып.
Ас пен айт, шаһарлардың базарында,
Бәйге алды жүйріктерің жарыста озып.

Басқадан есерлікпен шықтың озық,
Ерсiнiп делебенiз күнде қозып.
Болысар ағайынға шамаң бар ма?
Ақысын сұрай қалса қолын созып.

Артынан іздеп келiп құнан, тайын,
Мөлиiп отыр мiне, Әжібайың.
Елiмнен өзiңiздей тентек шықса,
Осылай жемес едiм қайғы-уайым, -

деген екен. Досболдың сөзінен соң Қожық Әжібайдың жылқысын қайтарып бергізіпті.

* * * * *

Бес күн кісі болып, пара жеп, соңынан орнынан босап қалған бір болыс ақыл алайын деп Досболға барады. Елге жақпай қалғандардың беделді адамдарды сағалағаны болған. Сол сабаз тоқсанға келген Досболға келіп, бір жағынан оның «теріс мінезін» ұлыққа жеткізу үшін үш түрлі сұрақ қойыпты.

Бірінші сұрағы: «Жердің азғаны неден білінер?» деген сауал екен. Сонда Досбол:

- Азған жерге сұңғыла шығар,
Оның гүлдері шұбар-шұбар.
Дөңбектей тамыры болар,
Сол уын қауымға жаяр.
Қауымның пәлесі солар,
Ер еңбегі зая болар, -

депті.

Екінші сұрағы: «Көлдің азғаны неден білінер?» дейтін сөз екен. Оған:

- Азған көлде не сын бар:
Балығы кетер тулаған,
Бақасы қалар шулаған.
Қоғадан басқа шөп шықпас,
Мал тұмсығын тықпас, -

депті.

Үшінші сұрағы: «Ердің азғаны неден білінер?» дейтін сауал екен. Оған былай жауап беріпті:

- Ер азарында есірік болар,
Санасына ерсілік қонар.
Елдегі адам адал болар,
Елдегі жақсы қазан болар.
Ал, азған ердің,
Жігіті кеселші болар,
Әйелі өсекші болар.
Елдің шынары болмас,
Үлкеннің сұрағы болмас,
Кішінің тұрағы болмас.
Ел тозып, ығыр болар,
Ер қажып, тұғыр болар.
Баққаны базар болар,
Айтқаны азар болар.
Пәле түбі – жұт,
Жақсы мінез – құт.
Күндердің күнінде,
Ел бір жақсыға зар болар.

Сонда сауал қоюшы:

- Бұл сөзіңе тұралық. Тағы бір сұрағым бар.
- Айт, сұрағың болса, - дейді Досбол.
- Олай болса, кімді жаман, кімді жақсы дейміз?

Досбол сауал қоюшының көкейі жақсы емес екенін білген. Бәлки оны сол заман тудырған пысықтардың бірі деп білген. Сондағы айтқаны мынау екен:

- Тоқсанға келген Досболды,
Торламаққа келдің бе?
Айтпасымды айтқызып,
Зорламаққа келдің бе?
Сілекейдей сөзің бар,
Ойнап тұрған көзің бар.
Көңілім – дария, сөзім – жыр,
Ақылым – алмас, тілім – дүр,
Мен айтсам, тегін айтпаспын.
Айтқанымнан қайтпаспын.
Әуелі би жаман,
Ниеті – қара, ісі – ылаң.
Ағайынды қарақтап,
Оны-мұны сұраған.
Ел қамын жеген би бар ма?
Жақсы биде күй бар ма?
Екінші жаман – болысың,
Үшінші жаман – ұлығың.
Надандығы ұрының,
Адалды серік етпейді,
Арамнан алыс кетпейді.
Елін сатқан иттерді,
Жер алым деп ептейді.
Ақыры қайыр іс емес,
Бұған көзің неге жетпейді?
Төртінші жаман кім жаман?
Мал аңдыған дін жаман.
Күле кіріп үйіңе,
Күңіріне шыққан сұм жаман.
Құтырған түйе жаман,
Жарымай жүріп шекпенге,
Сөз аңдыған сен жаман.
Мінезде жаман не жаман?
Бұзып кетті қу заман.
Ақылсыздың сүйгені жаман,
Ақымақтың түйгені жаман.
Жылмақай мінез жаман,
Бойға күйез жаман.
Елге сияз жаман,
Ақырған ояз жаман.
Айсыз түндей надан жаман,

Аузы тұшыған арам жаман.
Ақылсыз болса, балаң жаман,
Күншіл болса, жақын жаман.
Өсекші болса, қатын жаман,
Өтпесе пышақ жаман.
Достық кетсе, құшақ жаман,
Жүрмесе, ат жаман,
Саудасыз болса сарт жаман.
Ауруда безгек жаман,
Адалсынған кәззап жаман.

Жақсы деген немене?
Әуелі момын жақсы,
Бүтін болса, ел жақсы,
Сулы болса, көл жақсы.
Құтты болса, жер жақсы,
Жұртын қадірлеген ер жақсы.
Мінезді болса, жар жақсы,
Еңбекпен тапқан мал жақсы.
Құста қаз жақсы,
Жылда жаз жақсы.
Жасқа қыз жақсы,
Асқа түз жақсы.
Қойға серке жақсы,
Жаман әйелден көрпе жақсы.
Жүйрік болса, тай жақсы,
Жылқыға сай жақсы,
Адасқанда ай жақсы,
Ақымақтың көңілі тоқ,
Ерлік мінезді ездiкке сатқан,
Сендей итке шoқ, шoқ, -

депті.

* * * * *

Досбол тоқсанға келіп, төсек басты болғанда, Шиелі Қыпшақтарының Байсын, Саудағұл, Нұржан деген үш атқамінері оның көңілін сұрай келіпті. Қонады. Ертеңіне қайтуға қарағанда, Байсын:

- Уа, Досбол аға, жасыңызда қазаққа қызыл тілден жол бермедіңіз. Аспандағы құсты ауызбен ілдіңіз. Енді төріңізден көріңіз жақын қалыпты, ол дүниеге не деп барасыз? – депті.

Байсын соқыр, Саудағұл таз, Нұржан пұшық екен. Өз заманының ұлығы болған соң панданып отырыпты. Кейбіреуі мұртын ширатып, сақалын тарай беріпті. Досбол бұл мінезді жалғандық, азғандық, машық деп ұқса керек.

Оның үстіне «төріңізден көріңіз жақын» деген сөзді ұнатпай қалады да, тез жауап қатады:

- Уа, сабаздарым, тумак болса, өлмек бар. Менің ол дүниеге айтарым жоқ. Егер айтар болсам, кешегі аруақты ерлерге қонған бақ құсы қара шыбын болды, ол ұшып соқырдың көзіне, таздың басына, пұшықтың мұрнына қонды деп барсам керек, - депті.

* * * * *

Ерденнің жалғыз баласы қайтыс болғанда, аяқ жетер жердегі ел түгел келіп, ақ жауып-арулап қойған соң да, әр тараптан келген жайсандар мен жақсылар көңіл айтуға келгенде, басын көтермей, жалғыз баласының қайғысы қабырғасын қайыстырып, сартөсек боп сарғайып жатып алыпты.

Бұл хабар Сыр бойындағы Досбол, Шоқайларға да жеткен. Ел арасы шалғайлықтан мүрде жерленгеннен кейін жетінші күні жетіпті. Үйге кіре аят оқып, өлгенге – иман, тіріге – береке тілеп, бет сипасқанда да Ерден жатқан орнынан қозғалмапты.

- Уа, Ерден! – депті Досбол. – Қайғырғанда көңіліңді демейтін ағайын-туыс болмаса бір сәрі! Құдайға шүкір, ойдан-қырдан жапырылып-ағылып келіп жатса, бұл өліктің – сәні, әрі көңілге дәрі емес пе?

Өлмесе қайда кетті,
Бұрынғының кәрісі?
Әлемді жалмап-жұтса да,
Өмірінде тоймаған,
Қара жердің талысы!
Ерден-ау!
Өткенге өкінбе,
Келмеске күйінбе,
Өлім деген – ұзақ жолдың алысы.

Өлмек хақ,
Тумақ хақ,
Барлық жанның қабір емес пе барысы?
Құдайға мұнша наз қылатындай пайғамбардай арысы ма ең,
Әлде көз көрген танысы ма ең?! – дейді. Бұған да мызғымаған.
Шоқай малдас құрып отырған қалпынан ауысып, жүгіне қос тізерлеп, қамшысын мықынына таяна ұстап, аңға түсер мұзбаладай шаңқ етіп:

- Ей, батыр Ерден! Басыңды көтер жерден! Құдайдан да құдыреттімін деп, мейманасың тасып кеткен екенсің керден?! Мыңды айдаған әкең Сандыбай да қара жерге енген! Оны мына Шоқай көзімен көрген! Әулие болсаң, әкенді де, балаңды да алып қалуға әлің қане келген?!

Көкті бу көтереді,
Жүйрікті ду көтереді.
Өлімді ер көтереді,
Ауырды нар көтереді!

Ер емес пе едің, нар емеспе едің талай құқайды көрген?! Тағы да айтамын басыңды көтер жерден?! – Құнсыз беріп, пұлсыз алды, нең бар еді құдайға берген?! – дейді ашына.

Ерден төсегінен шүйіле көтеріліп, сартап боп сарғайған жүзін орамалмен сипап:

- Уа, асып туған асылдар! Қайғырсаң да қаншама, өлі артынан өлмек жоқ. Құрдымға хайыл кеткен соң, екі айналып келмек жоқ. Көтермесем басымды, көңілім өксік қаяулы! Ардақтыларам едің аяулы, салмақтыларым едің санаулы! Көңілде қайғы шемен-шер, төбелерің көрінбеген соң, күтіп жатыр едім, өздеріндей асыл ерлерді! – деп құшақтаса көрісіп, көңілдегі нала құсасын таратысып, үш-төрт күн болып көңілін демеп, қайғысын бөлісіп аттанған екен.

* * * * *

- Уа, жайсаң менен қасқалар,
Қолы қысқа кедейлік,
Адамның түсін басқалар.
Түзге шықсам батырмын,
Үйге келсем қатынмын,
Қатын ауру, бала жас,
Тары түйіп жатырмын.
Түссеңдер міне, лашық,
Түспесеңдер жолдарың ашық.

* * * * *

Екі жақсы адам бір дауға бітсе алмай биге бара жатқанда бала Досбол:
Жақсылардың бас қосқаны жайлау болар,
Жамандардың бас қосқаны сайлау болар.
Жақсылар бас қосып бітісе алмадыңыз,
Бұл жұмыс енді кіммен байлау болар, -
деп екеуін келісімге келтірген екен.

* * * * *

Орта жүз Момын балаларының 100 жылқысын Өр Найманның Ебей, Себей деген екі байы ұрлатып алады. Досбол 12 жасар күнінде көпке қосшы болып қуып барады. Бірақ, Найман Көкшолық би Досболды баласынып теңдік бергісі келмейді. Сонда бала Досбол:

Қысырында бермесең,
Буазында берерсің.
Арығында бермесең,
Семізінде берерсің.
Өз алдыңда бермесең,
Өнерімді көрерсің, -

деп тепсініп тұрып кетеді. Көкшолақ би ауылдастарына:

- Мына бала бізді құтқармас, мойнына қосақ, құйрығына тіркеу қосып малын қайтарындар, - деген екен.

* * * * *

Әйтеке деген кісі Досболға тоғыз қара тарту тартып, бата сұрағанда:

- Жақсы екен туысқаннан туыспаған,
Не пайда туысқаннан жуыспаған.
Алпыс күн ақбас атан болғаныңша,
Алты күн бура болып күркіреп өт,
Ешкімнің атасы жоқ ту ұстаған, -
депті. Әйтекеге еріп келген Қыпшақтың адамдары үйден шыға жөнеліпті.

* * * * *

Досбол би Арқаны аралап қайтып бара жатқанда Нұржан:

- Қалай жер ұнады ма? – дейді.
- Өгіздерін семіртіп,
Пұл қылатын жер екен.
Құл-құтанын сөйлетіп,
Би қылатын жер екен.
Алпыстағы кемпірді,
Қызыл-жасыл кигізіп,
Қыз қылатын жер екен.
Аттам жерде бір мазар,
Бас өспейтін жер екен, -
депті Досбол.

* * * * *

Досболдың елінен Жаңғабыл бір ат барымта алдырып, қайырмаған соң, мал иесі Досболды ертіп барады. Сонда Досбол үй сыртынан былай депті:

Сыйлағанды білмедің,
Сиыр болғың келе ме?
Елегенді білмедің,
Ешкі болғың келе ме?
Дөнендік саған аз ба еді,
Бесті болғың келе ме?
Сен кеше біздің елден,
Бір ат барымта алдырыпсың,
Араздасып ауылмен,
Өшті болғың келе ме?

Жаңғабыл атын қайырып, Досбол мен мал иесін қонақ қып шығарып салыпты.



*Есті жігіт,
Қысылғанда жол табады.
Есер жігіт,
Қысылғанда сор табады.*

ЖАМАНҚҰЛ ШЕШЕН

XIX ғасырдың қазақ халқының тарихында өзіндік айрықша орын алатындығы ақиқат. Кезеңнің күрделі құбылыстары, қоғамдағы ірі-ірі өзгерістер, сол сияқты тағы да басқа оқиғалар орыс патшалығына бодан болудан келіп туындады. Отарлау саясатын жүзеге асыру әр түрлі жолдар арқылы жүргізіледі. Соның бірі басқару жүйесін өзгерту еді. Әбден ойластырып барып енгізілген бұл жағдай қазақ халқын дербес мемлекеттік хұқықтығынан айырды. Хандық жойылды. Бұрын ішкі, сыртқы жұмыстарға толық араласып, ат салысқан, татулық пен туысқандықты ту етіп ұстанған билер, енді ру арасының дау-дамайларын шешуден әріге аса алмай қалды. Осы көрініс жалпы қазақ даласын түгелдей шарпыды.

Билік басының өзгеруі, әсіресе, ел ішіндегі ағайын арасы алауыздығының арта түсуіне отқа құйған майдай әсер етті. Осыған орай халық қамын ойлаған азаматтар ел бірлігін, тұтастығын сақтап қалуға бар күш-жігерін жұмсады. Солардың жуан ортасында Жақсы Жанқұтты, Құнанбай қажы, Шорманның Мұсасы, Қырбастың Байсейіті тәрізді Арқаның арқалы ардақтылары бар еді. Олардың негізгі мақсаты жеке бастың, немесе, белгілі бір ортаның ғана қамы емес, жалпы халықтың мұң-мұқтажын орындау, көптің қамқоршысы болу. Әрине, мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін байлықтың, барлықтың, шешендіктің аздық етері хақ. Билік пен бедел керек, ақыл мен тәжірибе қажет. Сонымен қатар халықтың қалпы мен қалауын білу, заманның ағысын аңғару міндет. Жоғарыдағы біз атап өткен ардақтыларымыз осы айтылған қасиеттерді толық игерген, өз ортасынан озық шыққан, елдің үміті мен сенімін ақтай білген, асқар таудай айбынды азаматтар еді. Сол кездегі ұлт-азаттық қозғалысының арта түсуі, әр түрлі дәрежедегі көтерілістердің көбеюі, өмірдің түбегейлі өзгеріске түсуі,

адамдық қарым-қатынастардың түрленуі турасында зерттеуші-ғалым Ж.Артықбаевтың еңбегінде жан-жақты сараланып көрсетілген.

Дегенмен, қазақ халқының өнері, өлені, мәдениеті дамыды, өсіп өркендей түсті. Алты айлық аймағы бар алтын далаға күндей күмбез орнатқан Тәттімбет, салдық пен серіліктің алуан түрлі қыры мен сырын бойына сіңірген Біржан мен Ақан, шешендіктің шеберлігін ұштап, соны сүрлеу, соқпақ салған Шабанбай мен Байдалы, дұшпаны қабағынан қаймыққан Ағыбай, жауырыны жерге тиіп көрмеген Қыжымұқан осы ғасырдың қайраткерлері. «Ердің атын елі шығарады» дейді халық даналығы. Олардың есімі мен еңбегі ешқашан ұмытылмақ емес. Өйткені, көпшілік қолдаушың болса, өнерің өрге жүзеді.

Әрбір өнер адамының өзгеге ұқсамайтын, өзіне ғана тән үні, жолы болады. Оны туғызатын да, танытатын да, дамытатын да заман талабы. Кез келген ақынның өз дәрежесіне сай ақындықтың өсіп-өркендеуіне, молығып толуына үлесін қосары хақ. Сол арқылы өнер саласына өзінің соқпағын да салып кетеді. Мәселен, Біржан да, Ақан да ақындық өнердің жетекшілері. Ізін жалғастырамыз деп соңынан ерген шәкірттері қаншама. Бірақ, әрқайсысының өзіндік орыны бар. Өнердің дамуы да осыған байланысты. Ғалым Е.Ысмайлов былай дейді: «Талантты ақынның ағылып жырлауына түрткі болатын топ көпшіліктің құрмет көрсетіп, ықыласпен тыңдауында, қадірлеуінде ғана, немесе, айтыстағы егесте ғана емес, осылармен қатар, өленді бөгелмей жырлап кету үшін, ақынға домбыра, гармон, қобыз сияқты құралдар да көмектеседі және сөзге жан көрік беретін ән-күй бірге жырланады» [5, 97]. Сондай-ақ, шешендік өнер саласының да білгірлері баршылық.

Мәселен, от ауызды, орақ тілді Шабанбай би өнегелі, ұлағатты нақыл сөздерімен айрықша танылса, Байдалы шешен, халықтың мақал-мәтелдерін өңдеу, сұрыптау барысында ерекше танылған, көптеген қанатты сөздерге өзгеріс енгізген. Мынаған назар аударып көрелік. Ел ішіне кеңінен тараған:

Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар,
Баласы бардың панасы бар, -

деген нақалды былайша толықтырып, әрлендірген:

Ағасы бардың жақсы болса, жағасы бар,
Жаман болса інісіне жабар жаласы бар.
Інісі бардың жақсы болса, тынысы бар,
Жаман болса ағасына берер жұмысы бар.
Баласы бардың жақсы болса, панасы бар,
Жаман болса құдайдың берген пәлесі бар.

Әрине, мұндай жұмыс жасау әркімнің қолынан келе бермейді. Ол үшін ерекше дарын иесі болу керек. Міне, өнер әлеміне жол салған осындай ардақтыларымыз баршылық. Солардың мұраларын зерттеп жазу, көпшілікке таныту, өнердегі орынын айқындау біздің басты міндетіміз болмақ. Көрнекті ғалымдарымыздың бірі Б.Адамбаев: «Шешендік – қадірлі өнер. «Өнер алды –

қызыл тіл» деп қазақ бекерге айтпаған. Қоғам тарихына көз салсақ, қай халықтың болсын күрделі қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлері, қолбасылары, мәмлегерлері, ғалымдары ойға шебер, тілге шешен болғанын байқаймыз» [6, 21], - деп жазады.

XVIII ғасырға қарағанда XIX ғасырда шешендік өнердің қолданылу аясы біршама тарылды. Яғни, Төле, Қазыбек, Әйтеке заманындағыдай сыртқы істерге араласуға мүмкіндік берілмейді. Бірақ, бұдан оның дамуы, өсуі тежелді деген ой тууға тиісті емес. Тілі, тереңдігі, өрнектілігі, өміршендігі жағынан жандана түсті. Елдің ішкі тыныс-тіршілігіне еркін араласты. Халық билік басында отырғандардан гөрі, дәстүр сабақтастығына дәнекер болған шеберлерін көбірек тыңдады, айтқан ақылына құлақ қойды, кесімді төрелігіне мойын ұсынды. Сөйтіп, шешендік өнердің өркендеуіне халықтың өзі жағдай жасады. Сол кезеңде өмір сүрген от ауызды, орақ тілді сөз зергерлерінің бірі – Жаманқұл мен Дүйсенбай шешендер еді. Бұларды жұптастыра қарауымыздың да өзіндік төмендегідей себебі бар.

Шешендік – ақындық, әншілік, күйшілік тағы басқа өнердің түрлері сияқты адамға қонған айрықша дарындылықтың арқасында көрініс береді. Әрине, оны ұмытпау, шыңдау бөлек әңгіме. Қабілетсіз адамның құлағына қанша күйсаң да өнерпаз шықпайды. Осындай өнердің әке мен балаға бірдей берілуі тарихта сирек кездесетін жәйіт. Өйткені, шешендік әкеден балаға мирас болып қалатын шопанның таяғы емес. Ал, біз жазып отырған Жаманқұл мен Дүйсенбай әкелі-балалы шешендер.

Жаманқұл Табылұлы 1786 жылы қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданына қарасты Қаратоғанбай тауының биігі Қарашыңның күншығыс жақ баурайында дүниеге келген. Әкесі Табыл байлығымен аймаққа танылған дәулетті адам болыпты. Осыған байланысты ел аузында: «Байдың байы Табыл, тайлы тұяғына дейін жабыл, бәрібір малын тауыса алмайсың» деген мәтел сақталып қалған екен. Табыл үш әйел алған. Алғашқы бәйбішесінен Байбол, Жарбол, Сарт, Жаманқұл, Бибол дүниеге келеді. Ағасы Елдей жаман аурудан (қариялардың айтуы бойынша беріліп отыр, шамасы шешекпен аурған болса керек) отыз жасында қайтыс болып кетеді де, екінші әйелі Асылды әмеңгерлік жолымен өзі алады. Одан Қаржау, Нұржау, Жайлау, ал, үшінші тоқалынан Мырзабай, Құлжабай, Қапа туады. Сонда Жаманқұл бәйбішеден туған төртінші ұл. Сол замандағы кеңінен тараған дәстүрдің бірі дүниеге келген сәбиді қырқынан шығарған соң, сыншыға көрсетіп сынатады екен. Табыл да әдет бойынша босағаға бес ту бие байлатып баласын сынатады. Сонда сыншы: «Саусақтары салалы, арасы алшақ екен – дәулетті болар, екі езуі сүйірленіп тұр екен – көпке түссе көсем, топқа түссе шешен болар, көз тимес үшін атын Жаманқұл қойындар» дейді. Айтса, айтқандай-ақ, жас бала ес біліп, етек жиған кезінен, суырылып сөз сөйлеп, көпке көріне бастайды.

Алты жасқа келген шағында көрші ауылдағы моллаға барып, екі қыс дәріс алады. Заман талабына орай намаз оқып, ораза ұстауға бейімделеді. Ол кездегі оқу жалдамалы болғандықтан екінің бірінің қолынан сауат ашуға

мүмкіндік келе бермейтін. Екіншіден, моллалар, дін оқуын білетіндер аз, ел аралап бір өңірде бір жыл, екінші жерде екі жыл жатып оқытатын. Жағыдай осылай болғандықтан шамасы жеткендер оқып, жетпегендер оқып келген балалардан үйреніп әрекет жасаған. Ал, молладан оқыған Жаманқұл жас кезінде «оқымысты бала», «молла бала» атанды.

«Әке балаға сыншы» деп халық тегін айтпаған. «Болар бала басынан» демекші Табыл Жаманқұлдың сөзге бейімділігінің бар екендігін жас кезінен-ақ байқайды. Елдің ақсақалдары бас қосқан жерде шеткерірек жерден орын алып, әңгіме тыңдауға әуес болыпты. Көпті көрген көне көз қариялар «осы Жаманыннан түбінде бірдеңе шығады» деп үміттенеді екен.

Жаманқұлдың шешендік қабылетімен көпшілікке алғашқы танылуы он бір жасында.

Табылға аз уақыт атқосшы болған көрші ауылдың жігіті тұрмысы түзеліп, дәулеттеніп кетсе де байдан ай сайын бір ат, бір бие сұратып ала беріпті. Бірде, сол әрекеті бойынша көпшілік бас қосқан ортада екі жылқы беруін талап етеді. Сол кезде Жаманқұл:

- Қадірменді ата-ағалар! Менің бір ауыз сөзім бар! – деп рұқсат сұрайды. Көпшілік мақұлдағанан кейін жаңағы жігітке қарап:

- Уа, ағасы! Әр нәрсенің бар емес пе шегі менен шамасы. Сұрамшақ болса азамат, топ алдында төмендейді бағасы. Сөздің парқын білген жән, істің нарқын білген жән. Сіз бар жерде біз бармыз. Қой баққан қой алады, жылқы баққан жылқы алады, қос-қосынан қолқа сала берсеңіз басқамызға не қалады? – деген екен. Осы сөзден кейін жігіт өз кінасын мойындап, кешірім сұрапты.

Бұл жерде біз шешендіктің айрықша озық үлгісін көрмесек те, жас баланың өжеттігін, сөзді өрнектеп, көркемдеп айтуға бейімділігінің бар екендігін айқын аңғарамыз. Жалпы шешендік өнер тарихына назар аударар болсақ, айтулы сөз шеберінің қай-қайсысы болмасын бала кезінен бастап-ақ, көзге түскен. Шешуі қиын түйіндерді тарқатуға араласып отырған. Бұған, он бес жасар Қазыбектің Қоңтәжі ханға айтқанын, он екі жастағы Сырымның жесір дауына айтқан билігін, тоғыз жасар Балабидің ат үстіндегі жолаушыға берген жауабын мысалға келтіруге болады. Бұл әрине болашаққа бастама. Осыдан кейін ауылдың игі жақсылары жиналып Табылға келіп:

- Тақа, осы балаң түбі ел басқарады, мұның енді жолын ашу керек, - деп ақыл салады, сөйлесе келе көпшілік Шабанбай биге тоқтайды. Олай болса, кей әңгімелерде айтылып қалып жүргендей Шабанбайдың Табыл ауылына келуі кездейсоқтық емес, ел ұсынысына орай орындалған іс екен. Сөйтіп, он төрт жасында Жаманқұл Сарым елінің белгілі биі Шабанбайдан бата алады. Бірақ, іс мұнымен аяқталған жоқ. Енді жас шешенге тәлім-тәрбие, тәжірибе керек, ысылып, шынығу қажет. Міне, осы мақсатқа сәйкес Жаманқұл үлгі-өнеге алу үшін Шабанбай бидің жанында екі жыл жүріп, талай дау-дамайдың шешілуіне куә болады, бидің қолданған іс-әрекеттерін көзімен көреді. Кейбір жеңіл-желпі істі тыңдыруға өзі де араласа бастайды. Сондай әңгімесінің бірі төмендегідей.

Бірде қозылы қойға таласып, дауласқан екі адам жүгініске Шабанбайға келеді. Шабекең шешім айтуды Жаманқұлға тапсырады. Жас шешен даушыларды алма кезек тыңдаса керек. Алғашқысы:

- Мен көктемде осы қойымды жоғалттым. Буаз болатын. Қоздаған соң қойшы өрісте қалдырып кетті. Танып сұрасам, бүгінге дейін баққан ақым бар деп мынау бермейді, - дейді. Екіншісі:

- Көктемде мен осы қойды қараған арасынан кезіктіріп, қоздатып, ауылға алып келдім. Сұрау салып едім, ие шықпады. Күні бүгінге дейін ит-құсқа жем қылмай бағып келдім, қазір қозысының өзі марқа болды, - депті. Жаманқұл былай деп сұрайды:

- Қойшыңыздың айлық ақысы қанша?

- Төрт қой.

- Ендеше, бұл даудың төрелігі былай болсын. Бай ширақ болса, малшыл, кедей ширақ болса, жалшы. Иелі мал – киелі мал, жоғалған қой иесіне тиесілі. Аң – қаққандікі, шөп – шапқандікі, еңбек – баққандікі, марқа тапқан адамға тиесілі, қойшыда кінарат бар, жас болса албырттығы шығар, жасамыс болса салғырттығы шығар, малды бір жеті тегін бақсын!

Бұл әңгімеде үстемдік құрушы – шешендік сөз емес, әділдік. Ал, әділдіктің көрінісі дауласқан екі жақтың да айтылған төрелікке разы болуы. Міне, Жаманқұл шешеннің билікке араласуының алғашқы сатылары осындай.

Шаңырақ көтеріп, оң мен солын толық танып, талай мәрте сыннан өтіп, сөз сөйлеп, шешім айтуға төселген шақта Әлмұрат ата ұрпақтарының биі болып сайланады. Бұл шамамен 1809 жылдар еді. Қырық жыл қырғыннан аман қалған ел-жұрт ол кезде недәуір өсіп-өніп молығып, толығып қалғандай. Атамбек, Жарас, Ақботадаң тараған үрім-бұтақтардың өзі алты ауыл болып қоныстанған. Әлдісі бар, жарлысы бар, малшысы бар, жалшысы бар, қонсы қонған қосшылары бар әр ауылда он бес жиырмадан шаңырақ бой көтерген. Сондай-ақ, мал басы да жақсы көтерілді. Табылдың өзінде үш мыңға тарта жылқы, бес мыңнан астам қой, үш жүз елудей сиыр болды.

Араға бес-алты жыл салып барып Жаманқұл жалпы Әлтеке баласына би болады. Оған елдің Есболай – Өтегеннен Юлат баласы Жантөбел, Достан Баптен баласы Байқара, Әлмұраттан Атамбек баласы Тамай тәрізді белді азаматтары ат салысады. Сонымен бірге Жаманқұлдың өзі де Сұлтанғазы, Жамантай (негізі есімі Тұрсын), Әбілғазы сияқты көпті басқарып жүрген төрелермен достық қарым-қатынасын нығайта түскен.

Ел ішіне ірі әрі ауқымды өзгеріс әкелген 1824 жыл болды. Арнайы жарлық бойынша қазақ халқын билеудің жаңа жүйесі жасалып, оны жүзеге асыру тиісті әкімшілік орындарға жүктелді. Бұл жұмысты жүргізу оңайға түскен жоқ. «Шет өңірінің тарихы» деген зерттеу еңбегінде Ж.О.Артықбаев былайша кескіндейді. «1824 жылы ерте көктемде Қарқаралы бағытында Семияр форпостынан 300 адамдық отряд аттанды. Оның құрамында князь Дадианов, сотниктер Карбышев, Чириков, Кинжицев, Копейкин, дәрігер Зильберштейн, топограф Кошелов, бірнеше тілмаш, 250 орыс-қазақ әскері

және құрылғалы тұрған Қарқаралы округінің болашақ екі заседателі – Бубенов, Налабердин болды. Бұл отрядты полковник С.Б.Броневскийдің өзі басқарды....

... Қарқаралыда 8-сәуір күнгі сайлауда аға сұлтан болып Тұрсын (Жамантай) Шыңғысұлы сайланды. Шыңғыс Бөкейханның үлкен ұлы, сонда Тұрсын Бөкейдің немересі болған. Қазақ ішінен заседатель болып Елдебай Ортауұлы, Жаманбай Нұралыұлы сайланды. Осы үшеуі молланың қолынан құранды сүйіп, Ресейге адалдықтарын мәлімдеп өз қызметтеріне кірісіп кетті. Ал, округтің ішінде болыстарды ұйымдастыру 1824 жылы жаз бойы біртіндеп жүрді» [7, 68]. Әлтеке-Сарымға төре Бөкейдің Сұлтанғазысы болыс болып сайланғаннан кейін әр рудың билерін (әкімшілік атауы старшын) тағайындауға кіріседі. Болыстық сайлау жөніндегі төмендегі мәліметті келтіре кетуге жөн деп таптық.

*Акт
1824 жыл 13 шілде*

Біз төменде қол қойғандар, әр ауылдан жинала отырып, бір ауыздан майор Сұлтанғазы Бөкейхановты қазаққа адал, Ресейге берілген деп таныдық. Сол себептен оны Сарым-қаракесек болысының басшысы қылып бір ауыздан сайладық. Мөр болмағандықтан бұл приговорға таңбамызды бастық.

Би: Қазанбай Тоқабает, Ботантай Шуашбаев, Ботанбай Жамабаев және Әлтеке-Қаракесек болысының билері Есенаман Жетібаев, Қоғанбаев [7, 70].

Біз бұл құжатты «Шет өңірі тарихынан» алып өзгеріссіз беріп отырмыз. Әрине, мұның архивте сақталған материалдан алынғандығы талас тудырмайды. Бірақ, екі ғасырға жуық шаң- тозаңда жатып қалған қағаздың өңінің өзгеріп, жазуының өшіп, солғындап ескіретіні, тозатыны сөзсіз. Осыған байланысты кейбір адам аттарында әріп қателері кеткенге ұқсайды. Шежірелік мәліметтер мен ел ішіндегі әңгімелерге сүйенер болсақ Есенаман би атақты Жидебай батырдың баласы. Ендеше, Есенаман Жетібаев емес, Жидебаев деп оқыған дұрыс сияқты. Сондай-ақ, екінші биді Қоғанбаев демей, Тоғанбаев деген жөн. Ақбота-Елдейдің немересі Мыңжасар Тоғанбайұлының би болғандығы жайында ел аузында аз да болса әңгіме-аңыздар сақталған.

Сонымен, билерді тағайындау барысында, жүз шаңыраққа бір басшы қажет деп тапқандықтан, арасы жақын орналасқан рулас төрт-бес ауылды бір қоныс деп есептеп, тұтастандыру жұмыстарын жүргізді. Мұның өзі бірнеше жылға созылды. Әлтекеден алғаш рет би болып тағайындалған Жаманқұл Табылұлы. Бұл дерек архив материалында да бар (қосымшаны қараңыз).

Мұндағы мәліметтің аудармасы мынау. Әлтеке-Сарымның болысы: сұлтан Сұлтанғазы Бөкеев. Билері: Жаманқұл Табылов, Құллан Елемесов,

Мамыр Есенаманов, Жабай Жаманкетин, Тарақ Есетов, Жақсыбай Қазыбаев, Балапан Шабакпаев, Байғұтты Ботантаев, Торақ Шандыгенов, Байсал Жаманқұлов, Топақ Байтоқин, Құлболды Шуақов. Аты-жөні айқындалып берілгендер Әлтеке руының билері. Билік мәселесінің ұзаққа созылуына екінші бір себеп – келіспеушілік. Халықтың ұсынған адамдарына жоғарғы жақ келісім бермей, аға сұлтанның атаған адамына көпшілік көнбей көп жағдайда шиеленіске душар болып отырды. Халықтан қолдау тауып, сұлтан-болыстармен достас болған Жаманқұл мұндай жағдайлардан тысқары еді. Араға бірнеше жыл салып Жидебай батырдың немересі Мамыр Есенаманұлы, Жаманқұлдың баласы Байсал, Табылдың үлкен ұлы Сарттың немересі Топақ (азан шықырып қойған аты Тоқтыбай) Байтоқұлы би болады. Бұлардың ішіндегі ең жасы Топақ (Тоқтыбай) жиырманың мұғдарында еді. Билердің ішіндегі жасы үлкені Сарым-Айдабол Шәндігенің баласы Торақ батыр ол кезде алпысты алқымдаған болатын. Сөз ретіне қарай батыр жайындағы ел аузындағы аңызды келтіре кеткелі отырмыз.

Бірде Жақсы Жанқұтты аулында елдің иігі жақсылары бас қосып, әңгіме өткізеді. Ішінде аға сұлтан Құнанбай, ақын Шортанбай да бар екен. әңгіме соңында Жанқұтты былай дейді:

- Ақыным, мен бір ойға келдім. Қарадан шығып хан болған Құнекең қалың қазақтың қадыр тұтар азаматы ғой. Кертанаиш тұлпарды мінгізейін деп отырмын. Сен елді көп аралайсың айта жүр, мына Есбергеннің еспесін, бұдан былай Құнанбай еспесі деп атайық, Құнанбай, Шортанбай, Жанқұтты осы жерде бас қосыпты деген ат қалсын, болашақты болжай отырып үш ауыз сөз қалдырайық. Ақыным, сен баста!

Сонда Шортанбай:

*- Жәке, келер заманның адамы аласа туады,
Ата-анасына қарсы боп таласа туады,
Жақсылықтан шошынар,
Жамандыққа қосылар,
Әзәзілден досы бар,
Ақырзаман адамы сұрасаңыз осылар! – дейді.*

Құнанбай былай депті:

*- Жасы қырыққа келсе де,
Сақал-мұрты болмайтұғын,
Бар дүниенің байлығын алса да,
Көңілі толмайтұғын,
Өмірі ұрыс-керіс,
Ниеті, пизғылы теріс болады екен болашақтың адамы.*

Сонда Жәкең:

*- Ал десең, көптің алдын бермейтін,
Бер десең бетіңді көрмейтін,
Өткенінен нәтиже шығармайтын,
Келешегінен керектісін ұға алмайтын,
Ақылы аз, тойғанға мәз болады екен, - дейді.*

Сөйтіп, Жәкең ауылында Құнанбай бірнеше күн мейман болады. Бұл екі арада әңгіме Торақ батырға жетіп, ол жолға жиналады. Баласына Кертанаиш тұлпарды алып қалатынын айтады. Сонда баласы:

- Бір тайға бола бармаңыз, Құнекең кертанаишты бермес, басқа жылқы берер, - дейді.

- Тоқсандағы Торақ бармайды, барса Кертанаиштан басқа жылқыны алмайды, - деген батыр, жол жүріп кетіпті. Жәкең ауылына келсе, Құнанбай аттанайын деп жатыр екен. Торақ батыр ат үстінде тұрған күйі:

*Ассалаумағалейкум, Құнанбайым!
«Ақжол» деп жауға шапсам ұрандаймын*

Мен де бұрын бөрі едім,

Бас имейтін өр едім,

Қайратым қайтқан шағында,

Алдыңа келген Тораққа,

Жолыңды бер дер едім,

«Ер қанаты - ат» деген,

Ескінің сөзін ап келгем,

Құнанбай!

Ерліктің жолы жөн бе?

Серіліктің жолы жөн бе? –

дегенде Құнанбай батырмен құшақтасып көрісіп, Кертанаишты алдына көлденең тартқызыпты. Әділдігімен танымалы болған билер жайында осы тәрізді әңгімелер ел ішіне кеңінен тарап жатты. Шешендік сөздердің таралуы жайындағы мынадай пікірді келтіре кеткенді жөн көріп отырмыз. «Бұрынғы қазақ шежірелерінің бір ерекшелігі – олар сөздерін жазып дайындамаған, сөздері қағазда емес, халық жадында сақталған; ауызша тарап әлденеше кісінің, ұрпақтың өңдеуінен өтіп қысқарған, ұстарған, бейнелеңкіреп айтқанда «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» - ғана қалған, сөйтіп бүкілхалықтық мұраға айналған» [6, 9].

Жамантай төренің тұсында жиырма жылға жуық би болған Жаманқұл Табылұлы ел ішіндегі алауыздықты, келеңсіз іс-әрекеттерді басуға ат салысып, бірліктің, адал нәсіп – тірліктің орнығуына айрықша мән беріп отырған. Әрине бұл кезең халыққа жеңіл тиген жоқ (1824-1844). Билік басының өзгеруі, бодандықтың ноқтасын киюі, үлкен ұлықтардың айтқанын орындап, айдауына жүруі, алым-салық төлеуі, ұлттық болмыс бітімін танытатын салт-дәстүрлердің қағажу көруі көптің көз алдынан өтіп жатты. Белгілі ақын Дулат Бабатайұлының:

О, Сарыарқа, Сарыарқа!

Самалы салқын жон едің,

Сырдан ауып келгенде,

Жапырылмай шалғының,

Балауса, балдыр балғының,

Тимеген ірге соны едің, - [8, 47]

деп жырлауы да содан болса керек. Сондай-ақ, Жаманқұл өзінен кейінгі жастардың да өсіп-жетілуіне, тәрбие алуына ықпал жасаған. Ел басқару, билікке араласу оңай жұмыс емес. Халықтың талабына сай азаматтың қалыптасуына туа біткен дарындылық аздық етеді. Ұшқырлық керек, тәжірибе қажет. Бұлар үйренудің нәтижесінде жүзеге асады. Ұстаз ұлағатты болса, шәкірт сындарлы. Міне, шешендік мектептің дәстүрін жалғастырушы Жаманқұлдың ізбасарлары Дүйсенбай, Байсал, Топақтар өз заманында киелі елдің келелі азаматтары болған еді.

Жығылғанға жұдырық дегендей, қалжыраған халықты 1836 жылғы жұт онан сайын есеңгіретіп тастайды. Мал басы ойсырай шығынға ұшырады. Осындай жүйкесі жұқарып, жүні жығылған кезеңде жас та болса, бас болған сол кездің өзінде-ақ есімі, иісі қазаққа мәлім болған Жанқұтты, талай қиыншылыққа бас-көз болып, тығырықтан алып шыққан Жаманқұл тәрізді топ бастаған толағайлар езілген елдің еңсесін көтереді. Алдына келгендерге шешен: «Бұл дүниеде мәңгілік еш нәрсе жоқ. Талай қиындыққа мойымаған елміз. Жұт та уақытша. Бірлігімізді бұзбайық, бірлік түбі – тірлік, тірлік түбі – ірілік» деп іс көмегін де, ақыл көмегін де беріп отырған. Осыдан ел аузында: «Жұт болған да жәрдем берген Жабекем, жұрт басына қонған жайлы бақ екен» деген нақыл сөз тарап кетеді.

XIX ғасырдағы ірі тарихи оқиғалардың бірі – Кенесары бастаған қозғалыс. Он жылға созылған осы дүрмекке Жаманқұл шешеннің қаншалықты қатысы бар деген сұраққа нақты жауап беретін мәлімет біздің қолымызда жоқ. Дегенмен, баласы Дүйсенбайдың Кенесарыны хан көтеруге қатысқандығы ел аузында сақталған. Бұл бөлек әңгіме. Ал, бидің өз басы жайында мынадай болжам айтуға болады. Халықтың Кенесарыны хан ретінде тануы – 1841 жыл. «Хан Кене» кітабының алғы сөзінде былай деп жазған: «Бір жағын алпауыт Ресей патшалығы омырып, екінші бүйірін ұлы Қытай кеміріп жатса да, жалпақ қазақ елін қанжығаға байлатпай, бірде егеулі найза ұшымен, бірде уәлі тілдің уытымен қорғап, жер қайысқан жау қолдарынан құтылып кетіп отырған Абылайхан парасатын берік ұстанғысы келген қаһарлы немере Кенесары батырдың да атамекен үшін арыстандай айбат шегуі шексіз болды. Жегі құрттай дендеп кіріп, іштен шалар ұзын құрық айлакерлігі бар орыс империясының пасық пиғылына тосқауыл қоймай, жақсылық жоқ екендігін жан-дүниесімен сезінген ержүрек сұлтан жанталасып-ақ бақты. 1841 жылдың қыркүйек айында қазақ руларының өкілдері ата-баба салтымен Кенесарыны ақ киізге көтеріп хан сайлаған соң, бүкіл ел дүмпуін орыс отаршыларына қарсы күреске арнаған айбарлы атаның ұрпағы ел тәуелсіздігін ең басты байрағы етті» [9, 23]. Осындай жағдайдан кейін әрі би, әрі дәулетті бай Жаманқұлдың бұл істен тысқары қалуы мүмкін емес еді. Шешеннің жақсы Жанқұттымен, Құнанбаймен, Шорманның Мұсасымен дос-жар болғандығы турасында ел аузында әңгімелер баршылық. Жақсы Жәкеннің хан сайлауына қатысқандығы жайлы Шортанбай ақынның өлеңінде айтылған деген пікір де кездеседі. Ал, Құнанбай жайлы зерттеуші Бейбіт Сапаралы былай дейді: «Старшын Құнанбай Кенесары көтерілісіне

қаншалықты дәрежеде «қарсы күрес ұйымдастырғаны» белгілі болуы үшін бұл арада Мұхтар Әуезовтың 1933 жылы латын қарпімен жарық көрген Абай шығармалары жинағындағы алғысөзіне жүгініс жасағанмыз орынды сияқты. Мұқаң жазады: «Құнанбайдың бұдан соңғы ел есінде қалған бір ісі: орыс ұлығының бұйрығы бойынша Кенесарыны қуғандығы. Тегі Кенесарының Ұлытау, Кішітаудан көшіп, Ұлы жүзді бетке алып бара жатқан кездері бола ма, әйтеуір сол жүрісінің бірінде, үкіметтің бұйрығы бойынша, Құнанбай старшын кезінде Кенесарыны қуа шыққан орыс әтретімен бірге қазақтан кісі алып қоса қуысқан. Қуған қол Кенесарының көшіне жетіпті. Көшінің жанында Кенесарының өзі де болса керек. Олар бір топ кісі болып жиналып, бір араға келгенде Кенесары атынан түсіп, намаз оқыпты. Сонда орыс бастықтары шабайық дегенде, Құнанбай намаз уақытында шаппаймыз деп, шапқызбай қойыпты. Сол жолда Құнанбай қолмен келе жатқан қазақты жиып алып, құр құдықтың ішінде кеңесіп, Кенесарыны ұстамауға, қас қылмауға уәделесіпті дейді. Кейін атыс болғанда Жуантаяқ Төбет деген батыр Кенесарының қолының бір батырын қуып найзаламақшы болған екен, соны Құнанбай сабапты дейді» [10, 98].

Жоғарыдағы келтірілген деректерді негізге ала отырып, Жаманқұлды да мал-мүлік жағынан қозғалысқа көмек көрсеткен деп топшылауға болады. Сондай-ақ, «Шет өңірі тарихындағы» мынадай мәліметті келтіруге болады: «1839-1844 жж. жасаған тізімде – Қояншы-Тағай, Жалықпас, Надан Тобықты, Алтай, Темеш, Төлеңгіт, Үйсін, Керей, Кәрсөн-Керней, Қара-Айтымбет, Дүйсенбай-Шекшек, Байбөрі, Әлтеке-Сарым сияқты Қарқаралы округінің рулары үкіметке қарсы қозғалысқа белсене шыққан деп көрсетілген» [7, 69]. Әрине, Әлтеке-Сарымның аты аталған жерде Жаманқұл бидің тысқары қалуы мүмкін емес. Жамантай төренің орнынан түсуі, Жаманқұлдың старшындықтан алынып, Әулиеатаға қоныс аударуының бір ұшығы осы жағдайларға байланысты болса керек.

Кенесары қозғалысы елге елеулі әсерін тигізді. Қол ұшын берді дегендердің барлығы ұлық алдында жауапқа тартылды, әр түрлі жаза алды. Көпшілік күндіз күлкісінен, түнде ұйқысынан айырылып, әбден ығыр болды. Біразы оңтүстікке, Қаратау бойына қоныс аудара бастайды. Осы екпіннің екіленіп тұрған шағында – 1844 жылы Жамантай төре аға сұлтандықтан алынып, Құсбек тағайындалады. Ойында жүген орнына қолы жеткен ол, жоғарғы жақтың бұйрығын мүлтіксіз орындауға тырысты. Жаманқұл бастаған біраз старшындарды биліктен босатты. Қарапайым халыққа қатты болды. 1845 жылы көктем шыға Жаманқұл шешен жетпіске жуық шаңырақпен Әулиеатаға көшіп, Сиқым елінің биі Құдайменде берген жерге келіп қоныстанады. Мұндай көш-қон Қарқаралы округінде ғана емес, арқа өңірінің барлық тұстарында болып жатты. Әдепкіде ұлықтарға жаққанымен Құспек төре халыққа ие бола алмады, қоныс аударушылар көбейе түсті. «Міне, осындай ел көшіп, Есіл кері ағып жатқан заманда Қаракесектің ішіндегі бес ата балаларының Жанқұтты бастап Сырға қайта барған да кезі болды. Бірақ бұл Абылай заманы емес еді. Қоқан күшейген, Тәшкенде

Құшбегі отыр, қазақты керек қылған ешкім де жоқ. Оңтүстікке барған төреқарадан тұрақтап қалғандары шамалы, қайта малынан айрылып, адамын жоғалтып, көресіні көрді» [7, 71].

Ел іші де сөгіле бастады. Құсбекке қарсы шығушылар саны мольға түсті. Осы жағдайларды жіті бақылап отырған Қоқан хандығының Ташкенттегі Бегілер Бегісі оңтүстік өңірді өзіне қаратып, билігін жүргізу үшін үкім шығарады. Бұл орыс үкіметін де алаңдатқан еді. Алғашқыда аға сұлтан Жамантай Кенесарыға оң қабақ танытты. Құспек болса, елдің берекесін алды. Енді, орыс үкіметі төрелерден түңіліп сайлаудың басқаша жобасын ойластыра бастады. Осы кезеңде Жақсы Жанқұтты бастаған ел жақсылары да бірлік жолында жанталаса жұмыс жүргізді. 1847 жылы Арқадан көшіп барғандарға кері қайтару мақсатында Жақсы Жәкең жиырма шақты шаңырағымен Қаратау бойына қоныстанады. Ел билеушілерімен бірнеше дүркін мәжіліс өткізіп, келісімге келеді, бәтуаласады. Осыны естіген Бегілер Бегі Жанқұттыны ұстатуға үкім де шығарады. Бірақ, бұл үкімнің іске аспауына Жаманқұл айырықша көңіл бөлген. Ол туралы әңгімені кейін айтамыз. 1847 жылы елге бет түзеген үздік-создық көштен Жаманқұлдың сырқаттануына байланысты елуден астам шаңырақ кешеуілдеп қалады. Арасында Жақсы Жанқұтты да бар еді. 1848 жылы көктемде алпыс екі жасында Жаманқұл Табылұлы дүниеден қайтып, Әулиеатаға жерленеді. Ел болып қырқын өткізген соң, көштің соңғы легі Арқаға бет түзейді.

ЖАМАНҚҰЛДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Бірде жолы түсіп Шабанбай би (руы Сарым, Өтеміс) Әлтеке-Табылдың ауылына келеді. Ел орынға отыра ауыл ақсақалдары би түскен үйге жиналып, әңгіме-дүкен құрысады. Сол отырыста ақсақалдардың әңгімесіне құлағын тосып, тыңдап жүрген баланы көзі шалып қалған Шабанбай:

- Ана бала не қылып жүр екен, біліңдерші?! – депті. Тысқа шыққан адам Жаманқұлға:

- Неге сығалайсың? – десе, ол:

- Аттың шабанын көріп едім, енді адамның шабанын көрейін деп келдім, - депті.

Баланың сөзін естіп қалған би оны шақыртып алып:

- Адамның шабаны қандай болады екен, тез айт, әйтпесе дүре соғам, - деп жекітті. Сонда бала тұрып:

- Сөзі сұңқардың қанатының қағысындай,

Тілі тұлпардың дүбірлі шабысындай,

Екпіні өзеннің сарқыраған ағысындай,

Ойы түпсіз терең,

Ақылы асқан ерен болады екен, - депті.

Би қасындағылардан баланың жөнін сұрап алыпты да:

- Е, шырағым, Табылдың бір жаманы бар деуші еді, сол сен екенсің ғой, - дейді. Сонда Жаманқұл:

- Табылдың жаманы болғанымен, халқымның жақсысы болсам болмай ма? – деген екен.

Шабанбай шешен баланың жауабына риза болып батасын беріпті.

* * * * *

Қарқаралыдағы Дуанбасы Құсбегі төренің жылқысы ұрланып сұрау салғанда Ақмола дуанына қарасты елге барғанын естіп өндіріп алып келуге Жаманқұлды жібереді. Жаманқұл бес кісімен сұрау салып ақыры Қаракедегі Камен биге қарасты ұрылардың алғанын анықтайды. Малын өндіріп беруді талап еткенде, Камен би:

- Тай мініп,
Тайлақ жетектеген әр жерде бар,
Жоқ жоғалтқан кісіге
Дәлелсіз мал төлеу қай жерде бар,
Осы сөзге Жаманқұл тоқта, -

депті. Сонда Жаманқұл:

- Қарекеді Камен би,
Ер-тоқтымы жаман би,
Бір ауыз сөз таппассың,
Бас қосқанда тамам би.
Тай мініп,
Тайлақ жетектеген әр жерде бар,
Хан жылқысы жоғалса,
Табылмайды деген қай жерде бар,
Тайыма бие берерсің,
Тайлағыма түйе берерсің,
Осы сөзіме мақұлсың,
Мақұл болмасаң,
Ұлық алдында жауапталуға жақынсың, -

деген екен.

Сөйтіп ұрланған малдың құнын екі есе қылып алып қайтады.

* * * * *

Жоңғар-қалмақ шапқыншылығына ұшырап, бірлігінен, бірінғай хандығынан айрылған қазақ елінің Алатау мен Қаратау өңірінде, Сыр бойында қалған руларын билеген Қоқан хандары қарапайым шаруаларды әскер күшімен қорқытып бағындырыпты. Ал қазақтың баққұмар атқамінерлеріне сый-сыбаға беріп, сыйлағансып бірде алдап, бірде жазалап отырыпты. Халыққа жасаған зорлық-зомбылығына қарсы тұрған Жанқұтты шешенді де ұстауға үкім шығарыпты. Сонда Жаманқұл шешен тиісті тарту-таралығымен Ташкенттің Бегілер-бегіне барады. Бек сыйлығына разы болып, қайтарында Жаманқұлға:

- Қонағым, «сыйға сый, сыраға бал» деген, сен де менен сыйлық алып қайт, не қалайсың, мал аласың ба? – дейді.

- Тақсыр, малға зәру емеспін, байтақ далам толған мал, - дейді Жаманқұл.

- Ендеше, ақша аласың ба?

- Ақшаға да зәру емеспін, малымды саудаласам ақша болады.

- Кілем аласың ба?

- Кілемге де зәру емеспін, көшкен сайын жұртымда қалады.

Онысы қазақтың жерін айтқаны болса керек.

- Енді не қалайсың? – дейді Бегілер Бегі.

- Тақсыр үш үйлі ағам бар, бір тентек інім бар, солардың билігін өзіме берсең разымын, - дейді Жаманқұл.

- Қонағым, бар қалағаның сол болса бердім, - деп қағазын жасап, мөрін басып беріпті. Бектің анасы ақылды әйел екен. Жаманқұл аттанып кеткен соң:

- Балам, қонағың қандай адам екен, не қалады? – деп сұрайды.

- Ой, шеше-ай, әкелген тарту-таралғысына қарап қазақтың бір ақылдысы екен десем, ең ақылсызы болып шықты. «Не қалайсың?» дегеніме: «Үш үйлі ағам бар, бір тентек інім бар, солардың билігін өзіме берсеңіз разымын» деді.

- Айтқандарын бердің бе?

- Әрине, бердім. Оның ағалары мен інісін қайтемін.

- Ой, балам-ай, қонағың қазақтың ақылсызы емес, ақылдысы екен ғой.

Оның үш үйлі ағам дегені – үш ағайынды қазақтың үш жүзінің баласы емес пе? Тентек інім дегені – өзің кеше ұстауға үкім шығарған Жанқұтты емес пе? Жаманқұл қолыңнан бүкіл қазақтың билігін алып кеткен екен ғой, - дегенде, Бегілер бегі санын бір-ақ соғып:

- Қазақтың жаманы мұндай болғанда, жақсысы қандай болмақ екен? – депті. (Қазақының жаманлары мұндах болғанда, жақсылары қандах болмақ екан?) Сөйтіп Жаманқұл ақылмен Қаратау мен Сыр бойының қазақтарына аз уақыт болса да бостандық әперіпті және Жанқұттыны Бегілер бегінің тұзағынан арашалап алыпты.

«Жаманқұл үш жүздің баласына билік айтыпты» деген сөз осыдан қалған екен.

* * * * *

Жаманқұл Қаратау баурайында отырғанда Сиқым елінің майыры – Құдайберген датқа қайта-қайта ат сұрап алып, алғанын қайтарып бермейді. Тағы бірде ат сұратып жібергенде Жаманқұл келген кісіге ат бермей қайтарып жібереді. Мұны естіген Құдайберген өзі келіп:

- Биеке, мұныңыз қалай, шаршадыңыз ба? – депті. Сонда Жаманқұл:

- Ұяттан адам өледі,

Арықтан мал өледі,

Күлсем тілейсің,

Ренжісем сілейсің,
Сықым көп пе,
Әлде менің көкала жылқым көп пе? – деген екен. Осы сөзден кейін
Құдайберген Жаманқұлдан ат сұратуын қойыпты дейді.

* * * * *

Дуанбасы Құсбегі төре дау-жанжал, барымта сияқты мәселелерді шешуге Жаманқұлды жұмсап отырыпты. Төренің биді алғызып тұратын арнайы аты бар екен. Бірде ел арасында даулы мәселе болып, төре Жаманқұлға кісі жібереді. Жіберген кісісі өзін алғызатын атты емес, басқасын жетекке алып келгенін көрген шешен:

- Өз атымды әкелмесең бармаймын, - деп қайтарып жібереді. Мұны естіген әйелі:

- Отағасы-ау, оның қалай, біз төре ауылына қоңсы қонып отыр емеспіз бе? – депті.

Сонда Жаманқұл:

- Ой, тәйір-ай, мансап пен дүние бір күндік, бүгін бар да ертең жоқ, ақыл-ойың мың күндік, көңілің болар күнде тоқ, мен төреге қоңсы қонып отырсам, ол менің ақылыма қоңсы қонып отыр емес пе? – деген екен.

* * * * *

Бір жиында отырғанда көпшілік Жаманқұлдан кейінгіге өсиет етіп қандай сөз қалдырасыз деп сұрапты. Сонда шешен:

Танысыңның бәрі – ақылшың емес,
Жақыныңның бәрі – жанашырың емес,
Туысыңның бәрі – адал болмайды,
Дұшпаныңның бәрі – қатал болмайды,
Ағайының қадірлесе дәулетті болғаның,
Дұшпаның қадірлесе әулетті болғаның,
Қатарың қадірлесе өнерлі болғаның,
Маңайың қадірлесе кемерлі болғаның,
Ауылың қадірлесе сыншы болғаның,
Аймағың қадірлесе жыршы болғаның,
Үй-ішің қадірлесе мазалы-ақ болғаның,
Халқың қадірлесе азамат болғаның.





*Қажымас,
Қате баспас хан бола ма?
Таусылмас,
Табан таймас жан бола ма?
Бәйгеден
Қосқан сайын келсе-дағы,
Тұлпарда
Арықтаса сән бола ма?*

ҚҰНАНБАЙ ШЕШЕН

Орта Жүз – Тобықты руынан шыққан Құнанбай Өскенбайұлы тарихи деректерде 1804 жылы Семей өңіріндегі Шыңғыстауда өмірге келіп, 1886 жылы қайтыс болған. Ес біліп, етек жинаған кезінен бастап, ел билеу ісіне араласады, әділдігімен, турашылыдығымен халыққа танылады. Өзіне дейінгі танымалы тұлғалардың ұлағатты өсиеттерін толық оқып-үйренген, өз кезіндегі заң-жобаларды да жан-жақты меңгерген өте білімпаз адам болған. Өлкенің азаматтары тығырыққа тірелгенде ақыл-кеңесті осы Құнанбайдан алып отырған. Сонымен қатар, заманның ауқымына қарай соғыс тәсілдерін де үйреніп, мықтылығымен көзге түскен, үздіксіз жаттығуының арқасында найзагер атанған. ХІХ ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап, старшын болыс, аға сұлтан болып сайланады, елге еңбек сіңіреді. Ол дін қағидалары мен шарифат шарттарын жетік меңгерген, ел ішінде жүзеге асуына айрықша ықпал жасаған. Кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық тамаша өнегелі істерді мирас етіп қалдырған. Мекеге қажылыққа барып, «тақия» атты қонақ үй салдырған. Төрт әйел алған, тоғыз баласы болған.

ҚҰНАНБАЙДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Өскенбай бидің баласы Құнанбай мырза бозбала шағында «Жақ түсірер найзагер» атаныпты. Жылқыға тиген біраз барымташылардың атын олжалап, өзін байлап алған ер көңіл жігіт барымта тыйылып қалған бір талас уақытта

«Шіркін-ай, көкбестім белдеуде, көк найзам іргеде тұрғанда жылқыға жау шабар ма еді, мен жылқыны жаудан айырып алып қалар ма едім», - деп армандайды екен. «Ел құлағы елу» деген бұл сөзді Найман ішіндегі Қарақалпақ Қазыбек батыр да естіпті. Бұл кезде жасы ұлғайып қалған Қазыбек қасына азын-аулақ жігіт ертіп, Өскенбай ауылының жылқысына тиіпті.

- Егер артымыздан қуғыншы шықса, әй, балалар менің атым нашар еді, өзім кәрі адаммын, жау қолына қалдырмаңдар дермін. Бірақ, маған қарайламай, жылқыны қуа беріңдер! – деген батырдың ақылы бойынша серіктері үйір-үйір жылқыны алдына салып қуа жөнеледі.

Жау хабары құлағына тиген Құнанбай мырза көк бестімен барымташылардың соңына түседі. Аттың басын әдейі тежеп, кейіндеп келе жатқан батырға екі рет шүйіліп барып, найзаламақ болғанда, Қазыбек әрең жалтарады. Үшінші жолы қарт батыр найза қағысқанда жас мырзаны аттан түсіріп кетеді.

Жараланған Құнанбайды ауылына әкелген Ырғызбай жігіттері жаудың кім екенін білмейді. Тек, араға біраз уақыт салып барып, жылқыға Қарақалпақ Қазыбек батырдың тигені белгілі болады. Қаракерей Найман мен Тобықты сөз ұстап, төрелікке Керей елінің билері шақырылады.

- Ұзында өшің, қысқада кегің жоқ, мұның не? – деген сауалға Қазыбек:

- Бұлтты жел шақырады, ерді сөз шақырады, Құнанбай мырзаның сөзі құлағыма тиген соң, үйде бұғып, тыныш жата алмадым, - депті.

«Басқа пәле тілден» деген қағиданы ұстанған билер кеңесі Қазыбекке ешқандай айып кеспепті. «Біржан-Сара» айтысындағы:

Қазыбек Құнанбайды найзалаған,
Төрем түгіл Төлеңгіт жорығында, -

дейтін сөз осы оқиғадан кейін қалған екен.

* * * * *

Құнанбай аға сұлтан болып сайланғаннан кейін, Қаракерей Найман еліне келіп, Шыңырау бойына үй тіккен екен. арнайы сойыс жеп, сәлем бере келген Қаракерейдің Байыс, Байсиық руларының билеріне шешіліп сөз айтпай.

- Сөз Қазыбектен басталсын, - деп жатып алыпты.

Қазыбектің жасы ұлғайған кезі екен. Бітеу жамбы мен бір қара түлкіні әкеліп, аға сұлтанға байлапты. Мұның алдында Байыс, Байсиықтың ел жақсылары:

- Аға сұлтан мен Қазыбектің арасынан кикілжің шығып, ел іші бүлініп кете ме деген қауіпіміз бар. Сіз де барсаңыз қайтеді? - деп Керей Мүсіреп шешенге қолқа салыпты. Мүсіреп:

- Қазыбектің соңынан барайын, - деп келісім беріпті.

Мүсіреп барыпты. Қарақалпақ Қазыбек батыр Құнанбай түскен үйде екен. Аға сұлтан Мүсірептен:

- Нендей шаруамен келіп едіңіз? - деп сұрайды. Сонда Мүсіреп айтады:
- Хан соқса, қайыры болады, батырдан суға деген. Сізден бірдеме дәметіп келдім, - депті.
- Е, е, өзіңіз бір есті кісі екенсіз ғой?
- Есті болмасам да, қарағым, ескі едім!
- Шешен екенсіз?
- Тәк, тұр, кезімнен шешен едім.
- Шешен болсаңыз, мына Қазыбекпен сөйлесіп, жеңіп алыңызшы!
- Е, е, Құнанбай мырза, Қаракерейдің нөқта ағасымен сөйлестірсең, не жеңіп, не жеңілер едім. Төренің туының астына жиылған қидуыт едік. Қарғадай өз көзімді өзіме шоқытайын деген екенсің, - деп Мүсіреп бастырмалатып келе жатқанда, Құнанбай:
- Керейде Мүсекең деген шешен бар деуші еді, сіз екенсіз ғой, - деп Мүсірепке ат мінгізіп, Қазыбекті босатқан екен.

* * * * *

Құнанбай заманында болып, толған «Кімсің?» десе «Құнанбаймын» деп кеткен бүкіл қазақ білген адам екен. Бірде Сейтқазы деген би Құнанбайға маңайындағы жуан аталар өздеріне теңдік бермейтіндігін айтып ақыл сұрай барыпты. Сейтқазының бүкіл арызын үндемей мұқият тыңдап алып ол кісі:

- Ей, Сейтқазы, маңайымдағылар теңдік бермейді дейсің, менің алып берген теңдігім саған теңдік бола ма?! Әуелі ақылмен шеш, теңдікті қолынан бермесе, жолынан ал. Солардың бір жиынында бір жанжал алып, шығарып өзіңнің де бір ата ел екендігіңді көрсет. Қол жинаймын деп әуре болма. Өзінде соқтауылдай он жігіт бар ма? Сол он жігітің он жолдасы бар шығар, осы жиырма жігітің сайланып барса, бітпейтін іс бола ма? Осылай істесең малың да, жаның да, жерің де тыныштық болады, - деп ақыл айтады.

Сейтқазы да бұл ақылға тәнті болып, елге қайтады. Кейін Базаралының бір асында жиырма жігітпен өзінің қарсыластарын шақырады, соққыға жығып, ел арасында теңдік алған екен.

Біраз жылдан соң Құнанбайдың осы көмегіне риза болған Сейтқазы ол кісі қатты ауру, жатып қалды деген хабарды естіп, Құнанбайдың жолына құрбандық деп, бір секті сойып, құдайы қылып таратады. Дадан Тобықтыда Сейтқазы деген кісі Құнанбайға құрбандық шалды деген сөз Құнанбайға да жетсе керек. Құнанбай бұл аурудан бір-екі ай жатып, жазылып, екі жылдан соң қайтыс болыпты. Сейтқазы ел адамдарымен бірге бата оқи барады. Сол кезде елдің үлкен бәйбішесі келіп бұлардан:

- Қарақтарым, сендердің елдерінде Құнанжаным ауырып жатқанда, құдай жолына құдайы беріпті. Сол кісі араларыңда бар деп естіп келдім. Ол кісі қайсысың? – деп сұрайды.
- Мен едім, - дейді Сейтқазы.
- Құнанжанға құдайы беретіндей не жақсылығын көріп едің?

- Жетісу шығып, жекжат-жұрағат аралағанда Тобықтымын десем, «Құнанбайдың інісі екенсің ғой» деп хан көтеріп құрметтейді. Сол себептен де Құдекеңді сыйлап жүрмін, - дейді.

- Рахмет, қарағым, сен бізді сыйласаң, құдай сені сыйласын, - деп қария батасын берген екен.

* * * * *

Ел аузында Құнанбай туралы тағыда мынандай әңгіме бар. Құнанбай қайтыс болар қарсаңында өз отауында қарайлас ақсақалдармен бірге әңгіме-дүкен құрып, көңіл көтеріп отыратын болса керек. Сондай күннің бірінде сөзден сөз шығып, Құнанбайдан:

- Осы тіршілігіңізде өтірік айттыңыз ба? – деп сұрапты. Ол кісі күліп:

- Құдай өзі кешірсін, тіршілігім үшін жалғыз өтірік айттым. Сол өтірігімнен осы дәрежеге көтерілдім, - дейді.

- Е, бұралқы сөз күлуге жақсы екен, өткен іс болса айта отырыңыз. Көп қалағаннан кейін, есіне түсіргендей біраз отырады да айта бастайды:

- Аға сұлтандыққа сайланып жатқан кез. Беделді аға сұлтандыққа дәмесі барлар сайлау өтіп жатқан жерде жиналып жатыр дегенді естіп, мен де бардым. Ауыл үсті у-ду, аға сұлтандықтан дәмелісі де бар, ел қарасы көп екен. Ортадағы ақ боз үйге кірсем, игі жақсылар жиналып, сайлауды басқаруға келген Уәләтolla деген ноғайды ортаға алып, қымыз ішіп, мәз-мейрам болып отыр. Жағалай сәлем беріп келіп, нағашымның жанына отырайыншы деп әлгі ноғайдың тізесін баса төрге отырдым. Қайдан тіліме оралғанын, әлгі ноғайды танымақ түгіл, бірінші рет көріп отырмын. Мен нағашым деп жанына отырған соң, отырғандар:

«Құнанбай сайлаушының жекжаты болып шықты, енді бұның басына бақ қонды ғой» деп біреуі алайып, біреуі күндеп қарап отырды. Мен түр бермей өктемсіп отырдым.

Ертең сайлау болады деген күні түнімен ойланып, алдыңғы өтірігіме ешкім күмән келтірген жоқ. Енді тағы бір өтірігімді айтайын, деп өтірігімді сайлап, ұйқыға кеттім.

Таңертең ел сайлаушыны күтіп, жиылып тұрғанда: «Е, халайық, түнде бір ғажап түс көрдім, жорып беріңіздер» деп бүкіл елді өз аузыма қараттым.

Түсімде бір қойдың құйрықмайы аспанда салбырап тұр екен. Осы жұртшылық бәрін секіріп, сол құйрыққа жете алмай тұр екенсіңдер. Мен де секіріп көрейін деп едім құйрықтың майы қолыма ілінгені. Сол екі ортада оянып кеткенім дегенім. Әлгіде мәз-мейрам болып тұрған ел тым-тырыс болып қалды. Сөйтіп тұрғанымызда екіге жарылып ортаға әлгі менің «нағашым» келді. Ол: «Ал енді Қарқаралы уезінің сұлтаны болуға кімді ұсынасыздар?» деді. «Құдай қолына құйрық ұстатқан Құнанбай болмағанда кім болады?» деп, мен өзімді ұсындым. Ноғай нағашым менің түсімнен хабарсыз. Ел ішіндегі кейбір жағымпаздардың «Сайлаушы мұның нағашысы,

қарсыласқаннан түк дәрмен жоқ» деп тез арада ойлап жүргені анық. Сондықтан осы бастан жақсы атты көріну үшін мені жақтай бастады. Сонымен бір рет тірлігім үшін өтірік айттым. Бақытқа қолым жетті, - деп әңгімесін аяқтаған екен.

* * * * *

Қаракесек Жарылғаптан шыққан Балта ақын өзінің бір немере қарындасын алып қашып, Құнанбай еліне барып, әйелі қылып алады. Бірде Құнанбайдың үйіне кіріп барғанда, Құнанбай былай деп өлең айтады:

Ақ құрлар, кара құрлар, құрлар-құрлар,
Бұрынғы хикаятаттан сөзін жырлар.
Қарындасын қатын ғып, алып қашып,
Ел аралап жүреді-ау, арсыз мұндар!

Сонда Балта:

Ақ құрлар, кара құрлар, құрлар-құрлар,
Бұрынғы хикаятаттан сөзін жырлар.
Баласы әкесіне балта жұмсап,
Жынды қатын болды ғой, бәрің мұндар! –

депті.

* * * * *

Құнанбаймен Омбыда тергеуде бірге болған Торқан деген адам танымалы Тоқсан бидің ағайыны екен. Ол қашып шығып Құнанбайдан келіп пана сұрайды. Құнанбай болса Абайды шақырып алып:

- Мына Торқанды жағдайын жасап, тәрбиеле! – деп тапсырады.

Абай:

- Әке, бұл қандай жақыныңыз еді? – деп сұрағанда:

- Қажымас,
Қате баспас хан бола ма?
Таусылмас,
Табан таймас жан бола ма?
Бөйгеден
Қосқан сайын келсе-дағы,
Тұлпарда
Арықтаса сән бола ма? –

деген екен.

* * * * *

Ел аузында сақталған әңгімелердің бірінде Құнанбай дәуірлеп тұрған шағында Абақ-Керей еліне келеді. Атағы алшқа мәлім Құнанбай келе жатыр дегенді естіген елдің бетке ұстар билері мен беделділері күтіп алуға

жиналады. Арасында Шабу деген би, Шегентай батыр, Жантөре шешен болыпты. Олар:

Елімізге кір келтірмей күтеміз,
Айтысқа түсіп, егессе есе көрсетеміз.
Теңесіп тұрып, тартысқа тартыс жасаймыз,
Сайысқа түсіп, сөзге сөз санасамыз, -

деп дайындалады. Құнанбай келеді, ел жиналады. Сақадай сайланған билер Құнанбайды көргенде, мыстары басылып, айтарға сөз, қозғарға ой таба алмай қалыпты. Сонда есік жақта отырған жас жігіт, Құнанбайдың алдына келіп, тізесін бүгіп:

Біз сөзді қалай бастаймыз?
Ортамыз ойылып,
Ордамыз бұзылып,
Қонысымыз ауып,
Әр жерден уақытша мекен тауып,
Көшіп жүрген елміз.
Түрлі тәсіл қолданып,
Қоныс мәселесін шешіп жүрген елміз.
Тұрған жеріміз,
Қалың меркет пен ұранқайдың арасы.
Олардың бесік белгісі, төсек үлгісі жоқ,
Алса – бітім, берсе – күтім дегенді ғана біледі.
Ортасы орынды,
Ордасы бұзылмаған,
Жаны бір, заңы бір,
Ағаның баласы өзіңіз бастамайсыз ба? –

деп тақпақтай жөнеліпті. Оған риза болған Құнанбай аты-жөнін сұрап алып:

Бейсенбі болсаң боларсың,
Болғалы тұр екенсің!
Сөзге мығым бекемсің,
Ауызыңның жұрт айналар киелігі бар,
Көмейіңнің жау сескенер сұр жыланы бар,
Жігіт екенсің,
Жиын өзі де басталды емес пе? –

деп жауаптасып, кетерінде:

Аузы дуалы екен,
Сөзі куәлі екен,
Қара қылды қақ жара сөйлейтін,
Білікті, қайсар, шешен екен, -

деп батасын беріпті.

* * * * *

Бір жылдары Тобықты мен Қаржас елі жерге таласып, соңы үлкен дауға айналып, бірнеше жылға созылады. Екі жақтан сайысқа түскен Құнанбай мен Шорманның Мұсасы:

- Менің ата-бабама бақ қонған, исі қазаққа танымалы болған, біздің мәртебеміз биік, салмағымыз басым, байтақ жатқан елім бар, көкорай шалғын жерім бар, шалқып жатқан көлім бар, - деп мақтаныпты. Сонда Құнанбай:

Пұт болдым деп мақтанба,
Пұттан ауыр батпан бар.
Биікпін деп мақтанба,
Асқар-асқар таулар бар,
Таудан биік аспан бар.
Басыма бақ қонды деп,
Тосылмаймын енді деп,
Алдаушы жалған дүниеге,
Ғапыл болып азбаңдар.
Қарсы келген дұшпанның,
Оған да бар бостандық,
Аяққа салып баспаңдар.
Бақ қонса,
Ажарыңа қарамайды,
Ақымақ,
Сырттан табалайды,
Басыңа іс түссе,
Білмеймін деп шамалайды,
Адам басы Алланың добы деген,
Дәм тартса әр тарапқа домалайды, -

деп түйіндепті.

* * * * *

Құнанбай қажылықтан қайтып келгенен кейін, ел жиналып ас беріледі. Көптің ішінен біреу тұрып:

- Күнеке, көпті көрдіңіз, ел білмейтінді білдіңіз, осы жағдайдың дұрысталғанын қалай білуге болады? – деп сұрайды.

Сонда Құнанбай:

Шаруаң оңға айналғанда,
Мінген атың жүреген болады.
Асыраған итің үреген болады,
Қатының қадірлі болады.
Қызың ажарлы болады,
Малың базарлы болады,
Шөбің шығымды болады,
Малға жұғымды болады.

Ал, шаруаң кері кеткенде,
Мінген атың шабан болады,
Асыраған итің жаман болады,
Қатының сараң болады,
Қызың ажарсыз болады,
Малың базарсыз болады,
Шөбің шығымсыз болады,
Малға жұғымсыз болады,
Ұлың білімсіз болады,
Құлың сенімсіз болады, -

деген екен.

* * * * *

Қоянды жәрмеңкесінде Құнанбай өзінің Тобықтыларымен бір жерде бас қосып отырғанда айтыпты:

- Көкше Тобықтының жері жақсы, Семей Тобықтысы да – жерлі, ал шөл Тобықтысының жері нашар. Осы күз Арқадан шөл Тобықтысына жер әперемін, - дейді. Бұл сөзді Қаракесек ақсақалдары мен Жанғұтты естіп:

- Қай жерді әпереді? Әперсе, Нұраның бойын әпереді, ол үшін біз алдынала қақпан құруымыз керек, - дейді. Қарасайда Байсейіттің жұрты бар. Ұзынбұлақтың аяғындағы күмбез бейітінің басында Жәуеннің жұрты бар. Жамбайдың Қарасуының бойындағы еспені «Есбергеннің еспесі» дейді, бұл жерге Жанқұтты келіп қонады. Бесшоқынның батыс жағындағы бір бұлаққа Торак батыр келіп қоныстап отырады, күздің күні. Бұлардың әрқайсысы Құнанбайдың келетін жолына бақылауға адам қояды. Құнанбай қасында бірақ адамы бар, Жанқұттының ауылын сұрап өткенде бақылаушылар көріп ауылдарына қайтып, Құнанбайдың келгенін хабарлапты. Байсейіт Құнанбайдың келгенін естіп, Жанқұттының ауылына келеді. Күтуші жігіттер Байсейітті аттан түсіріп, үйге кіргізгенде бір аяғын табалдырықтың ішінде басып тұрып, бір аяғы сыртында шалқасынан жатқан Құнанбайды көріп, Байсейіт:

- Астапыралла, қиямет-қайым болғанда жалғыз көзді тажал шығады деуші еді, келген екен ғой, мен кірмеймін, - деп шегініп шығып, атына мініп қайтып кетіпті. Жанқұтты қонақасын беріп, күтіп, Шортанбайға:

- Ақыным, мен бір ойға түстім, Кертанашты Қүнекеңе мінгізейін деп отырмын. Сен елді көп аралайсың ғой, мынау Есбергеннің еспесін бүгіннен бастап «Құнанбай еспесі» деп атайық. Құнанбай, Шортанбай, Жанқұтты үшеуі осы жерде бас қосыпты деген атақ қалсын – сен ойшыл едің, алдыңғы жақты болжадың ба, қандай заман болады? Үшеуіміз үш ауыз артымызда ізгі сөз қалдырайық, - депті.

Шортекең сәл ойланып отырып:

- Жәке, келер заманның адамдары аласа туады,
Ата-анасымен қарсыласып таласа туады.
Жақсылықтан шошынар,

Жамандыққа қосылар,
Әзәзілден досы бар
Ақырзаман адамы
Сұрасаңыз осылар, –

депті.

Құнанбай былай дейді:

- Жасы қырыққа келсе де, сақал-мұрты болмайтұғын,
Бар дүниенің байлығын алса да, көңілі тоймайтұғын
Өмірі ұрыс-керіс,
Ниеті, пиғылы теріс болады екен болашақтың адамы.

Сонда Жақсы Жәкең тұрып:

- «Ал» десең топтың алдын бермейтін,
«Бер» десең бетіңді көрмейтін,
Өткенінен керектісін ұға алмайтын,
Ақылы аз, тойғанға мәз болады екен болашақтың адамы, –

депті.

Кешеден бері қарай айттыған сөздерді есіне ұстай отырып, Құнанбай жер сұрауды қойып, аттанады, бірақ, Байсейітке деген реніші ішінде кетеді.

* * * * *

Жанқұтты мен Шортанбай Жәуенге дейін шығарып саламыз деп Құнанбаймен бірге кетіпті. Бұл хабарды Торақ батыр естіпті де баласына:

- Менің атымды жылдам ертте, - депті. Баласы:
- Қайда барасың? – депті.
- Құнанбайдан Кертанышты алып қаламын, - дейді. Баласы:
- Аға, бір тай үшін бармаңыз, ол Кертанашты бермей, басқа бір жылқы берер, - депті. Сонда Торақ айтыпты:

- Тоқсандағы Торақ бармайды, барса атаның аруағын шақырып жүрген Кертанаштан басқа жылқыны алмайды, - деп атқа қоныпты. Жәуен ауылына келсе, Жанқұтты Құнанбайды аттандырып жатыр екен. Торақ:

Ассалаумағалекум, Құнанбайым,
«Ақжол» деп жауға шапсам ұрандаймын,
Мен де бұрын бөрі едім,
Бас имейтін өр едім.
Қайратым қайтқан шағында,
Алдыңа келген Тораққа,
Жолыңды бер дер едім.
«Ер қанаты – ат» деген,
Ескінің сөзін ап келгем.
Құнанбай!
Ерліктің жолы жөн бе?
Серіліктің жолы жөн бе? –

дегенде Құнанбай:

- Кертанышты Тоқама ноқталап берші, - деп Кертанышты беріп кетіпті.

Шамалы уақыттан соң Байсейіттің баласы Нұрланның үстінен сөз өрбітіп, Нұрланды Қарқаралыға түрмеге жаптырыпты. Байсейіт азық алып Нұрланның артынан барады, Нұрланның жұмысын Шорманның Мұсасы қарайды деген сөзді естіп біледі. Мұсаны іздеп келе жатса, қарсы алдынан қос ат жеккен пәуеске шығады. Ішінен Мұсаны көріп, қолын көтеріпті. Мұса пәуескені тоқтатқанда Байсейіт Мұсаға сәлем беріп:

- Мұсажан, жақсылығыңды Баянауылға ала кетпе, басқа не айтайын! - деп жүріп кетіпті.

Мұса ат айдаушысына жаңағы шалдың артынан атты бұр дейді. Байсейіт болса артынан Мұсаның келе жатқанын біліп, тіке түрмеге тартыпты. Түрмеге Байсейіт келгенде Мұса да осы жерге жетеді. Екеуі қол алысып амандасады. Мұса жағдайға түсініп, қалтасынан қағыз-қарындашын алып, «Нұрланды босат» деп қолын қойып, мөрін басып ұлықсат қағазды түрме бастығына беріп, Мұса жүріп кетеді де, Байсейіт Нұрланды алып еліне қайтады.

Бұл іске наразы болған Құнанбай жұмысты қайта көтеріп, Ақмолаға дуанбасы Ыбырайға жолдапты. Бұл істі қарау үшін Ыбырай Мұсаны, Шоңды, Құнанбайды, Нұрланды және Қаракесектің биі Қараны шақыртыпты.

Бұл кез Дау мен Шаңның араз кезі еді. Байсейіт сол кездегі алғыр, шешен бір жақын адамын «Қараның бізге деген беталысы қалай екен, соны біліп кел» деп жіберіпті. Ол адам бидің үйіне келіп, қона жатып, таңертеңгі шайда түнімен айтылған әңгімесін жалғастырып, Кәкеңнің алысын аңдайды. Ол жағдайды түсінген би:

- Ай, Даудың баласы-ай, басына күннің нұры түссе, құдайды танымайсың, ал басыңа бұлт төнсе, кірерге тесік таппайсың. Кешеден бері мені торып, сөз сөйлеп отырсың. Менің баратын жерім ауыл арасы емес, Есілдің бойы емес пе еді, - деген екен.

Есберген бұл сөзді Байсейітке жеткізеді. Сонда Байсейіт айтқан екен:

- Апырым-ай, мен Нұрланды Есіл бойындағы Ақмолаға алып жүремін бе деп отыр едім, енді мен бармаймын. Нұрланды апарып Есілге сатпаймын дегені ғой. Кәкең жөнінде біз қателесіп жүр екенбіз, - деп Нұрланды Қараға қосып жіберіпті.

Ақмолада Ыбырай мен Шоңға Мұса жағдайдың бәрін түсіндіргеннен кейін, «Қаракесектің биі өз тентегінің жұмысын өзі қарасын» деп ұйғарыпты. Ел алдында Қара би былай деп төрелік айтыпты:

- Жасы жетіп қартайған Байсейітке Құнанбай өкпелі, ал Нұрлан жоққа пана, тентек емес қой. Сондықтан, Нұрлан, орныңнан тұр да, шырағым, әкең үшін Құнанбайдың қолын алып аяғына жығыл, дуан басшылары, осы билікке разы болындар, - дегенде Шоң:

- Дұрыс айтылған билік, - депті.

Нұрлан орынынан тұрып, Құнанбайдың қолын алып, қасына отырып, татуласып, елге қайтыпты. Міне осыдан кейін Қара би – Бала би – Дана би болып атанған екен.



*Ауыл ақсақалы шала болса,
Жігіттері алты ауыз ала болса.
«Ә» десе, «мә» дейтін,
Жасы үлкенін кішісі
Сыйламайтын көңілі қара болса,
Сол ауылдың берекесі кетеді.*

ЖЕТЕС ШЕШЕН

«Текіден текті тумай ма, атаның жолын қумай ма?» деп халық нақылы айтқандай Қараменденің әкесі Төлеміс те қара жаяу емес, ал атасы Жетес би болған адам екен. Осы елдің көкірегі кең дария ақсақалы болған Ысқақ деген кісінің айтуы бойынша аталары шешендікті ұрпақтан ұрпаққа мирас еткен жандар болыпты. Қараменденің әкесі Төлеміс шамамен 1620 жылдары өмірге келген болса, оның әкесі Жетес 1590-1690 жылдар арасында өмір сүрген. Осы орайда оқырман қауымының ойына әр түрлі сұрақтардың оралуы мүмкін. Солардың бастысы шешендік ұрпақ қуалай ма екен, ол адамның жеке басының дарындылығына байланысты емес пе деген сұрақ. Дегенмен, мынадай жәйіттерді де назардан тыс қалдыруға болмайды.

Жоңғар шапқыншылығы кезінде ерлігімен ерекше танылған, ел қорғаны болған мықты батырлардың бірі Тарақты руынан шыққан Байғозы. Бірақ, бір қызығы Байғозының әкесі де батыр болған екен. Ол туралы тарихшылар былай дейді: «Байғозы батырдың шыққан тегі Орта жүздің ноқта ағасы Тарақты руынан. Шежіре дерегі бойынша 12 ата Тарақтының бір атасы Қыдыр болса, одан Қаржау, одан Есенкелді, одан Сүтемген, одан Наймантай батыр, одан Байғозы батыр туған. Байғозы батырдың шешесі Шолпан Кіші жүздің жеті руын билеген тархан Есет батырдың (1667-1749) туған қарындасы. Тәуке ханның бас батырларының бірі болған Наймантай (сүйегі Ахмет Яссауи кесенесіндегі қорымда) баласы Байғозыны жауынгерлікке өзі баулып, әкелі – балалы батырлардың даңқы жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінде қатар шыққан. Халық жырларында:

Қолында қамшысы бар айбалтадай,
Батыл бол батыр болсаң Наймантайдай, -

немесе:

Тарақты да Байғозы,
Бұ да асқан ер еді.
Ел шетіне жау кесе,
Мен барайын дер еді -

деп айтылады.

Қазақ пен қалмақ жасақтарының арасында болған Бұланты, Қарасиыр, Талқы, Қозымаңырақ, Қалба, Терісаққан, Аңырақай, Хантау, Қызылтау, Ерейментау, Түркістан, Қарқаралы, Ыстық көл шайқастарының Байғозы батыр бел ортасында болып, ерен ерліктер көрсеткен. Ол ерліктердің небір ғажайып оқиғалары Шоқан Уәлихановтың, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбектерінде, Жанақ, Шөже сияқты ақын-жыраулардың жыр – толғауларында кездеседі» [11, 156]. Осы тектес сипат би-шешендерде де кездеседі. Мәселен, Қаз дауысты Қазыбек бидің әкесі Келдібек те, баласы Бекболат та ауызына дүйім жұртты қаратқан сөз шеберлері болған. Пікіріміз дәлелді болу үшін мысал келтіре кетейік. «Қаз дауысты Қазыбектің әкесі Келдібек би қыз таңдап, үйленбей біраз жүрсе керек. Сонда ойламаған жерден бір жиында аяғы ақсақ, көзі қыли жас қызға көңілі ауып, құда түсіп, айттырып алады. Әке-шеше баласының айтқанына келіскенмен, аса қолдай қоймайды. Тіпті әкесі: «Таңдаған тазыға жолығадының» кебі келді. Сөз байласқан бұрынғы құдалардың бетіне қалай қараймыз?» - деп айтып та тастапты.

Қаймағын піскен сүттің алдым қалқып,
Аяғы ақсақ болғанмен ақылы артық.
Көзі қыли, сөзі мен ісі түзу,
Сөйлескеннен өн бойым кетті балқып, -

деп жауап қайырады Келдібек би.

- Жетер. Енді көңілім орнықты. Табашыға да жауап табылар, - дейді әкесі.

Келдібектің замандастары әзілдескенде, осыны алдына тартып, қағытып жүріпті. Бірде олар Келдібектің өз үйінде отырып, соқтыға берген екен. Сонда жас келіншек шапылдап беттен алмай-ақ сыпайылап қана:

Көзім қыли, жасырмаймын, ақсақпын,
Келдекеңмен сондай тату жақсы-ақпын.
Татулықтың белгісіндей тамаша,
Төрт бошанды билетін ұл таппақпын! –

депті.

Айтқандай соның артынан Қаз дауысты Қазыбек дүниеге келген екен» [12, 40]. Келтірілген үзіндіден Келдібек шешен ғана емес, ел басқарған би болғандығын аңғарамыз. Енді келесі бір дерекке назар аударалық. «Арғын Қаракесектен шыққан Қаз дауысты Қазыбектің баласы Бекболат би сегіз ағайынды екен. Соның кенже інісі жорықта жүргенде, жаңылыс Абылайдың

бір айғыр үйір жылқысын қолына түсіріп, сіңіріп кетіпті. Соңынан Абылай біліпті. Мені басынғаны ғой деп, намыстанып аттанып, Бекболаттың ауылына келіп түсіпті.

Бекболат Абылайдың алдына түсіп жорғалақтап: «Тоғыз айыппен жолыңызды алып, кешіңіз, байқаусыздықта балалықпен қылған қате іс шығар», - дейді.

Ханның қасындағы Арғынның Бекболатпен бақкүндес кісілері: «Бұл сізге бойжеңілдік қылған ісі, мұны басуыңыз керек», - деп, шағыстырып отырған соң Абылай: «Мен малменен уана алмаймын ғой», - дейді.

Бекболат: «Өз інімді өлтіруге мен де ұстап бере қоймаймын ғой» - дейді.

Абылай үндемей кетіп қалады. Қайтадан үш жүздей кісімен келіп, інісін ұстап алып, мойнына арқан тақтырып жөнеледі. Сол күні түстікке ханның шатыры бір көгал жерге келіп қонған соң: «Соңымыздан ешкім келмес пе екен, қарап тұрыңдар», - дейді Абылай. Әлден уақыттан «бір қарайған көрінеді» деген соң, Абылай: «Ол Бекболат болар, келген соң «түс» деп атын ұстандар» - дейді. Айтқанындай Бекболат екен.

Түспей аттың басын ары қаратып, арт жағын Абылайдың шатырының аузына қаратып тұрып сөйлейді дейді: «Әй, Абылай, Абылай! Мұнан бұрын жолдастыққа мен қандай едім, қасындағылар қандай еді?»

- Сен бір төбе, олар бір төбе еді.

- Ендеше, - деп Бекболат келген жағына қарап қайтадан шауып кетіп, әлден уақытта қайтып шауып келіп, әлгідей теріс қарап тұрып: «Орал таудың ор түлкісін айнала қуса ит жетпес, Орал таудың ақиығы сондадағы тек кетпес, - деп байлаулы тұрған інісін шешіп алып жөнеле беріпті.

Бекболат кеткен соң қасындағылардың түсіне алмай, таңырқап отырғанын біліп Абылай: «Мана мен Бекболатқа сен бір төбе, бұлар бір төбе еді дегеніме намыстанғандай болдыңдар-ау, намыстансаңдар Бекболаттың келіп кетуінен не сезіп отырсыңдар? Жаңа не айтып кетті? Айтыңдаршы», - депті. «Сол арасын аңғара алмай отырмыз» деген соң Абылай: «Еш білмесеңдер енді онымен талас қылып, өкпелемендер!» - деп, сөзге кірісті дейді: «Орал таудың ор түлкісі деп өзін айтты, айнала қуса ит жетпес деп сендерді айтты, Орал таудың «ақиығы» деп мені айтты. «Ақиық» келсе тек кетпес деп, келіп қалған соң ашумен інімді алған шығарсың дегені, сонда дағы мерт етпес дегені ханнан халық күшті, халықтан бүліксіз хандай болсаң ақылыңа салып, інімді жібер, жәбірін болса, айып алып бітерсің», - дегені.

Айтқандай Бекболат тоғыз айыпты жіберіпті. «Көп қорқытады, терең батырады» деген осы». Бұл мысалдардан шығатын түйін қандай да бір қайраткерлік саласы болмасын атадан балаға мирас болып жалғасуы әбден мүмкін. Бұл жерде екі мәселе, біріншісі, тектілік, екіншісі көргендік басты міндет атқарары сөзсіз. Сондақтан да, қазақ халқы назарға іліккен жас өспірімді «өзі бір көргенді бала екен» деп айтатын болған. Олай болса, көнекөз қариялардың айтқан ой-тұжырымдарын жоққа шығаруға болмайды екен.

Қазақ тарихындағы әрі ірі, әрі күрделі құбылыс қазақ-жоңғар шапқыншылығы. Тарихшылардың пайымдауынша жоңғар мемлекеті XVII ғасырдың отызыншы жылдары құрылған. Бұл туралы Ж.Артықбаев: «С 30-х годов XVII в. международная ситуация во внутренней Азии изменилась. На „восточной границе появляется сильный противник» нацелившийся на завоевание городов и кочевий казахов. Это были калмыки /«ойраты»/. Они представляли союз сильных четырех племен: чоросы - правящий род (ранее они были в составе Могулистана), хошоуты (Хоит), дербеты и торгауты. В казахском эпосе они известны под названием калмак (кара калмак - восточные, куба калмак-западные, ак калмак-северные). Спорадические столкновения казахов и калмыков в конце XVII в, превратились в изнурительные войны. Одним из узловых пунктов противоборства были города юга Казахстана. Овладев к тому времени Семиречьем, Восточным Туркестаном, калмыки направили свои усилия на присырдарьинские города. В 1652 году был убит хан Казахской орды Жангир, сын Есим-хана. В 1683-1684 гг. калмыцкие войска разрушили Сайрам. Все города, кроме Яссы (Туркестан), были захвачены калмыками. Только большое напряжение сил казахского общества способствовало их возвращению» [13, 31] деп жазды. Дегенмен қазақ пен қалмақтардың, нақтырақ айтқанда, ойраттардың арасындағы соғыс жоңғария мемлекеті құрылғанға дейін де жүріп жатқан еді. Тіпті, осындай қазақ-қалмақ қақтығыстары олардың бірігуіне, сөйтіп жоңғария мемлекетін құруына себеп болуы да мүмкін. Өйткені, «Қазақ ССР тарихы» кітабында: «Қазақ хандығының XVI-XVII ғасырдағы ішкі саяси тарихы онша мәлім емес. Сол заманындағы қазақтардың тарихы жөніндегі жазбаша деректемелердің мәліметтері негізінен алғанда қазақ феодалдарының өзара феодалдық қырқысуларына және олардың өзбек, ноғай және моңғол феодалдық билеушілеріне, сондай-ақ ойраттарға (қалмақтарға) қарсы соғыстарына қатысты айтылады. Қазақ хандығының және оның иелігіндегі жекелеген ұлыстардың шекаралары хандар мен сұлтандардың әскери жеңістеріне немесе сәтсіздіктеріне қарай, сыртқы саяси жағдайға байланысты жиі өзгеріп отырады. Бұл шекаралар қазіргі заманғы Қазақстан территориясы мен бүкіл қазақ халқын қамтыған жоқ. Оның бір бөлігі көршілес феодалдық мемлекеттер әміршілерінің билігінде қала берді» [14, 244] деп атап көрсеткен. Яғни, қазақ хандығы мен жоңғар ұлыстарының шапқыншылығы шамамен үш ғасырға жуық созылған тәрізді. Бұл, әрине, аз мерзім емес. Мұндайда еңбектеген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін жауынгерге айналары ақиқат. Бір сөзбен айтқанда, хандық мемлекет тұтасымен жауынгер халыққа ауысты. Талай жастар өмірден ерте кетіп жатты.

Енді көне көз қариялар Ысмағамбеттің Ысқағы мен Адамбектің Көпбайынан жеткен шежіре мәліметтерге назар аударып көрелік.

Қаракесектен (Болатқожа) Ақша, Түйте, Үкей туады. Бір шежірелерде Ақшадан Бошан жалғыз туады да, екінші бір әңгімеде Бошан мен Машай туады деп айтылады. Ел аузында сақталып жеткен әңгімеде бес Бошан деп

айтылады да Жанту, Таз, Машай, Байбөріні туғызады. Ал, Қаз дауысты Қазыбектің анасының айтқанына назар аударсақ:

Татулықтың белгісіндей тамаша,

Төрт Бошанды билейтін ұл таппақпын, -

болып шығады. Егер осы айтылғанды мақұлдасақ, онда шежіредегі екінші дерек, яғни, Бошан мен Машай ағайынды. Сонымен, Машайдан Бораншы, Бейімбет. Бораншыдан Оңдаулы (Кәрсон), Керней өмірге келеді. Бейімбеттен үшеу туады. Олар: Қояншы, Таңай, Дәулет. Осы тұста біз Көпбай ақсақалдан: «Бірде Қояншытағай, бірде Қояншытаңай деп рудың аталу себебі неде, Дәулеттің есімі неге айтылмайды?» деп сұраған едік. Ақсақалдың айтуы бойынша үш ағайынды өмірге келіп, ержете бастаған шағында қазақ-қалмақ шапқыншылығы басталып, бір шайқаста жасы жиырмадан жаңа ғана асқан Дәулет мерт болады. Соңында қалған Еркезор, Мырзабек, Бектеміс атты үш ұлы Таңайдың тәрбиесінде ержетеді. Сонан, Дәулеттің есімі Қояншы мен Таңайға қосарланбай (қазақ халқы өлі адаммен тірі адамның атын біріктіріп айтса, тірі адам да қайтыс болып кетеді деп ырымдаған) қалып қойған болса керек. Сол Таңайдан төртеу туады. Олар: Тастемір, Арықпан, Жетес, Өтес. Қариялардың айтуы бойынша Таңай төрт әйел алған, тоғыз ұлы болған. Бірақ, төртеуінен өзгелері белгісіз. Осылардың арасында Жетес Орта Жүзге аты мәлім, өз заманының биі болған.

Ел аузынан жазылып алып, жарияланып жүрген шешендік сөздердің жинағында Жетес би туралы екі дерек сақталған. Бірі Ұлы Жүз Төле бидің арнайы іздеп келіп, сәлем беруі. Әңгімеде Төле би тоғыз жаста да, Жетес би сексенге келіп қалған адам. Тарихи еңбектерде Төле биді 1636 жылы туған деп беріліп жүр. Оған тоғызды қоссақ 1672 жыл шығады. Енді осыдан сексенді алсақ 1592 жыл шығады. Яғни, Жетес бидің туған жылы 1590 жылдар деп Ысқақ ақсақалдың айтқаны жобаға келеді екен. Енді әңгімеге назар аударып көрелік.

ЖЕТЕСТІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Төле би тоғыз жасында сексенге келіп отырған Жетес биді іздеп келеді. Екі-үш күн қонақ болған соң, Төле би қайта еліне жүрмек болғанда, Жетес би оған бата береді. Сөзінің соңында:

- Балам, басқа бұйымтайыңды айта отыр. Бата басқа бітер, қына тасқа бітер. Жолға шығып өкінбе, ақылың болса төгілме, атамда бір сөз қалды деп түкірме. Тағы немді қаладың? – дейді.

Сонда Төле би:

– О, қасиетті ата! Ат берсеңіз – өліп қалады, тон берсеңіз – тозып қалады. Онан да өлмейтін, тозбайтын тағы бір бұйымтайымды айтайын, – дейді.

Жетес би:

– Әп, бәрекелде!.. Айта бер! – дейді.

Төле би:

– Әр он жастың арасын бір белес десек, соны неге ұйғарып, неге баладыңыз?

Сонда Жетес би:

– Онға келдім, – ойнадым, қызығына тоймадым. Жиырмаға жеттім – бойладым, онда да балалықты қоймадым. Есейе келе жақсы сөзге сүйіндім, жаман сөзге күйіндім, барымды бойға киіндім, сұлу қыз-келіншектерге шүйілдім, жауларыма түйілдім. Отызға келдім – алтайы қызыл түлкі болдым: қыран бүркітке алдырмадым, құмай тазыға шалдырмадым, қатар құрбының көңілін қалдырмадым. Қырыққа келдім – арғымақтай аңқылдадым, тау тағысындай саңқылдадым, ақ алмастай жарқылдадым, құз қыранындай шаңқылдадым, барымды жоқ деп сарқылмадым. Елуге келдім – биік қырға шықтым, қай жағының алыс-жақынын байқамадым, дәулетімді шайқамадым. Алпысқа келдім – алты тарау жолға түстім; қайсысының ауыр-жеңілін білмедім. Жетпіске келдім – жеңілгенімді білдім, бала мен келінге билігімді бердім, айтқанына көндім, айдауына жүрдім. Сексенге келдім – оң жағым от, сол жағым су, алдым жар, артым құз; қалай қозғалсам да тірлік деп біле алмадым, – депті. Тарихи мәліметтерде екі Жетес би болған. Біріншісі біз айтып отырған Жетес те, екіншісі Кіші Жүздегі Жетес би. Соңғысы XIX ғасырда өмір сүрген.

* * * * *

Жетестің ауызы дуалы би болғанын Көпбай ақсақал да айтқан еді. Бала кезінен үлкендерден біраз әңгімелерін естігенін, бірақ, көпшілігі заманның тауқыметін тартып жүрген кезінде ұмыт болғанын есіне алып өкінетін. Әңгімесінің арасында берекесіз шаңырақ туралы айтқаны бар еді деп:

Әйелің қонағыңа қабағын түйіп көрінсе,
Қымыз құйып беруге ерінсе,
Ұлын ұрысқақ болса,
Келінің тырысқақ болса,
Қызың сумақай болса,
Ондай үйдің берекесі кетеді, -

дегенді жеткізген болатын. Сондай-ақ, жақсылық туралы:

Атың жақсы болса,
Жалғанның пырағы.
Алғаның жақсы болса,
Қонағыңның тұрағы.
Балаң жақсы болса,
Дүниенің шырағы, -

деп Жетес би айтқан екен дегенді әңгімелеп еді.

* * * * *

Орта жүздің аты шулы билері Жәнібек, Қаз дауысты Қазыбек пен қанжығалы Әлібек батыр ел аралап келе жатқанда оларға бір қария кездеседі.

Жәнібек би қарияға:

Уа, ақсақал, ауыл берекесі қайтсе кетеді? – деп сұрақ қояды.

– Ауыл ақсақалы шала болса,
Жігіттері алты ауыз ала болса.

«Ә» десе, «мә» дейтін,

Жасы үлкенін кішісі

Сыйламайтын көңілі қара болса,

Сол ауылдың берекесі кетеді, -дейді қария.

Сонда Қазыбек би тұрып:

- Уа, ақсақал, үй берекесі қайтсе кетеді? – дейді.

- Әйелі қабағын түйіп керілсе,

Шай қойып беруге ерінсе.

Келіні керіске сай болса,

Қызы сумақай болса,

Сол үйдің берекесі кетеді, –

деген екен қария.

– Уа, ақсақал, не жақсы?

– Атың жақсы болса,

Тіршілікте мінген пырағың.

Балаң жақсы болса,

Жанып тұрған шырағың.

Әйелің жақсы болса,

Досың маңыңа жиналып,

Рахаттанар қонағың.

– Ал, не жаман, қария?

– Атың шабан болса,

Тіршілікте көрген азабың

Балаң жаман болса,

Ғұмырлық көрген тозағың,

Әйелің жаман болса,

Досың сенен безініп,

Үйіңнен кетер қонағың.

Сөйтсе, қария Жетес би екен. Оның жауабына риза болған билер еліне меймандыққа шақырып, ат мінгізіп, тон кигізген екен. Жетестен үшеу туады. Олар: Төлеміс, Сазанбай, Кешубай. Шежірелік әңгімелерде Сазанбай мен Кешубай көп айтылады да Төлеміс естіле қоймайды. Ауыл ақсақалдарының айтуына қарағанда Төлеміс Жәңгір хан бастаған қалмақтармен болған шайқастарға қатысқан кейінірек жасы қырыққа ілікпей жекпе-жекте мерт болған екен, соңында екі ұлы қалады.



*Шал да кісі, бай да кісі,
Соның бәрі жайда кісі.
Есін білмес ерді күндер,
Жау келгенде қайда кісі?*

АҒЫБАЙ ШЕШЕН

Ел ішіне есімі аңыз болып тараған, халқы үшін аянбай күрескен тарихтағы ірі тұлғалардың бірі – Ақжолтай Ағыбай батыр Қоңырбайұлы 1802 жылы өмірге келіп, 1885 жылы қайтыс болған. Жас кезінен ел ішіндегі әр түрлі дау-дамайларды көріп өскен Ағыбай батыр халықтың бірлігі үшін, ағайынның татулығы үшін өз заманында ерекше еңбек сіңірген. Нәтижесінде, халық ақындары Ағыбай туралы көптеген тарихи дастандарды өмірге әкелді. Отарлау саясатына қарсы күрес жүргізу барысында тұрақты түрде жеңістерге қолы жетіп отырғандықтан халық оны Ақжолтай батыр деп атап кеткен.

Ағыбай батырды тарихи тұлға ретінде зерттеуші ғалымдар айтарлықтай еңбекті өмірге әкелді. Десек те, Ағыбайдың батыр ғана емес, шешендік өнерді дамытуға қосқан зор үлесінің бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Батырдың билігі оның әділдігін айғақтайтын тарихи оқиғалармен байланысып жатқан қажетті дүниелер. Сондықтан, батырға қатысты қолға түскен шешендік сөздерін көпшілікке ұсынғанды жөн деп таптық.

АҒЫБАЙДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Ағыбай батыр туралы қарт кісілерден естісек, соның сыртында жазушы Ілияс Есенберлиннің тарихи романдары арқылы тағы қанықпыз.

Жасынан кедей батырдың дәулеті қартая келе тіпті сарқылады. Балалары да көп, оның үстіне біразы өз аузына өз қолы жетпеген жас болса керек. Бір күні үй сыртына алты-жеті салт атты келіп түсуге ыңғайланады. Оларды көрген батырдың қарт бәйбішесі сасқанынан:

- Аталарың үйде жоқ еді десем қайтер еді? – депті.

Сонда:

- Уа, бар болғыр, мені тірідей жоқ дегенің асыққаның ба? Өзім түсіріп аламын оларды, - деп далаға шығады да, әлі ат үстінде тұрған меймандарға:

Уағалейкүммүссәлем, балаларым,
Қартайған алдында тұр бабаларың.

Көп болды меймандарды көрмегелі,
Қуандым көрінгеннен қараларың.

Бар болса бір қойды әкеп сояр едім,
Басын сап алдарыңа қояр едім.
Қосылып сіздерменен рахаттанып,
Өзім де үй-ішімен тояр едім.

Бағым да барлай бермей, тынып қалды,
Сағым да самғай бермей, сынып қалды.
Келгендей кемеліне кедейлік ит,
Желігіп желкеге кеп мініп алды.

Жоқтық сұм жомарт ердің қолын байлап,
Келді де кеңірдектен іліп қалды.
Айызы ақымақтардың қанғандай боп,
Күншілдер көре алмаған күліп қалды.

Кешегі «Ағаң» дейтін ардақтаулар,
Тұғырдан түскеннен соң тұйықталды.
Көп болды қысқы дәмнен тазарғанбыз,
Тоқтыдан кеше сойған жілік қалды.

Сол сойған тоқтымыздан жілік жейсің,
Ескі еттің жақ екенін біліп жейсің.
Шеңгелдеп асайтұғын көп етім жоқ,
Ақырын қос саусақпен іліп жейсің.

Бірде бар да, бірде жоқ таба наным,
Бұрын да қонақ күткен бабаларым.
Тоймасаң да боларсыз кәрі құрсақ,
Ренжімей түсе бер, балаларым, -
деген екен.

* * * * *

Ағыбай батырдың атағы шығып тұрған шағында еліндегі бай, дәулетті адамдар оны күндейді екен. «Ол да кісі, біз де кісі, осы Ағыбайда не тұр, біз сияқты мындап айдаған малы жоқ...» десетін болған. Тар пиғыл мұндай сөздер Ағыбайға да жетеді. Бірақ, ол елең қылмай жүре береді.

Күндерде бір күн елге жау шабады. Байлардың жылқысын олжалап, өздерін сойылдап естерін шығарады. «Ойбай, аттан, Ағыбай! Неге отырсың?» деп сойылға жығылып, жаудан беті қатқан байлар батырға келеді.

Ағыбай сонда атқа мініп, жауды бөріктіре қуып, жылқыны аман алып қалады. Дәулет иелері енді оған рақмет айтады. Сонда Ағыбай батыр оларға:

Шал да кісі, бай да кісі,
Соның бәрі жайда кісі.
Есін білмес ерді күндер,
Жау келгенде қайда кісі? –

деген екен.

* * * * *

Ағыбай батырдың қартайған шағында «Ақжолтай атаға сәлем береміз, батасын аламыз» деп Әлейхан Бөкейханов серіктерімен батырдың үйіне келіп қонады. Сөз арасында Әлихан:

- Батыр ата, сізден үш сөз сұраймын деп едім, - дейді.
- Сұра, - дейді Ағыбай батыр.
- Ердің әруақтысын көрдіңіз бе? Аттың тұлпарын көрдіңіз бе? Әйелдің сұлуын қайдан көрдіңіз? Осыны білгім келіп еді, - деп сұрайды Әлихан.
- Айтайын, оны неліктен сұрадың? – дейді Ағыбай.
- Оны сұрағаным, нағыз ер жігіт осының үшеуінен шет болмаса керек қой, - дейді Әлихан.

- Арақада 40-тағы күнім, - деп Ағыбай сөз бастайды. – Астымда көкбесті деген атым бар. Ол кезде менен артық жігіт, көкбестіден артық ат жоқ деп ойлаушы едім. Бір күні ауыл сыртына көп адам келіп, «Сөйлес-ау!» деген соң өзім шығып сөйлестім. Жөнін сұрасам «Саржан батыр мен» дегені, 60 қаралы адам екен. Үй тігіп түсіріп, қонақ еттім. Саржан батыр аты шыққан ер болғанмен, көзіме өзі де, аты да тым қораш көрінді. Ертеңгісін «Ағыбай-жан келсін» деген соң барып едім, «Ағыбай-жан, Арақада жолдас болуға жарайтын сен деп іздеп келдім. Ақбастауды орыс алып, қазақтарды күнде шабатын көрінеді. Мен 60 адам, сен 40 жігіт ерт, 100 кісі боп соған барайық», - деді. Жарайды деп 100 кісі боп аттандық. Жер шамасына барған соң: «Ағыбай-жан, жау тақау бүгін ат терін алайық» деді. Сонсоң, шабатын аттарды қалдырып, өзіміз алға оздық. Ол кісінің астында тайдай ғана аққасқа аты бар. Ілгері ұзап шыққан соң, мінген аттарымыздың қарымын байқау үшін бір жүгіртіп алуды ойладық. Атқа шабатын жігіттер сайлап, көрме тартып, ат тостық. Мен ойладым, аман болса көкбесті атым алдымен келер деп. Әлден уақытта бағанағы тайдай ғана Саржанның аққасқасы келді. «Апыр-ай, көкбесті ат жығылды ма, қалай қалды? - деп мазаландым. Бір кезде аман-сау менің де атым келді. «Неліктен болды?» деп көрмеге барсам, тайдай аққасқа көкбесті аттан анағұрлым өсіп кетіпті. Аттың тұлпары екен ғой, бойын жасырып тұратын деп бағаладым.

Ертеңгісін Саржан батыр жатқан жерінен ұшып тұрып «Ағыбай-жан, қайдасың, жау келіп қалды ғой? Тез атқа мініңдер. Мына тауды бұрын алмасақ, жау бізді алады. Тауды бұрын алайық!» - дейді. Жанталасып Ақбастауға келіп шықсақ, аржағында дала толған кісі, қаптап келді екен.

Саржан: «Шыққыр көзім, шықпасаң дұрыс болжа – деп бір шола қарап, - апыр-ай, Ағыбай-жан-ай, 600 кісі екен ғой!» - дегенде, қайда жүріп болжап қойды деп қарасам, бағанағы көзіме тым қораш көрінген батыр өзімнен анағұрлым өсіп кеткен екен. Сол жерде «ердің аруақтысы, аттың тұлпары екеуі де Саржан батырда» деп бағаладым.

Қазақ пен өзбек көп шабысып, ері құл, қызы құң боп, қазақ өзбек арасы теңдіксіз екен. Найман руына берген қарындасым бір шапқыншылықта өзбекте қолда кетіп, бұл болмайды екен деп 40 кісі алып, бітімге бардым. Өзбектің Әлімқұл деген ханы бар екен. «Қазақтың Ағыбай батыры бітімге келе жатыр дейді, оған кім теңдік береді? Мені сейілге кетті деп, қайырып жіберіңдер!» - деп үйінен кетіп қапты. Мен барған соң шатыр тігіп, Сонда түсесіз деп еді, «Хан ордасынан басқа жерге түспеймін» деп, Әлімқұлдың ордасына түстім. Үйге кіріп келгенде есікті ашқан бір аппақ әйел маған жалт қарады. Сол күнде мың сан кісіден бетім қайтпайтын уақытым еді, әйелдің көзіне көзім тұрақтамай тайықып кетті. Бұл Әлімқұлдың ақ тоқалы екен. Оның да назары маған ауған сияқты. Басқаны қойып, әйел де мені ұнатқан соң елге ақтоқалды алып кетпекші боп қалдым. Сол жерде ойлана келіп, «Қой, басқа жұмысымды тастап, бір әйелді қызығып алып кеткенім болмас» деп, Әлімқұлды шақырттым. Әлімқұл «Бұл маңқа қазақ не іздеп жүр, сонау Арқадан» деп үйге кіре берді. Сол сәт: «Мә саған маңқа қазақ, Әлімқұлдың басын шапқалы келдім!» деп қылышымды ала ұмытылдым. Сонда Әлімқұл: «Ер шекіспей, бекіспес, достыққа төсім!» деп құшағын жая ұмтылды. Сонымен, қазақ-өзбек «мал шабысса да, адамды тұтқын қып, ұлы – құл, қызы – құң болу бұдан былай тоқтасын» деп билік еттік. Содан бері қолға түскен адам болса, өзбек – қазаққа, қазақ – өзбекке қайтаратын болды. Мына қазақ ішіндегі өзбектер бұл бітімнен бұрынғылар екен. Әйелдің сұлуын көргенім міне, осы жолы еді.

* * * * *

Шу бойында Арғын мен Үйсіннің арасында барымта көбейіп, ел тыныштықтан айрылған екен. Бұл іс татулықпен бітпеген соң екі жақ бітімге Ағыбай батырға келеді. Сонда Ағыбай батыр екі жақтың кісілерін тыңдап, айтқан екен:

Жаугершілік заманда,
Қорғаған соң елімді.
Патшаларға бағынбай,
«Ақжолтай» атым атанды.
«Ағыбай батыр» атандым,
Астында жүріп азаптың.
Көптеген батыр болды ғой,
Діні ислам қазақтың.
Соның бірі мен болып,
Қорғап қалдық қазақты,

Ішінде күйіп тозақтың,
Арғын деп үйсін бөлмедім,
Бәрін де жауға бермедім.
Арғын-Үйсін бәріңіз,
Бір атаның баласы.
Бөлері жоқ үш жүздің,
Ешкімнің жоқ таласы.
Бірінді-бірің сыйландар,
Жәрдемдесіп қиында.
Ұйымшыл бол бірігіп,
Осындай іс жайында.

Ағыбай батырдың бұл сөзінен екі жақ бір-бірімен келісіп, қыз алысып, қыз берісіп, татуласып қайтқан екен.

* * * * *

Ағыбай батырдың жасы ұлғайып қалған кезде «Сәлем береміз, әрі әңгіме естиміз» деп Тайатқан тауының Есен терегінің қыстауындағы Ақкең ауылына ел адамдары жиі барады екен. Сонда жиналған адамдар сұрайтын көрінеді.

- Ақке, осы өзіңіздің ат жалын тартып мініп, батырлық істегеніңіздің ішінде қандай бір естен кетпейтін ұмытпайтындай ерлігіңіз болды ма? – депті. Сонда Ағыбай:

- Небір талай қиын жорықтар, талай батырлық шайқастарды көрдік қой. Бірақ, олардың ішінде өмірімде естен кетпейтін не бір қайғылы, не бір қорқыныштылары болды, - деп әңгімесін бастады:

Сары күз. Түн ұзақ. Таңға жуық, күн суыта бастаған кез. Орыс – қазақтарды қуып келе жатқанымызға, міне, 5-6 күн. Жаудың қай шамада, қай жерде кетіп бара жатқанын, олардың қаншама адам екенін білмеймін. Аттардың ері үстінен түспегеніне көп болған. Жетпіске жуық көп аттар демігіп қалыпты.

«Өздерің болсаңдар да шаршадыңдар, елден азды-көпті алып шыққан жол азықтарың да таусылуға айналды, бұл жағдайда енді біз жаумен соғыс аша алмаймыз. Міне, бірнеше күн бойына жау сілеміндеміз. Енді шаршап, жалығып, үйіліп-төгіліп ауылымызға бәріміз барсақ «Ағыбай сонша жігіттермен жауды қуып, адасып құр қайтыпты», - дейді ғой. Сол үшін бәріміз әуре болмай алысқан жаудың айласын, жердің, судың жәйін білгендіктен, тәуекел етіп мен өзім ғана қуайын. Сендер елге қайтыңдар», - деп қасымдағы жігіттерді тегіс қайтардым. Тақымда найза, қолымда наркескен, жалғыз өзім жол тартып кеттім. Күн батып, қас қарайып, қараңғы түсе алдыңғы жағынан кішігірім бір жарық көрінеді. Жарыққа жақындай, жақындай келе астымдағы ақауыз пысқырып, жер тебініп шошына бастады. Жақындап көз жетер жерге келгенде қарасам тайыншаның үлкендігіндей, жылқының жалындай арқасына қарай біткен жалы бар қара қасқыр екен.

Қасқырға тым жақын келгенімде, атым қасқырға бұрылып тұрып қалды. Содан кейін ақырындап жүре берді. Қасқыр да кілт қарап, аузын ашып есінеп тұрды да, сол бетімен қатырласып жүріп отырды. Мен де, қасқыр да бір-бірімізге көзіміз тайса болғаны шабатындай. Бір-біріміздің көздерімізбен аңдысудамыз. Сол аңдысумен екеуміз де бір-бірімізден көз алмай түні бойы жүріп келеміз. Мен ішімнен: «Бұл қасқыр емес, қасқырдың сырттаны екен. Егер мен қылышпен сілтеген жерден мұны сұлатсам жақсы, сұлата алмай, кезек оған тиіп не атым, не өзім, ел жоқ, күн жоқ жерде шейіт болармын – «оңашада, мұнша жүріп Ағыбай батыр бір итке шамасы келмей жапан далада ит пен құсқа жем боп қаңғып өлді», - дейді-ау. Қой «атамыз арыстан айға шауып мерт болыпты» дегендей, мерт болармын. Бұл қасқырдың сырттаны маған шаппаса оған мен шаппаймын» деген тұжырымға келіп ілбіп жүріп келемін.

Таң әлі көрінбейді, Менде де, қасқырда да дыбыс жоқ. Бір ғана ақауыз аттың тұяғының тырсылы естіледі. Таң сарғайып, анау-мынау көріне бастады. Қорқау сол келе жатқан бетінен не былай, не былай бұрылмай екі аяғының үстіне басын салып, екі көзі менде жүресінен түсіп жатып қала берді. Мен де өз бетімнен сыр бермеген болып ілгері кете бердім. Жүріп отырып, бір бел асқанда алдымнан бір жаяу жігіт кезікті. Екі иығына екі жігіт мінгендей, төсі қыран бүркіттің төсіндей, шамасы әрі қырыққа жете қоймаған жігіт. Иығына ілген түйе жүн шекпені бар, қолында екі-үш кез емен яки ырғай шоқпары бар, қарсы алдымнан жолығып сәлем берді. «Жолың болсын, жігітім», - дедім. «Әлей болсын, бұйырса алғалы барам», - деді. Басқа сөзге онша келмеді.


- Ой, Ағыбай, батыр-ақ екенсіз, бір иттен қорқып кетіп бара жатқан, - деп таяғын беліне қыстырып, «Аман-сау болыңыз» деп жүріп кете берді. «Ойпыр-ай, мына жігіт не болар екен, шейт болар ма екен» деген оймен артыма бір қарап, енді бұл жігіттен ұзап кете берудің есебін таба алмай: «Енді, бұл азаматтан хабарсыз кете бергенім дұрыс болмас. Не болса, болған оқиғаны көзбен көрейін», - деп ат басын бұрып алып, қасқыр жатқан жерге қарай желе аяндап жүріп кеттім. «Қасқыр жатып қалды-ау» деп ойға түскенім сол еді, «Ә» дегенше шаң бұрқ ете қалды. «Не болса, болары болды-ау», - деп тезірек желе шоқытып келсем, емен шоқпар бірнеше бөлініп жерде жатыр. Жігіт те, қасқыр да айқасып, бірін-бірі алқымнан алған бойы өліп кетіпті. «Батыр-аңғал, балуан-тәуекелші, ер күдікшіл» деген «Шіркін, аңғалдақтан да, аңқаулықтан да болды-ау» деп жас жігіттің батырлығына, ерлігіне өксіп-өксіп жылап өкіндім. Есіл ерді «белгісіз ердің белгісі» деп, басына шоқпарының сынығын шаншып, ақ жауып, арулап қойдым. Қасқырдың терісін бөктеріп алып, есің барда еліңді тап деген төрт күн түн қатып бесінші күні елге жеттім.

Мына үстімдегі қара қасқыр ішік сол жалғыз қасқырдың терісінен істелген ішік, - депті Ағыбай батыр, үстіндегі ішігін көрсетіп, - міне осы қайғылы қазаны бұл өмірімде ұмытар емеспін.

Қарқаралы дуанына Шалғынбай деген төре сұлтан еді. Мен оның сарайына жұмысым болып барғанда, жандарал келді деп Қарқаралыдағы дуанға 20 болыс ел жиналды. Кісі көп болды. Бір мезгілде Ағыбай батыр келді. Қартаң тартып қалған кәрі екен. Сақалы аппақ. Астында ақ боз аты бар, жанында қанжары бар, қолында қамшысы бар. Неше мың кісіден иығы асып көрініп тұрады.

Бір кезде бір қазақ-орыс келіп, атыңды мінемін деп Ағыбайдың тізгінінен ұстай алды. «Қой, менің атыма тиме», - деді. Қазақ-орыс болмай тізгінін жібермеді. Сонда әлгі қазақ-орысты екі тартып жібереді. Қазақ-орыс екпетінен түсті. Әлден уақыттан кейін тұра келіп дуанбасы майордың үйіне жылап кіріп кетті. Артынан жүгіріп біз де келдік. Орыс басын изеп майорға келіп, жылап тұр екен. Майор ашуланды, «неге мынау жылап тұр» деді. Осында ат мінем деп едім, Ағыбай деген шал қамшымен ұрып жықты. Майор ашуланып: «Шақыр, Ағыбайды» - деді.

Ағыбай бір мезгілде келді. «Сен мынаны ұрдың ба?» - деді майор. Ағыбай: «Өзі тынышсыз өскен қандай орыс еді, осындай екі-үш мың жиылған кісінің атын мінбей, менің атыма жармасқан», - деді. Майор Ағыбайдың бетіне қарап, үндемей отырды да, майордың қасында отырған Шалғынбай сұлтан: «Тақсыр, мұны мен бітіремін», - деді. Майор: «Ну, жарайды» - деді. Шалғынбай қалтасынан әлгі қазақ-орысқа ақша береді. «Кешке маған тағы кел, риза қыламын», - деді. Егер майор бірдеңе десе, Ағыбай қанарын салып алайын деп шұқшиып тұр екен. Әлден уақытта жандарал келді десті. Он екі атқа мінген қазақ-орыс шаңдатып келеді. Топ жарылды. Артынан алтынмен, күмістен тысталған күймемен жандарал келді. Аналар ананың сақтаушылары екен. Ел дөңгелек айналып, жандаралдың алдынан майор, Шалғынбай төре, оның жанынан бір чиновник төре, екі қолтығынан екі кісіге сүйретіп қыр көрсетіп, Жамантай төре шықты. Кеудесінде табақтай алтын медалі бар. Бағана қайтер екен деп тұрып едік: жандарал алдымен келіп, Шалғынбайға қол беріп, одан соң майорға, одан кейін барып Жамантай мен Құсбекке амандасты. Арлы-берлі жүріп, бүгін тігілген ақ боз үйге кірді, бір мезгілде жандарал шаршап қайтты. Міне, Ағыбайдың жүректілігін аңғартатын бір әңгіме осындай.





*Ұрысқақ болса – ұлың жау,
Керіскек болса – келін жау.
Кетеген болса – түйең жау,
Тебеген болса – биең жау.*

ТОРАЙҒЫР ШЕШЕН

Торайғыр Едігеұлы қазіргі Павлодар облысына қарасты Баян ауыл өңірінде 1772 жылы өмірге келіп, 1825 жылы қайтыс болған. Шыққан тегі Арғынның Сүйіндік руына қарасты Айдабол атасынан. Әкесі Едіге де өз заманында билікпен айналысқан адам. «Әке көрген оқ жонар» деп халық айтқандай Торайғыр да бала кезінен өзінің шешендігімен көзге түсіп, көпшілікке танылған. Ресейдің отаршылдық әрекетіне қарсылық білдірген, ұлттық бірлікті, дәстүрді сақтауға ерекше еңбек сіңірген бірден-бір парасатты тұлға. Оның кейінгі ұрпаққа қалдырған даналық сөздері толық бүгінгі таңға жетпесе де, бір бөлігі көптің санасында орнығып қалған. Кейінгі ұрпақтың есінде қалсын деген мақсатта бидің өмір сүрген өлкесіндегі көлдің біріне Торайғыр көлі, ауылға Торайғыр ауылы деген атаулар берілген. Біз қолдағы бар материалдарды жинақтап жариялауды жөн көрдік.

ТОРАЙҒЫРДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Қара жерді жамандама,
Кіретұғын көрінді.
Қауым жұртты жамандама,
Көп табады мініңді.
Білгендерді жамандама,
Басшы болған піріңді.
Жұмаққа жол табарсың,
Құрметтесең бір-біріңді.
Өзің білмесең білгендерден үйрен,
Малыңның қақ жартысын берсең де,
Жалғыз ауыз білімді.

* * * * *

Бұл дүниенің баласы,
Алды-артыңа қарашы.
Атаң-анаңның ақылы,
Қазылған қара жолмен тең.

Ағайының көп болса,
Ұлы әскер қолмен тең.
Қарсы келген кәрілік,
Жайып қойған тормен тең.
Жақсының бәрі сұм болса,
Қазып қойған көрмен тең.
Орнын білмес жаманға,
Есік те болса төрмен тең.
Жақсы болса алғаның,
Жұмақтағы хормен тең.
Жаман болса алғаның,
Маңдайға біткен сормен тең.
Жақсы ағаң бар болса,
Алдында асу – белмен тең.
Жаманға айтқан ақылың,
Соғып өткен желмен тең.
Қайғы ойлаған жаманның,
Алды тұйық жармен тең.
Байларда қайыр жоқ болса,
Шөпті сусыз шөлмен тең.
Саясы жоқ бәйтерек,
Сазға біткен талмен тең.
Қайырып салса ақ сұңқар,
Қаз ілмесе қарғамен тең.
Жақсылардан сабақ ал,
Алуа, шекер, балмен тең.
Пайдасыз байға жалынба,
Асау семіз малмен тең.
Жетесі жаман бозбала,
Қатын алса қай күні,
Қадам шықпас үйінен,
Тоқсанға келген шалмен тең.
Елінде болса жомарт бай,
Қарындағы маймен тең.
Кей адамның мінезі,
Жарлы да болса баймен тең.
Кей адамның баласы,
Ақылы болса данасы.
Көкірегі саналы,
Бұлтсыз туған аймен тең.
Кей адамның баласы,
Бойында ақылы болмаса,
Ербиіп тұрған бір байғұс,
Өлі жүнді таймен тең.

Жүрген жері жақсының,
Күнде базар, мереке.
Күндіз-түні қой сойып,
Ат шаптырған тоймен тең.
Көп жаманның ішінде,
Бір жақсысы болмаса,
Қарап тұрсаң халқыңа,
Серкесі жоқ қоймен тең.
Білген кісі азар ма,
Тәубесінен жазар ма,
Білгенін түзу кім айтса,
Оның өзі мұңмен тең.
Өсиетім байларға:
Көп қуанба малдарға,
Кетеріне келгенде,
Киімнен жуған кірмен тең.
Жақсының айтқан ақылы,
Гаухар шырақ – шаммен тең.
Жақсының берген үлгісі,
Сарғая атқан таңмен тең.
Жамандар тыныш жүрмейді,
Айтар сөзін білмейді.
Ұлық алдына келгенде,
Ажалы жеткен аңмен тең.
Алыс пенен жақынның,
Таразысын тең тартса,
Қара да басы ханмен тең.
Бір адамды қор тұтып,
Бір адымды зор тұтып,
Төрелік берген қазы бар,
Арам өлген малмен тең.
Атадан жақсы ұл туса,
Айналасыз бір туса,
Жақсыны жалғыз деменіз,
Бір боп туса онмен тең.
Он боп туса жүзбен тең,
Жүз боп туса мыңмен тең.
Атадан жаман ұл туса,
Айналасы мың туса,
Мың да болса жүзбен тең.
Жүз де болса онмен тең,
Он боп туса бірмен тең.
Бір боп туса жоқпен тең.
Атадан жақсы қыз туса,

Замандасын құрметтеп,
Қыз да болса ұлмен тең.
Атадан жаман қыз туса,
Жамандықты көп қуса,
Есіктегі күңмен тең.
Балдан тәтті ғазиз жан,
Бір күні шіріп қалар тән.
Шыбын жанның шығуы,
Батып кеткен күнмен тең.

* * * * *

Бұл заманда не ғаріп?
Ақ қаламы бөз ғаріп.
Қадірін біліп ұқпаса,
Дүррі жауһар сөз ғаріп.
Замандасы болмаса,
Қария болар тез ғаріп.
Қазы, үйрегі қонбаса,
Айдын шалқан көл ғаріп.
Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.
Әділ биі болмаса,
Бірлігі кеткен ел ғаріп.
Қадірін елі білмесе,
Қайратты туған ер ғаріп.
Бақытты адам қаласа,
Қар үстінде от жанар.
Бақытсыз адам қаласа,
Құрғақ үйден су тамар.
Жақсы туған баланың,
Атасы жаман болса да,
Төрде отырып сын табар.
Жаман туған баланың.
Атасы жақсы болса да,
Түйе үстінен ит қабар.
Жаман адам белгісі –
Сүйек сақтар, тек болмас.
Жақсы адамның белгісі –
Ашуы бар, кек болмас.
Жақсыдан туса жаман ұл,
Қаратсаң да ем қонбас.
Жаманнан туса жақсы ұл,
Сөйлесерге тең болмас.

* * * * *

Барлы-барлы-барлы тау,
Басы есеннің дені сау.
Ұйықтамаса қабақ жау,
Ішпей жүрсең тамақ жау.
Қашаған болса – атың жау,
Тіл алмаса – қатын жау.
Ұрысқақ болса – ұлын жау,
Керіскек болса – келін жау.
Кетеген болса – түйең жау,
Тебеген болса – биең жау.
Ұл он беске келгенше,
Қолындағы қобызың.
Ол он беске келгенде,
Тіл алмаса доңызың.
Жасында өліп қалмаса,
Ер жетіп күйеу алмаса,
Бой жетіп үйде отырса,
Әркімменен ойнаса,
Бәрінен үлкен қызың жау.
Барлық жаудың ішінде,
Нағып тұрсың басың сау?!





*Сұрағанды берген Құдай,
Тілегенді бермей ме?*

ЖАЛАҢТӨС ШЕШЕН

Жалаңтөс батыр Жансарыұлы шамамен алғанда 1698 жылы өмірге келіп, 1775 жылы қайтыс болған. Шыққан тегі Арғын Қаракесектің ішінде Сарым руы. Бала кезінен әрі өжет, әрі шешен болып көзге түскен батыр ер жете келе халықтың азаттығы үшін күрескер ірі тұлғаға айналады. Батырдың нағашысы Қанжығалы Бөгенбай. Ел көпшілігінде Сарым Жалаңтөс батыр деп атайды. Жоңғар шапқыншылығы кезінде қарт Бөгенбайдың мыңбасыларының бірі болған. Керней Жарылғап, Әлтеке Жидебай, Қарашор Сеңкібай батырлармен иық тіресе отырып, шапқыншылыққа қатысқан. Жоғарлармен болған бір шайқаста көзіне жаудың оғы қадалып, көрмей қалады да, ел аузында соқыр батыр атанады. Қарағандының жанындағы Соқыр өзені Жалаңтөс батырдың атына берілген. Кезінде Қасым төре Жалаңтөс батырды айрықша құрмет тұтқан болса керек.

Қасымхан өзге ұлынан асып туған,
Кеудесін дұшпанының басып туған.
Туғанда анасынан қан шеңгелдеп,
Қызартып екі көзін ашып туған, -

деп айтатын еді ерте кездерден жазылған, қиссалардың бірінде. Алайда, Кенесары ханның әкесі Қасым төре, қиссада осылай суреттелгенімен ол жауыздық әрекеттен аулақ, халқына қамқор, дұшпанына қатыгез, халық батырларын ерекше құрметтеген адам болыпты.

ЖАЛАҢТӨСТІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Халқына танымал болған Жалаңтөс батыр, Арқалықта жайлауда отырған қайын жұртына барып, дәстүр бойынша үлкендерге сәлем береді. Елдің жасы үлкен игі жақсылары күйеу демей, жастары жезде демей «Атамыз Қазыбектің жорықтас жолдасы, қолбасшы батыр» деп Жалаңтөстің атын атамай, ерекше қадірлейді.

Қайын жұртынан осылайша үлкен сый құрметпен қайтып келе жатып Сарыкөңгір өзені бойында отырған Қасым төренің ауылына түседі. Қасым төре өте қарапайым, сыпайы адам екен. үлкен құрметпен қарсы алып, түнімен қасында болып, өткен-кеткен көптеген жағдайларды есіне алып халықтың ынтымағын сақтауға еңбегі сіңген сол кездегі еліміздің еңселі азаматтарына сүйіспеншілік білдіріп, арадағы келелі әңгімеге өте риза болады. Содан ертеңіне ұлы сәскеде дәмге бата жасап жүруге ыңғайлана бастағанда:

- Батыр, тақауда нәрестелі болып едік құдай айдап кез болдыңыз. Өзіңіз ат қойып, есімін атап кетіңіз, - деп Қасым төре құндақтаулы баланы бабамызға ұсынады. Сонда Жалаңтөс бабамыз жас сәбиді қолына алып:

- Оу, Қасым төре!

Мына балаң қадалған жерден қан алатын,

Жұлқынған жерден жан алатын

Өңі сары, сөзі дәрі,

Мұның аты Кенесары болсын,

Атқан оғы тастан өтсін,

Атағы әлемге жетсін,

Аллаху акбар! – деп батасын беріп, атын қойыпты.

Сонымен уақыт өте береді. Егделер өмірден өтіп, орта буын қарттыққа бет бұрады. Баяғы нәресте Кенесары тағына отырады. Ол өте айбарлы, сұсты болып ер жетсе керек. Ешкім оның бетіне қарсы келе алмаған. Кенесарының өзі адамға тіктеп қарамайды екен. Өйткені қараған адамы оның қаһарына шыдамайтын болған. Тіпті кеңесшілеріне жылы шырай білдірмеген. Бұл қаталдығы ағалары Есенкелді, Саржанның қапылыста жау қолынан қаза табуы және оған атқосшы серігінің опасыз сатқындығына себеп болды деп түсіндіреді айтушылар.

Кенесары бірде нөкерлерімен серуендеп келе жатып Есенкелді, Саржанға опасыздық жасаған адамның басын қылышпен қағып түсіріп, шапшып аққан қанына қолын былғапты дейді. Сонда мұның жайын сұраған кеңесшілеріне: «Есенкелді, Саржанға ас берілген жоқ еді, соған шалғаным ғой», - деген екен.

Кенесарының осындай қаталдығын, айбарлығын маңайына топтасқан төлеңгіттері өздерінің мүддесіне пайдаланып отырған. Олар ханның атын жамылып, топ-топ болып барып бет алған бағытындағы елдің жылқысын шауып, қуып әкетеді екен. Қуғыншы топқа: «Біз Кенесары сарбаздарымыз» деп жауап беріп жайына кете береді. Олардың артынан баруға қуғыншы-шағынушылардың батылы жетпеген.

Осы шабарман-сарбаздар бір кездерде батырдың ауылына да жетіпті. Бұл кезде Жалаңтөстің егделеп қалған кезі. Жаз жайлауда үлкен өлке бойында Арқалық тауының терістік етегінде отырғанда таң бозара жылқышылар ауылға келеді:

- Кенесарының көп сарбаздары үлкен жылқыны қуып кетті. Жастар қарсы тұра алмадық, - дейді олар. Бұл хабарды естігенде:

- Бұл не басынғандық, бізді жоңғардың шүршіті, не болмаса қалмақтың қарақшысы деп жүр ме? Әке, батаңызды беріңіз, жылқыны қайырып әкелейін, - дейді баласы. Алтай тізесін алдына бүгіп келгенде баласының тым ашулы кейпін көріп, оны сабырлыққа шақырып, тоқтау айтады. Оның себебі Алтай ашуланғанда әруақтанып кетеді екен де, сілтеген найзасы мүлт кетпей нысанаға дәл тиіп, тіл тартқызбай кетеді екен. Сондықтан батыр:

- Бұл әрекет халықты арандатушы-арадағы азғындардың әрекеті болар. Ашу – дұшпан, ақыл – дос деген балам, жазықсыз қан төгіс болып жүрер, бұл сапарға бармауыңды өтінемін, - депті.

Содан қасына елдің дуалы ауыз біраз адамдарын ертіп, атқосшы алып, өзі басшы болып, Көкшенің түгін тартса, майы шығатын кең жайлауында отырған Кенесарының ауылына келіп, қонақ үйіне жайғасыпты. Кім келді, кім кетті онымен ешкімнің шаруасы жоқ, тамақ тегін, бабамыз ешбір сыр бермей, көптің бірі болып аңдысын аңдып жата тұрғанды жөн көреді.

Ертеңіне түс мезгіліне қарай екі адам екі жағынан демеп ханның ордасына кіріп келгенде, хан төрде мамықтың үстінде екі қолын төбесіне қойып, шалқасынан жатыр екен. Сонда Жалаңтөс:

- Әй, Кенесары, сұрағанда берген құдай, тілекті тілегенде бермес дейсін бе? Көтер басыңды, ана төлеңгіттерің мені басыңды, сен тұрсын, сенің әкең Қасым төре сәлемге қол беретін, иіліп жол беретін, - деп өзінің атын қойып, бата бергенін айтқанда, Кенесары ұшып тұрып:

- Алдияр тақсыр! – деп екі тізесін бүгіп, алдында бас иіпті. Ол кезде кім болмасын ата-ананы құрметтеп, аталы сөзге дес береді. Сондай дәстүр бойынша төрдегі орынға жайғастырып, жан-жағына жастықтарды тиянақ етіп, іргені түзетіп, Кенесары ата жолымен Жалаңтөске өзі қызмет етеді. Екі енені тел емген малды алдырып бата жасатады. Сөйтіп, үлкен құрмет етеді.

Екі-үш күн жатып тыныққан соң «елге бет түзейік» деп ұлықсат сұрайды. «Аталы сөз естіп, ақыл-кеңестеріңізді қабыл алдым», - деп Кенесары ризашылық білдіріп, ат мінгізіп, шапан жауып, шығарып салады. Төлеңгіттеріне жылқыларын айдап апарып беруін тапсырады. Осы жағдайдан кейін ел ішінде жылқы айдап кету деген сап тыйылған екен.





*Қаздауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек,
Қара Керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Елін жаудан қорғаған,
Қазақтағы алып қой.*

ОЛЖАБАЙ ШЕШЕН

Олжабай шешен XIX ғасырдың соңғы ширегінде өмірге келіп, XX ғасырдың отызыншы жылдарында қайтыс болған. Ол белгілі Саққұлақ шешеннің немересі. Ел ішінде Олжабай ақын ретінде танымал болған. Дегенмен, аз да болса айтқан шешендік сөздері де көнекөз қариялардың есінде сақталып қалыпты. Бала кезінен бастап Олжабайды шешендік өнерге тәрбиелеген атасы Саққұлақ болса керек. Белгілі бидің мектебінен өткен Олжабай есейе келе ел ішіндегі әр түрлі дау-дамайларға араласып, көзге түседі. Сөйте жүріп бірте-бірте ақындыққа қарай толығымен бет бұрады. Ол біраз жыр-дастандарды жырлап, ел ішіне таратушы да болған. Солардың арасында «Олжабай батыр» жырын атап айтқан жөн. Шешеннің өзі де есімін Олжабай қойғандығын батырдың құрметіне дегенді айтуы екен. Жырдың бір нұсқасын қосымшада жариялап отырмыз.

XX ғасырдың жиырмамыншы-отызыншы жылдарында текті атаның ұрпағы ретінде кеңес өкіметінің қудалауына да түседі. Соның бір көрінісі төменде біз келтіріп отырған шешендік әңгімесінен де айқын аңғарылады.

ОЛЖАБАЙДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗІ

От ауызды, орақ тілді Олжабайды көре алмайтын күншілдер Олжабай би-болыстарды жамандап, патшаға қарсы сөз айтқан деп, үстінен арыз ұйымдастырып түрмеге қаматады.

Тергеушілер қатал жауап алады. Бір күні тергеуші:

- Сен сөзді тақпақтай сөйлейсің. Би-болыстарға қарсы өсек таратасың. Енді басың түрмеде шіриді. Бұған не айтасың? – депті. Сонда Олжабай шешен:
- Айтарым бар!

Мені үйіме қайтарыңдар!
Біреуге ор қазу,
Өзіне көр қазу,
Адамның басы Алланың добы екені рас қой.
Ұшып жүрген ақсұңқар,
Еркіндікке қарық қой.
Торға түскен ақсұңқар,
Шын мүсәпір ғарып қой,
Бақ пен сордың арасы бір-ақ елі
Шамның тегі жарық қой,
Ажал жетпей өлмеспін,
Оны және танып қой.
«Ит үреді, керуен көшеді»
Адамның басына баға беретін халық қой.
Көлденең сөзге көп ермей,
Қалтаңа оны салып қой.
Қаздауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек,
Қара Керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Елін жаудан қорғаған,
Қазақтағы алып қой, -
депті. Тергеуші Олжабайдың ақтығына көзі жетіп, табанда жауаптан
босатып, түрмеден шығарыпты.





*Дінім үшін емес,
Күнім үшін,
Мен жазықты болам ба мұным үшін!*

ДҮЙСЕНБАЙ ШЕШЕН

Өзінің өткір тілді шешендігімен аты Арқаға мәлім болған Дүйсенбай Жаманкұлұлы 1814 жылы Қаратоғанбай тауының баурайында дүниеге келіп, 1892 жылы қайыс болған. Шежірешіл қариялардың айтуы бойынша Дүйсенбай Биатаның үшінші баласы. Алғашқы екеуінен ұрпақ болмағандықтан (үлкенінің есімі Байса) есімдері ұмыт болған болса керек. Ал соңғылары – Дүйсенбай, Әшімтай, Қарақат, Бабық – ел есінде жақсы сақталған. Әкесінің осы баласына деген ықыласа ерекше болады. Өйткені, «Құт әкелер нәресте қағанағынан байқалар» демекші, сол жылы мал басы айрықша өседі, Жаманкұл Әлтекеге би болып тағайындалады. Әрине, бұл ел аузындағы әңгімелердің негізінде туындаған ой-пікір. Анығында, Дүйсенбайдың ел басқаратын халықтық азамат болып шығатындығына әкенің көзі жеткен болса керек.

Ол кезеңнің тұрақты дәстүріне айналған оқиғаларының бірі моллаға барып, мұсылманша сауат ашу. Мұны білімге деген құштарлықтың көрінісі деп те айтуға болады. Оқу мәселесіне байланысты белең алған осындай бастаманы көпшіліктің бертінге дейін қолданып келгендігі ақиқат. Дәлел ретінде төмендегі әңгімені айта кетуді жөн санадық.

Жаманкұл шешеннің бір баласы Бабықтан Күмісбек, Райымбек, Түсіпбек туады. Райымбектен тараған алты ұл бастапқыда мүмкіндіктері болмай, жағдайлары келмей, жастары қырықты алқымдаған кезде барып, Садық деген молланы алғызып, ақысын төлеп арабша сауаттарын ашады. Бірде жолы түсіп, Жаманкұлдың інісі Байболдың Үмбеті осы ауылда қонақ болыпты. Әңгіме үстінде алтаудың үлкені Абылбек Үмбеттің баласы Сапарғалының жалғыз бала екендігін ишара етіп, өздерінің көптігін қайта-қайта айта береді.

Суырыпсалмалық қасиеті бар ақындығымен танымалы болған Үмбет бірден:

Кенжесі Жабекемнің аты Бабық,

Алтаудың Райымбектен тудың нағып,
Біреуіңнің саждаға басың тимей,
Сауатыңды ашты ғой молла Садық, -
деп жауап қайтарыпты.

Сөйтіп, Дүйсенбай тоғыз жасында қатарынан екі қыс бойына моллада болып, дәріс алған.

Шешен жайында кейбір ел аузында сақталған аңыз-әңгімелер болмаса, деректер, мәліметтер жоқтың қасы. Оған бір себеп, кезінде арнайы сайлауға түсіп, билікке арласпағандығы. Орынына ағасы Байсал (үш сайлауда қатарынан) старшын болған. Дегенмен, Кенесарыны хан көтергенде игі жақсылармен бірге жүруі, ел, жер дау-дамайларына жиі қатысуы, 1868 жылғы реформа тұсында Омбыға шақырылған беделді билердің тізіміне еніп, ақ патшаға дұға жасауда жол табуы, Дүйсенбайды өз кезінің озық азаматтарының бірі болғандығын айғақтайды.

Ортауда Кенесары хан көтерген,
Орта Жүз соңына ерген тым ертеден,
Бесата баласынан Жанқұтты бар,
Байсейіт, Дүйсенбай мен Елбай, Қара,
Бір қол боп көрінеді жеке дара, -
деп Шортанбай ақын айтыпты делінген өлең жолдарындағы Дүйсенбай Жаманқұл бидің баласы болуы әбден мүмкін. Тарихи тұрғыдан алып қарасақ та жылы жағынан сәйкестілік бар. Кенесарының хан сайлануы 1841 жыл. Бұл кезең Жаманқұлдың билік басында отырған уақыты.

Ол 1845 жылы Жамантай төре түсіп, орынына Құсбек отырғаннан кейін ғана Әулиеатаға қоныс аударған. Сондықтан, өзі барса ұлықтардың назарына ілігетін болғандықтан, бармаса хан қаһарына ұшырайтындықтан көпке танылған баласы Дүйсенбайды жіберуі ақылға келеді. Себебі, Кенесарының бұйрығын орындамағандарға қатты қарағандығы ақиқат.

А.Янушкевичтің жазбаларында мынадай дерек те бар: «Ауа райының өзгеретінін алдын ала сездіргендей күні бойы ыстық болды. Әбден мазамыз кетті. Сылдырап ағып жатқан өзен жағасына тігілген кигіз үйдің көлеңкесі ғана ізге сая болды. Кенесарының тау жайлаған қырғыздарға аттанған жорығы туралы бізге хабар жетті. Естуімізше, ол 700 киіз үйдің ойранын шығарыпты» [15, 103].

Келесі бір айта кететін мәселе Жақсы Жәкең қайтыс болғанда көпшілік жиналып келіп, туған-туысқандарына естіртуді Дүйсенбайға жүктеуі. Мұның екі түрлі себебі бар. Алғашқысы, Дүйсенбай Жанқұттының жанында әрдайым бірге болып, бірге жүрген, үлгі, өнеге алған, үйренген, тәлім-тәрбиесін көрген. Сондай-ақ, Жақсы Жәкең де Дүйсекеңе үлкен сенім артқан болса керек. Оны Қаратаудан көшіп келе жатқанда Құсбек төреге сәлем айтып жіберуінен де аңғаруға болады. Бірақ, негізгі салмақ екінші себепте. Естірту, көңіл айту, жоқтау тәрізді дәстүрге айналған әрекеттер ел ішінде көнеден қалыптасып орныққан. «Қазақтың ертедегі салты бойынша, адамның кейде бүкіл елдің басына түскен ауыр қайғыны, үлкен қазаны, өлең-жыр,

әңгіме, күй арқылы естіретін болған. Біреудің жан ашыр туысы, не баласы, немесе елдің ардақтайтын адамы мезгілсіз қазаға ұшыраса, оған ескі салтқа сәйкес естірту айтылған». Олардың өзіне сай қағидасы, заңдылығы болған. Мәселен, ұлы адамдардың қазасын, соған лайықты деп табылған ел ағасы естіретін. Міне, Дүйсенбайдың:

Қас жақсының басынан заман өтті,

Кім қалды кешегіден көрген көпті.

Алланың жазуына шегің бар ма?

Жанқұтты Меке барып құлай кетті, -

деп ел атынан естіртуі, тұлғасы жоғары шешеннің тарихтағы тұғырын айқындап тұрғандай. Дүйсенбай жайында әзірге айтарымыз осы болмақ.

Шешеннің шыққан тегі Арғын – Қаракесек – Әлтеке. Жалпы Әлтеке баласында елге тұлға болған біраз белгілі азаматтар бар. Солардың бірі – Дос батыр. Ол туралы мынадай деректерді келтіруге болады.

Қаракесек Әлтекеден Дос батыр өмірге келген. Кейбір аңыздарда Әлмұрат пен Досты егіз деп те айтады. Ол да мүмкін. Және Өтеген, Өтеулі бәйбішеден, Әлмұрат пен Дос екінші әйелінен делінеді. Сонымен, жоғарыдағы айтып өткен ерте шаңырақ көтеру тәжірибесін негізге алсақ, Достың туған жылдары 1630 жылдардың орта тұсы болып келеді. Сонда, әкесі қаза тапқанда Дос тоғыз-он жастағы бала екен.

1651-1652 жылдардағы үлкен шайқастан кейін, 30 жылға жуық уақыт бойына, нақтырақ айтқанда, тарихи деректер бойынша 1681 жылға дейін соғыс тоқтап кейбір жеңіл желпі қақтығыстар болмаса бәсеңсиді. Бұл мерзім қазақ хандығының нығаюына, мемлекет ретінде қайтадан қалыптасуына зор мүмкіндік ашты. Ел ішіндегі әңгімелерге қарағанда осы Жәңгір мен Батур тайшының шайқасы ұзақ уақыт бойына ел есінде сақталған, аңызға айналған, ірі шайқас болғанға ұқсайды. Ол кездегі тәртіп бойынша екі әскер майдан даласында кездескенде шайқастың басы, жекпе-жектен басталып жаулап алуға келген жақ қорғаныстағы жаққа батырларын шығаруға ерік береді екен. Сонымен, қазақ жағынан аты шулы жасы елуге ілігіп қалған Жалаңтөс батыр шығады. Есімі елге әйгілі батырға майдан алаңын үш рет айналғанша бірде-бір адам беттей алмапты. Соңғы айналымда жаудың бір батыры шығып, қас-қағым сәтте-ақ өмірімен қоштасады. Сөйтсе, бұл белгілі қалмақ батыры Кужи тайшының бауыры екен. Келесі жекпе-жекте қаны басына шапшыған Кужи тайшы майдан алаңына шығып: «Менің жаңа жетіліп келе жатқан бауырым мерт болды, қазақ әскерінен де бір жас батыры шықсын. Мен де оны мерт қылуым керек» деп сөз тастайды. «Кім барады?», «Кім бар?» дегенде он сегіз жасар Дос майданға шығады. Сүт пісірімдей уақыт айқасып, бесінші айналымда жас батыр Дос қарақалмақтың атақты батыры Кужи тайшыны найзаға шаншып жоғары көтеріп әкетеді. Сөйтіп қалмақтың аты мәлім бахадүрі Достың қолынан қаза табады. Қалмақ дәстүрі бойынша қолбасшы батыры өлгенде қол астындағы әскері аттарынан түсіп жерге өкіре құлайды екен. Кужи тайшы мерт болғанда жиырма мындай қалмақ әскері осы дәстүрді жасапты. Осыдан кейін Батур тайшының өзі шығып, жас батыр

Қарасаймен шайқаста ауыр жараланып кері қайтады. Намыстанған Батурдың баласы Бошақту майданға Жәңгірді шақырды. Айқаста Жәңгір мерт болады. Әрі хандары жараланған, әрі қазақ батырларының күш-жігерін аңдаған жоңғар әскерлері кері серпіледі. 1653 жылы жаңағы жарақаты ушығып Батур дүние салады. Таққа үлкен ұлы Сеңге (1653-1670) отырады.

Көнекөз кәрі құлақты қариялардың айтуы бойынша Дос найзагер батыр болған. Шайқаста дұшпандарын қабаттап түйрейді екен. Өте әлді, жүзі сұсты, найзасын шанышқанда не қалқан не берен сауыт бөгет бола алмаған. Жоңғарлар арасында оның есімі аңызға айналған. Ешбір жаудың батыры Доспен жекпе-жекке шыға алмаған. Сонымен қатар денесіне жаудың қаруын дарытпаған адам екен. Бір әңгімеде былай дейді: Дос батыр шашын алғызып отырғанда шаш алушы адам сұрапты:

- Осы сізді ел батыр дейді, бірақ басыңызда соғыстан қалған бір белгі жоқ қой, не қылыштың не шоқпардың белгісі байқалмайды, - депті. Сонда батыр:

- Баланы баға білмеген қатын емес, жау қаруын қаға білмеген батыр емес, мен белгіні алатын емес, салатын адаммын, - деп жауап беріпті.

Сонымен Достың батырлығымен алғашқы көзге түсуі 1652 жыл. Біз жоғарыда Жәңгірдің қаза тапқандығын айттық. Тарихи деректер бойынша келесі хан тағына отырған оның ұлы Тәуке. Бірақ Тәукеге байланысты пікірлер де әртүрлі. Оның туған өлген жылдары, хандық құрған жылдары туралы түрліше көзқарастар бар. М.Тынышбаев: «Когда умер Жангир, не менее воинственнее чем его отец не известно, но в 1688 году казахским ханом считался его сын знаменитый Тауке проживавший в Ташкентском уезде», деп айта келіп: «в 1617 году царь Петр 1 приказал Сибирскому губернатору Гагарину войти в сношение с казахами и помочь им в борьбе против калмыков так как, русское правительство так же стало опасаться возростаившего могущества их. Хан Тауке ответил обещанием повиноваться России. Однако в том же году умер Тауке, а Абулхайыр вместо того что бы использовать обещанием помощь против калмыков, сам сделал набег на русскую территорию» [16, 21] деп жазады. Сөйтіп, Тәукенің хандық құрған кезін 1680-1717 жылдар дейді. Шәкәрім Құдайбердіұлы былай деп жазады: «Около 1690 года умерает Аз-Тауке и к власти приходит сын Аз-Тауке Болат хан» [17, 51]. Сонымен, Тәукенің таққа отырған жылы нақты дәлелденбеген. Егер қисынға сүйене отырып, тұспалдайтын болсақ мынадай мәселелерді айтуға болады.

Біріншіден, ол кезең қазақ-қалмақ арасының шиеленісіп тұрған кезі болатын. Батур тайшының ауыр жарақаттан өлуі онан жаңа хан сайлауын өткізу нәтижесінде шамамен екі жыл үзіліс болуы әбден мүмкін. Осыдан кейін жоңғарлардың қайта шабуылға шығуын жоққа шығаруға болмайтын еді. Сондықтан, сол екі жылдың ішінде қазаққа да хан сайлауын өткізу міндеті тұрды. Ал, М.Тынышбаев жазғандай Тәуке 1680 жылы таққа отырған болса, арадағы хансыз өткен ширек ғасыр уақыт ел ішінің ыдырап, бірлігінің

кетуіне, әр жүздің жеке-жеке өз хандарын сайлауына әкеліп соғары сөзсіз еді. Бірақ, олай болған жоқ.

Екіншіден, қырыққа жасы іліге қоймаған Жәңгірдің жекпе-жекте мерт болған шағында таққа әменгер болатын екі ұлы қалды. Олар: Тәуке және Уәлибек еді. Сол кездегі дәстүр бойынша екеуінің бірі әкесінің орнын басып хан сайлануы керек болатын. Біздің ойымызша солай болған сияқты. Яғни, 1654 жылы Жәңгірдің үлкен ұлы он жеті, он сегіздер шамасындағы Тәуке таққа отырады. Бұл кезде Уәлибек сегіз, тоғыз жасар бала болатын. Сондықтан, тақ таласы болған жоқ. Ал, Уәлибек ер жаткен кезде он жылдан астам уақыт хан тағында отырған Тәуке, ықылас танытқан оған орнын ұсынған жоқ. Өкпелеген Уәлибек нағашы атасына кетіп қалады. Шәкәрім ол жайында былай деп жазады: «Аз-Тауке родился от брака Салкам Жангира ханом сел Аз-Тауке, Уалибек затаив обиду ушел к Гайып-хану» [17, 51]. Бұл шамамен 1660 жылдардың аяқ кезі болуы керек. Сонымен, 1614 жыл болып шығады. Осы негіздің тағы бір қисынды жағы бар. Жәңгірдің 1635 жылғы соғыста қалмақтарға тұтқынға түскендігі туралы тарихи деректер сақталған. Бірақ, құтылып шығуы туралы мәліметтің себебі белгісіз. Қазақ ССР тарихында 1607-1636 жылдардағы орыс-моңғол қатынастары тарихының құжаттарынан мынадай дерек келтірілген: «Қара қалмақ тайшылары, Талай тайшы және Қон тайшы мен Кужи тайшы, Торғыша тайшы бүкіл қара қалмақтарды ертіп сол жылдың (1635) қысында Қазақ ордасына жорыққа аттанған, ал Қазақ ордасының адамдары қара қалмақтарға қарсы шыққан. Сөйтіп, қара қалмақтар Қазақ ордасының адамдарымен бетпе-бет кездесіп, олардың арасында жойқын ұрыс болған. Сөйтіп, қара қалмақтар Қазақ ордасының адамдарын жеңіп, Есімнің баласы Жәңгір – ханзаданы тұтқынға алған» [14, 311]. Дерекке қарағанда, қазақ қосынын бастап келген Жәңгір болса керек. Мұны М.Тынышбаев та мақұлдай отырып, А.И.Левшиннің дерегін мысалға келтіреді: «Упоминается военные действия между джунгарским хонтайшы Батыром и Джангир султаном, сыном Есимхана, в 1635 году. Джангир был взят в плен» [16, 21]. Баласын аман алып қалу мақсатында екі елдің арасындағы татулықты жандандыру қажеттігін ұсына отырып Есім хан, Жәңгірге Батурдың қарындасын атастыруға сұрайды. Сөйтіп, бітімге келуді ұсынады. Ал Жоңғар тайшылар бұл ұсынысты ақылдаса келе қабыл алып, ханның қарындасын Жәңгірге қосады, өзін тұтқыннан босатып, тарту-таралғысымен еліне қайтарады. Тәуке Жәңгірдің осы әйелінен туады. Жәңгірдің қалмақ әйелі ұзақ тұрмай қайтыс болып кетсе де Есім хан көз жұмғанша (1642 жыл) қазақ-қалмақ арасы тыныштықты болған.

Тәуке таққа отырған жылы, жаңадан хан сайланған жоңғар тайшысы Сеңге (1653-1670) туысқандықты дәнекер етіп, екі ел арасын тату ұстауға талап жасады. Себебі, жоңғар еліне қытай мен арадағы жағдайды дұрыстап алу керек болды. Тәуке де осы сәтті епті пайдаланып, ел іргесін нығайтуға күш салды. Атақты Жалантөс, Қарасай, Дос, Ағатай батырларды он бес, жиырма мың әскермен жоңғар жақ шекарадағы желдің өтінде ұстады. Бұл

тәсіл өте тиімді шығып, азды-көпті күш көрсеткен қазақ батырларынан шошынған қалмақтар мүмкіндігінше іргесін аулақ салуға тырысты. М.Ж.Көпеевтің: «Дос батыр болған. Қалмаққа таң атырып, күн шығармаған» [18, 23] деген кезеңі осы уақыт болса керек. Қалмақтың бір батыры айтыпты деген сөз бар: «Дос та пері емес, екі аяқты, жұмыр басты пенде шығар, оның да жасы келер, қартаяр, өлер, қазақты сонан соң көреміз». Міне, осы айтылғандар Достың атышулы өзгелерден шоқтығы биік батыр болғандығын айқындайды. Сеңге қайтыс болғаннан кейін орнына інісі Ғалдан-Бошоқту (1670-1697) отырды. Қытай мен арасын дұрыстап алған ол қазақ еліне тыңшы жіберіп, барлау жасайды. Бұл кездері оңтүстік өлкені қорғап тұрған Жалаңтөс, Қарасай батырлар қайтыс болады. Осыны білген Қалдан-Бошоқту әкесінің кегін алмын деген сылтаумен Дос батыр жатқан өңірді айналып өтіп, Алмалы арқылы Сайрамға 1681 жылы шабуыл жасайды. Досқа бекітілген өңір Іленің Балқашқа құяр тұсынан бастап Күртіге дейінгі төрт жүз шақырымдық аймақ еді. Батырдың ауылы Жиделі деген шағын өзеннің бойында болатын. Жүрексінген жоңғарлар ол тұсқа маңайлай алмайды. Бірақ, Дос бар, өзге де батырлары бар қазақ әскерлері Сайрамды шабуға келген қалмақтарды жеңіліске ұшыратып Іледен асырып тастайды. Келесі жылы қайта күш жинап, әскер қатарын толықтырып, 1683 жылы Сайрамға тағы да шабуыл жасайды. Бошоқту негізгі күшті Сайрамға жұмылдырып, алдарқату үшін шамалы әскерлерді қазақ ауылдарын шабуға Балқаш өңіріне жібереді. Дос батырдың баласы Мырзақұл бастаған он мың қол жеткенше Сайрамды қалмақтар жаулап алады. Бес мың қолды сақтақты ойлап, жоңғар жағына жіберген Дос шамалы адаммен ауылда өзі ғана қалған шақта, тағы бір оқиға болады. Ол туралы ел ішінде аңыз да бар. Мұндағы мәселе, аңыздың болған оқиға негізінде қалыптасқандығы. Жоғарыда біз Тәукенің інісі Уәлибектің ағасына көңілі қалып, нағашы еліне кетіп қалғандығы туралы мәліметті айтқан едік. Сол Уәлибек бірнеше мәрте қыр көрсету мақсатында шамалы адаммен шолғыншылар аттандырып, олар мүмкіндік болса мал барымталап онсыз да үрей қысқан ел ішінің мазасын алып қоқан-лоқы жасап тұрған. Осы жолы жағдайды сезген олар Дос батырдың еліне келіп жылқыларын қуып кетеді. Бірақ, қасына Есейді ертіп шыққан Дос малды қайтарып, Ғайып (қазақтар Қайып деген) ханның жүйрік атын олжалап, басшыларынан ханына сәлем айтады: «Қазақ деген қайырым мен қаталдықтың тізгінін тең ұстаған халық, біз елшілікті жаратқан, көршілікте таңы атқан, еншілес ел емес пе едік, егер көңілі ақ, тілегі жақ болса, қосылып қолын берсін, оған көбінесе өзім барып шабамын». Осыдан кейін онсыз да бірлікке ұмтылған үргеніш хандығы келісімін береді. Бұл жайында Қазақ ССР-тарихында: «XVII ғасырдың 90-шы жылдарында жоңғар феодалдарының қазақтардың жеріне қысымы босаңсыды. Тәуке билік құрған кезде қазақ хандығының нығаюы, қырғыздар мен қазақтар арасындағы одақ жоңғар феодалдарына тиым болды, бұл одаққа қарақалпақтардың бір бөлігі де қосылды» [14, 321]- деп жазды. Бұл тарихи дерек Дос батырдың үлкен мемлекеттік деңгейдегі қайраткер болғандығын дәлелдейді. Қарақалпақ

елінің қазақ жұртымен ынтымақтасуына ерекше ықпал жасаған осы Дос батыр болып шығады. Осылайша іргесін нығайтқан қазақ еліне жоңғарлардың жорығы шамамен тоқсаныншы жылдардың соңына дейін толастаған болатын.

Жоңғарлар Сайрам өңірінде ұзақ аялдай алмады. Келер жылы ол өңір дұшпандардан толық азат етіледі. Сонан XVII ғасырдың тоқсаныншы жылдарының соңына дейін соғыс тоқталып, ел іші тынышталады.

Келесі шапқыншылық Цеван-Рабданның (1697-1727) билік басына келуімен тығыз байланысты. Бұл жайында Қазақ ССР тарихында былай деп жазады: «1697 жылы Цеван-Рабтан өкімет басына келгеннен кейін қазақ-жоңғар қатынастары тағы да күрт шиеленісті. Жоңғар билеушісі орыс елшісі И.Янковскийге «өз билігі басталғаннан бері қарақалпақтармен бірлесе соғысып жатқан Қазақ ордасына қарсы толассыз соғыс жүргізіп жатырмын» деген. Бірақ, мұның өзі соғыс үшін себеп емес, сылтау ғана болатын». Дегенмен, жоңғарлардың алғашқы шабуылдары жеңіліспен аяқталып отырды. Іргесін бекітіп, елдігін біршама нығайтып үлгерген қазақтарды ойсырату оңайға түспейтін болды. Жеті-сегіз жылдай үзіліс жасап, әскерлерін ширатып, молайтып алған Цеван-Рабтан 1710 жылдан бастап жаңа тәсілмен соғсқа шықты. Нақтырақ айтқанда қазақ қосындарын біріктіруші күш батырларында екендігін аңғарған жоңғарлар, соғыса жүріп, қолбасыларды тұтқынға түсірудің амалын жасады. Әкелі балалы Дос батыр мен Қожаназардың қапыда қолға түсуі осы айланың нәтижесі. Бұл жайында ел аузында атадан балаға мирас болып жеткен аңыз да бар. Дос батырдың:

Сыбыр, сыбыр етеді,
Сыр құлақтан өтеді.
Сырласпаған жат шіркін,
Әлде не етіп кетеді.
Өзім өлсем боғым-ай,
Қожаназар құлыным-ай!

деп айтуы осының айғағы. М.Ж.Көпеевтің «Қазақ шежіресі» еңбегінде осы аңыздың негізі берілген және бірнеше жолдан тұратын жыр шумақтары келтірілген. Соған қарағанда Дос батыр туралы кезінде көлімді толғау немесе дастан болған тәрізді. Өкінішке орай ол бүгінгі таңға жетпеген. Осы орайда тағы бір айта кететін мәселе сол замандағы қалыптасқан қағида, егер қарсы жақтың батыры тұтқынға түссе онан ұрпақ алып қалу ісі болатын. Қолға түскендерді жоңғарлардың сыншысы аралып көріп, Қожаназардың нағыз деген шағы екендігін айтып ханға ұсыныс жасайды. Сөйтіп: «Егер біздің айтқанымызды орындасаң әкең де, өзің де аман-есен елдеріне қайтасыңдар» деп қойынына қыз салады. Досты құрсауға салып, Қожаназарды еркіндікті ұстайды, әкесін тастап кетпес деген ойда болады. Бірақ, Дос: «Сен осы еркіндікті пайдаланып, жүйрік атқа мін де елге тарт, маған қарайлама, бараған бетте екінші әйел алғайсың, сонан туған бала менің кегімді алар» деп баласына нұсқау береді. Сөйтіп, Қожаназар елге келеді, Дос болса:

Қазының етін асадым,

Жетпіс сегіз жасадым –

деп өзі айтқанындай жау қолында қаза табады. Бұл шамамен 1712 жылға тұспа-тұс келеді. Сонда, 1712 жылдан жетпіс сегіз жасты алғанда Достың туған жылы 1634 жыл болып шығады. Ал, Қожаназар болса, жиырмалардағы жігіт болса керек. Қазіргі Алматы облысына қарасты Көксу ауданы мен Кербұлақ ауданының шекарасында Дос батырдың есімімен аталатын өзен бар. Ол туралы «Қазақ энциклопедиясында» былай дейді: «Дос, Кіші Батыс – Алматы облысы Кербұлақ ауданы және Көксу аудандарының аралығындағы өзен. Алтынемел жотасының солтүстік баурайынан бастау алатын Быжы өзенінің сол саласы ұзындығы 52 км., су жиналатын алабы 1840 шаршы км. Суы тұщы. Қарашаның алдында суы қатып, наурыздың екінші жартысында мұзы ериді. Дос өзенінің суы тұрмыстық және шаруашылық қажеттеріне, егін суаруға пайдаланылады» [19, 421]. Біздің ойымызша Дос батырдың мазары да осы өзеннің бойында болса керек.

Жидебай батыр жайлы да біраз мәліметтер баршылық. Зерттеуші ғалым Б.Адамбаев өз еңбектерінде батырдың шешендік өнері мұрасында деректер келтірсе, жазушы С.Сматаев «Елім-ай» романында тамаша бейнесін жасаған. Сондай-ақ, Арқаға аты мәлім Машақ болыс, Шалғанбай күйші, Тәшен ақын турасында да ел аузында елең еткізер әңгімелер көптеп сақталған.

Күні бүгінге дейін арнайы қарастырылып, зерттелмеген, ауыз әдебиетінің бір саласы – шежіре. Мұның бір ерекшелігі, егер еңбектің негізгі нысанасы жеке адам – көрнекті тұлға болса, соның маңайын, арғы аталарын анықтауға үлкен септігін тигізеді. Ғалым А.Сейдімбеков: «Шежірешілдік көшпелі қоғамдағы әрбір қазақ үшін теңізшінің қолындағы компас сияқты қажеттілік болған» [20, 9], - деп жазады. Бұл, әрине, салмақты пікір, ғылыми тұжырым. Олай болса, шежірелік мәліметтерді келтіріп отыру, еңбектің мазмұнын байыта түспек.

ДҮЙСЕНБАЙДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Жақсы Жанқұтты Қаратау бойынан еліне қарай қоныс аударып келе жатқанда Құсбек төренің Кіші жүз Алшын елінің маңайындағы отбастарын барып кел, шауып кел ретінде ұстап отырғандығын естиді де Жанқұтты қатты сырқат болғандықтан Дүйсенбайды «Тіл білетін, сөзі өтетін жігітсің, өзін тындыр» деп төреге жұмсайды. Дүйсенбай елге келсе бір төбенің басында алқа-қотан отырған көпшілікті, олардың орта шеніне жайғасқан Құсбегі мен Алшынбайды көреді. Құсбегінің бетінде жас кезінде құлын тепкеннен қалған белгісі, ал Алшынбайдың басының тазы бар екен. Төре анадайдан Дүйсенбады танып, дауыстап:

- Уа, иір қобыздың баласы, көшіп келдіңдер ме? Жәкем не деп сәлем айтты? – дейді.

Дүйсенбайдың әкесі Жаманқұл шешенді ұзын бойлы, еңкіш, сөзге шебер болғандықтан «иір қобыз» деп айтады екен.

- Жәкем былай деп сәлем айтты: алқа-қотан отырар жиылған халық, ортасында екі адам отырады, танымасаң бірінің бетінің бедері бар, екіншісінің басының үлгісі бар, адамды Аллаға пенде қылсын, пендеге пенде қылмасын, - дейді.

Бір ауыз тіл қатпаған төре ертеңіне Алшынның отбасыларын көшіріп, Саржал деген жерге қоныстандырады.

* * * * *

Қояншытағай еліне қарасты Қызылтау жерін Сарым-Тоқсан Шуаш елі қоныс қылып оны Қояншытағайлар жоғарыға қудалап, іс дауға ұласады. Сол кезде Құсбегіге көмекші болып жүрген Кәрсон Көпбай Жанқұттыға Қызылтауды бермендер деп үгіт жүргізеді. Қазылық сайлау тақап келе жатқан кез болса керек. Егер Қызылтау Шуаштарда қалып қойса сайлауда Қояншытағайлар тасты Көпбайға салып қазылықты алып кету қаупы туады. Жер дауына ел адамдары жиналып, билік айтуды Әлтеке-Дүйсенбай Жаманқұл баласына ұсынады. Сонда Дүйсенбай былай деп билік айтыпты:

- Жанқұтты жерді даулағанын қоймайды,
Көпбай соңынан қалмағанын қоймайды,
Мұның өзі Қызылтау,
Бас-аяғы ұзын тау,
Төтелесе менікі,
Төрелесе сенікі, -

деген екен. Сонан Қызылтау жері Қояншытағайлардың өзінде қалыпты.

* * * * *

Қазақ халқы патшаға бағынғандық ниетін білдіру үшін Омбы жандаралдарының жарлығы бойынша намаз оқып, патшаға арнап мадақ айтып, бата жасау керек болады. Жұрт бата жасайын десе діні бөлек деп, жасамаймын десе жандаралдардан қорқып, жиналып келіп Дүйсенбайдан ақыл сұрайды. Сонда шешен тұрып:

- Уа, халқым, батаны былай жасайық:
Жетісем деп Жиделі Байсын бардық,
Түйеден басқа малы жоқ елді көрдік,
Ташкентті көрдік,
Жемістен басқа өнімі жоқ елді көрдік,
Төрені көрдік, қараны көрдік,
Бегілер Бегіні көрдік,
Ойға шаптық, қырға шаптық,
Орыстан дұрысты қайдан таптық,
Дінім үшін емес, күнім үшін,
Мен жазықты болам ба мұным үшін! –

деген екен.



*Қаратауда – Бала би,
Алатауда – Дана би,
Ал, Арқаға келгенде,
Сұқғыла шыққан сана би*

ҚАРА БИ ШЕШЕН

Орталық Қазақстанның қыдыр дарыған елді-кенді жерінің бірі – Ақшоқыдан (қазіргі Қайрақты) Шетке шығар жол бойындағы – Қарасазда Арқаның атақты билерінің бірі – Қара бидің бейіті тұр. Бидің ұрпағы Хамзин Рысбек қарт былай дейді.

Кеңестер дәуірінде 70-80-інші жылдары құдай мен аруақ деген ұғым мұсылман қауымының зердесінен, көкірегінен ұмытыла бастаған көмеск түйсік болды ғой. Әйтпесе, тіпті, 50-60-ыншы жылдары осы бейіттің қасынан атпен шауып немесе ызғытып өтпеуші еді. Жолаушылардың бәрі аттылы болса аттан, машинада болса машинадан түсіп, жаяулап өтетін.

Соңғы жылдары көмескі түйсігіміздің көзі ашылып, имандылыққа бет бұрған шақта ел-жұрттың Қара бидің аруағына бас ұруы қуантарлық жағдай. Бұл әсіресе, ел басқарып отырған азаматтар Балтабай Исенұлы мен Санат Тұңғышбекұлына байланысты. Қазақтың «өлі риза болмай, тірі байымайды» деуінде де көп мән бар. Кім біледі, Қуанышбаев атындағы шаруашылық ұжымының қаймағы бұзылмай отыруы, мына заманда шаруашылықтың молшылығы, халықтың жайбарақат мамыржай өмір сүруіне сол аруақтың қолдауы жар болып отырған шығар. Әсіресе, екі қошқардың басы бір табаққа сыймай ала көз болып отырғанда елдің ішінен шыққан екі азаматтың тізе қосып ел қамын ойлауы сүйсінетін-ақ тіршілік. Әмсе, аруақ жар болсын екеуіне де.

Сонымен Қара би деген кім? Қара мен Шолақ бір атаның балалары. Шолаққа кезінде он жеті мың жылқы біткен. Шөкең жылқысын түстеп түгендемей, тек қоспен санаған екен. Әкеміздің айтуына қарағанда кәмпеске жылы осы ауылды тәркілеп, жылқыны солтүстікке айдағанда бір ай айдап, бір ай бойы ауыл маңынан тозаң сейілмеген екен. Әттең, қазақтың ысырап болған дәулеті-ай! Бір кездері бір адамға біткен мал қазір бәленбей кеңшары, ұжымшары бар бір ауданға бітпей отыр ғой.

Ал, Қара болса бай болғанымен, елге байлығымен емес әділдігімен, турашылдығымен танылған. Би атағын он алты жасында Қаратауда алған. Сондықтан, Қара би қайтыс болғанда Сары деген ақын:

- Атаңды жоқтағандардың бәрі де:
Қаратауда – Бала би,
Алатауда – Дана би,
Ал, Арқаға келгенде,
Сұқғыла шыққан сана би, -

деп дауыс салды деуші еді.

Қара биден алты ұл болған: Оспан, Өскен, Ақпан, Тоқпан, Омар, Тайпан. Қарасаздағы бейітте Қара бидің қасында жатқандары – Өскен мен Ақпан.

Қара бидің бейітінің салуының өзі бір тарих. Арқада көп тараған көп құлақты немесе дөңгелек бейіттерден Қара бидің бейіті сәл өзгешелеу – көп қырлы, сырт тұрқы шошақ, кесенге ұқсайтын үш бөлімнен тұрады. Қазір мүжілген. Әрине, бұрынғы еңсесін болжамдау қиын.

Бейіт Қарасаз өзенінің табанына салынған. Бұл жерді Қараның сазы деп ұғу керек. Бейіттің кірпіштері жаңбырға, суға берік болуы үшін өзен бойына жүз серкеш сойылған дейтін әкем. Серкештің қылы мен майы саз-балшыққа қоса иленіп, дымқылға берік болуы үшін берік кесек кірпіштер құйылған дейді. Бейіттің үш бөлігі де қызыл-жасыл қошқар мүйіз оюлармен әшекейленген болатын. Сонау 50-інші жылдарда жақсы, айқын көрінуші еді. Үш аруақтың басына да әшекейлі сұпы орнатылған. Осы аруақтардың қасиеті жөнінде өзіміз куә болған бір оқиға мынадай.

Шет ауданынан машинамен бір топ адам келе жатады. Жолаушылардың көпшілігі машинадан түсіп, бидің басынан жаяу өтпекші болады. Бірақ ортасындағы бір бастық азамат жүргізушісіне ақырып, тоқтат деп бұйырады. Басқалары аруақ аттамайық дейді. Сонда әлгі бастықсымақ боқтап жібереді. Сол күні үйіне кіре бергенде бет-аузы қисайып талып түседі. Қатесін түсінген әлгі кісі ертеңінде мал сойып, аруақ басына барып дұға жасайды. Бет-аузы орнына келеді. Бірақ содан кейін денсаулығы бұзылып, атпал жігіт жарты жылға жетпей қайтыс болады. Өліктің арты быж-тыж болып, көп қырсық шалды. Қазақтың «Құдай атқан, оналады ал, аруақ атқан оналмайды» деген сөзіне осы жағдай дәл келгендей.

Қараның ұлы Ақпан да осал адам болмаған. Ел ісіне араласып, сөз ұстаған кісі. Абаймен замандас Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша көпшілікке белгілі мына жәй туралы айта кетейін.

Ожар Оразбай Абайды таяққа жыққанда Абайдың намысын жыртуға үш жүзден үш азамат келіп еді. Соның бірі – Ақпан, менің үлкен әкем болатын. Енді роман беттеріне үңілейік: «Осының артынан бір күннен соң Абайға сәлем береміз деп бір топ адам келеді. Бұлардың ішіндегілер - Керейдің Бөгеші, Уақтың Серкеші, Найман, Сыбанның Қамбары, Қаракесектің Ақпаны, қысқасы әнеукүнгі «төрт арыс, орта жүздің тобы» деген қауымнан әдейлеп келген».

Ақпан неге өзі сөйлемей Қамбарға сөйлеткен. Себебі, Ақпанның тілінің сәл маңқасы болыпты, сондықтан сөзі күңгірлеп естіледі екен. Сондан болса керек, Ақпан балалары – бәрімізде де осы ерекшелік бар.

Тағы бір әңгіме, Қарқаралыға генерал-губернатор келіп, ел жақсыларын жинағанда Қара би шақырылады. Бірақ, би губернатор қабылдауына көптен кештеу қалып, жиын басталып кеткен соң барады.

Генерал-губернатор шамданып:

- Қара би неге кешігесің? – деп сұрайды.

Сонда би мырс етіп:

- Ұйықтап қалсақ қайтеміз, - депті.

- Сағатқа неге қарамайсың? – деп генерал орынсыз тағы да сұрап қалады.

Оған:

- Біздің сағатымыз болмаса қайтеміз, - деген екен би.

Осы қарапайым жауаптарда көп мән бар. Бидің ұйықтап қалуы қалың қазақ халқының көзі ашылмай ұйықтап жатқанына меңзесе, сағатының болмауын айтуы жалпы қазақтың ғылыми ізденістен артта қалып отырғанын, оны өркендетуге ақ патшаның пейілі жоқ екенін астарлап келтіргені. Сонда ыңғайсызданып қалған губернатор қолындағы сағатын алып, биге берген екен. Сөйтіп, өзінің жөнсіз сұрағын солай жауып-шайыпты.

Би он алты жастан тоқсан үш жасқа дейін билік құрды.

ҚАРА БИДІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Көпке дейін үйленбей жүріп алған бидің жолдас-жоралары, туған-туыстары ортаға алады да, қыз көрмекші болып ел аралатады. Талай байдың қыздарын көріп, талай сұлуларды, сымбаттыларды алдынан тізіп өткізеді. Қара биге кім қызын бермесін, бір күні әдбен шаршап Шұбыртпалының бір ауылының шетіне жетеді. Бидің қосшылары ортадағы үлкен үйге ұмтылады. Бірақ бидің өзі шеттеу тұрған қараша үйге бастайды. Кіріп барса, төрдің тап ортасында сары шашы жалбыраған, қызыл шырайлы асықтай ғана қыз бала етпентінен түсіп тостағаннан айран жалап ішіп жатыр екен. Сонда би тұрып:

- Осы қызды аламын, мынау қыдыр қонатын, бақ қарайтын шашып ішіп, шайқап төгетін дәулет даритын адам, - деп сол күні құда түскен екен. Сонымен үлкен шешеміз – Ұлша – Шұбыртпалы, Ағыбай батырдың қарындасы.

* * * * *

Би байлыққа, билікке мастанбаған кісі. Малға жылқышылармен бірге шығып, бел шешпей еңбек еткен адам. Ешкімнің малдан қолын қақпаған. Бірақ, ынсапсыздықты, сұрамшақтықты ұнатпаған. Кей адамға жүз рет жақсылық жасап, жүз біріншіде шамаң келмесе қолма-қол жау бола қоймай ма? Сондайларға арнағандай би «Беріп кәпір болғанша, бермей кәпір болыңыз» деген сөз қалдырған.

* * * * *

Қара би пара беріп би болмаған. Қара қылды қақ жарған әділеттілігімен билік құрған. Бірақ, бір кезде Бектауатадан ауа жайылатын дәулетті елдің малын да, жанын да ұлы кәмпеске шайқап өтті. Бір ауылдың он жеті мың жылқысы құрдымға кетті. Игі жақсыларын ауыл ортасында атты, атылмағандары итжеккенге айдалды. Содан аман келгені Мұқаштың Аманы еді. Ол кісі атақты домбырашы болатын.

* * * * *

Қаракесектің бір парасы ертеде Қаратау жерін мекендеген екен. Ес жиып, алдына мал салып, бастарына үй тігіп қайтатын уақытында жергілікті халық із-түзсіз жоғалып кеткен бір адамының ер-тоқымын біздің жақтың мал баққан адамының астынан көргенін көлденең тартып, сол өлген адамына құн даулапты.

Дау үш күнге созылыпты. Дауға ел ішіндегі әңгімелерге араласа бастаған Қара да қатысып отырады. Отырған билердің біреуі де түйінді ештеңе айта қоймайды. Дау саржамбастыққа бет алыпты. Сонда Қара төбе биге:

- Рұқсат болса мені тыңдаңыз. Үш күн болды үйге мезгілінде бара алмаймыз. Орамамыз ашылмайды. Бұған үш түрлі билік бар еді айтатын. Соның бірін айтып, бізді неге таратпайсыз? – депті.

Би ойланып тұрып:

- Ол үш билігің қандай билік? – дейді.

Сонда Қара айтқан екен:

- Біріншіден, құныкер мен ертоқым неге көптің алдына келмейді, келген болса азаматтың құнын неге кесіп бермеске? Екіншіден, арғын келді, малы келді, басына үй тікті, шөпті жапырды, суды лайлады деп шөп басы дауын неге кесіп бермейсіз? Үшіншіден, басында жер-суға алым төлесін деген ешкім жоқ, отырса маңдайынан сипа, көшсе арқасынан сипа. Осы үш биліктің бірін неге айтпайсыз?

Сонда би:

- Бала, атың кім? – деп сұрапты.

- Қара, - депті бала.

Сонда би көпшілікке қаратып айтыпты:

- Мұның аты – Бала би болсын, баланың үшінші билігі билік болсын. Көшсе бір сабақ жібіне тимеңдер, отырса маңдайынан сипандар, - дейді. Сөйтіп, дау арғындардың пайдасына шешіліп, жұртына аман-сау оралған екен. Содан бастап Қара Бала би атаныпты.

* * * * *

Заманында Семейге би-болыстарды жиналысқа шақыртыпты. Қыстың күні Семейге баратын би-болыстар Шоңның үйіне келіп қоныпты. Әңгімелесіп түн ортасына дейін отырып қалыпты. Таңерте ертемен жүретіндіктері есіне түсіп, Шоң бәйбішесі Күләйімге тапсырыс беріпті. «Сәресіде шай жасаулы, аттары еттеулі болсын, ертең баратын жердің мойыны қашық» депті. Күләйім бұл аманатты қараша үйде жатқан қайынына келіп айтыпты. Қайыны жігіттерді іздесе тарап кетіпті. Ол шошалаға өзі келіп, самаурынның ағашын бұтап, самаурынға суды құйып, төрде жатқан түйенің жабуының үстіне жантайып жатып, ұйықтап кетіпті.

Шоң сәресі мезгілінде қонақтармен далаға шықса, ат ерттелмеген, шай қойылмаған. Шошалаға келсе, інісі теріс қарап ұйықтап жатыр.

Шоң інісіне:

- Ат қайда? Шай қайда? – деп айтып, құйрығынан теуіп жіберіпті.

Ұйықтап жатқан інісі шошып оянып, қасында жатқан балтаны алып Шоңды тұра қуған. Шоң қонақ үйге кіре бергенде інісі балтаны сермеп қалған. Ал балта есіктің маңдайшасына тиіп, інісінің қолынан шығып кетіп, Шоңның беліне түскен. Мұны келген билер көріп отырған. Шоңды ұрғанын көрген билер інісінің үстінен «ақт» протокол жасап, Семейден келгеннен кейін істі қарайтын болады. Жаз шыға Төртұлының би-болысымен бірге Қаркесектің биі Қараны да шақырыпты. Төртұлының би-болыстары құныкерді сұрап тексеріп, жүз шыбық дүре соғып, итжеккенге жер аударуға келіседі. Кәкең үндемейді. Жаңағы билік айтқа би неге үндемейсің деп сауал қояды. Кәкең:

- Мұндай билікке Қаракесек биі қосылмайды, - дейді.

Төртұлының биі Кәкеңе сұрақ қойды. Себебін айт, - деді. Кәкең айтты:

- Айыпкердің айыбын тыңдап отырмыз, талапкер Шоң мырза біздің ішімізде отырып талабын неге айтпайды.

Осы сауалға сәйкес билер үйінде отырған Шоңды шақыртыпты. Шоң келгеннен кейін Төртұлының биі өз билігімен таныстыра келіп, Қаракесектің биі біздің пікірімізге қосылмады деді. Шоң:

- Иә, Қаракесектің биі біздің пікірімізге не айтады?

- Шоң мырза! Өзіңнен шыққан жобаға,

Бұл айтқаның бола ма?

Сабы бірге болған соң,

Түбі бөлек дегені,

Ақылға сай қона ма?

Мына отырған бауырыңның,

Дайындаған дәмінен,

Жесең еті – харам,

Ішсең шайы – харам,

Сатсаң пұлы – харам,

Пұлдан түскен құны – харам.

Отыз жасқа келгенше қатын әпермедің,

Не сұраған атын әпермедің.

Малдан енші бермепсің,

Бауырыңды туыс көрмепсің.

Сондықтан Шоңға елу шыбық соғамын, қалың беріп, бауырына қатып әпер, малдан енші бер, Қаракесек биінің айтар билігі осы, - деген екен.

Сонда Шоң иығынан сусып түскен шапанын қолына алып, үйіне келіп, әйелі Күләймді билерге жіберіпті. Күләйм билер отырған үйге келіп, екі қолын бүгіп, сәлем атап:

- Мені сіздерге мырза жіберді. Қаракесектің әділ биінің билігін қабылдаймын, - деді.

Сөйтіп, Күләйм кетіп бара жатыр еді, оны Кәкең тоқтатып:

- Сіздің әйелдік жолыңызға, Шоңға бұйырылған 50 шыбық дүрені сізге байладық. Бірақ, Шоң мырза інісіне қалың беріп, қатын әперсін, малдан енші берсін. Би-болыстар сіздер бұған не айтасыздар, - деді.

Барлығы да дұрыс деді. Содан Шоң інісіне қатын әперіп малдан беріпті. Міне, осыдан кейін Кәкең Қаракесектің әділ биі атаныпты.

* * * * *

Дәулетті адамдардың сараң келетіні әдеті ғой. Қаракене біткен дәулет те аз болмаған. Соған қарамастан беруге келгенде жоқ екен. осыдан барып: «Қарекен бермейді, жаны ашиды», - деген сөз қалған.

Қарекеннің жасы ұлғайған сайын биліктерде төбелік көрсетуі сирей берсе керек. Ол кездің дау-дамайы таусылған ба? Қарқаралы жағында сондай бір үлкен дау болыпты. Бір жолаушы содан қайтып келе жатып, Қарекен үйіне түстеніпті. Жөн-жосық сұрасқанда әлгі жолаушы «осындай дау болды, билікке райлы болмадық, өзіңіз болғанда әділ шешілер еді» деп, биге көпшік қойса керек. Сонда би: «Қара бармайды, барса төбеліктен қалмайды» деген екен.

* * * * *

Биден қалған осы сөз ел ішінде: «Бөрі арығын білдірместің» орнына қолданылып қалатынын естіп қалып жүрміз.

Қуандық пен Қаракесектің арасындағы бір үлкен дауға Тоқа Шоң билік айтатын болыпты. Қараға ел жақсылары «бұл дауға сіз де барыңыз» деп тіке айта алмай: «Шоң – шоң ғой, жолбарыс қой, біздің жағамыз жығылатын болды-ау...» деп жақауратыпты. Сонда Қара: «Жолбарыстың түбі мысық емес пе еді» деп жолға жиналыпты.

* * * * *

Бір үлкен дауда билікті кім айтады дегенде Жақсы Жанқұтты:

- Бала би айтпай, кім айтады? – депті.

Жәкеңнің мұнысы Қараның Алатауда Бала би атанғанын түспалданғаны.

Бала бидің билігіне жиналғандар райлы болмапты. Отырғандар қозғалақтап енді билікті кім айтады? – деп Жақсы Жанқұттыға қарапты. Сонда Жәкең ойланбастан:

- Дана би айтпай кім айтады? – депті.

Жәкеңнің мұнысы Қараның Қаратауда Дана би атанғанын түспалдағаны.

Жиналғандар Дана бидің билігіне де райлы болмапты.

Отырғандар тағы да Жақсы Жанқұттығы қарапты. Жәкең тағы ойланбастан:

- Қара би айтпағанда, кім айтады? – депті.

Жиналғандар Қара бидің де төрелігін қабылдамапты.

Сонда Қара би:

- Енді билікті Жақсы Жанқұтты айтсын, оның төрелігі төрелік болмаса болыс Жанқұтты айтсын, оның төрелігі төрелік болмаса Жанқұтты айтсын, - депті.



*Қаз дауысты Қазыбек,
Ол да менің жиенім,
Қара Керей Қабанбай,
Ол да менің жиенім,
Қанжығалы Бөгенбай,
Ол да менің жиенім,
Шақшақұлы Жәнібек,
Ол да менің жиенім.*

ТҰЯҚ ШЕШЕН

Тұяқ шешен XIX ғасырдың басында өмірге келіп, соңында қайтыс болған. Шыққан тегі – Орта жүз – Тарақты. Бала кезінен бастап сөзге шеберлігімен көзге түскен. Жасынан ұғымтал, зерек болып ер жетеді. Көпшілік оның тіл шеберлігіне тәнті болып, дау-жанжалдарды шешуге жиі жүгінетін болған. Ақмола дуанының аға сұлтаны Жайықбайдың Ыбырайымен, Өскенбайдың Құнанбайымен, Ботантайдың Жанқұттысымен замандас болған, олармен кездесіп сөз жарыстырған. Ел аузындағы сақталған деректерге сүйенсек, әкесінің аты Елқонды. Жасы отыздар шамасына іліге Тарақты еліне би болып тағайындалады. Сонан өмірінің соңына дейін биліктен түспеген. Сөзге шешен болғандығы сондай, амандық-саулық сұрасқанда да ырғақты жолдармен жауап беретін болған. Өз кезіндегі шешендік өнердің дамуына, өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқан, сөз қадірін ерекше бағалап, жоғары ұстаған исі қазаққа танымалы ірі тұлға болған.

ТҰЯҚТЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Бірде шешен аталас ағайыны Алтыбай байдың үйіне бара қалады. Байдың бәйбішесі келген қонақты қара көжемен сыйлайды. Енді бірде Алтыбай бай Тұяқ шешеннің үйіне атын тірейді. Үй иесі бәйбішесіне көже дайындатып, байдың алдына қояды. Бай қоңқылдап, көжені ішкісі келмепті. Сонда Тұяқ шешен тұрып:

- Іш, Алтыбайым, іш!
Байдың малын сақтаған көже,

Жарлының жанын сақтаған көже,
Алтыбайдай сараң байдың,
Ар-намысын таптаған көже, -
деген екен.

* * * * *

Тұяқ шешен Ақмолаға жолаушылап бара жатып, жолшыбай бір ауылға соғады. Бір үйге кірсе байдың ақ тоқалы ұйқысын аша алмай мең-зең боп, әрі келгендерді жақтырмай, бей-жәй отырса керек. Тұяқ шешен тұруға ыңғайланғанда, үй иесі:

- Отырмадыңдар ма? – деп немкеттілеу жауап қатады.

Тұяқ шешен:

- Сөзің бар болсын,
Тақыр жерде мен отырмын,
Тарғақтай боп сен отырсың,
Тоқалыңнан аса алмай,
Тарт қонағым деп отырсың, - деп етегін қағып кетіп қалыпты.

* * * * *

Дуанбасы Ыбырай Тарақтыға жиенмін деп Тұяқ шешенмен қағыса береді екен. Бірде Ыбырай:

- Аз ғана ауыл Тарақтыдан осындай тілмар туады дегенге кім сенеді. Осы Тұяқтың түбі шикі-ау, - деп соқтығыпты.

Сонда Тұяқ шешен тұрып:

- Көрші ауылдың құтпан айғыры,
Көз тасада шаппаса,
Кірме ауылдың биесі,
Сол құлынды таппаса,

Түбі шикі Естектен (Қалмақ елі ішіндегі бір руың атауы) сен тәрізді азулы азамат шығып, ел басқарады дегенге кім сенер еді, - депті.

* * * * *

Тұяқ шешен бірде Тоқа Ержан биге:

- Сөзге дес бермейтін бұлбұлсың-ау, әттең құлдан туғансың?! - депті Ержан бидің аталарының кедейлігін тұспалап. Сонда Ержан би:

- Уақа емес, Түйеке! Қыздан туып сіз де үш жүзге билік айтып жүрсіз ғой, - депті. Сонда Түйекең:

- Осылай дерінді білгенмін. Сөзді тұспалдап емес, тым түйреп айтасың. Орышаның салқыны-ау, - деген екен Ержан биге.

* * * * *

Бірде екі елдің арасында жесір дауы болып, сол дауда Қаракесек жағынан Алшынбай айтысқа түседі. Сөз Алшынбайға берілгенде ол сөйлеп-сөйлеп келіп сөзінің аяғында:

- Менің атам Қаз дауысты Қазыбек емес пе? – депті. Сөз екінші қайта берілгенде тағы да айтып-айтып келіп, сөзінің соңында:

- Менің атам Қаз дауысты Қазыбек емес пе? – деп аяқтапты. Сонда көпшілік ішінен біреу:

- Алшеке, атаңыздың атын айта бердіңіз ғой, - дейді.

Оған Алшынбай:

- Атасы бар атасын айтады, атасы жоқ несін айтады, - деп жауап беріпті.

Сол кезде көпшіліктің арасында отырған Тұяқ шешен:

- Уа, халқым!

Қаракесек болсаң Қазбегінді айтпа,

Алтай болсаң Байдалынды айтпа,

Тарақты болсаң Байғозынды айтпа,

Қанжығалы болсаң Бөгенбайынды айтпа,

Қаракерей болсаң Қабанбайынды айтпа,

Әлтеке болсаң Жидебайынды айтпа,

Сарым болсаң Шабанбайынды айтпа,

Шуыртпалы болсаң Ағыбайынды айтпа,

Қарашор болсаң Сеңкібайынды айтпа,

Арғымақ болса да арамызда жоқ адамдардың мазасын алып қайтеміз, дау-жанжалды өзіміз неге шешпейміз, - дей келіп:

Қалжыңсыз отырмайды қазақ халқы,

Ежелден келе жатқан ата салты.

Сөз етсең бұрынғы өткен аталарды,

Болады үлкен жанжал мұның арты.

Атамен адамдар бар мақтанатын,

Ақылдылар мұндайдан сақтанатын.

Шіріп қалған сүйектен еш пайда жоқ,

Қайда көмсе, сол жерде тапталатын, -

деп аяқтаған екен.

* * * * *

Бірде жолы түсіп Тұяқ шешен Саққұлақтың үйіне келеді. Аттан түсіп үйге кіріп, жайғасып, ел арасының жағдайын сұрасып әңгімелесіп отырады. Сәл уақыт өткен соң үйге бір жігіт кіріп:

- Би аға, көк тарантасқа қос арғымақ жеккен жолушылар осылай қарай келе жатыр, - депті. Елең ете қалған Саққұлақ:

- Көк тарантас болса, Мұса мырза екен ғой. Тысқа шығып күтіп алайық, - деп барлығын ертіп тысқа шығады. Келе жатқан Шорманның Мұсасы екен. Тоқтай қалған тарантастан секіріп түскен Мұса:

- Ассалаумағалейкум, Арғынның ағасы! - деп сәлем беріпті.
- Уағалейкуассалам, Орта жүздің данасы! - деп Саққұлақ сәлем алыпты.

Сонда соңғы жақта тұрған Тұяқ шешен:

- Сәлемдерің олай да емес, бұлай да емес, қос атаның аты шыққан баласы, - депті. Екеуі де Тұяқ шешенге жақтырмай қарайды. Сол сәтте шешен:

- Уа, Саққұлақ мырза, сонау бір қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезінде аталарыңды жұртта қалып, жылап жатқан жерінен біздің атамыз дорбаға салып, қанжығасына байлап әкеліп, тәрбиелеп өсірген еді, сен жалпақ жерді жайлаған Арғынға аға болмай-ақ алты болыс Қанжығалығы аға болсаң да жарайды ғой, - депті. Онан Мұсаға қарап:

- Мұса мырза, сенің де аталарың жұртта қалған жерінен тауып алып, асық қаржасу арқылы келісімге келіп асырап өсірген еді, сондықтан сен байтақ даланы мекендеген Орта жүздің данасы болмай-ақ бес болыс Айдабол мен Қаржасқа дана болсаң да жетпей ме, - деген екен.

* * * * *

Қаз дауысты Қазыбек,
Ол да менің жиенім,
Қара Керей Қабанбай,
Ол да менің жиенім,
Қанжығалы Бөгенбай,
Ол да менің жиенім,
Шақшақұлы Жәнібек,
Ол да менің жиенім,
Ошақтыда Сапабек,
Ол да менің жиенім,
Кәрсондағы ер Көпбай,
Ол да менің жиенім,
Тобықтыда Құнанбай,
Ол да менің жиенім,
Дәулет, Байзақ, ер Мәмбет,
Ол да менің жиенім,
Дүкенұлы Ықылас,
Ол да менің жиенім,
Ботпай-Шымыр, Сыпатай,
Ол да менің жиенім,
Шұбыртпалы Ағыбай,
Ол да менің жиенім, -

деп Тұяқ Тарақтының қыздарынан шыққан ірі тұлғаларды бір жиында тізіп айтқан екен.



*Екі кісі ұрысса,
Ағат емей немесе!
Екі жақсы сөйлесе,
Санат емей немене!*

САҚҚҰЛАҚ ШЕШЕН

Саққұлақтың шын аты Сәбден, әкесі атақты Бапан би. Сәбден 1800 жылы қазіргі Ақмола облысына қарасты Ерейментау мен Сілті өзенінің аралығындағы ауылда туған. Қанжығалы қарт Бөгенбай батырдың шөбересі. Шежіреде Арғынның Қанжығалы руынан Әлдекүн одан Ақша. Ақшаның Тұрналы, Тұрымбет екі баласы болады. Соның Тұрналысынан Бапан би туады. Зерек те, зерделі Сәбден 12-13 жасынан әкесі Бапан бидің қасында жүріп шешендік өнеріне жаттығады. Ел билеу ісіне араласады. Ол жас кезінен бір есіткенін есіне сақтай білетін өте зейінді, зерек болып өседі. 15 жасқа келгенде әкесі оның кішігірім дау-дамайды шешіп келуге жұмсап отырады. Сәбден ел арасындағы дауды тындырып, әкесінің ойынан шығып жүреді. 17 жасында сол өңірге шешендік атағы жайылған Байдалы бимен сайысқа түседі. Ал, сайысқа түсу себебі былай екен. Байдалы бидің ағайындары сәуір айында табынға келіп жылқысын санаса, сексені кем болып шығады. Ел ішінен сұрастыра келе Бапан би ауылының барымташылары алып кеткендігі анықталады. Соңынан келген қуғыншыларға алдында сендер алпыс жылқы барымта алғансындар деп, сексен жылқыны қайтармайды. Екі елдің арасы шиеленісіп, іс насырға шабады. Қантөгіске ұласып кетпесін деп ел Байдалы мен Бапан биді дауды шешу үшін кездестіреді. Бапанның қасына бала Сәбден еріп келеді. Байдалы баланы көріп:

- Е, Бапан би, құлын-тайдың ойнағына емес, мал дауын шешуге бас қосып отырмыз, мына балаң кім? – дейді.

Сол сәтте Сәбден:

- Уа, ағалар!
Асыл сөзді бағалар,
Менен де бір сөз болсын,
Мына халық көз болсын.

Қиыннан қиыстыра сөз тастап отырған Байдалыны ол тосылдыра берген екен.

- Арғы атам батыр Бөгенбай, әкем алдыңызда отырған Бапан би, Алтайдың аузын асқа, тақымын атқа толтырған Ішкекбай бабам емес пе еді! Алтайға ана болған менің Аққоян апам емес пе еді?

- Жер дауы да дау болар,
Мал дауы да дау болар,
Дауды дұрыс шешпесек,
Екі ел бір-біріне жау болар.
Бас жарылса бөркің бар,
Қолың сынса жеңің бар,
Нағашы, жиен арасында кек тұрмайды,
Кек қуғандардың ұрпағында тек тұрмайды.
Бұл байлам бізден,
Әділ билік сізден, - депті. Соны естіген Байдалы:

- Япырым-ай, мына бала мен естіп білмеген сөзді айтты-ау.
Мен тозған екенмін
Бұл озған екен,
Тұрған бойың тіл мен жақ екен,
Ойың да, құлағың да сақ екен.
Ойың мәнді екен,
Сөзің дәмді екен,

Сенің билігіңе тоқтадым. Олай болса, бұл дау аяқсыз болсын. Бала атқа тізгінді бердім саған. Бұдан былай сенің атың Саққұлақ би болсын. Аумин! – деп батасын беріпті.

Қанжығалы елінде Бекше деген де шешен болады. Оның жасы Саққұлақтан бір мүшелдей үлкен болса керек. Өзіне мал бітпеген кедей екен. Бекеш көбінесе Саққұлақтың қасына еріп жүреді. Бір себептермен бір жолы Саққұлаққа ермей үйінде жатып қалады. Осы кезде ел арасынан бір дау шығады. Ол даудың бір ұшы Бекшеге барып тіреледі. Енді ол дауды Бекшесіз шешуге болмайтынын сезген Саққұлақ әйеліне қарап: «Кедейдің бір тойғаны шала байығаны. Бекшеге сыбаға жіберіп шақыртшы» - дейді. Саққұлақтың әйелі Бекшені онша жақтармайды екен. Нұралы деген баласын жұмсап, бір қоржын бас сыбаға беріп жібереді.

Саққұлақ шешен жас кезінен бастап зеректігімен көзге түскен. Қазақ халқына танымалы жыраулардың, ақындардың, билердің қанатты сөздерін жадына тоқып өскен. Сонымен қатар, ұлттық бұйымдарды атап айтқанда, астау, ожау, қасық және ертұрман әбзелдерін өз қолымен жасайтын болған. Ел ішін аралап, ұлттық құндылықтардың кеңінен тарауына үлкен еңбек сіңірген. Шешен сексен сегіз жасында дүние салған екен. Зираты Ерейментау өлкесіндегі Қоржынкөл деген жерде тұр.

САҚҚҰЛАҚТЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Жазда ауылына демалысқа келіп жатқан Шоқан Саққұлақ шешенді қонаққа шақырады. Бірнеше күн оның тағылымды әңгімелерін тындайды.

Бірде дидарласу кезінде жас Шоқан қонаққа тосын сұрақ қойып: «Ақсақал біреу жолдан адасса, кімнен ақыл сұрайды?» - дейді.

- Шырағым, көнеден сұрайды, - дейді шешен.
- Көне адасса, кімнен сұрайды?
- Көне адасса, көргендіден сұрайды.
- Көргенді адасса, кімнен сұрайды?
- Көргенді адасса, көптен сұрайды.
- Көп адасса, кімнен сұрайды?
- Көп адасса, көп оқығаннан сұрайды.
- Көп оқыған адасса, кімнен сұрайды?
- Көп оқыған неге адассын! Әлгінде ғана Сатыбалдының Жаманқұлына күдіктеніп оның Үмбеталы жырау туралы дастанын өзің де менен сұрап анықтап алған жоқпысың? – дейді шешен. Сонан соң:
- Асылы, ақыл адамды адастырмайтын жол
Білім таусылмайтын кен.
Адамның басшысы – ақыл,
Жетекшісі – талап,
Шолғыншысы – ой,
Жолдасы – кәсіп,
Қорғаны – сабыр,
Қорғаушысы – мінез,
Біліп туған бала екенсің,
Тумасыңнан дана екенсің, - дейді Шоқанға риза болған шешен.

Саққұлақтың өзге шешендерден бір өзгешелігі – ол сауатты, білімді болған. Оған бір ғана Шоқан Уалиханов кездесіп, тыңдап қоймаған, сол кездегі қазақтың, орыстың оқыған азаматтары, зерттеушілері кейде іздеп барып, кейде шақырып алып, көптеген даналы, бағалы сөздерін жазып алып жүрген.

* * * * *

Мұсаның асына 86 жастағы Саққұлақтың өзі келгенде алдынан даяшы шығып арнаулы үйге түседі. Мүсет ел аралап жүріп Саққұлаққа сәлем бере барыпты. Саққұлақ Мүсетті бұрын көрмеген екен.

- Кімсің, ей? - депті.
- Уа, мен Керей Мүсетпін.
- Е, Керейдің торы ала жылқысын құртқан кесірлі Мүсет, сен бе едің? Сонда Мүсет:

- Е, кешегі заманда еліңді жаулап шауып, қызыңды қатын, қатыныңды отын қылған екен. О да менің қырсығым болғаны ма?

Саққұлақ сөзден тосылып қалып, қылышын ала ұмытылыпты. Мүсет үндемей үйден шығып кетіпті. Оны көріп Нұралы алдынан шығып, сәлем беріп:

- Е, Мүсеке, би атама сәлем бердіңіз бе? Жол болсын!
- Ағаңа барып едім, жынданып жатыр екен, - депті Мүсет.

- Олай болса би біздікіне жүріңіз, қонақ болыңыз, - депті Нұралы. Мүсет жарайды деп ілесіпті. Есікке қарай бұрылып, Саққұлактікіне қайта кіреді. Сонда Саққұлақ Мүсеттің сәлемін алып:

- Әй, жарайсың! Мені екі өлімнен алып қалдың-ау! Жұрт мақтаса, мақтағандай екенсің, - депті.

* * * * *

Орта жүзде Қаржас Шорманның Мұсасы Қанжығалы Саққұлақ шешенге амандасқалы келгенде, Мұса бес сұраққа жауап сұрайды:

«Ағат деген не?

Санат деген не?

Қанат деген не?

Жанат деген не?

Ханым деген не?»

Сонда Саққұлақтың жауабы:

Екі кісі ұрысса,

Ағат емей немесе!

Екі жақсы сөйлесе,

Санат емей немене!

Мінген атың болдырмай,

Мәрелі жерге жеткізсе,

Қанат емей немене!

Тоқтышақтың терісі,

Тондырмаса суыққа,

Жанат емей немене!

Адал болса алған жар,

Ханым емей немене!

Жайлы болса мінезі,

Жаның емей немене!

* * * * *

Бірде ауылдың жас жігіттерінің бірі Саққұлақ шешенге келіп, былай деп сұрайды:

- Биеке, біз бір топ жігіттер дауласып, келісе алмай жатырмыз. Елге бас болатын азаматтың бойында қандай қасиеттер болу керек?

Сонда Саққұлақ шешен:

- Орынды сөзді тыңдай білу керек,

Жақсы адамды сыйлай білу керек.

Жас баланы сынап білу керек,

Істің дұрысын аңдай білу керек.

Азаматтың арыстанан таңдай білу керек, - деп жауап берген екен.

* * * * *

Көпшілік бас қосқан бір жиында арасынан ақсақал адам былай деп сөз тастайды:

- Шыңғыстың ұлы Шоқанды ғылымды игерсін деп оқымысты жасадық. Сол ғылымның адам баласына тигізер қандай пайдасы бар?

Көптің арасында отырған Саққұлақ шешен оған былай деп жауап қатыпты:

- Нағыз ғылым – ақылы шала адамды бүтін ақылға жеткізеді. Ал, бүтін ақылды адамды даналыққа жеткізеді. Ғылымға ермей жалқаулыққа салынғанды бүтін ақылды болса, шала қылады, шала ақылды болса, есін жимаған бала қылады.

* * * * *

Саққұлақ шешеннің қартайған шағында сырқаты меңдеген соң ауыл адамдары, ағайын-туыстары жиналып келіп, көңілін сұрайды. Әңгіме үстінде қариялардың бірі:

- Биеке, сіздің көргеніңіз көп, дәмдес болып, тілдескендеріңіз де көп. Адам баласына байланысты қандай ой айтар едіңіз, - деп сұрайды. Сонда Саққұлақ шешен былай деп жауап беріпті:

- Ел адамымен сөйлессең,
Ауылы мен аймағын айтады.
Қыр адамымен сөйлессең,
Түйесі мен тайлағын айтады.
Үй адамымен сөйлессең,
Мүлкі менен жиғанын айтады.
Әйелменен сөйлессең,
Құрт майы мен қаймағын айтады.
Тексіздермен сөйлессең,
Аузына түскен қайдағыны айтады.

* * * * *

Саққұлақ шешен жолаушылап келе жатып, бір ауылға қонақ болады. Ат басын тіреп түскен үйі кедей адам екен. Табан астында қазан көтеріп асатын еті болмағанымен, қаймақ, май мен бауырсағын дастарханға жайып, шешенге шай беріпті. Әрі осы жағдайға қысылып, үйдің иесі жағдайын айтып, Саққұлақтан кешірім сұрайды. Сонда Саққұлақ шешен:

- Аспан толған жұлдыздан,
Жарқырап тұрған күн артық.
Кесілген шұрық теріден,
Қырқып алған жүн артық.
Жабыдан шыққан шабаннан,

Қазанат туған тай артық,
Түйе сойған жиыннан,
Тоқты соған той артық,
Көңілсіз берген етіңнен,
Жайдары ішкен шай артық, -
деп жауап берген екен.

* * * * *

Кезінде Шыңғыс сұлтанмен бірге аға сұлтандыққа таласқа түскен Ерден деген кісі Шыңғыстың үстінен шағым жасамаққа Омбыға барарының алдында ел жағдайын байқамақ болып, Саққұлақтың ауылына қонақ болады. Ертеңіне өзінің ойын шешенмен бөліскен Ерден жолға аттанайын деп жатқанда Саққұлақ былай деп түйін сөзін айтады:

- Ей, Ерден,
Батыр жауда керек,
Шешен дауда керек,
Ақша қуған есерге,
Пайдалы сауда керек.
Шатақ мінез,
Мұратқа жеткізбейді.
Жақсы мінез,
Ағайыннан кеткізбейді.
Халық қолдамаса,
Батырдың басы орда қалады,
Бидің басы жолда қалады.

Шешеннің осы сөзіне ой жүгірткен Ерден райынан қайтып, ат басын кейін бұрған екен.





*Қадалғанның көзінен сақтасын,
Қарғазанның сөзінен сақтасын!
Жиылып келген жаудан сақтасын!
Түйіліп келген даудан сақтасын!*

МАШАҚ ШЕШЕН

Рулық қауымдастықты ту етіп көтерген қазақ халқының тарихына көз салсақ, заманының өр тұлғасы болған талай тамаша тарландардың өмір сүргендігін көреміз. Солардың әрқайсысын елдің өткенінен мәнді де маңызы сыр шертетін алып бәйтеректер десек те болады. Тарихтың кескіні мен келбеті олардың кейінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай қалдырған іс-әрекеттерімен, айтқан ұлағатты да қанатты сөздерімен тығыз байланысты. Әрі ақын, әрі рухани құндылықтарды зерттеуші Т.Сәдуақасов өзінің «Астана аймағы» деген еңбегінде былай дейді: «Осынау құтты мекенде Құлагердің данқы жер жарды, Құлтуманның жыры шарқ ұрды, Біржан мен Ақанның, Естай мен Ғазиздің, Мәди мен Әздембай салдың асыл әндері аспанға әуеледі, Қажымұқан, Балуан Шолақ, Иман Жүсіп сынды алыптар өнерімен өрге жүзді, Марғасқа ер, ер Мағжан ақынның мақамына айналды» [21, 11]. Міне, осы айтылған алыптардың қай-қайсысын алып қарасақ та ел тарихының тұғырына айналған тұлғалары болғандығы айқын мәселе. Бірақ, осындай тұғырлы тұлғалардың барлығы дерлік жан-жақты зерттеліп болды ма деген сұрақ қойылғанда кібірткітеп қалатынымыз тағы да рас. Оның да түрлі себептері бар. Солардың бірі – естеліктердің, дерек көздердің жетіспеуі. Дегенмен, қолда бар дүниелерді сарапқа сала отырып, мүмкіндігінше зерттеу жүргізу, зерделеу, сөйтіп, жарыққа шығару әрі міндет, әрі аманат.

Егер жер бетінде ой-шұңқыр, сай-сала, өзен-көл, тау-төбелер болмай теп-тегіс келсе, ешқандай қызығы болмас еді. Тарих та дәл солай. Олай болса, тұлғалардың да өзіне тән шыққан биігі бар. Абай мен Дулаттың шығармаларын теңестіруге келмес. Бірақ, әрқайсысын өз деңгейінде қарастырып, көпшілікке ұсыну қажет. Сондықтан, заманында халқына еңбегі сіңген, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық өнеге қалдырған жандарды таныту, таныстыру келелі міндеттердің бірі болмақ.

XIX ғасырда дүркін-дүркін жарияланып тұрған қазақ халқына қатысты патша жарлығы негізінен отарлау саясатын жүзеге асырудың бірден-бір амалы еді. Сондай жарлықтардың көш басында көнеден келе жатқан хандық билік пен рулық қауымдастықты жойып, оның орнына аймақтық тұрғыдан

басқаруды өмірге әкелу тұрды. Нәтижесі, аға сұлтандықты, болыстықты, старшындықты туғызды. Осы үш лауазымдық орынға сайлауды өткізгенде, оған түскен адамның ел ішіндегі беделіне, мақсатына, мал-мүлкіне, таным-түсінігіне, сөйлеу тіліне ерекше назар аударатын. Өйткені, патша өкметі өздерінің саясатын солар арқылы жүргізетін болғандықтан ондай адамдар қажет еді. Сондай-ақ, халықтың санасына сіңіп, ойына орныққан ханның ұрпақтарын төре деп құрметтеуді де назардан тыс қалдырған жоқ.

Бір сөз айтсаң жақсыға,
Аталы сөзге тоқтайды.
Бір сөз айтсаң жаманға,
Өмірінде ұқпайды.
Надандықтың белгісі,
Өзін-өзі мақтайды.
Көкірегі соқырға,
Өмірде таң атпайды.
Шешеннің сөзі дария,
Қап түбінде жатпайды, -

деп толғаған, Жақсы Жанқұттының, немесе:

Танысыңның бәрі ақылшы емес,
Жақынның бәрі жанашыр емес.
Ағайынның бәрі адал болмас,
Дұшпанның бәрі қатал болмас.
Туғаның қадырлесе дәулетті болғаның,
Дұшпаның қадірлесе әулетті болғаның,
Қатарың қадырлесе өнерлі болғаның.
Маңайың қадірлесе кемерлі болғаның,
Ауылың қадірлесе сыншы болғаның.
Аймағың қадірлесе жыршы болғаның,
Үй-ішің қадірлесе мазалы-ақ болғаның.
Халқың қадірлесе азамат болғаның, -

деп соңына салиқалы сөз қалдырған. Жаманқұлдың, болмаса:

Жақсы деген адамнан:
Шешен болса сөз қалады,
Көреген болса көз қалады.
Ойшыл болса, өсиет қалады,
Әулие болса қасиет қалады.
Жаман деген адамнан:
Ақымақ болса ар қашады,
Арсыз болса жар қашады.
Ошақтан кетіп береке,
Қорадағы мал қашады, -

деп салмақты сөзімен еліне танымал болған Талпақ қажының Ахметжанының болыс, старшын болулары біздің пікірлерімізді айғақтай түседі. Міне, XIX ғасырда өмір сүрген осындай ордалы қайраткерлердің

ортасынан ойып тұрып орын алатын, көрнекті тұлғалардың бірі – Машақ (Мәшекең) Жантөбетұлы.

Мәжит Кенжеұлының «Қаракесек Әлтеке, Сапақ шежіресі» деген еңбегінде Машақты (Мәшекеңді) 1815-1893 жылдары өмір сүрген деп көрсетіпті. Әрине, көптеген тұлғалардың туған, қайтыс болған мерзімдері шамамен алынатындығы белгілі жәйіт. Өйткені, нақты сақталмағаннан кейін, негізінен екі түрлі тәсілді басшылыққа ала отырып, кезеңін есептеп шығарады. Оның біріншісі, өмір сүрген уақыттары айқындалған, сұрыптаудан өткен, елдің елегінен шыққан танымалы замандастарымен салыстыру.

Осы орайда айта кететін мәселе, Мәшекеңнің Жақсы Жанкүттымен қатарлас болғандығы. Жазба дерек болмаса да, ел аузындағы сақталған шағын әңгіме бар. Жақсы Жәкеңнің 1810 жылы өмірге келіп, 1873 жылы Меккеде қайтыс болғандығы көптеген зерттеулерде айтылып жүр. Оған тиек болған Құнанбай мен екеуінің арасындағы қажылыққа бару туралы жауаптасуы. Дуанбасының Меккеге барғаны 1874 жыл. Сонда бір жыл бұрын барып, пайғамбар жасына келген шешеннің қайтқан жылы 1873 жыл болады. Олай болса, Мәшекеңнің туған жылына байланысты мерзімде сәйкестік бар. Екіншіден, бір ғасырға үш ұрпақ сыяды деген қағиданы басшылыққа алар болсақ, бүгінгі таңда алтыншы атадан жетінші атаға ауысып отырған кезеңде екі жүз жылды шегерсек, тағы да қисынға келіп тұрғанын байқаймыз. Ендеше, 1815-1893 жылдарда өмір сүрген деген пайымдауды қабыл көрген жөн сияқты.

Келесі бір айтатын мәселе, Мәшекеңнің отбасына қатысты деректер. «Қаракесек Әлтеке, Сапақ» шежіресінде үш әйел алған деп көрсеткен. Енді осының себебіне назар аударып көрелік. Шежірелік деректерде, Әлтекеңнің бірінші әйелінен: Өтеген, Өтеуіл, екінші әйелінен: Әлмұрат, Дос туады. Өтегеннен төрт ұл өмірге келген. Олар: Жанкел (жанкелді), Қойкел (Қойкелді), Байдәулет, Бейімбет. Қойкелден: Болат, Жарылғап, Жәмеңке, Есті, Хан, Жан, Бек. Болаттан: Жантөбет. Жантөбеттен: Машақ шешен.

Біз Машақтың әйелдерінің есімдері мен туған балалары туралы келесі мәліметті ұсынамыз.

Бірінші әйелі Айғанымнан: Ербекей, Ормақай (Нұрмақай), Шөмен (Байтүмен).

Екінші әйелі Мәтбаладан: Әбілда, Шәйкен, Қоңқыш, Жүніс, Дөңгелек, Қарабас, Жанғабыл, Малғабыл.

Үшінші әйелі Жұбайымнан (Айбике) бала жоқ.

Төртінші әйелі Аққасқадан: Әлішер, Әбеу.

Мәжит Кенжеұлының шежіресінде, Мәшекеңді 33 жыл болыс болған дегенді айтады. Бұл дерек ел аузында да сақталған. Ал, қай жылдары деген сұраққа жобамен түспалдауға болады. Болыс болу үшін алдымен тілді адам болу қажет, екіншіден ел ішінде сөзі өтімді, беделді болуы керек, үшіншіден дәулеті сай болған жөн. Ол кезеңде мал басына санақ жүргізгенде жылқы басты назарда болған. Мәселен, старшын болу үшін аз дегенде 500 жылқы,

болыс болу үшін 3000 жылқы белгіленген, өзге малға онша мән бере қоймаған. Осы тұрғыдан келер болсақ, зерттеуші Т.Сәдуақасовтың «Астана аймағы» еңбегінде мұрағат материалдарынан мынандай мәліметтер келтірілген:

1850 жылдары старшын, болыс болуға жететін байлардың санатына Өлтеке – Өтеген тармағы бойынша жиырма төрт адамды тіркеген. Солардың ішінде Машақтың әкесі Жантөбет Болатовтың шаңырағында үш ұл, үш қызы және 3400 жылқысы бар деп берілген. Балаларына қатысты деректің дұрыстығын шежіреден де көруге болады. Онда Жантөбеттен Әйнек, Машақ, Итбай деп жазылған. Ал, мал санағы жағынан, Өтеген тармағы бойынша үшінші орында тұр.

Бірінші орында – Шайтас Жаманкин. Отбасында екі ұлы, екі қызы бар. Жылқы саны 5600.

Екінші орында – Қожық Жаманкин, екі ұл, екі қыз, 3800 жылқы.

Ал, інісі Жайнақ Болатовта үш ұл, екі қыз, 1400 жылқы болса, Тәтті Жайнақовта бір ұл, бір қыз, Салқынбай Жарылғаповта бес ұл, үш қыз, Балқынбай Жарылғаповта үш ұл, үш қыз, жылқыларының саны жүзден төмен, салық төлеуге ілікпеген. Сондай-ақ, Белес Естинде үш ұл, бес қыз, 400 жылқы, Құрқанбай Естинде үш ұл, екі қыз, 500 жылқы, ал Тауас, Мойнақ Естиндердің жылқысы жүзге жетпеген. Сонымен қатар Биғұл Хановта екі ұл, үш қыз, 300 жылқы, Жан Қойгелдиевте үш ұл, үш қыз, 100 жылқы болған.

Біріншіден, Машақтың әкесінің дәулеті ағайындардың арасында үшінші орында болған. Сұрақ бірінші, екінші орында тұрғандардан неге болыс сайланбаған?

Яғни, Машақтың шешендігі мен көсемдігінің ел ішіндегі беделінің өзгелерден жоғары екендігін көрсетеді.

Екіншіден, мұрағат материалдарында, Машақтың әкесі жазылған, яғни, XIX ғасырдың елуінші жылдары Машақ болыс бола қоймаған. Олай болса, ол кісіні 1860-1893 жылдары, яғни өмірінің соңына дейін болыс болған деген пайымдауды ұсынғанымыз жөн.

Біз жоғарыда болыстыққа сайланған адамдардың әрі беделді, әрі сөз шебері – шешен болуы да есепке алынған деген пікірді айтқан едік. Анығын айтқанда барлығы болмаса да, басым бөлігінің осы талаптан шыға білгендігі ақиқат. Өйткені, ел ішіндегі кездесіп отыратын түрлі дау-дамайларды ушықтырмай басу, тоқтам жасап, билік айту осы болыстардың мойынына жүктелді. Ал, сөз құдыретін түсіне білген қазақ халқының тапқырлықпен айтылған түйіндерге риясыз келісуі, сондай-ақ, кезі келген шиеленісті екі ауыз сөзбен бітістіруге машықтанған шешендерді ерекше құрметтеуі ұлттың өзіне тән сипатын аңғартады. Сондықтан да:

Қарағайға қарсы бұтақ біткенше,

Еменге иір бұтақ бітсейші –

Құсқа орда болатын.

Атадан алты жаман туғанша,

Алты атадан бір жақсы тусайшы –

Елге тұлға болатын, -
деп толғаған Жақсы Жанқұтты, немесе:

Шешен адам сөйлесе,
Сөздің майын тамызар.
Теріп тілдің мәйегін,
Дариядай ағызар.
Шорқақ адам сөйлесе,
Естіген ел шошынар.
Жемежемге келгенде,
Сөз таба алмай тосылар, -

деп сындарлы ойды салмақтап айтқан Талпақ қажының Ахметжаны болыс болып елге, жерге қорған болған өз заманының заңғар алыптары еді. Бұдан шығатын ой Жантөбетұлы Машақтың да осылардай айтулы азамат болғандығы.

Қазақ халқында «жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» - деген нақыл бар. Алыстаған сайын таудың биіктігі айқындала түседі. Машақ болыстың да өшпей, жоғалмай есімінің бүгінгі таңға жетуі оның өз кезінде елге еңбегі сіңген тұлға болғандығының бірден бір дәлелі. Бірақ, іздеушісі жоқ жан жетім. Оның үлгі боларлық тәрбиесі, мәні бар мұралары толық сақталмаған. Атадан балаға мирас болып жеткен шамалы әңгімелерін көпшілікке ұсынғанды жөн көрдік.

МАШАҚТЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Бірінші әңгіме. Шежіре деректерінде, Қаракесектен: Ақша, Түйте, Түйтеден Майқы, Танас, Майқыдан Айтуған, Күнтуған деп айтылады. Мұндағы Күнтуғанның лақап аты – Сарым (түріне қарап жеңгелері солай атап кеткен екен).

Ал, Айтуғаннан Өлтеке, Сапақ туады. Өлтеке жоңғарларлармен болған үлкен шайқаста (1644 жылы) 28 жасында мерт болып, аяғы ауыр шешесі жау қолын тұтқынға түседі. Арада екі жыл өткенде Күнтуған (Сарым) Тобықты Толаңқарт деген батырды бас етіп, бес жүз жасақ аттандырып, жаудан кек алып, жеңгесін тұтқыннан босатып алып келеді де, үлкендердің ұйғарымымен өзі алады. Сондағы екі жастағы бала – Сапақ екен. Яғни, Сапақ Өлтекенің інісі болғанымен, Сарымның тәрбиесінде өседі. Осы Сарымның бір ұрпағы Қоңырбайдың Қаламбайынан: Ақтан, Оразай, Наурызбай, Шолпан, Дәбер, Тасы, Бөгес, Болат, Үкітай есімді тоғыз ұл туады. Ер жетіп, енші бөліскенде, Ақтан мен Оразай бір бұлаққа таласып қалыпты. Ағайындар жиналып, таласты тоқтату үшін жүгініске жақында ғана болыс болған Машаққа келеді. Жағдайды тыңдап алған Машақ:

- Уа, халқым! Өлтеке-Сарым, қос-қозыдай бір ел едік, бес атаның ішінде осал емес ірі ел едік! Ағайындылардың арасындағы дауға мен төрелік айтсам, бірінің көңілінде дақ қалады, ал жөн білер сырт адам айтса, іс орнына келіп ақталады, Дос атамыздан бата алған Керней Есей батыр елінен арнайы адам

алғызайық, салмақты соған салғызайық, ақысына тоғыз жылқыны мен берейін, - дейді. Сөйтіп, Есейден келген кісі бұлақты бейтарап қылып, ағайындыларды татуластырады.

Машақ болыстың сөйлеген сөзінен бір шешендіктің тамаша үлгісін көреміз, яғни, қарапайым түрде емес, ата-баба дәстүріне сай билерге тән салиқалы да, салмақты салтпен сөз саптай білген шеберлікті байқаймыз. Екіншіден, ел ішінің жағдайы мен жай-күйін толық барлап, отырған байыпты болысты аңғарамыз. Осы оқиғаны құптай көрсететін келесі бір әңгімені айта кеткенді де орынды санадық. Жаңағы Ақтаннан Жанбай, Жанбайдан 1937 жылы «халық жауы» деп ұсталған белгілі Әбіш ақын туады! Осы Әбішпен замандас Керней Есей Түсетай ақынның аталары әр ұрпақтан бір-бірден ғана тараған, өсе қоймаған ел екен. Әбіш бір отырыста Түсетайға:

Ежелден бай боп өткен атаң Барқы,
Үшеуің үш әкеден тудың жалқы.
Бес үйі бір араға бас қоспайды,
Бұл қалай, ынтымақ жоқ Есей халқы? –
дегенде Түсетай іліп әкетіп:

Ежелден бай боп өткен атаң Ақтан,
Сен қалай татулықты қылдың мақтан.
Оразай-Ақтан болып соғысқанда,
Бітімге кісі алмап па ең біздің жақтан? –
депті.

* * * * *

Екінші әңгіме. Кәрсон-Керней елінде атақты Адамбай, Тұрсынмен іргелес қоныстанған, дәулеті мен сәулеті сай Қыпшақ Түлкібас деген бай адам болған. Өмір сүрген кезеңі шамамен 1840-1930 жылдардың арасы. Өзі танымал, көпшілік қадірлеген күйші болған. Түлкібастың он алты, он жетілерге келген шағында өнерге жақын екендігін байқаған әкесі: «Текті елдің азаматы, ауызы дуалы Машақтан бата алып кел!» - деп, сый-сыяпатпен баласын жібереді.

Жас болса да, атаның аманатымен келген оны, қонақасы беріп күтіп, кетерінде Машақ былай депті:

- Төкіжан балам, бата сұрай келген екенсің, менің мынадай сұрақтарыма жауап беріп көрші! Алдымен айтарым ән жақсы ма, болмаса сән жасы ма?
- Сән жеке бастың ісі, ән көпшіліктікі, елдің көңілін көтерер ән жақсы, - депті Түлкібас.
- Азаматқа ар керек пе, немесе мал керек пе?
- Арлы болсаң мал өзі келеді, ар керек, - дейді Түлкібас.
- Азаматқа бала жақын ба, бауыр жақын ба?
- Халық айтады: «Бала бауырдың еті» деп, бауыр бауырдың өзі, сондықтан еті керек пе, өзі керек пе бағамдай беріңіз!

Жауабына риза болған Машақ Түлкібасқа тоғыз күй тартқызып, соңынан былай деп батасын береді:

Шырағым, Төкіжан, жай қолыңды!
Жаратуышым ұзақ қылсын жолыңды,
Өнерің өссін өркендеп,
Тани біл оң мен солыңды!
Қадалғанның көзінен сақтасын,
Қарғағанның сөзінен сақтасын!
Жиылып келген жаудан сақтасын!
Түйіліп келген даудан сақтасын!
Дұшпанның зәрінен сақтасын!
Патшаның кәрінен сақтасын!
Жақсылық жолдас болып,
Жаманның бәрінен сақтасын!
Әумин!

Мәшекеңнің берген батасы қабыл болып, Түлкібас ұзақ өмір сүреді, халықтың рухани байлығы күйдің дамуына өзінің үлесін қосады.

* * * * *

Үшінші әңгіме. Кіші жүзде Қозыбай деген жігіт біреудің жесірімен көңіл қосып, оны біліп қойған ағайындары жігітті жазаға тартпақ болып, Қозыбай қашып, Арқаға келеді. Атағы аспандап тұрған Машақ болысқа келіп, болған жайды толығымен баяндайды. Қанатының астына алуын өтінеді. Сонда Машақ былай депті:

Ер жігіт ақылды болса,
Еліне пайдасы тиер,
Ер жігіт ақымақ болса,
Пайда емес найзасы тиер.
Ойланбай іс қылса,
Жақынның жаны күйер.
Ойланып іс қылса,
Риза боп халқы сүйер!
Тосылмас жүйрік болмас,
Шошынбас жүрек болмас!
Қисық ағаш тезден түзіледі,
Дау-жанжал сөзден түзеледі.
Қал арқанды сүйремеген нар емес,
Атастырып алмаған әйел жар емес,
Жақсыға жайлы орын бар,
Іргелес келіп қоныңдар.
Дәмінді біздің елден жазсын!
Топырағыңды туған жеріңнен жазсын!

Сол Қазыбай қартайған шағында ағайындарымен жүз көрісуге барады да, өз жерінде қайтыс болыпты.

* * * * *

Төртінші әңгіме. Машақ болыстың қартайған шағында ағайын-туғандары жиі келгіштеп, көңілін сұрайды екен. Сондай бір кезекте, жас шешен Қосыбай (бұл да Әлтеке руынан):

«Жасыңызда бала болдыңыз, асыр салып ойнадыңыз, балалыққа тоймадыңыз, өсе келе жігіт болдыңыз, жақсы іске үгіт болдыңыз, онан кейін аға болдыңыз, ағайынға пана болдыңыз, қазір қария болдыңыз, ақылы кең дария болдыңыз, кәрілік жайлы айтарыңыз бар ма?» - дейді. Сонда Машақ болыс тұрып:

Кәрілік деген бір белес,
Өткенінің бәрі елес,
Балана қарап балпақ боласың,
Келінге қарап жалтақ боласың!

О, кәрілік!

Жайнап тұрған көзімді алдың,
Сайрап тұрған сөзімді алдың,
Бойымдағы төзімді алдың,
Кәрілік, сенің неңді алдым!

Бүлкілдеген етімді алдың,
Үлпілдеген бетімді алдың,

Қатарымнан айрылып,
Жалғыз-жарым жетім қалдым!

Кәрілік сенің неңді алдым!
Кереметтей күшімді алдың,

Меруерттей тісімді алдың,
Елге жаққан ісімді алдың,

Кәрілік сенің неңді алдым!
Кеспей-пішпей ат қылдың,

Көңілімді сап қылдың,

Алғаныма жат қылдың,

Кәрілік сенің неңді алдым! – деген екен.

Міне, Машақ болыс жайындағы бізге белгілі мәліметтердің ұзын-ұрғасы осындай. Әрние, мұндай тереңнен толғап, кеңінен қозғап сөз айтқан адамның аты да, заты да өшпейді, өлмейді. Бір әттең-айы мұрасының бүгінгі таңға толық жетпеуі. Дегенмен, азда болса, алғырлықпен айтқан қанатты сөздерінің астарында тәрбиелік мәні мол, ұлағаты зор маңыздың жатқандығы айдай анық. Машақтың керемет тұлғасы кейінгі ұрпақтың есінде жүрсін деген ниетпен білгенімізді ұсынғанды жөн көрдік.



*Бұл жалғанның түбінде байлам жоқ,
Оның қызығына тойған жоқ.
Өмір деген кесік емес пе?
Келер жеріміз бесік емес пе?*

БАЙСЕЙІТ ШЕШЕН

Арқаға аты мәлім шешендердің бірі – Қырбастың Байсейіті. Шешеннің тілі ғана емес, өзі де ержүрек, батыл адам болған екен. ол жайында ел ішінде азды-көпті әңгімелер баршылық. Көне көз қарияларда Байсейіттің әділдігін, адамгершелігін ерекше атайтын болған.

XIX ғасырда өмір сүрген шешен ел ішіндегі жер дауы, жесір дауы тәрізді мәселерді шешуге айтарлықтай ат салысқан. Оның шешендік сөздері көптің есінде бүгінге дейін сақталып жеткен. Біз төменде қолға түскен материалдарды жариялап отырмыз.

БАЙСЕЙІТТІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Абайдың әкесі Құнанбаймен және оның құдасы Алшынбаймен қатар жаны жомарт Байсейіт Орта жүздің биі ретінде қастарында жүрген. Сол Байсейіттен туған Нұрлан да пейілі кең, қайырымды, елге сенетін, қолында барын бөліп беретін, халықпен сыйласа білген. Оның жинағанын шашып, ысырап қылғанын жақтырмаған Байсейіт әке де болса:

- Ей, сендерге Нұрлан береді, маған кім береді? - деп, Нұрланның елге таратқанын артынан жүріп жинап алады екен.

Сөйткен Нұрлан ауруға шалдығып өмірден ерте кеткенде, әкесі Байсейіт қабірдің басында жылап отырып:

- Мен Нұрланды кілемге орап қоямын, - дегенде, ауылдың ақсақалдары:
- Кілемге орап қояға болмайды, - дейді. Сонда Байсейіт:
- Құдай саған кілемді де бұйыртпады, жатар орның қара жер болды-ау, кешір менің асылығымды! – депті.

* * * * *

Тобықты елінде атақты бір бай әкесіне ас берген екен. Сол астағы бәйгеге Ағыбай батыр екі ат қосыпты. Сол елдің ақсақалдары «жолы үлкен еді ғой» деп екінші келген аттың бәйгесін Байсейітке байлапты. Сонда Байсейіт:

- Бұл кедей тегінен жаралған! - деп байлаған малын алмапты. Сонда Ағыбай:

- Жолымнан жығылмаймын, - деп бас бәйгені байлапты. Сонда Байсейіт:

- Біздің батыр кедейден шыққан, жомарт екен-ау, - деп берген бәйгені алған екен дейді.

* * * * *

Қарақаралы өңірінде бір дауға төрелік жасауға Байсейіт би барған екен.

Қыстың кетпеген, жаздың жетпеген кезі болса керек. Байсейіт басына тымақ, үстіне ішік киген аттан түсіп келе жатқанда Алшынбай би жақтырмай:

- Сүйекке сіңген әдетті қойсайшы, жаз шығып жер дүние өзгеріп жатқанда Қарекен баласының өзгермеуін-ай, - деген екен.

Көпшілік бұған қыран-топан болып күліпті. Алшынбай Байсейіттің әкесі Қырбастың жалаңбас қалып қыста үсіп өлгенін салық қылған екен. Сонда Байсейіт:

- Әй, Алшынбай, Құнанбай Қарқаралыда мешіт салдырды, соған ағайыншылыққа өзінді қойыпты. Осы айқайдың жалтырын білмей отырмын, – деп тымағын шешіп, тізесіне қойыпты да:

Қыстың жалтыры – мұз,

Таудың жалтыры – құз,

Маусымның жалтыры – жаз,

Көптің жалтыры – аз,

Аздың жалтыры – таз еді, - депті.

Алшынбайдың таз екенін бетіне басқаннан кейін, ол бас киімін шеше алмай, не жауап сөз айта алмай отыра қалыпты дейді.

* * * * *

Бодық батыр мен Байсейіт би немере-шөберелі болып келеді екен. Төрелер бізге жол бермейді деп Керней елінен ауылдарына төре алғызбапты. Содан Керней елінің төрелері Байсейіт биге тізесін батырып жүреді екен.

Бодық батырдың замандасы Саржан төре өзіне қосып алғысы келіп, оны айналдырып жүреді. Бірақ Бодық Байсейітті сыйлайды екен.

Бір күні Саржан батыр Бодықты қонақ етеді. Мұны естіген Байсейіт:

- Ханмен жақындасса бұ дүниеде таяу жүргені, төремен жақындасса о дүниеге таяу жүргені екен ғой, - дейді.

Қонаққа барғанда Саржан Бодық батырға ыстық сорпа беріп, қастық жасапты. Мұны іштей сезген Бодық батыр Байсейіт бидің сөзін ол өлгенше екі етпепті.

* * * * *

Бәкі шешен Байсейіт биге аталас болып келеді екен. Байсейіттің жылғыз баласы Нұрлан қайтыс болыпты. Көңіл айтуға келген билерге Байсейіт бас көтермей төсек тартып жатып алады. Мәйітті жерлеуге келісімін ала алмаған ел тосыпты. Алыс жолдан келген Бәкі шешен ел жағдайын байқаған соң Байсейітке:

- Бұл жалғанның түбінде байлам жоқ,
Оның қызығына тойған жоқ.
Өмір деген кесік емес пе?
Келер жеріміз бесік емес пе?
Бара жеріміз бейіт емес пе?
Бесікте кетсе шейіт емес пе?
Өлім айтып келмейді,
Тірі жанға бір өлім емес пе?
Ел тұрғанда көміледі емес пе?
Мың күндік қайғыдан,
Бір күндік пайда жоқ.
О, жасаған бізді тауыпты ғой!
Қаза халықтікі ғой,
Халықтан үлкен би едіңіз,
Көтер басыңды Байсейіт, – деген екен.

Сонда би басын көтеріп, ұлына соңғы ақтық батасын берген екен.

* * * * *

Кәрсон Торпақ бай дәулетін аңшылық-құсбегілікпен жинаған адам екен. Бір күні Байсейіт жолушылап келе жатып қақпан құрып жатқан Торпақ байдың үстінен түседі. Бұны өрескел көрген би:

- Не істеп жатырсың? – депті.
- Балалардың несібесін айырып жатырмын, - дейді Торпақ. Сонда Байсейіт:

- Алақандай жерден несібе айырған тірлігің құрып қалсын! – депті. Тағы бірде Байсейіт Торпақтың ауылына соғыпты. Бай қазан көтеріп, қарсы алады. Қойдың етін тұтас астыртыпты. Ет желініп, бата қайыратын уақытта табақта бір жапырақ та ет қалмапты. Сонда Байсейіт:

- Мен қол салған табақта бір ауылдық май қалушы еді, апырмай, Байсейіт мешкей атанады-ау, - депті.
Сөйтсе бай тентек қойды сойған екен. Содан бастап Байсейіт Торпақ байды Асау Торпақ деп деп атап кетеді. Ел арасында Асау Торпақ деген ат осыдан кейін қалыпты.



*Аса нысық болсаң,
Аспанға асыларсың,
Аса момын болсаң,
Табанға басыларсың,
Аз сөйлеп, көп тыңдасаң,
Қарияға қосыларсың.*

МӘНЖІҒҰЛ ШЕШЕН

Мәнжіғұл шешен ел аузында сақталып жеткен мәліметтерде XIX ғасырда қазіргі Ақтоғай өңірінде өмір сүрген деп айтылады. Ол шешен ғана емес, батырлығымен де танымалы болған көрнекті тұлға. Сол кездегі ел жақсылары Құнанбаймен, Жанқұттымен тығыз достық қарым-қатынаста болған. Шыққан тегі Дадан Тобықтының ішінде Құланшы. Әкесінің аты Шегір. Ел ішіндегі әңгімелерге қарағанда әкесі Шегір де ел сыйлаған, аса діндар адам болған екен. Ескіше сауаты мол, шарифаттың шарттарын жетік меңгерген, намазы мен оразасын өзіне серік еткен, еті тірі адам болыпты. Баласының білімділігін аңғарған ол, Құнанбай мен Жанқұттыға тәрбиелесін деп атап тапсырыпты. Мәнжіғұл өзі алты бала өсірген. Бір немересі атақты әнші Күләш Байсейітованың анасы.

МӘНЖІҒҰЛДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Абайдың әкесі Құнанбай Қарқаралы дуанына аға сұлтан болып тұрған кезде Қазақтың Россияға қосылуына және Құнанбайдың аға сұлтан болуына қарсы болған батыр Құдайменде төрені (Әлейхан Бөкейхановпен аталас туыс) ұстап тұтқындауға Құнанбай жоғарғы ұлықтардан бұйрық алады. Бұл бұйрықты орындауды Құнанбай руы Дадан тобықты оның ішінде Құланшы, кезінде жолбарыс соққан Мәнжіғұл батырға тапсырады. Құдаймендені Мәнжіғұл батыр Кенелі-Майтас тауының ішінде ұйықтап жатқанда тұтқындайды. Екі батыр бірін-бірі бұрыннан білетін, жорықтарға бірге аттанған үзенгілес дос адамдар екен, Мәнжіғұл Құдаймендені босатып қоя береді. Құнанбай бірнеше рет кісі жіберіп хабар күтеді. Мәнжіғұл үнсіз,

хабарсыз жүре береді. Күндердің күнінде Құдаймендені босатып жібергенін естіген Құнанбай Мәнжіғұлды Қарқаралыға шақыртады. Амалы таусылған батыр Балқаштан Қарқаралыға жол тартып жолшыбай жақсы Жанқұтты биге келеді. Жақсы Жәкең Мәжіғұлдан жөн сұрайды, батыр болған жайды айтып:

- Құнанбайдың қаһары қатты еді, қандай ақыл бересіз? - депті.

Жақсы Жәкең ойланып отырып:

- Құнанбай құдайшыл еді, аузына құдайды ала сөйлерсің, - депті.

Мәнжіғұл Қарқаралыға келіп Құнанбай отырған үйге сәлем бере кіріп келсе, үй толы кісіге қарап сөйлеп отырған Құнанбай батырдың сәлемін алар-алмастан түсі суып, бетінің түгі тікірейіп, сыртына шығып кеткен екен. Сөзін тосын тоқтатып:

- Тапсырма не болды? - деп шаншыла сұрайды. Сонда Мәнжіғұл батыр:

- Мырза, тапсырмаңыз орындалды, - депті.

- Қалайша? – деген Құнанбайдың дауысы саңқ етіпті. Мәнжіғұл батыр:

- Құдаймендені қашқын қылған да құдай, қуғызған да құдай.

Құдаймендені қолға түсірген де құдай, босаттырған да құдай, - депті.

Құнанбай үнсіз отырып, біраздан кейін түсі жылып:

- Жақсы Жәкең ауылы аман ба екен? – деп сұрапты. Мәнжіғұл тұрып:

- Жақсы Жәкең сізге сәлем айтты, дін аманшылық, - депті. Сонын кейін Құнанбай:

- Шешін, отыр! - деп рұқсат берген екен.

* * * * *

Дадан Тобықты Мәнжіғұл батыр Балхаш көлінің маңын қыстап қыста мұз қатқан соң Балқаштың арғы жағы Жалайыр елінен барымта алып, көршілес Шұбыртпалы, Кәрсон елінен, Семей жақтағы төленгіттерден мал алдырып, ел арасында үлкен наразылық тудырыпты. Осыдан Мәжіғұл батырдың үстінен Қарқаралыдағы Оязға арыз түседі. Бұл кезде Құнанбайдың аға сұлтандықтан түскен кезі екен.

Қарқаралыдан отряд шығып, Мәнжіғұлды ұстап Қарқаралы түрмесіне жабады. Мәнжіғұлдың түрмеде жатқанын естіп Семейден Құнанбай, Балхаш бойынан Орманбет ұлы Нарманбет ақын кірісіп босатып алады. Түрмеден шыққан батыр еліне келгенде сәлем беріп келушілерге Мәжіғұл былай деген екен:

Аса пысық болсаң,

Аспанға асыларсың,

Аса момын болсаң,

Табанға басыларсың,

Аз сөйлеп, көп тыңдасаң,

Қарияға қосыларсың.

Сонда отырғандар:

- Батыр осы айтқаныңыздан біздің ішімізде отырғандары бар ма? - деп сұрағанда:

- Аса пысық болған – мына өзім,
Аса момын – мына отырған Қордабай,
Аз сөйлеп, көп тыңдап екі болыстың ақсақалы атанған әкесі
Тұманбайдың тұсында алпыс атан байлаған мына отырған Тілешбай, - деген
екен.



Buketov University



*Жақсыдан сөз қалады,
Жаманнан көз қалады.*

АҚБАЙ ШЕШЕН

Қазақ халқының танымалы қайраткерлерінің бірі, ел бірлігі үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей жұмыс жүргізген Ақбайдың Жақыбы, қазан төңкерісіне дейінгі және кейінгі кезеңдерде де қуғын-сүргін көрді.

Қызы Аргуния әкесі туралы естелігінде былай дейді: «Әкем 1886 жылы Қарқаралы қаласындағы қазақ интернатына келіп оқуға кіреді. 1889 жылы Омбы қаласындағы гимназияда оқып, оны бітірді. Содан кейін, Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түседі. 1903 жылы осы факультетті алтын медальмен тамамдап, оқудағы алғырлығы мен ерекше қабылеті үшін университет советі оған заң магистры деген ғылыми атақ береді». Сонымен, екі жылдай ғана еркіндік көрген, нақтырақ айтқанда, шаңырақ көтеруге ғана үлгерген Жақып Ақбаев 1905 жылдан бастап, отыз жылға жуық уақыт бойына қуғын-сүргінге түседі. Бар кінасы – әділдіктің жаршысы болғаны. «1931 жылы Мұратты да алып кетті. Одан көп уақыт өтпей шешемді де қамап қойды. Төрт бала, үлкені мен, үйде жалғыз қалдық. Бірнеше күн бір бұрышқа тығылып жылап отырғанымыз есімде. Туысқандарымыз да жоқ емес. Бірақ, есік ашпайды, өйткені, «халық жауының» балаларына қамқорлық жасады деген аттан қорқады. Осы бір кез менің денсаулығымға үлкен зиян келтірді. Бірер айдың шамасында шешем де, Мұрат та босанып шықты. Сол кезде, түрмеде отырған әкемнен «Қазақстаннан басқа жаққа көшіңдер» деген хабар келді. Сөйтіп, біз жазда Қарақалпақстанның Төрткөл деген қаласына көштік» дейді Аргуния. Міне, осындай елім деп еңіреген азаматтың жақын досы, тығыз қарым-қатынаста болған Ахметжан да, халықтың қамқоршысы болған адам еді. Ел ішіндегі әңгімеде екі қайраткердің достығының себебін құрдастығына саяды. Ақиқатында, тарихи құжаттар бойынша Ақбайдың Жақыбы да 1866 жылы туған. Бірақ, біздің пайымдауымызша ынтымақтастық олардың құрдастығында ғана емес, мақсат пен мүдденің бірлігінде. Қос тұлға да халықтың қамын ойлаған азаматтар болғандығында.

Ақбай шешен қазақ тарихындағы ірі тұлға Ақбаев Жақыптың әкесі. Жақыптың ел азаматы болып, ер жетуіне, халық қамын ойлайтын тұлға

болып қалыптасып шығуына әкесінің айрықша ықпал еткендігі айқын. Ақбайдың өте шешен би деңгейіндегі ірі адам болғандығын көне көз қариялар айтып отыратын. «Жақсыдан жақсы тумай ма, әкенің жолын кумай ма?» деп халық айтқандай баласы да әкесі тәрізді елі үшін еңбек етті.

АҚБАЙДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Көне көз қариялардың айтуынша төңкерістен кейінгі келесі жылы, ақтардың елу солдатты Жуанқоңыр деген таудың бауырында жолаушы келе жатқан үш салт аттыны қолға түсіреді. Үшеудің бірінің Ақбайдың Жақыбы екенін біліп қойған әскербасы оны ұстап қалады да, екеуін қоя береді. Бірақ аттары болдырған ақтар екі күн тынығу үшін сол жерде аялдап қалады. Ал, босаған екеуі бірден Талпақтың Ахметжанына келеді.

- Аға, біз ақтарға кездесіп қалдық. Жақып ағаны ұстап қалды да, бізді босатты. Оны атаманға апарамыз, жауапқа тартады дейді, не істейміз? – деп налиды. Ахметжан болса жүз құр атты алдына салғызып, бір ту биені жетекке алғызып, бірнеше жігітпен ақтарға келеді. Келген бетінде биені сойғызып, астырып, оларды тамақтандырып, жүз атты сыйға тартады. Әбден риза болған әскербасы:

- Мына құрметіңе мен разымын, қандай қалауың бар? – дегенде Ахметжан:

- Бойына талап қонған иісі қазағыма қанат болған, Арқаның бір асылын абақтыға жаптырмақ ойың бар екен. Райыңнан қайт, шешіміңді айт, келісіп жолыңды бер, келісімге қолыңды бер. Қайтесіңдер асыл текті, сендердің де замандарың өтті, судың да сұрауы бар деген, ойланыңдар! – деп нығыздай айтады. Әскербасы келісіп, Ақбайдың Жақыбын босатады. Ауылға келіп, тай сойдырып, ет астарып, Ахметжанның үйіне «Сәлем береміз» деп, «Әңгіме тыңдаймыз» деп ел жиналады. Ет піскенше біраз әңгіме де айтылады. Әңгіме айтып отырып Жақып мырза әрегідік басын шайқап-шайқап қояды екен. Байқап отырған бір адам сұрақ қойыпты:

- Бағанадан бірі көріп отырмын, сіз әңгіме айтқанда басыңызды неге шайқай бердіңіз?

Сонда Ақбайдың Жақыбы:

- Бүгін Ахаң үлкен іс қылды, сөзі өтіп, тілі жетіп, мені құтқарды. Әй, Талпақ-ай! Әй, Талпақ-ай! Ахметжанды оқытпадың, ойына білім тоқытпадың, сондағы ісі мынадай! Егер оқыған болса, ойына білім тоқыған болса, дұшпанды табанына салып иілер еді, иісі қазақты билер еді, - депті. Мұны естіген Ахметжан:

- Иә, бүгін бір үлкен іс қылдым, хабар жетіп ақтардың әскеріне бардым, бастығына қолға салдым, сөзім өтіп, тілім жетіп, Жақанды босатып алдым. Әй, Ақбай-ай! Әй, Ақбай-ай! Заманның ағымына ердің, Жақыпты орыстың оқуына бердің, оқысын деп еңбек еткіздің, не мұратқа жеткіздің? Иісі қазаққа ғана емес, орысқа да танылды бірақ олардан да дұшпан көздер табылды, жала жабылды, қуғын көрді, сүргін көрді! Егер оқытпасаң, әрі барса иісі Арғын

ғана білер еді, мен сияқты ел ішінде қуғын көрмей жүрер еді! – депті. Көп ішінде отырған Қосыбай баласы Алтынбек:

- Саудадан бөз қалады, шешеннен сөз қалады, бұл құрдастардың қалжыңы ғой, - деген екен.

* * * * *

Ақбай мен Кенже бір жиында бас қосып отырады. Шор Кенженің әкесін көгеннің басында жылқы теуіп қайтыс болған екен. Ал, Ақбайдың үлкен әкесі Құдабай жоқ іздеп шығып, сонан хабарсыз кетіпті. Осы жиында Кенже Ақбайды кемітпек оймен:

- Ақке, осы Құдекеңнен хабар бар ма? – деп сұрайды.

Сонда Ақбай:

- Өз әкем Жаннатлы Бахияда өлген, өзгенің әкесі жоғалып кетсін, мейлі көгеннің басында өлсін онда менің шаруам жоқ, - деген екен.





*Мал баққандікі,
Аң қаққандікі,
Қалам тапқандікі.*

КЕРНЕЙБЕК ШЕШЕН

Арқады Кіші жүз атаның біраз ұрпақтары қоныстанып, өмір сүріп жатқандығы баршаға мәлім. Олардың арасынан да талай тамаша тарлан азаматтар шыққан. Ел бірлігі мен көптің бейбіт тірлігі үшін бар мүмкіндіктерін жұмсап, еңбек еткен. Ел аузында есімі мен әңгімелері сақталып қалған сөз шеберлерінің бірі – Кернейбек шешен. Руы – Табын. Өмір сүрген кезеңі 1850-1930 жылдардың арасы. Көпшілік оларды Көрпетай Табыны деп атайды. Көрпетай жердің атауы. Мекені Ақтоғай, Шет аудандарының шекара тұсында қыс қыстап, жаз жайлап жүрген. Баласы Анарбек те әділ сөздің маманы болған.

Бірде үйіне қарай келе жатқан қызметкердің қалтасынан қаламы түсіп қалады. Оны кейін келе жатқан Анарбек алып, қалтасына салады да, әлгі қызметкер байқап қалыпты. Бұрылып келіп, амандасып:

- Қаламымды қайтарыңыз! – дейді.

Сонда Анарбек:

- Мал баққандікі, аң қаққандікі, қалам тапқандікі алам десең ала ғой, - дегенде, әлгі адам:

- Жарайды, сізге сыйладым, - деген екен.

Анарбек ақсақалдың баласы Мұхатбек Шет ауданында өмір бойы дәрігер болып жұмыс жасады. Бас дәрігердің орынбасары болып қызмет істеді. Ол кісі де қалжың сөздің кәсіпқой майталманы еді. Қазақта қалыптасқан дәстүр бойынша жолаушы бейіт тұсынан өтіп бара жатса «Аллаһу әкбар» деп бетін сипайды. Бірде бір топ адам, ішінде Мұхатбек те бар машинамен кетіп бара жатқанда көп бейіттің тұсынан өтіпті. Машинадағылар дәстүрге сай көп бейітке қарап, дұға жасап, беттерін сипап жатқанда Мұхатбек теріс қарап бет сипайды. Отырғандар таңырқап:

- Мұха, мұныңыз қалай? Ел бейітке қарап бет сипайды, сіз теріс қарап бет сипадыңыз, - дейді. Сонда Мұхатбек:

- Осылардың барлығын тірі кезінде өзім емдеп едім, енді қарауға бет жоқ, - деген екен.

Сонымен біз төменде Кернейбек шешеннің бір топ сөздерін ұсынып отырмыз.

КЕРНЕЙБЕКТИҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Әлтеке Қосыбай бір жиында Кернейбекке:

- Кеке, өзге ел бірде кедей, бірде бай болады, Көрпетай Табыны өне бойы неге кедей болады? – депті. Сонда Кернейбек:

- Кедей болғың келсе мен айтайын, Көрпетайды үш айнала көш, сонынан Бейбіттің Ақсайына қон, тағалы тайың қалмасына мен кепіл, - депті.

* * * * *

Әлтеке Әбуғали мен Қуандық ішіндегі Қареке руынан шыққан Қара Көпбай құда болады. Әбуғали Көпбайға барарда Кернейбекті алып жүреді. Көпбай ауылындағы қырыққа тарта үйдің көпшілігі дәулетті болса керек. Ал Көпбайдың өзі кішкентай кісі екен. Кернейбек тұрып:

- Көпбай, Көпбай дегенге екі құлағы тебінгідей, екі иығына екі кісі мінгендей зор ма десем, шүйкедей екен ғой, мына майдадан Көпбай шықпағанда мен шығам ба? - деген екен.

* * * * *

Тобықты ішіндегі Ақсақалдау елі Жалаңашта жайлауда отырғанда Тілеш бай игі жақсыларды жинап қонақ етеді. Етті алдарына ала бергенде үйге Кернейбек кіріп келеді. Тілеш жақтырмай:

- Ағайынмен бас қосайын десең қан жеген қара төбетке ұқсап осы-ақ сап ете түседі екен, - депті. Кернейбек қара сақалды кісі болса керек. Сол кезде шешен:

- Қара сақалды кісінің бәрі қан жеген қара төбет болатын болса Ақсақалдаудың қорасынан қойды қасқыр неге жесін, - деген екен. Сөйтсе отырған жақсылардың барлығы қарасақалды екен.

* * * * *

Ертеде ел аралап келе жатқан Кернейбек деген шешен бір ауылға келсе, дін жайында насихат айтып жүрген Ишан он алты қанат ақ боз үйдің ішінде, сол ауылдың ел-жұртын жинап, намазға тұрғызып жатыр екен. «Көппен көрген ұлы той» демекші, Кернейбек те көпшіліктің сонынан орын алыпты. Иманға ұюшы жамиғатты шолып шыққан ишанның көзіне үстінде жыртық шапаны, нашар киімі бар шешен түседі. Көптің алдында жаны ашыған кейіп білдіріп:

- Мүсәпірім-ау, мынадай киіммен намазға тұру күнә болады, сыртыңнан мынаны киіп оқы, - деп өзінің оқалы, қымбат бағалы шапанын шешіп беріпті. Көпшіліктен бұрынырақ намазын тәмамдап тысқа шыққан шешен атына мініп алады. Сәлден соң өзінің шапанын іздеген Ишан бір жігітке:

- Әлгінде бір мүсәпірге шапанымды беріп едім, барып алып келші! – деп тысқа жұмсайды. Ишанның жіберген жігітіне Кернейбек:

- Моллекеңе айта бар! Мұсылман адам екі сөйлесе діннен шығады, ердің екі сөйлегені өлгені. Егер Ишан өзі ки деп бермесе шешіп-ақ берейін, - дейді. Осыны естіген Ишан:

- Ойпырым-ай! Сөзі қандай ұтқыр еді! Тиіспендер, шапанды сол-ақ кисін, - деп өзінің сөзден жығылғанын мойындапты.



*Шұрайлы сөз шешеннен шығады,
Шұрайлы іс көсемнен шығады.*

АЛТЫНБЕК ШЕШЕН

Әкелі-балалы шешендердің арасында Алтынбектің де есімін атаған жөн. Қаракесек-Әлтеке руынан шыққан Алтынбектің өзі де, әкесі Қосыбай да өткір сөздің иесі болған адамдар. Алтынбек шамамен 1860-1925 жылдардың аралығында Ақтоғай өңіріне қарасты, Кежек деген жерде өмір сүрген. Біз ел ішінен алған шешендік сөзін жариялап отырмыз.

АЛТЫНБЕКТІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Әлтекеде Қосыбай баласы Алтынбек болыс, Сарымда Бейбіт баласы – Боқай болыс, Тобықты Ақсақ Қалдауда Тіләш баласы – Омаш болыс. Манас тобықтысында бір бәйге атты Омаш төрт құлынды биеге алмақ болып жүргенде бес құлынды бие беріп Алтынбек алып кетеді. Омаш Алтынбектен 20 жылқы барымта алғызады. Алтынбек елу жылқы барымта алады. Екеуі бірінің үстінен бірі материал жинайды. Ел жиналып әріге жібермей екеуін айтыстырады. Алтынбек:

- Екі болыс Тобықтының ішінде Баяндысың, атан түйенің табанындай Майқы, Танастан неге барымта алдың? – дейді. Омаш:

- Мені ірімін деп алғаным жоқ. Атаны, көпшілікті салыстырып қайтеміз? Өз басымыздың күшін сынасайық. Манас Тобықтысындағы Жабайдың Садуақасымен менің арам ит пен мысықтай. Сен соған менің үстімнен мөр бас дегенде басты ма, басқан жоқ. Ал, мен сенің үстіңнен мөр бас деп Боқайға барғанда, ол мөрін басты. Қағазы мынау. Сонда кім әлді болды? – депті. Алтынбек:

- Боқай мөрін басып берсе, Құнекеңнен (Құнанбай он жеті кісіні айдатқан) үйренген ғой! – депті. Жұрт шу етіп Алтынбек жеңді деп бір ауыздан мақұлдапты.





*Ақмақ сөзді ұқпайды,
Ақылды сөзге тоқтайды,
Есіңде болсын хан Темір,
Сынбасты ұста соқпайды.*

ЕДІГЕ ШЕШЕН

Біз бұған дейін әкелі-балалы шешендердің болғандығын айтқан болатынбыз. Едіге би ісі қазаққа танымалы болған атақты Қаржас-Шоңның әкесі. XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген. Қариялардың айтуынша Тәуке ханның билер кеңесінің құрамында болған. Бала кезінен билікке араласқан. Әкесінің аты – Айдабол. Ақиқатында Қаржас елінен талай тұлғалы адамдар шыққан. Едіге солардың бел ортасында айтылады. Едігеге байланысты ел аузындағы әңгімені де енгізе кеткенді жөн көрдік.

ЕДІГЕНІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Кіші жүз еліндегі Темір деген төремен Едіге би дос-жар болған екен. Бірде Темір төренің бір баласы қайтыс болып, қаншама ағайын-туыстары келіп көңіл айтса да, бас көтермей жатып алыпты. Осыны естіген Едіге би төреге арнайы ат арытып келіп былай депті:

Ассалаумағалейкум!
Болат тұяқ асылды
Хан Темір көтер басыңды.
Көтермесең басыңды
Қайғы жейді жасыңды,
Дұшпан ішер асыңды,
Беліңді бүгілтпе,
Туысты түңілтпе,
Қараңды жылатпа,
Еліңді мұнайтпа,
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,

Қанаты бүтін сұңқар жоқ.
Ақмақ сөзді ұқпайды,
Ақылды сөзге тоқтайды,
Есіңде болсын хан Темір,
Сынбасты ұста соқпайды.
Есіңе ал жаратқанды,
Өлместі Алла жаратпайды.
Алтын сақа қолдан түсті,
Көтересің болсаң күшті,
Қайғы, шіркін, қайда қалады?
Мен айтатын жайда қалады.
Биік таудың басында қалады,
Ер жігіттің қасында қалады,
Қыран құстың қияғында қалады,
Тұлпардың тұяғында қалады,
Ағын судың бойында қалады,
Көпшіліктің ойында қалады,
Жақсы жардың қойнында қалады,
Серпілмесең мойныңда қалады.
Осыны естіген Темір төре орнынан тұрып Едігемен құшақтап көрісіпті.





*Алшынбаймен жақынмын,
Ордабаймен құдамын.
Тай-құлынның етін жеп,
Қымыз ішкен бұламын.*

БАЙТОҚ ШЕШЕН

Халықтың сеніміне ие болған шешен ел ағасының да үнемі назарында болған. Сонымен XIX ғасырдың I жартысындағы Қарқаралы өңірінде өмір сүрген Байтоқ шешеннің ел аузында сақталып қалған ұлағатты сөздері біріншіден, көбіне жиырмасыншы жылдардан бастап пайда болған аға сұлтандардың іс-әрекетіне байланысты; екіншіден, ел арасындағы байланыстарға негізделіп туындап отырған. Тағы бір айта кететін мәселе, осы уақытқа дейін аға сұлтандарды халық санасында үнемі теріс қылықтары жағынан көрсету (тек олар емес, жалпы ел билеушілер) басым болды, шындығында би-шешендердің мысал, арнау, жұмбақтап айтқан сын-пікірлерін бір дегеннен түсініп, өз кезегінде сол сынға қалай болса да жауап табу немесе белгілі бір нәтиже шығарудың өзі білгірлікті танытады. Кез-келген адам шешеннің сөзін түсіне бермейді. Сондықтан билеуші тұлғаларға баға бергенде осы жағын да ескеру керек.

БАЙТОҚТЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Біз қарастырып отырған кезеңдегі Қарқаралы өңіріне танымал ақындығымен шешендігі ұштасып жатқан Байтоқтың сөз өнеріндегі шешендігі ерекше. Малының өрісі таяу Алшынбай мен Мұса мырзаның арасы жөнді болмайды. Бірде Алшынбай Байтоқты Мұсаның ауылына барып қайтуға жұмсайды. Байтоқтың жол жүргенде иығына салып жүретін екі басты кілем қоржыны бар екен. Бар құнды дүниесі қолында сылдырмағы бар асатаяғы екен. Алты ай жаз бойы тозығы жеткен етікпен жүретін болған. Мұса мырзаның үйіне келгенде оны дұрыстап қарсы алмайды.

- Кімсің? – деп, сәлемін алмай, қабағын қарс жауып, зілді сөйлейді. Сонда Байтоқ:
- Алшынбаймен жақынмын,

Ордабаймен құдамын.
Тай-құлынның етін жеп,
Қымыз ішкен бұламын.
Біле-тұра жөнімді,
Не себепті Мұсажан

Ызбарлана сұрадың? – деп жауап беріпті. Мұса құлын сойғызады. Байтоқ ол үйде табан аудармай бір жұма жатады да еліне қайтатын уақыты болып жиналады. Мұса Мырза оған арнап сый беріпті. Сонда Байтоқ:

- Мұсажан, астыма мінсін деп ертоқымымен ат әкелген екенсің, сонау қалың Шаншар елінен бір дөңгелек тұяқ табылмай жүр дейсің бе, маған? Алланың әу баста жазғаны осы жаяушылық. Атың өзінде қалсын. Басында бармақтай ғана өзіндік бағың бар еді, ол бағынды әркімге тарата берме! Мына пұшпақ бөрік өзінде қалсын. Қарағым, жаяуға жаңа етіктің керегі жоқ, ауыр болады. Бұл да өзінде қалсын. Мынау атамның жолы ғой, тышқан терісінен істелген екен, - деп күзен ішікті алады. Сонда Мұса-Мырза күйзеліп:

- Алшынбайдың кедейі мынаны істеп тұр, дәулеттісі маған не істемейді, – деп ойға қалады. Ақын ақбоз үйден шығып, қараша үйдің жанында күрсініп отырған ақсақалға бұрылып, сәлем беріп, күзен ішікті қарияға беріп кетіпті.

Содан Алшынбайға келіп болған жайды түгел айтады. Алшынбай барлық жайға қаныққан соң:

- Патшаның шен-шекпенін алған Мұсаны сүріндіріп қайтқаныңа ризамын. Сен Байтоқ осыдан былай төмен отырмай, менен жоғары отыршы, - деп ақынды төрге өткізіпті.





*Ащының дәмін сезбеген,
Тәттіні көзге ілмейді.
Жоқтықты өзі көрмеген,
Тоқтықтың мәнін білмейді.*

САҒЫНДЫҚ ШЕШЕН

Сағындық шешен туралы ел ішінде көп әңгіме сақталғанымен, шешендік сөздері жайлы мәліметтер жоқтың қасы. XIX ғасырда өмір сүрген ол алдында Құсбек төремен, кейін аға сұлтан болған Жамантаймен жақсы қарым-қатынаста болыпты. Жақсы Жанқұттымен де сыйластықта болғандығын қариялар айтқан болатын.

САҒЫНДЫҚТЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Баяғы заманда Қарқаралының аға сұлтаны Құсбек төренің ең сенімді адамы болған Тама-Сағындық деген кісі Құсбек қайтыс болған соң өз еліне көшіп кетіпті. Еліне барғаннан кейін бірнеше жыл өткен соң Қарқаралыдағы бұрынғы дос-жарандарына амандасып қайту үшін келеді. Сөйтіп, Шор Ақберген молданың үйіне барады. Ақберген мен Сағындық өте дос, екеуі қалжыңдаса береді екен. Ақберген Сағындықты жақсы қарсы алып сыйлайды. Кетерінде қалаған қыран бүркітін, бәйге атын беріпті. Аттанар алдында Сағындық Ақбергенге:

- Өлген бураның басынан атан қорқады» деген рас екен. Ақберген сен мені еліннен кетіп қалсам да, бұрынғы Құсбектің қасында жүргенімдей қорқып мына бәйгі атың мен қырын құсыңды беріп отырсың ғой! – дейді. Сонда Ақберген бөгелместен:

- Сағындық, сен біздің Қарқаралы дуанына жабысқан кәрі аруақ едің ғой. Сондықтан сені екі қанат, бір құйрықпен ұшықтап шығарып салып тұрғаным ғой! – депті. Сағындық бұл сөзге жауап айта алмай жеңілгенін мойындапты..

* * * * *

Кезінде Құсбек Жамантай төремен үнемі араз болып, дуанбасылыққа таласып отырған екен. Сол таластың бірінде ылғи Құсбек жеңіп дуанға ағасұлтан бола беріпті. Жамантай төре Құсбектен әбден жеңіліп, бас көтере алмайтын болады. Сағындық болса, Құсбектің нұсқауымен Жамантайға үстемдік көрсетіп, біраз әрекеттер жасайды. Құсбек ауырып қайтыс болады. Оның орнына Жамантай төре аға сұлтан болып сайланыпты. Жамантай төре аға сұлтан болып отырғаннан кейін бір күні оған қызметіне қайырлы болсын айту үшін Сағындық келеді. Жамантай Сағындықты салқын қарсы алып:

- Е, Сағындығым, келдің бе? Қалай? Неге бұрынғыдай асқақтай бермей, мұндай бейшара болып келе қалдың? - деп кекетеді. Сонда Сағындық ешбір тайсалмастан:

- Таққа қонып болыпты көңілің жай,
Әрбір ханның тұсында бір сұрқылтай.

Кешегі хан Құсбектің заманында,
Мен түгіл өзің қайттың, хан, Жамантай? – деп оның тірі кезінде Құсбекке жалтақтағанын бетіне басыпты. Жамантай бұл сөзден жеңіліп қайыра сөз айта алмай қалыпты.

Аз уақыттан соң Сағындық өз еліне көшіп келеді.

* * * * *

Сарысудағы еліне көшіп кеткен Сағындық қартайған шағында көп жыл дәмдес болған Жамантаймен кешу сұрасуға келеді. Қайтарында аға сұлтан оған Ақберген дегеннің Ақсұңқар аталатын Алатаудан келген ақ иық қыранын алып беруін өтінеді. Сағындықты жақсылап қарсы алған Ақберген, шешенді аттандырып келе жатқанда Сағындық өзінің бұйымтайын айтады. Құсты қолына қондырған Сағындық Ақбергенге:

- Жамантайға көрсеткен мықтылығыңды маған көрсете алмайсың-ау, - деп миығынан күледі. Ақберген жауап бергенше, інісі Кенже сөз сұрап былай дейді:

- Сіз елімізді кезген киелі аруақсыз ғой. Ақбергеннің мұнысын сол аруақты қара қауырсынмен қағып аластағаны емес пе? – депті. Ақиық қыранға қолы жеткен Жамантай қуанып, шешенді мол сыймен аттандырып тұрып, соңғы рет ұлағатты сөз айтуын сұрайды, сонда Сағындық:

- Айтсам, о дүниеге аттанар кезең таянса да біреудің дүниесіне қызығуды қоймайсың, бұл әдетіңді таста! Неге десен:

Түйенің құйрығы жерге жетпес,
Ешкінің құйрығы көкке жетпес,
Сиырды сауғанымен бие болмас,
Біреудің мүлкіне қызыққан,
Өзінікіне ие болмас, -

деп қоштасып, кетіп қалыпты.

* * * * *

Тоқаның ұрылыры Қаракесектен мал ұрламақ болып жүргенде, біреуінің төбесіне жай түсіп өліпті. Оны біле тұра елінің адамдары «кісімізді өлтірдіңдер, құн төлендер» деп әлек салады. Ел билік айтуды Сағындыққа сілтейді. Ол даугерлерді жинап алады да:

- Уа, сендерде ес бар ма? Аймен ауылдас емеспіз, күнмен қоныстас емеспіз. Құдайға от жақ дегеніміз жоқ, Періштеге оқ ат дегеніміз жоқ, жазалы жерде болса құтылмайды, көктегі пәле тұтылмайды. Өнбейтін дауды қумаңдар, - депті. Қарсы жақ тосылып, еліне қайтыпты.





*Жағдайың дұрыс болсын десең,
Жазғытұрым жерге түсетін бол.
Денсаулығың дұрыс болсын десең,
Қымыздан көбірек ішетін бол.*

КЕНЖЕБАЙ ШЕШЕН

Ел аузында сақталған шешендердің әңгімелеріне назар аударып отырғанда, бір парасының өміріне қатысты деректер, мәліметтер сақталмаған. Олардың өмір жолына байланысты әңгімелері болмаса да, шешендік сөздері бүгінгі күнге жетіп отырғандықтан жариялауды жөн көрдік. Кенжебайдың өміріне қатысты деректер табылмады.

КЕНЖЕБАЙДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Кенжебай шешен Молдақан деген төренің үйінде қонақ болып жатады. Қыс бойы атына азық, өзіне ас беріп отырған Молдақан төренің қоры азайып қалады. Сонда қонағына «Қайтыңыз» деп айта алмай қиналып жүргенін көрген Кенжекең кетпек болып қамдана бастайды. Кенжекең бұнда 30 күн, яғни бір ай жатқан екен. Ол кісінің қайтатын уақыты да сол көктемнің бас кезіне келіп тірелсе керек. Сонда үйден шығып бара жатқан Кенжекең Молдақанға:

Жағдайың дұрыс болсын десең,
Жазғытұрым жерге түсетін бол.
Денсаулығың дұрыс болсын десең,
Қымыздан көбірек ішетін бол, -
деген екен. Содан Молдақан таудан жерге түсіпті. Айтса айтқандай-ақ, мал басы өсіп, денсаулығы дұрысталыпты. Сол Молдақанның Көкшілік тауының басындағы үйі әлі күнге дейін бар екен.

* * * * *

Кенжекең кезінде аузынан бал тамған шешен ғана емес, дау-дамайды шешетін билік айтқан да адам болған екен.

Бірде Алтай мен Шор рулары арасында біраз келіспеушіліктер болып тұрған кез екен. Сол жылдары Алтайлар өздерінің көптігін көрсетпек болып, Шордың біраз малын айдап әкетке тіпті. Содан екі ел арасындағы аздаған келіспеушілік үлкен дауға айналған. Екі жақ та ешқандай шешімге, мәмілеге келе алмай-ақ қояды. Екі ел арасына бітім жасауға Кенжекең бармақ болады. Кенжекең келе жатыр деген хабарды естіген Алтайлар да өздерінің қамқарекетіне кіріскен екен. Содан Алтайлар бос орын қалдырмай отырып, Кенжекең келген кезде тұрып сәлем бермеуге, қысқасы ешкім қозғалмауға келіс еді. Сөйтіп, Кенжекең Алтай ауылына ат басын тірейді, бірақ ешкім алдынан сәлем бере шықпайды. Содан шешен ауылдың ақ сақал, қара сақалдары жиналған киіз үйге кіреді. Киіз үйге кірсе ешкім сәлем бермей отыра береді, тек бір адам ғана төрден атып тұрып сәлем берген екен. Сонда Кенжекең ләм-мим деместен, қамшысын екі бүктеп тізесіне басып, жүресінен отырып, тамағының екі жағын алдыға бір, артқа бір жылжытады да шығып кетеді. Кенжекең шығып кетісімен, сәлем берген адамды жерден алып, жерге салады. Ал, Кенжекеңнің әрекеті мынаны білдірген екен: «Егер бермесең, тіземен басып отырып тартып аламын, ал егер айтқанға көнсең, шалқайсаң шалқайып, еңкейсең еңкейіп айтқандарыңнан шықпаймын. Сөйтіп,, Алтай елі барымтаға алған малын толығымен қайтарып беріпті.

* * * * *

Енді бірде Ақберген ауырып жатып інісін шақыртады. Бірақ Кенжекең Ақбергеннің шақыртқанына бармайды. Сөйтсе ағасы дәулетті, байлықты жақсы көреді екен. Сонымен бірге кезінде елге тек зорлық-зомбылық жасап қана қоймай, елден пара алады екен. Ағайындары Кенжекеңе:

- Неге ағаңыздың көңілін сұрай бармайсыз? - деп сұрақ қойыпты.

Сонда Кенжекең:

- Менің халыққа пайдалы бір өтірігім бар. Ол соны сұрағалы отыр. Мен сол себепті ағамның көңілін сұрай бармаймын, - деп жауап берген екен.





*Хабар берші Абайым, жағдай, халдан,
Опасыз зой, опасыз дүние жалған.
Әй, сабазым, Бегешіңе сөз қатпасаң,
Көңілден өле-өлгенше кетпес арман.*

БЕГЕШ ШЕШЕН

Қазақ халқының тарихында ұлы тұлғалардың көшбасынан орын алған Абайдың маңайында талай тамаша тарландардың тәрбиеленіп шыққандығы ақиқат. Олардың бір парасы жан-жақты танылып, есімдері мен еңбектері елге мәлім болса, келесі бір тобы толық деңгейде ашылған жоқ. Осы орайда суырыпсалма ақын Зейнепті, шешен Бегешті атап айтуға болады. Абай қай кезде болмасын жанында жүргендердің рухани дамуына мән беріп, қадағалап, қажет болса өзі байқап, сыннан өткізіп отырған.

Бегеш Санаубайұлының арғы тегі Жастабан Керейінің Бөгімбет тайпасы, Қожакелді табы. Туып-өскен мекені – Семей облысының қазіргі Шұбартау ауданы. Бегеш Керей болысының биі атанған жылдам да, тапқыр да, әрі шешен адам. Абаймен әрі құрбы, әрі замандас тату, дос-жарлығы арқасында онымен сан мәрте сөз жарыстырған.

БЕГЕШТІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Абайды Оразбайдың Әбен бастаған жігіттері сабапты деген хабарды естіп төрт арыс Арғын, Найман, Керей, Уақтың игі жақсылары жиналып, Абайды қорғап, жақтай сөйлей бастағанда Бегеш:

- Абай мырза, ерге жара түйін деген. Ит арамды, тентек құдайды танымайды. Сіз жалғыз Тобықты үшін ғана ұлы емес едіңіз, Орта жүздің арысы едіңіз. Қоңыр бұйра нарындай көпке пайда мол еткен, көктемдегі жауындай жақсымыз едіңіз. Ала өкпелердің қолы тиді деп естіп келдік. Көштің байсал тапқаны – көкорайға қонғаны, даудың байсал тапқаны – төрешіге барғаны. Отқа салып қанша өртесең де алтын, сірә, жез болмас, аяққа шұлғау қылсаң да асыл жібек бөз болмас. Білім – бақтың қазығы, білімсіз бақ әлдекімнің азығы. Талай жан бар ауызбен аспандағы айды алады, қолымен қосаяқты соға алмайды. Ұстазынан, жақсысынан айрылса ел, не

таппақ? Сағымдай құбылып, сабындай бұзылып, іріп-шіріп жоғалады да. Абай сияқты есті, ақылды адам надан еліне бола қалпынан айрылса не болмақ? Ұлықсатыңды бер, тентегінді тыюға келдік, - депті.

- Әй, Бегеш-ай, шешендікпен қиыстырып айтасыз-ау. Қаділет пен қасірет бар емес пе? Қара күйенің дәні болғанша бидайдың сабағы бол, жаман қауымның жақсысы болғанша, жақсы қауымның жаманы бол десе не дер едіңіз. Оразбай қателесіп істемейді. Жамандықты жолым деп кеткен Оразбайға айтқан сөз суға жазғанмен бірдей. Мені бір ит қапты ғой. Қапқан иттен өш аламын десем мен де ит болғаным ғой. Айыпты әпермендер, аяғыма да жықпаңдар, - деп тоқтайды.

* * * * *

Абай қатты науқастанып жатқанда көңілін сұрай келген Бегеш:

- Ассалаумағалейку, Абайжан!
Сөзіңе таңырқаған талай жан,
Булығып, сөйлей алмай жатырмысың,
О, Алла, расында бұл не хал?

Хабар берші Абайым, жағдай, халдан,
Опасыз ғой, опасыз дүние жалған.
Әй, сабазым, Бегешіңе сөз қатпасан,
Көңілден өле-өлгенше кетпес арман, -
депті. Абай басын көтеріп:

- Аз ауылды Керейден асып туған сен бір ер,
Сен кеткен соң бұл Керейге сен сықылды кім келер?
Жүгім ауыр болған соң көтере алмай жатыр ем,
Келдің, Бегеш, көрдің ғой, сен кеткенше жеңілдер, -
дейді.

* * * * *

Бөжейдің асын Абай басқарады. Керей-Шағатай ауылынан бәйгеге қосылған Қарақасқа, Сарықасқа деген екі ат топтан суырылып шығып, озып келе жатады. Іштерін қызғаныш жайлаған Тобықты кісілері жол тосып Сарықасқаны ұстап алады да Қарақасқа тізгінін үзіп құтылып, бәйгеден озып келеді. Бар жайды бәйгеге шапқан баладан естіп намыстанған Шағатай кісілері асқа тігілген ақ орданың тұруылығын сыпырып тастап, бір-бір уықты қолдарына ұстап Шағатайлап, ұрандап шығып, «Атты тауып бер, бәйгемізді бердің» астына алғанда астың ойран-топыры шығады.

- Мына Шағатайларыңды тоқтат, айтқандары болады, - дейді Абай Бегешке. Сонда Бегеш:

- Шағатай болмаса Тобықты Үшбозшаның жонына Керейді бір күн тоқтатпас, – деген екен. Екі ат та бәйгесін алып, Керей Абайдың әділ билігіне риза болып қалады.

* * * * *

Бес болыс Тобықтының бір топ басшы, билікті кісілері бір дауды шешкенде Абай олардың сөзін алмай Бегештің сөзін алады. Бегеш кеткен соң әлгілер Абайға:

- Абай, сенің бізге істемегенің қалмады. Бес болыс бұл Тобықтыны бір Керейге билеттің, - деп наразылықтарын білдіреді. Абай:

- Сендердің сөздерің, Бегештікіндей негізді, дәлелді, жүйелі шығып жатса мен Бегештің сөзін қостап не қылайын. Сендер бос даурыққанмен Бегеш бола алмайсыңдар. Егер Бегеш болам десеңдер осы бесеуің тап қазір атқа қоныңдар да анау Керей жақтағы жонға шығып бес уыс жел ұстап әкеліңдер, - дейді Абай.

- Абай-ау, жел ұстатушы ма еді? – дескен бесеуіне:

- Ендеше, Бегеш, сол есіп тұрған қызыл жел, ол сендерге ұстатпайды, - депті Абай.





*Сөз сүйектен өтеді,
Таяқ еттен өтеді.*

ЖҰМАНБАЙ ШЕШЕН

Әңгімешіл қариялардың айтуына қарағанда Жұманбай деген тілді адам ХХ ғасырдың басында өмір сүрген, Қарқаралы өңірінен шыққан шешен. Ел оның қандай жағдайда болмасын тауып айтатын тапқырлығын ерекше құрметтеген. Соның нәтижесінде ел аузында «Жұманбай айтқан жөнді сөз» деген мәтел сақталып қалған. Отызыншы жылдары қартайған шағында «Басқа пәле тілден» демекші, қыңыр сөзінен кінарат шығып, солақай саясаттың салдарынан тепіреш көргенге ұқсайды. Біз төменде қолымызға түскен бір топ әңгімесін ұсынып отырмыз.

ЖҰМАНБАЙДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Баяғыда сөзге шешен атакты Жұманбай деген кісі болыпты. Бірде сол кісінің үйіне кешке қарай Балқаштан, тай жеккен арбамен бір шал мен кемпір келіп түседі. Шай ішіліп, жөн сұрасқан соң, Жұманбай ақсақал таңдайын қайта-қайта қағып:

- О, құдай, шебер, ә! – деп айта беріпті. Бұл сөзге шыдай алмаған қонақ шал:

- Ақсақал, кімді шебер деп отырсыз? – дейді.

Сонда Жұманбай ақсақал:

- Құдай-ау, анау шебер, мынау шебер деп айта береміз. Мен сенен өткен шеберді көре алмай отырмын, - дейді.

Сонда қонақ шал:

- Ақсақал-ау, бір көрген құдайы қонақтан қандай шеберлік байқай қалдыңыз, - дейді.

Жұманбай ақсақал:

- Анау Балқаштан, мынау шиқылдақ арбамен, мынау кемпірді шашпай-төкпей әкеле жатқан сен шебер емей, кім шебер? – депті.

* * * * *

Бірде Жұманбай ақсақал қасына үш-төрт жолдасын ертіп, мал бағатын бір құрдасының үйіне соғып, берешек бір малын алмақшы болады. Қыстауға келіп, аттан түсіп, үйге кірсе, жаңағы құрдасы пеш түбінде іш киіммен отырыпты. Сонда Жұманбай ақсақал:

- Па, шіркін, Шекшектен де шебер қыз туған екен-ау! – депті.

Сонда қасындағылар:

- Оны қалай айттыңыз? – дегенде:

- Көрмейсіндер ме, ананы сасытпай, бықсытпай қалай қақтап алған? - депті. Сөйтсе шалы сондай арық адам болған екен. Кемпір қатты ашуланып, үйден қуып шығыпты. Қайтып келе жатқанда, жолдастары:

- Ақсақал, жаңағы сөзді, малды алғаннан кейін айтпадыңыз-ау дегенге, Жұманбай ақсақал:

- Әй, жігіттер-ай, «Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді» деген жаңағы сөзімнің өзі білген кісіге бір қаралық сөз емес пе? – деген екен.

* * * * *

Жұманбай ақсақал бірде қайын жұртына қыдырып барып, аттан түсіп жатса, қыз-келіншек, балдыздары жыйылып, жерге аунатып, әуреге салыпты. Содан қатты жөтеліп, қиналып жатқанда, үйден енесі шығып:

- Балам-ау, не болды? – дегенге, Жұманбай ақсақал:

- Ой, ана-ай, көп албасты басқан адам осындай болады екен! – депті.

* * * * *

Бірде Жұманбай ақсақал бір жұмадай ел қыдырып келеді. Ол кезде радио, газет жоқ кезі. Жаңалықты сол қыдырып келген адамның үйінен тамағын ішіп отырып, тыңдайды екен. Шай ішіледі, Жұманбай ақсақал әңгімесін айта қоймайды, ет желінеді, тағы да әңгіме айтылмайды. Сонда біреуі шыдай алмай:

- Ақсақал-ау, тамақ асырап жүрген жоқпыз, әңгімеңізді, жаңалығыңызды айтып отырмайсыз ба? – дейді.

Сонда Жұманбай ақсақал:

- Әй, тамақтарыңды ішіп болсаңдар, қайта беріндер. Менен бір жұмаға дейін еш нәрсе сұрамаңдар. Себебі, мен түнде Қазитолланың үйінде қонып шыққанмын, - депті.

Сөйтсе, Қазитолла деген дауылдаған, бос сөзбен елдің бәрін ығыр қылған, сөзге қонақ бермейтін кісі екен.





*Байлаулы тұлпардан,
Бос жүрген бесті артық,
Көтерем қойыңнан,
Семірткен ешкі артық.*

САБОТА ШЕШЕН

Есімі ел ішіне кеңінен тараған Сабота шешен, жоңғар шапқыншылығы кезінде елі мен жерін жаудан қорғаған ірі тұлға, атақты батыр Жалаңтөстің немересі. Көне көз қариялардың айтуы бойынша батыр үш әйел алған. Солардың соңғысы қалмақ түменбасының қызы Айсұлу есімді әйелінен Есет, Есетай, Көбен, Бабатай, Рүстем атты балалары өмірге келген. Сабота шешен Естайдың баласы. Өмірге келген, қайтыс болған жылдары туралы нақты мәлімет жоқ.

XIX ғасырдың орта шенінде өмір сүрген Сабота шешендігімен, қара қылды қақ жарған әділдігімен еселі ел есінде сақталған дара тұлғалардың бірі. Ол өз заманында ақиқат үшін күресіп «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дейтін халық даналығын мұрат тұтып өтіпті.

Арнайы билікке кірмесе де билік құрған кейбір майталман билерден тапқырлығы, ділмар-шешендігі кем болмаған. Сөйтіп, ел құрметіне бөленген, халықшыл тұлғаға айналады.

Шешендік пен туралықты ту етіп ұстанған Сабота ел басшыларының да ағаттығын топ алдында бетіне басып, тайсалмай қарсы шығатын болыпты. Осы қасиеті үшін жалпақ жұрт Саботаны ерекше қастерлеп, өздеріне пана-қамқор тұтады.

Шыққан тегі – Қаракесек – Сарым – Құлық.

САБОТАНЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Қарқаралы дуанын басқарып отырған Жамантайдың тұсында тентектік ұлғайып, әділ билік жүргізілмейді. Соның салдарынан ел іші бүлініп, барымта-сарымта көбейіп ел берекесіне нұсқан келе бастайды. Осы жайға байланысты Сабота жиын-топтарда Жамантайдың ел басқарудағы салғырт

салақтығын сынап, кей кезде әділетсіз биліктен жапа шеккендердің мұнын жоқтап, халық атынан сөйлеп көзге түсе беріпті. Бірақ Жамантай Саботаның айтқандарын елемей, елеусіз қалдырады екен.

Шындықты айтып қалың топта беделін түсіріп, халық наразылығын көтергені үшін Саботаның өзіне білдірмей көзін жою жөнінде Жамантай тарапынан жасырын тапсырма болады. Бұл хабар бірден бірге тарап Саботаға жетеді. «Ажалым төре жіберген қарақшыдан болып, далада көмусіз қалармын. Онан да алдына барып, кінама лайық жаза алып, ауылымда өлейін» деп Сабота көк шолақ атымен төре ауылына келіп түседі. Күтпеген адамның ауылына келіп, именбей өз ордасына енгенін жақтырмаған Жамантай сәлем беріп кіріп келген Саботаға:

- Қужақ, сені кім шақырды, шаруанды айт! – дейді қатуланып.

Сонда Сабота:

- Тақсыр, мені өлтірмекке ниет қылыпсың. «Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды» деген бар. Өлімге лайық кінам болса, жазадан қашпаспын. Ажалым өз бұйрығына келіп тірелсе, далада өлді не, қалада өлді не бәрібір емес пе! Келетін ажалдан қашып құтыламын ба?

Байлаулы тұлпардан,
Бос жүрген бесті артық,
Көтерем қойыңнан,
Семірткен ешкі артық.
Жыртылған шекпеннен,
Тұз сіңген терің артық.
Атақсыз өмірден,
Атақты өлім артық.

Осында өлейін деп келдім! –

дейді. Сөзден тұтылған Жамантай жастықтан басын көтеріп, басын шайқап:

- Ай, Сабота-ай! Тілің жаман ғой, тілің... - деп қайталай беріпті. Сабота:

- Тілдің тас жаратыны, тас жармаса бас жаратыны ертеден белгілі. Тас жарарлықтай ағат кеткен жерім жоқ. Айтасам көз көріп тұрған шырылдаған шындықты айтамын. Оның ішінде өз елім – Майқы, Танастың жақсысын асырып, жаманының құтын қашырып айтамын. Оным ел бірлігі мен ынтымақты нығайтудың қамы емес пе?! Осы үшін жазалаймын десең, міне бас, - деп төре алдына отыра кетіпті.

Өз қателігін түсініп сөзден жеңілген Жамантай Саботаны екі-үш күн жібермей күтіп сыйлайды. Иығына жарғақ ішік жабады. Сабота ертең аттанам деп отырған күні кешкісін Жамантай:

- Саботаның аты жүдеулеу екен, құр қайтпасын. Құнан күнінде бәйгеден келіп, бәйге қара атанған бергін келе қылаңдаған қара көк атанған атты әкеп мінгізіндер, - деп ауыл жігіттеріне бұйырады. Төренің бергелі тұрғаны жасамыс тартып қалған кәрі ат екенін сезген Сабота қолма-қол:

- Қара от еді жеріміз,
Қартаң болып жүрмесін,
Қатын салақ, арқан жоқ,

Тарпаң болып жүрмесін.
Жамантайдың бергені,
Жаман болып жүрмесін.
Топта жүреді Сабота,
Шабан болып жүрмесін, - дейді.

Саботаның жайлы жүрісті, жақсы атты меңзегенін аңғарған Жамантай:
- Қой, болмас! Қаржастан келген күрең жорғыны әкеліңдер, - деп айтулы жақсы ат мінгізген екен. Осыдан соң Жамантай Саботаның айтқанымен санасатын болыпты.

* * * * *

Өткір тілді Сабота бірде үстіне ұзын киімді ішінен, қысқа киімді сыртынан киеді де, Жанғұттының Құсбек төре деген төресіне сәлем беруге келеді.

Құсбек төре сәлем орнына таяғының ұшын береді екен. Саботаға да сәлем орнына, таяғының ұшын ұсыныпты. Сонда Сабота таяғын қағып жіберіп:

Берсең қолыңды бер,
Қолыңды бергің келмесе,
Қонақ кәде жолыңды бер.
Ақ па, қара ма,
Киімге қарама!
Ұзыны ұлымдікі,
Қысқасы қызымдікі,
Қалай киінсе де,
Кедейге жарасар.
Ұзыны, қысқасы,
Оған кім таласар! –

дейді.

Төре, Саботаға риза болып, шапан беріп, ақша, сый-құрмет көрсетеді. Сонда Сабота етегін қозғай беріпті. Назар аударған төреге:

Етігім етік еді,
Өкшесі кетік еді.
Төренің үйіне,
Сүйретіліп жетіп еді.
Етігім кәрі еді,
Аяғыма тар еді.
Төреден Саботаның,

Дәмесі бар еді, - депті. Саботаны түсіне қойған Құсбек төре қалтасын етік ал деп ақша беріпті.



*Сен Найманның Ердені болсаң,
Мен жалпақ Қуандықтың Керденімін.*

БАЗАР ШЕШЕН

Қазақ халқының тарихында көз салсақ ел қорғаған батырлардың бір парасы, әрі шешендікті қоса меңгергендігін аңғаруға болады. Бұл орайда Жидебай, Дербісалы, Сенкібай және тағы басқа батырларды дәлел ретінде айта аламыз. Ел ішіне кең тараған «Батырдан батыр тумай ма, атаның жолын қумай ма?» деген нақыл сөз осы негізден туған болса керек. Сондай көрнекті тұлғалардың бірі – Базар батыр да өзінің ділмарлығымен көзге түскен. Әкесі Қуандық Ес батыр. Ал, Базардың өзі болса, ХІХ ғасырда өмір сүрген, Кенесары қозғалысына қатысқан бір сап сарбаздардың қолбасшысы болған. Шешесі Кіші Жүз еліндегі атақты Мамай батырдың қарындасы. Кенесарының талай арнайы тапсырмаларын орындаған адам. Оның ел ішінен жинаған шешендік сөздерін оқырманға ұсынып отырмыз.

Базар батырдың бейіті Барын елді мекеніне жақын жердегі Тікенекті қорымында жатыр. Батырдың шөпшегімен сөйлескенде ол кісі былай деді: «Менің төртінші атам Ес батырдан Әлке, Базар есімді қос батыр туыпты. Бізге жеткен хикая бойынша Ес атамыз да ержүрек батыр болыпты, Қалмақтармен ұрыста талай рет ерлік көрсетіп, аты шыққан. Ақыры сол кездегі қиян-кескі соғыстардың бірінде елі үшін жанын пида етіп, ерлікпен қаза тапқан. Ес атамның шешесі де белгілі тұқымнан шыққан парасатты жан. Кіші жүздегі Мамай батырдың қарындасы екен».

БАЗАРДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Базар батырдың жас кезінде сол батыр нағашысына жиендік жасағаны жайлы ақсақалдар аңыз етіп айтады. Нағашысында Қарақасқа тұлпар бар екенін әкесінен естіп, сырттай соған беріле қызығып жүрген Базар атамыз он сегіз жасқа толған шағында сол тұлпарды қалап алып, тақымына басуды мақсат етіп, нағашысының ауылына сапар шегеді. Батыр нағашысының бар

сый-сыйапатын көріп болып енді ауылына қайтпаққа жиналған Базар батырға Мамай нағашысы:

- Ал, жиен, қандай бұйымтайың бар? – деп сұрайды ғой. Сонда бала жігіт түйеден түскендей етіп:

- Нағашы ата, бұйымтайым астыңыздағы Көкқасқа тұлпар одан басқасы маған керек емес, - деп салады. Жиенінен мұндай жауап күтпеген Мамай батыр оның бетін бірден қайтарып тастамақ болып, іле-шала:

- Қой! Шырағым, бұл сенің атаңа бітпеген, өзіндей жасқа мүлде лайық емес, тек мен сияқты батырлар үшін ғана жаратылған тұлпар. Нағашыңды аударып тастап, астындағы атын алғаның жарамас, басқаны қала, - дейді ғой.

Жалын атқан намысшыл жас батыр нағашысының өзін кемсіткенін көріп қатты ашуланыпты. Ашумен бірден жылқышыларды іздеп тартып отырады. Жылқыға келсе батырдың екі баласы Қарақасқа жүйрікті баптап жүр екен. екеуін екі ұрып, құлатып жүйрікті мініп, қайта Мамай батырдың үйіне келеді. Өзін көріп сыртқа шыққан нағашысына:

- Мына тұлпарыңды қайтып алғың келсе, тау етегіне кел. Батыр болсаң, күшінді көрсетіп, атыңды алып қал, мен кеттім, - деп шаба жөнеліпті.

- Мына жиен қайтеді, ей! Маған тез арада ат пен сауыт әкендер! Әулиесін көрейін! – деп Мамай батыр да қаһарына мінсе керек. Сонда шешесі:

- Анаңды тыңдасаң, жас батырдың сонынан барма, балам. Олай етсең екеуіңнің бірің мерт боласың. Ол да сен ойлағандай осал емес. Оның анасы жыланға жеріген, мен сенде қабыланға жерігем. Бірің, жыланша білдірмей шағып, бірің қабылан болып атыларсың, оның ақыры екеуіңнің бірінді жазым етер, қайсыңнан айрылсақ та оңай тимес. Егер мені аттап өтсең, теріс батамды берем, - деп анасы есік табалдырығына жатып алыпты.

Анасын сыйлаған халықпыз ғой. Мамай батыр анасының сөзіне тоқтап мысы құрып үйден шықпай отырып қалыпты. Әрі жиеннің осал емес екенін де сезсе керек. Намысына тигенін де түсінген. Нағашысын тауда күте-күте шаршаған Базар қайта айналып үйге келген:

- Мен сені батыр десем, қатын екенсің ғой, ондай адамның атының маған қажеті жоқ. Міне, тұлпарың, - деп өркөкірек жас батыр атын иесіне қайтарыпты. Сонда өзінің қатесін біліп, жиенінің мойынынан күшақтап:

- Қателік менен болды, астамшылық сенен болды. Бауырдың тәуірі ағасынан, жиеннің тәуірі нағашыдан, бір-бірімізге ауыспай, бәле-жала қуыспай, етене жақын туыстай төс қағысайық.

Сөйтіп, елді жинап, батасын беріп аттандырыпты. Сол Қарақасқамен Базар батыр талай жауына қырғидай тиіп, өмірінің ақырына дейін ат үстінде жүріпті.

* * * * *

Базар XIX ғасырда, яғни 1800 жылы туып, 1898 жылы 99 жасында дүниеден өткен. Ұзақ өмір сүруіне өне бойы ат үстінде, шайқаста жүргені

себеп болғанға ұқсайды. Шайқастарда аман қалуы батырлығы мен айлалығы шығар. Ес өлгенде бірі тоғыз, екіншісі жеті жаста екен. Әкесі көзі тірісінде оларды былай сынайтын көрінеді.

- Мына пышақты құмға шанышамын, сен екеуің ана жақтан жүгіріп келіп соның үстіне аунайсыңдар, - бірақ балалары жүгіріп кеткенде пышақты алып қойған. Содан балалар алыстан жүгіріп келіп аунайды. «Әке, пышағың қайда?» деп жерге домалап, қаруды іздейді, Базар болса жүгіріп келіп жауырынын жерге тигізбей белінен иіліп секіріп кетіпті, соның бәрін бақылап, балаларын сынап отырған әкесі айтқан сөздер кейін шындыққа айналған.

- Әлкен көзсіз батыр, Базар айлалы батыр болады, - деген екен көреген әке.

Қуандық елінде Атбасар дуанының аға сұлтаны Сайдалы Аққошқар деген ірі тұлға болған. Ол кезінде патшадан шен алған, Санкт-Петербургте Романовтардың патшалық құруына 300 жыл толуына арналып өткізілген тойға барған қазақтың бірі. Ұлытау өлкесіндегі Найман елін Ерден Сандыбайұлы деген аға сұлтан басқарған. Сол елдің барымташылары Алтай елінің жылқыларына қырғидай тиіпті. Түн жамылып үйір-үйірімен айдап кетіп отырған. Барымтаны қойғызбақ болған аға сұлтан Аққошқар Ұлытауға арнайы сапар шегіпті. Ерден сұлтан болса бұл өңірде менен асқан батыр жоқ деп есептейтін асқақтаған кісі көрінеді. Екеуі ақыры келісімге келе алмайды. Еліне келісімен Аққошқар Базар келсін деп батырға кісі жіберіп шақыртыпты.

Шақыруды естіген Базар батыр көп ұзамай Ұлытауға аттаныпты. Ол келгенде Ерден сұлтан шабындық ортасына киіз үй тігіп ақ ордасында жатыр екен. Бір шақырымдай жерде қонақ үй тігіліпті. Ат байлайтын орын да жасалыпты. Базар бізден ақ ордаға жетіп барып, белдеуге ат байлап жатады. Соны көріп тұрған Ерденнің әйелдерінің бірі:

- Бір жалғыз атты жолаушы сені басынып, атын белдеуге байлап, үйге келе жатыр, - деп хабар береді. Оны естіген Ерден орнынан ақырып, атып тұрып, қылышын қынабынан суырып алып:

- Мені басынатын кім екен, кім де болса, басын шауып тастайын, - дейді зәрленіп. Сол екі ортада кіріп келген Базар батыр:


- Сен Найманның Ердені болсаң, мен жалпақ Қуандықтың Керденімін. Біз де қой қоздатқалы жүрген жоқпыз, шабыссаң шабысуға мен дайын, - деп ол да қылышын қынабынан суырыпты. Сонда Ерден тұрып:

- Пәлі, Қуандықтың Базар есімді сойқаны бар деп естуші ем, сол сен екенсің ғой, кел батырым, төс қағыстырып, дос болайық, - деп бірінші болып иіліп, бауырластыққа бет бұрған көрінеді. Кейін осы кездесудің арты екі елдің де достасуына дәнекер болыпты. Базардың осы сапарынан кейін көрші отырған екі ел бірінің малына бірі тимепті. Базар кеткен соң әйелдердің бірі Ерденге қалжындап:

- Өзің сияқты терезесі тең аға сұлтан Аққошқарды менсінбеп ең, жалғыз атты жолаушыға тағзым еткеніңе жол болсан, түсіндірші! - депті.

- «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» дегенді аталарымыз біліп айтқан ғой. Сендер не білесіңдер?! Мен қылышымды көтере бергенде Базардың екі иығынан екі – ақ бас қара жылан енді болмаса атылайын деп тұрды. Мен оның аруағын сыйладым, сосын тағзым еттім, – деп әйелінің аузын жауыпты.

Батыр бабамыз Базардың бейіті Тікенекті қорымында Баршыннан онша алыс та емес.



Buketov University



*Жақсы жігіт жоқ іздейді,
Жаман жігіт боқ іздейді.
Бірді көп іздейді,
Көпті кім іздейді?*

БЕКБОСЫН ШЕШЕН

Қаракерей елінен шыққан шешен Бекбосын ХІХ ғасырда өмір сүрген, ел қамын ойлаған, өз заманында әділ билігімен көзге түскен танымалы би болған. Шешендік өнермен бала кезінен бастап айналысқан. Ол тек қана өз елінде емес, көрші жатқан рулардың да жоғын жоқтап, олқысын толтырып отырған. Өзгені айтпағанда ұлы Абайдың да қарсы келмей құрмет тұтқаны шешеннің тұлғасын айқындап тұрғандай. Біз сөз зергерінің қолға түскен шешендік сөздерін көпшілікке ұсынғанды жөн көрдік.

БЕКБОСЫННЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Қаракерейден тарайтын Байыс, Байсиық елдерінің арасындағы бір барымтада Домбайдың жылқысы қолды болыпты. Домбай ақ адал малын қуып, Байыс еліне қанша барса да ала алмапты. Бірде Байыс ішінде сияз өтіп, сияз басы Тана мырза деген хабар құлағына тиген он екі жасар Бекбосын әкесінен рұқсат сұрапты:

- Байыс Байсиықпен сөйлесуші ме еді, қой балам, - деген Домбай, баласының қайтпас түрін көріп, ақыры батасын беріп, қасына ел адамдарын қосып аттандырған екен.

Сияз жұмысы аяқталар тұста Бекбосын ордаға кіріп келіп сәлем берсе, сәлемін ешкім алмапты. Тана мырза екі қолын желкесінің астына қойып жататын кісі екен. Сонда Бекбосын:

- Сөздің басы – сәлем еді,
Елдің басы – Тана мырзадай данам еді,
Танекем жарық дүниеден күдер үзіп,
Жамбасына басқан ба қара жерді.
Қайран ағатайым-ау! -

деп дауыс салып, төрге ұмтылғанда, Тана мырза:

- Өй, енеңді ұрайын! Мынауың бала емес, бәле ғой өзі! - деп басын көтеріп алыпты.

* * * * *

Бақанас – Көксала бойындағы семіз Найман-Жанғұлы елінің Қазығұл руының адамдары барымтаға келген бір Тобықты жігітін андаусыз өлтіріп алыпты. Іле-шала Тобықты елі өз ішінде дау болып, құн сұрай алмай қалған екен. Араға біраз уақыт салып, өлген жігіттің ағайындары құн алып бер деп болыс Абайға барыпты.

Құнанабайдың болыс баласы келе жатыр деп дүрліккен Қазығұл елі ат жіберіп, Бекбосынды алдыртыпты.

Оншақты адаммен Қазығұл еліне келген Абайды қарсы алғандардың ішінен Бекбосын суырылып шығып:

- Жақсы жігіт жоқ іздейді,
Жаман жігіт боқ іздейді.
Бірді көп іздейді,
Көпті кім іздейді?
Жүрістерің суыт, қабақтарың қату ғой,
Тобықтының сөзі Кеңгірбай еді,
Көзі Өскенбай еді,
Қүнекеңнің көзіндей боп жалғыз келгенің қалай, Абай?

Базаралым аман болса игі еді? - деп Абайды құшағынан босатпай тұрып алыпты.

Абай:

- Алысқа жолаушылап бара жатқан соң, жолай бұрылып едік, рахмет! - деп Қазығұл ауылынан түстеніп қана аттаныпты.

Сөйтсе, осының алдында ғана Базаралы Қауменұлы бастаған Жігітектің 17 адамы итжеккенге айдалған екен. Бекбосын соны тұспалдапты.

* * * * *

Садыр елінде Тасбектің Базарбайы деген мықты кісі болыпты. Жыл сайын ағайыны Қаракерейден жылқы барымталап олжалаған малын туыстарына пышақ үстінен үлестіріп жібереді екен. Осыдан әдбен запы болған ел адамдары Бекбосын шешенге келіп:

- Төлегетайдың екі баласы бір-бірімен шабысып жатыр деген атаққа қалармыз. Базарбайға тоқтау айтпасаңыз болмас, - дейді. Бекбосын Базарбай ауылына аттанып, ат басын қонаққа тігілген үйге емес, байдың өз үйіне тірейді.

- Уа, сөйлес! Кім бар? – деген дауысты естіген Базарбай:
- Мынауың кім? Барып білші! - деп жалшы жігітін жұмсайды.
- Кімсің? - деген жігітке Бекбосын аты-жөнін айтпай:

- Қаракереймін, - деп жауапты қысқа қайырады. Бұған шамданған Базарбай:

- Қаракерей болса, менің әкем Садырды көріп пе? - деп жалшысын қайыра жұмсайды.

- Көрдім, - деп саңқ ете қалыпты Бекбосын, - шұбар аты астында, шолақ найзасы қолында, Алатау мен Тарбағатай арасында күніреніп жүр екен, жарықтық жұмаққа барайын десем, балам үшін құдайдан қорқамын, тозаққа барайын десем, азғырушы сайтаннан қорқамын. Балам Базарбайға айта бар, ағам Қаракерейдің жылқысын өзіне қайтарсын деп үш қайтара сәлем айтты.

- Апыр-ай, менен бір ағаттық кетіпті. Өзіңді көрмесем де, сөзіңді естуім бар еді, Бәке! – деп Базарбайдың өзі үйден шығып, Бекбосынды қолтықтай түсіріп алыпты. Осыдан кейін Қаракерей мен Садыр арасындағы барымта сап тыйылыпты.

* * * * *

Қаракерей Найман елінің Байыс тобынан тарайтын Мәмбетқұл (Қыржы-жеңгелері қойған лақап аты) елінің білікті адамы болған Бадығұл әрі ақын, әрі шешен кісі екен. үш арыстың баласы бас қосқанда, сөз ұстап билікке кіретін адам болыпты. Барлықызыл Балқыбектің сиязында Бекбосын шешенге:

Бекбосын қызыл тілде Найман алды,
Барлықызыл Балқыбек сонда барды.
Орта жүздің баласы бас қосқанда,
Бекбосынның дабысы жерді жарды.
Арғын Алтай, Тоқадан келген кісі,
Мынау қандай адам деп ойына алды.
Арғын менен Найманнан озып алып,
Қара атандай Ақбайға жүлде салды.
Ештеңеден тартынба, Бекбосыным,
Қожаберген аруағы сенде қалды! –
деп айтқан екен.





*Кем болмайсың, қарағым,
Құдай да қолдар оныңды.
Бала берсін – бақ берсін,
Қайраты мол толымды!*

БІРІМТАЙ ШЕШЕН

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы ауыз әдебиетіне тежеу салған кезі еді. Табан астында тауып айтатын шеберліктің қолданысы шағын орта мен ауылдың аймағынан аспай қалды. Суырыпсалмалық дәстүрді дәріптеу жоғалды. Жазба жұмыстарға бет бұрды. Көнеден келе жатқан айтқыштықты бойына дарытқан өнер иелері, енді құлашын алысқа сермеуге болмаған соң, маңайына ғана жұмсап отыруды машық етті. Солардың бірі – Бірімтай шешен еді. Біз қолдағы бар дүниелерін оқырманға ұсынуды жөн көрдік. Өйткені, аз да болса шешеннің бізге жеткен сөздерінен алғырлықтың, тапқырлықтың, тілділіктің дәстүрлі көріністері аңғарылып тұрғандығы айқын.

БІРІМТАЙДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Қарқара өңірінің Мыңжылқы жайлауын жайлаған Бірімтай деген болыс жастайынан ел-жұртының қамын жеген жан екен. Орыс патшасының алым-салығын қабылдамай, қарсы шығып, соңына мың түтінді ерткен айбыны мен ақылы арқасында даңқы асады. 1916 жылдары қалың сең шайқалған тұста бұл кісінің шау тартқан шағы болса керек. Жұртқа жаққан қылығы тоқалына жақпай, тілін ала бермейді екен. Сонда айтыпты дейді:

Шайға қосып ішуші-ем қою қаймақ,
Қу дүниені қайтемін терең ойлап.
Мың кісіге бас болған сұңқар басым,
Қор болдым бұл тоқалға сорым қайнап.

Күрең атқа салғаным күміс нокта,

Қашқан жаудың тілегі тоқта-тоқта.
Мың кісіні ұйытқан бұлбұл тілім,
Қор болды бұл тоқалға шамам жоқта.

Осындай назын естіген соң жағынып қалмақ көңілмен сөзі шолақ, қолы олақ тоқалы шалына деп тігіп жатқан тері тонның қиюын келтіре алмай қояды. Соның үстіне Салтанат деген шебер келіншек келіп қалады да тоқалға селбесіп, тонның қиюын келтіріп, тігісінің қырларын реттеп, бітіріп береді. Сонда Бірімтай:

Қойым-қойым қой болар,
Бірін сойса той болар.
Қойдан шыққан теріні,
Жақсы қатын илесе,
Жылы шекпен сол болар.
Жаман қатын илесе,
Бас-аяғы кесілер,
Орта тұсы тесілер,
«Мұны қайтем» деуменен,
Уайымы мол болар, -

дейді де, жатқан күйі Салтанат шеберге қарап:

Әумин! – деп,
Көтерші, балам қолыңды,
Оңғарсын құдай жолыңды.
Жақсы келдің білгендей,
Бітірістің тонымды,
Кем болмайсың, қарағым,
Құдай да қолдар оныңды.
Бала берсін – бақ берсін,
Қайраты мол толымды!
Аллаһу әкбар! –

деп бата берген екен.





*Шаматайдың маясы,
Маясына қарашы,
Маясы тұр жалпып,
Сәкені тұр қалқып.*

МЫРЗАХМЕТ ШЕШЕН

Өмір жолына қатысты мәліметтері сақталмаған сөз зергерлерінің бірі – Мырзахмет шешен. Қуандық – Алтай елінен шыққан шешеннің өмір сүрген кезі XX ғасыр, яғни, кеңестік кезең. Заманында сол қоғамның олқылықтарын сынауды тоқтатпаған болса керек. Нәтижесінде қағажу көріп, түрлі қиындықтарды басынан кешеді. Ал, айтқан сөздері ұмыт болып, бүгінгі күнге жетпеген. Тек қана бірлі-жарым бірқакпайлары табылып, соларды жариялауды жөн көрдік.

МЫРЗАХМЕТТІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Көктемнің жайлы күндерінің бірінде Мырзахмет атаның ауылы бүкіл малымен жайлауға көшіп бара жатады. Жолда тоқтап, демдерін алып, шай ішейін десе сүттері жоқ. Әрине болмайды, қазіргідей тоназытқыштары жоқ сүттерін сақтайтын. Сиыр болса, бұзау еміп қойды. Содан не істейді? Бір баланы сол жерден алыс емес бір ауылға, Сәнім деген әйелдің үйіне бір шайлық сүт алып кел деп жібермей ме. Әлгі бала барып, сүт алып келеді. Сөйтсе, сүті ашып, іріп кетіпті. Сондағы Мырзахмет атаның Сәнімге айтқаны:

Елге ел қосылса, болады құт,
Келінжанның бергені былтырғы сүт.
Пейілінен Сәнімнің мен қорықтым,
Япыр-ай, болмаса екен биыл бір жұт, -

депті. Бұны естіген Сәнім Мырзахмет атаға келіп:

- Ойбай, Мырзеке, құтқар мені! Күйеуіме айта көрме бұл сұмдықты! Енді қайтейін таңертеңгі сүт еді, күн ыстық, жолда іріп кеткен ғой, - деп, тәтті-дәмдісін алып келіп, ақсақалға сыйға тартқан екен.

* * * * *

Мырзахмет атаның балдызы, Ұлы Отан соғысының мүгедегі, Қанапия Бекбосынов елтіріден малақай тіктіріп, киіп алып, жездесіне келіп мақтанбай ма. Сонда жездесі балдызына қалжыңдап:

Қанашжан, ағаш арттың кең даладан,
Малақай киіп келдің сен қарадан,
Бере салсаң жездеңе қайтер еді,
Тауып алдым демеспін мен даладан.

Басында малақайдың тарандығы,
Бермесе Қанашжанның сарандығы,
Мың қойдан бір малақай кие алмаған
Жездеңнің болады екен жамандығы, -

дейді.

* * * * *

Қанапияның туған інісі Сәкен және руласы Шаматай мая салып жатады. Жұмыстан келіп, шаршап, ауырып, ат үстінде келе жатқан Мырзахмет ата сиырын іздеп жүріп, жолда осы кісілерге жолығыпты. Олар ол кісіге балдыз болып келеді екен. Шаматай Мырзекеннің атының жүгенін ұстап алып, маясын көрсетіп, мақтанып, өлең шығарып жібер деп қоймай қойыпты. Ал, Сәкен болса, үндемей ғана айырына сүйеніп, қарап тұрады. Шаматай болмаған соң Мырзахмет былай депті ғой:

Шаматайдың маясы,
Маясына қарашы,
Маясы тұр жалпиып,
Сәкені тұр қалқиып, -

деп, сонда да үндемей тұрған Сәкенге де тиісіп қойыпты.





Тұлпарды аттың ба?

Туды құлаттың ба?

ҚОСЫБАЙ ШЕШЕН

Әлтекенің ішінде сөзден сүрініп көрмеген, тілімен тіліп түсетін Қосыбай шешен XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген. Тек қана Әлтеке емес, шешімі қиын дауға душар болған сол аймақтың халқы Қосыбайға келіп жүгініске отырады екен. Алтынбек деген баласы Әлтекеге болыс болған. Біз қолымызға түскен шешен жайындағы бір әңгімені сіздерге ұсынып отырмыз.

ҚОСЫБАЙДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗІ

Қаракесек-Сарымда Боқай болыс болып тұрған шағында араларында болған бір реніштің салдарынан Жақсы Жанқұттының баласы Тәтибекті қаралап, мөр басып, Оязға шағым жібереді. Соңынан маңайындағы елден сескеніп, жай-жапсарды аңғару үшін жан-жаққа кісі жұмсайды. Ондағысы елдің ойын, пікірін, ниетін білу еді. Әлтеке Қосыбай шешенге өзінің інісі Терлікбайды жіберіпті. Терлікбай үйге сілем беріп кіріп келсе, шешен төр алдындағы төсекте теріс қарап жатыр екен.

- Ассалаумағалейкум, болыс ағам сізге жіберді! - деген Терлікбайға, шешен жастықтан басын жұлып алып:

- Терлікбайым, Терлікбайым!

Терің жайылғалы тұр ғой!

Тұлпарды аттың ба,

Туды құлаттың ба?

Ұштаған ұшынайын деп тұр ғой,

Қылаң апшиын деп тұр ғой, - депті.

Терлікбай ләм-мим деуге шамасы келмей қайтып кетіпті. Мұндағы Ұштағаны Боқайдың қоныстанған жері екен. Ал, жылқыларының көпшілігі қылаң болса керек.





*Елден жылқы жинапсың,
Талайларды қинапсың.
Ұрлық малдың етімен,
Мына мені сыйлапсың!*

ЖҰМЫҚ ШЕШЕН

XIX ғасырда өмір сүрген Жұмық шешен өзінің дәуірлеп тұрған шағында аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермеген ірі тұлға болыпты. Өзгелері былай тұрсын, төре ұрпақтарының өзі онан қатты қаймыққан деседі. Сөзі өткір, тілі тап-тұйнақтай етіп жеткізетін шебер, түйреп түсетін ұшқыр болған екен. Десек те, шешеннің сөздері бүгінгі күнге толық жетпеген. Іздестіргенімізбен таптырмады. Шыққан тегі – Қарауыл руы. Қолымызға түскен мұрасын жариялауды жөн көрдік.

ЖҰМЫҚТЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗІ

Кент Бақты тауларының шұрайлы өлкесін, Түндік, Кәдір өзендерінің бойын төре тұқымдары иеленген екен. Кең байтақ жер, өнімі мол, көп дүние, жиһаз иемденсе де қанағатшылдығы кем, көзі тоймайтындар да аз болмаған ғой. Солардың бірі Қарауыл атаның ұрпағы, кәрілік жеңе бастаған Жұмық ақсақалдың бір үйір жылқысын айдатып алдырған екен. Әрине, бұл ұрлық қой, мал ізін барған жерін анықтаған соң Жұмық шешен қасына жігіттерді жинап, малды қайтарып әкелеміз деп төренің үйіне аттанады. Төре Жұмық шешенді жақсы шыраймен қарсы алып, мал сойғызып, бас тартыпты. Ол кезде келген қонаққа ет асататын дәстүр бар екен. Сол бойынша төре өз қолымен Жұмыққа ет асатса, Жұмекең қақалып-шашалып сөз туғызу үшін әдейі әрекет жасапты. Төре соған алданып қалса керек, ол дереу қолын қонағының аузына тосып тұрып: «Жұмеке, сонша ашығып келгендей мұныңыз не? - десе керек. Сонда Жұмықтың айтқаны:

Оу, төре, тақсыр!

Біз сіз сияқты емеспіз қасқыр,

Елден жылқы жинапсың,
Талайларды қинапсың.
Ұрлық малдың етімен,
Мына мені сыйлапсың!
Адал асың болмаған соң,
Тамағымнан өтпей жатыр.
Көмекейді шошытып,
Асқазанға жетпей жатыр.
Арам асты бұл Жұмық,
Өмірінде жемес қой.
Астаудағы бұл етің,
Өзіңдікі емес қой! - деген екен. Төре сөзден ұтылып, ертесіне жылқысын
алдына салып Жұмықтан әзер құтылса керек.





*Қыпшақ бұрады,
Арғын тұрады.
Қыпшақтың қарасы ашуланшақ,
Күш көрсетіп басшы келеді.
Арғынның қарасы өткір,
Тілі ащы келеді.*

МЕРКІТ ШЕШЕН

Меркіт шешен Қарқаралы өңірінен шыққан, өз заманында сөзге шеберлігімен, әділдігімен көпке танылған тұлға. Өмір сүрген уақыты шамамен алғанда XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысы. Белгілі бір ер Тоғалақтың әрі батыр, әрі би баласы Матақпен замандас болған. Қариялардың айтуына қарағанда Меркіт Матақтан мүшел жасы кішілігі бар екен. Дегенмен, әрі дос, әрі бауыр болып өмір сүрген олар бірінің сөзін бірі жерге тастамаған. Әсіресе, Матақ бидің тапсырмасын бұлжытпай орындап отырған. Меркіттің өмір жолына қарасты деректер сақталмаған. Тек қана әділ төрелігімен шешендігін айғақтайтын екі әңгімесі ғана қолымызға түсті. Аз да болса соны көпшілікке ұсынғанды жөн көрдік.

МЕРКІТТИҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Алтай мен Қаракесек ұрпақтары арасында бір ұсақ даудан ушығып, аралары сиыспай жанжал туып кетеді. Осы ерегіспен Қаракесектердің жігіттері осы Бақты ауылының Кент тауының бір сайына Алтайдың үш мың жылқысын барымталап, тығып тастайды. Осы жанжалдарды естіген, Матақ би ұрыс-керіс, дау-жанжалды тоқтатуға Меркіт биді жіберіпті. Меркіт би он сегіз жасынан бастап билікке араласқан, дау-дамай, ұрыс-керіс, жанжалдарды шешіп отырған. Меркіт бисіз ешбір мәселе шешілмеген. Бұл жанжалды естіп білген Меркіт би жігіттерін жинап, жанжалды шешуге аттанады. Меркіт би Кеңестасқа келіп Қаракесектердің құрып қойған киіз

үйінде жатып алыпты және бір айдай үндемей қойыпты. Екі жақтың да жиналған жігіттері бар, оның үстіне салмақ күту жағынан сойыс малы бар ауырпалығы Қаракесектерге батып бара жатады. Енді екі жағы да көніп, не болса да енді Меркіт биді сөзге шақырайық сол шешсін дейді. Сөйтіп олар Меркіт биге кісі салады. Сонда Меркіт би келіп сөйлепті:

Алтай, айтқаныма неге көнбейсің,
Билікті неге бермейсің?
Қаракесек сен, тілімді неге алмайсың,
Ағаңның алдына
Айыбыңды мойындап бармайсың? -

дейді. Сонда бәрі шу ете түсіп:

- Айтқаныңызға құлдық, қайткенде де осы жанжалды шешіңіз, - депті.

Сонда Меркіт би тұрып:

- Егер айтқаныма көнсеңдер, тілімді алсаңдар, сен, Алтай, тоқтаған жерінде, Нұрадан бастап Қараөткелге дейін қоныстарың барған – сол жерде қоныстана бер. Ал, сен, Қаракесек, Алтайдың үш мың жылқысын, жабағы-тай, тайынша-торпақ болсын жылқысының орнын толтырып қайтарып бер, - деп екі жақты да риза етіпті.

* * * * *

Бұрынғы қариялар Орта жүзді «жер қоныс» - деп атайды екен. Олар: Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уақ, Тарақты. Олардың ішінде Қыпшақ пен Арғын арасында алыс-беріс, ұрыс-керіс те жиі болып тұрады екен. Соған орай қағысу да, табысу да жиі болып тұрған. Сол замандарда Меркіт бидің елдің шырайы осы екі араға қатысты айтқаны мынадай сөз екен

Қыпшақ бұрады,
Арғын тұрады.
Қыпшақтың қарасы ашуланшақ,
Күш көрсетіп басшы келеді.
Арғынның қарасы өткір,
Тілі ащы келеді.





*Тоқсан бесте жасым бар,
Ел сыйлаған басым бар.
Сыйластыққа келгенде,
Сыбағалы асым бар.*

ЗІЛҚАРА ШЕШЕН

Зілқара шешен XVIII ғасырдың алпысыншы жылдарында өмірге келіп, XIX ғасырдың ортасында ұзақ жасап қайтыс болған. Шыққан тегі Орта жүздің ішінде Атығай – Қарауыл. Шешендік өнермен қоса ақындықтың, әншіліктің дамуына айтарлықтай үлес қосқан. Әкесінің аты – Байтоқа. Дәулетті адам болған. Дуанбасыға кеңесші болып, жұмыс жасаған. Әбек, Мұса деген балалары да ел басқарған адамдар болыпты. Бес әйел алған. Жасы жүзге жуықтағанда өмірден озған. Тілге шебер, сөзі отты, ешкімнен қаймығып көрмеген, «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген нақылды ұстанған, от ауызды орақ тілді шешен болған.

ЗІЛҚАРАНЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Баласы Атығайдың Зілқара едім,
Өзім би, өзім шешен, ділмар едім,
Кешегі жиырма бес келсе қайтіп,
Дүниені оңды-солды бұлғар едім, - деген сөзі ел арасына таралып кеткен.

* * * * *

Ертең ауыл көшеді-ау арыс-арыс,
Жас баламен ерте-кеш болдық таныс.
От басында ойменен жарысамыз,
Тоқсан төрт, тоқсан беспен алысамыз.

* * * * *

Құрымсы шешен Зілқарамен туыс, ағайындас екен. Кедей болғандықтан ағайындары елушақты қой жинап беріп, ол қойды Құрымсы Зілқараның шабындығына жайыпты. Оны көрген Зілқара атқа міне салып, шауып келеді.

- Ағасы, мынауың не, менің шабындығыма мал жайып отырғаның? – дейді.

Сонда Құрымсы:

Зілқаражан!

Ағаң қалып еді суалып,

Қонақ келсе қысылушы ед ұялып,

Бір-бір қойдан беріп еді білесің,

Ағайындар отырсын деп жұбанып.

Ырза болып ағайынның ісіне,

Келдің бе сен тұра шауып, қуанып? –

депті. Зілқара үн-түнсіз кері қайтыпты.

* * * * *

Бірде ел жақсылары Зілқараның жасы егделеген шағында сәлем беруге келіпті. Дастарқан басында отырғанда, келгендердің бірі:

- Ақсақал, қаншаға келдіңіз? – деп сұрапты.

- Е, шырағым, бұрынғының сөзі бар емес пе еді, «Жақсы адамның жасын сұрама, жақсы аттың тісін қарама» деген, оны несін сұрадың? - депті. Үйдегі тоқалдары тысқа шығып кеткенде, сөзін жалғап:

- Қатын – дұшпан деген бар. Олардың көзінше менің жасымды сұрама, өйткені, олар естісе, тауы шағылып, көңілдері қайтады.

Тоқсан бесте жасым бар,

Ел сыйлаған басым бар.

Сыйластыққа келгенде,

Сыбағалы асым бар.

Төрт тоқалым жанымда,

Бақытым да, барым да.

Тұғырымнан түспеспін,

Ағайынның барында, -

деген екен.

* * * * *

Атығайдан мен шыққан Зілқара едім,

Өзім шешен, өзім сал, ділмар едім.

Кешегі жиырма бесім қайтып келсе,

Тағы біраз тоқалды жинар едім.

Қазыл өкше киуші ем қалтылдатып,
Қайтіп салдық құрайын үйде жатып,
Өтіп кеткен жиырма бес қайтып келсе,
Шешен сөзді төгер ем сартылдатып.
Жүре алмаймын кәрілік аяғымнан,
Екі қолдап ұстаймын таяғымнан.
Көз бен көңіл, жүйрік ой алып-ұшып,
Әлі күдер үзбеймін баяғымнан.
Кәрілік түсірді ақау азуыма,
Жеті дуан таң қалған жазуыма.
Болмашыдан қаймығып қалжырадым,
Әл бермейтін Зілқара ем азулыға.
Тоқсан бес келдің ғой сен алайын деп,
Құрықты қыл мойынға салайын деп.
Аз ғана күн тоқсан бес аялдай тұр,
Өзім де жатырмын ғой барайын деп.
Қазы-қарта қазанда қайнап жатыр,
Екі көзі шалыңның жайнап жатыр.
Арқаны жоқ, жібі жоқ тұсау салып,
Аяқ-қолды тоқсан бес байлап жатыр.
Түтіні ащы қарағай, жақтым арша,
Асыл текті киімді кидім барша.
Жеті дуан билеген Зілқара едім,
Қайрат кетіп отырмын балаларша.
Омбы, Семей жол салдым малды айдап,
Өнер шіркін қалды ғой іште қайнап.
Өткен өмір айтқанмен түк пайда жоқ,
Бір-ақ күнде өтерсің сорың қайнап.





*Ешкімнің іші толған лақ еді,
Саусам сүті бұлақ еді,
Қап-қап құрты бар еді,
Қарын-қарын майы бар еді.*

НАУ ШЕШЕН

Ел ішінде есімі мен шамалы шешендік сөздері сақталып қалған ділмарлардың бірі – Нау шешен. Бізге жеткен мұраларының құрлысы мен мазмұнына қарағанда ол ақындық пен шешендіктің тізгінін қатар алып жүргенге ұқсайды. Әрине, ол жаңалық емес. Өйткені, тарихқа көз жүгіртсек ондай өнерпаздардың болғандығын байқауға болады. Оларға тән ортақ ерекшелік ортаның ыңғайына қарай, қара сөзбен де, өлеңмен де жауап беру қабылетіне ие болғандығы. Бірақ, шешеннің нақты туған, қайтыс болған жылдары анықталмаған. Көнекөз қариялардың айтуы бойынша шешеннің есімі Наурызбай болса керек. Халық оны құрметтеп, әділдігі мен шешендігін бағалап, ел еркесі ретінде Нау деп атап кеткен дейді.

НАУДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Арқа елінде Нау деген сөзуар шешен болыпты. Көктемнің бір күнінде сол Нау шешеннің лақтайын деп тұрған бір ешкісі ұшты-күйлі жоғалады. Ол іздестіріп жүріп ұрыны табады. Ұры оған:

- Екі ешкі ал, - дейді. Ол көнбепті. Екеуі жүгініске сол елдің биіне барыпты. Би үш ешкі төлесін дейді. Нау алмайды.

- Төрт ешкі берсін, - дейді. Нау алмапты. Сонда би тұрып:

- Не қылған адамсың? Ол ешкінің не қасиеті бар еді сонша?! – деп сұрапты. Сонда Нау:

- Ешкімнің іші толған лақ еді,
Саусам сүті бұлақ еді,
Қап-қап құрты бар еді,

Қарын-қарын майы бар еді,
Сойсам терісі бұтыма қап еді,
Мүйізі пышағыма сап еді,
Қатыным жақсы көретін еді
Сүтін қаймақтай қою беретін еді,
Өріске өзі барып, өзі келетін еді.
Мал жайылымға шыққанда,
Өзгелері соңынан еретін еді, -

деп шұбырта жөнеліпті.

- Е, жағың қарысқыр, мақтауын келістірдің. Енді ешкінің төлеуін айтшы,
- депті би.

- Төлеуі төрт ешкі,
Айыбы алты ешкі,
Өзін қосып санасам,
Болады он бір ешкі.
Құнын тұрсың сұрап,
Ал, билік ақысы бір ат, - депті Нау.

Сонда би күліп:

- Он бір ешкі бер де, мына пәледен құтыл, - депті ұрыға. Ел ішінде «Нау құрымай, дау құрымас» деген сөз содан қалса керек.

* * * * *

Нау жолаушылап келе жатқанда, ағып жатқан өзеннің арғы жағында кетіп бара жатқан екінші жолаушы:

- Туысқан, насыбайың бар ма? Мұрным қаңсып барады, болса атып жіберші, - деп айғайлайды.

Нау шақшасын алып, насыбайын атып болғанша, жаңағы жолаушы өзеннің бергі жағына өтіп, насыбай сұрап атып, шақшасына қызығады да, оны маған бер деп ұсыныс жасайды. Нау шақшасын беріп, танысып-білісіп, ауылына кетеді. Біраз уақыт өткеннен кейін уәде бойынша Нау әлгі адамның үйіне келіп, берген шақшасының орнына басқа бір жұмысқа қолқа салады. Шақшаны алған адам қолқасын бермейді. Екеуі дауласып, ақыры сол ауылдағы Барлыбай деген бидің алдына жүгініске келеді. Әлгі адам оған дейін Барлыбайға маған Науды жығып бер деп, пара беріп қойған екен. Нау кіріп келгенде Барлыбай:

- Сен маған мынаны айтшы, сонша жерден ат арытып келгендей, шақшаңда қандай қасиет бар еді? – деп сұрапты.

Сонда Нау іліп әкетіп:

- Шақшам менің жақсы еді,
Таутекенің мүйізінен істеген, нақышты еді,
Қырық қой, төрт ат жасаған адамның ақысы еді,
Сексен маржаннан көзі бар еді,
Токсан қой, тоғыз ат тұрады деген,

Истеген кісінің сөзі бар еді.
Осындай қимайтын шақшамды,
Қалаған соң мына кісіге беріп едім.
Сен қолқа салғанда,
Қайтарамын деп айтқан өзі еді.
Қыр қыстаймын деп балтамды алды,
Қалауым деп бөрте атымды алды,
Жау шапты деп төрт атымды алды,
Тілік құлақ сары атымды алды,
Сары атымның енесі
Кішкентай ғана бием еді,
Жеті тұлпарға жиен еді, -
деген кезде, шақша алған кісі сөзге араласып:
- Қыстың қатты боларын лақ білер,
Күннің суық боларын құлақ білер,
Берген нәрсенің сиыр мүйізді екенін,
Төрелігін беруші өзі-ақ білер, -
дейді. Сонда Нау тұрып:
- Қыстың қатты боларын тоқты білер,
Ақылды адам бар менен жоқты білер,
Пара беріп қоймасаң Барлекене,
Айтпаған сөз мәнісін боқты білер, -
дейді. Қысылған төреші шақшасын қайтартыпты.





*Ынтымақ, бірлік болмаса,
Үлкеннің айтқан сөздерін,
Кішісі қолдап тұрмаса,
Ел дегенің немене?!*

БАПАН ШЕШЕН

Арқа өңіріне аты мәлім Бапан би кәдімгі жоңғар шапқыншылығы кезінде қол бастаған атақты қарт Қанжығалы Бөгенбай батырдың немересі болып келеді. Өмір сүрген кезеңі шамамен алғанда 1750-1850 жылдардың арасы. Өз заманында ел арасындағы болған түрлі дау-дамайларды әділ түрде шешендігімен оңынан шешіп отырған. Жалпы қазақ даласына қатысты тарихи оқиғалардың бір парасының аясында Бапанның есімі жүруі шешеннің өз кезіндегі алған орнын айғақтап тұрғандай. Бапанның әкесі Тұранәлі деген кісі. Өз заманында тілге шебер шешен адам болған екен. Баласының әрі шешен, әрі би болып қалыптасуына осы әкесінің тәрбиесі әсер еткен болса керек. Бапан Арқаға мәлім Саққұлақ шешеннің әкесі. Біз қолымызға түскен мәліметтерді жинақтап, көпшілікке ұсынғанды жөн көрдік.

БАПАНЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Бапан би бір жиында жастардың, ішінде отырған өзінің Саққұлақ баласының «Ел дегенің немене, ер дегенің немене?» деген сұрағына былай деп жауап беріпті:

Мал-жанның бәрі сусындап,
Мейірі оның қанбаса,
Көл дегенің немене?!
Ынтымақ, бірлік болмаса,
Үлкеннің айтқан сөздерін,
Кішісі қолдап тұрмаса,
Ел дегенің немене?!
Еліне құрбан болмаса,
Абырой, бедел қонбаса,
Ағайын-туыс, ел-жұрты,
Батыр-ау деп тұрмаса,
Ер дегенің немене?!

Шайырлы шөп болмаса,
Түлігі жайлап тоймаса,
Қатар өсіп мал мен бас
Қуанып елің қонбаса,
Жер дегенің немене?!
Желге пана болмаса,
Қарға бөгет қылмаса,
Түлкі аңға толмаса,
Бел дегенің немене?!
Адал жүрек болмаса,
Сөзіне опа қылмаса,
Түзулікті бұрмалап,
Өтірікті шыңдаса,
Би дегенің немене?!
Арды сатпа, малды сат,
Жалған айтып болма жат,
Жат болдым деп жандансаң,
Жүрегіңде қалар дат!
Тегінде жөндеп берерсің,
Бекер айтты деп жүрме,
Түбінде бір сенерсің!

* * * * *

Бапан бидің ауылы Арқадағы өте бір тамаша жер, Қоржынкөлдің жағасында орналасқан екен. Ол өңірде жер асты алтыны бар деп естіген Тұрлыбек Көшеновтың баласы Нөгербек қасына Омбының офицерін ертіп сол ауылға келеді де, алтын іздейтіндігін айтып, Бапан бимен ақылдасады. Сонда Бапан Нөгербекке былай депті:

Маған би атын халқым берген еді,
Саған билікті жандарал берген еді.
Өз жеріңнен су шыққандай,
Бет күйдірер бу шыққандай,
Бізге қарай келіпсің.
Ниетің бұзық тым,
Ойыңды айт шын,
Судан шыққан сүліктей,
Қасындағың кім?

Осы сөзді естіген Нөгербек кешірім сұрап, офицерімен бірге еліне қайтып кетіпті.



*Сен де құдайдың құлы екенсің,
Керейден мойының асып тұр екенсің.
Дауысың Қазыбекке тартса,
Сүйегің Шақшақ Жәнібекке тартса
Өзіміздің Арғын азаның ұлы екенсің!*

САРЫ ШУАШ ШЕШЕН

Сары Шуаш (туған, қайтыс болған жылы белгісіз) Семейдің Талдықорған жағындағы өлкесінде Наймандар арасынан шыққан шешен. Сары Шуаштың өзге шешендерден бір ерекшелігі – ол шақпа тілді, сын-сықақшыл, әзіл оспақшыл уытты сөзді төге сөйлейтін шешен бопты деседі ел. Ол шағын денелі, аласа бойлы, бадырақ көз, тәмпіш мұрын, келтек ауыз, жарғақ құлақ домалақша тұлғалы кісі болса керек. Онымен сөз сайысына түскендер алдымен осы тұлға тұрпатын тілге тиек етеді екен.

САРЫ ШУАШТЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Сары Шуаш бір жолы Керей Жәнібек батырдың ауылына құн даулап барыпты. Сонда оны қомсынған Жәнібек:

- Сен, кемсек ауыз, жарғақ құлақ
Жылқыға суат болсаң ылайсың
Астыңа ала шолақ ат берсе
Алты ай мініп арытпассың
Қолыңа қырық кез оқ берсе
Дұшпанға бірін атып дарытпассың
Сен би болып та жарытпассың
Менің дауысым Қазыбекке тартқан
Сүйегім Шақшақ Жәнібекке тартқан
Сен мына түрінмен не үміт қылып келдің? – дейді.

Сонда Сары Шуаш би:

- Сен де құдайдың құлы екенсің,

Керейден мойының асып тұр екенсің.
Дауысың Қазыбекке тартса,
Сүйегің Шақшақ Жәнібекке тартса
Өзіміздің Арғын ағаның ұлы екенсің! -
депті.

* * * * *

Сары Шуаш ел ішінде бір іспен Шаншар Қаракесекке барып, елдің шетінде кездескен бір адамына қонып, түстенуге жөн сұрапты.

- Бұл қай ел?
- Бұл кесіп алса, қан шықпас, аузына салса май жұқпастың елі.
- Анау кімнің үйі?
- Ол түлкі іздеп, ін қазып, бір-екі түлкі алғанның үйі.
- Мынау кімнің үйі, оған қонуға бола ма?
- Бұл нағыз құнсыздың үйі, қонуға болады.

Шуаш мұның жұмбақ сөздеріне түсінбей неде болса байқайын деп әлгі үйге қоныпты. Жылдың күзгі мезгілі еді. Тоңазып келген жолаушы оттың басына жақындап отырыпты. Сол кезде үй иесі әйеліне:

- Мына қонақтардың сыбағасын сал, - депті. Әйел отқа бір құшақ отын әкеп салыпты. От қызып, келгендер жылынып, кейін шегініп отырыпты. Сол кезде шай келіпті. Шайдың майы жоқ, қанты жоқ, сылдыр болыпты. Үй иесі отырып:

- Қонағым, осы үйде жылан көзі болса, бұйырмасын, - депті. Шуаш сыр бермей аттанып кетіпті. Басқа жерге барып қонып отырып:

- Бір үйге қонып едім, ол мені жұмбақ сөзбен аттандырды, - деп оның айтқандарын айтып, жөнін сұрапты. Сонда үй иесі айтыпты:

- Ол – Шаншардың қуы екен ғой. Бірақ ол өтірік айтпапты, шынын айтқан екен, сіз түсінбепсіз. Оның айтқандары:

- Біз Қаракесекпіз, Қаракесекте май бола ма дегені. Екіншісі, ол үйдің баласы жоқ еді, бала көрем бе деп төрт әйел алды, бірақ бала көрмей отыр, соны айтқаны. Үшіншісі, о да баласыз еді, кейінгі алғаннан екі қыз көріп отыр, соны айтқаны. «Құнсыздың үйі» дегені, үйінде құт-береке жоқ, шайға салып берелік май жоқ дегені, «Қонақтың сыбағасы» дегені асқа тоймасаң да отқа жылын дегені ғой, - депті.

- Ол осы елдің білгіші ме, қандай адамы? – деп сұрапты Шуаш.

- Жоқ, ол кісі елдің ең момыны, көпке түсер сөзі жоқ, - депті үй иесі.

- Япырай, елінің момыны мынау болса, бұл елдің адамын сөзбен жеңіп болмас, - деп қайтып кетіпті Шуаш би.



*Арыстанның белгісі,
Айналып кетсең артынан
Ақырмайды деменіз.
Нар түйенің белгісі,
Бүйрегін суырып алсаң да,
Бақырмайды деменіз.*

ШОҚАЙ ШЕШЕН

Шоқай шешен шамамен XVIII ғасырдың екінші жартысында өмірге келіп, XIX ғасырдың жиырмамыншы жылдарында қайтыс болған. Шыққан тегі Арғын елінің ішінде Саржетімге жатады. Кенесары ханмен тығыз байланыста болып, біраз уақыт жанында жүрген. Өзімен замандас Избасты, Қайырлы деген билермен талай жерде табақтас, дәм-тұздас болып, түрлі дауларды әділдікпен шешуге араласқан. Шешеннің сөздері көнекөз қариялардың аузында сақталып, бүгінгі таңға жеткен. Аз да болса, мәні терең айтылған сөздері бүгінгі ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуде айтарлықтай үлес қосарына сенімдіміз.

ШОҚАЙДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Мынау Ұлытауда Найман руындағы Сандыбай деген кісінің Ерден, Дүзден балалары болыпты. Ерден ел билеген, әрі адамгершілігі мол, өзі дәулетті екен. Ерден жол жүріп кеткенде Сандыбай қайтыс болады. Ерден келгеннен кейін жылап-сықтап төсектен бас көтермей жатып алыпты. Сонда Арғын Шоқай би:

Ой, Ерден,
Басыңды көтер жерден.
Әкең Сандыбайдың өлгенін
Мына Шоқай көзімен көрген.

Сонда да Ерденнің басын көтермей жатқанын көріп былай дейді:

Арыстанның белгісі,
Айналып кетсең артынан
Ақырмайды деменіз.
Нар түйенің белгісі,

Бүйрегін суырып алсаң да,
Бақырмайды деменіз.
Қас жақсының белгісі
Қанша қайғы көрсе де
Опырмайды деменіз.
Қу қарағай құласа,
Орнында қалған шыршалар
Жапырақ болып гүлденіп,
Бұтақ шығып бүрленіп,
Өсіліп жетпес деменіз
Қиядан ұшқан қыран құс
Қонақтап кетпес деменіз.
Айдың шалқар су ақса,
Бұлақ болар сарқырап,
Жайлауы болар жарқырап.
Тұлпар орға жығылса,
Артында қалған құлын тай,
Құнан дөнен болғанда,
Тұлпар болмас деменіз.
Аксұңқар торға шырмалса
Ұяда қалған балапан
Қара қанат болғанда
Дуадақ ілмес деменіз.
Қарызың өнсе бітеді,
Шам жарығы өшсе бітеді,
Қанша дәурен сүрсең де,
Қызық дүние өлсе бітеді.
Арыстаның ақырып,
Айға шаппас деменіз.
Атаның салған жолына,
Баласы түспес деменіз, -
дегенде Ерден төсектен басын көтеріпті.

* * * * *

Бір ауылда жалғыз баласы бар әйел болыпты. Арнайы бата алмаққа қазан көтеріп, Шоқай биді үйіне шақыртады. Би келіп, дәм ішкеннен кейін қол жайып, былай деп бата жасапты:

Қолыңды жай келінжан,
Іздегенің балаңа,
Аманшылық, мал-бас па?
Бата сұрап отырсың,
Табақтағы жамбасқа.
Өмірлі бол деп балаңа,

Бата берем ал, саспа.
Қыпшақта Тұрсынбай мен Тұрмандай бол,
Дулатта Қасымбек пен Құрмандай бол,
Табында Бұқарбай мен Сейілдей бол,
Қаржаста Мұса, Шорман билердей бол.
Омбыда ақыл, дана Шоқандай бол,
Арғында Қазыбек би, Шегендей бол,
Жасыңнан білім біліп, кемеңгер бол,
Алтайда Аққошқардай айбатты бол,
Төртуыл Жанайдардай қайратты бол,
Найманда Сары Ердендей сәулетті бол,
Жаныста Мырқыбайдай дәулетті бол,
Айбынды хан Кенедей қажырлы бол,
Дұшпанға Наурызбайдай қаһарлы бол,
Қасқа қас, досыңа дос, көңілді бол!

* * * * *

Шоқайдың балаларының ішінде біреуі өте сараң болған екен. Бірде бидің үйіне қонақ келгенде соятын мал таба алмай, баласына хабаршы жіберсе, ол мал бермепті. Күндердің күнінде Шоқай қатты ауырып, төсек тартып жатып қалады. Соны естіген сараң баласы әкесіне келіп, көңілін сұрайды:

- Уа, әке, маған айтар қандай өсиетіңіз бар? Ойыңыздағыны айтып кетіңіз, - дегенде, Шоқай:

- Е, балам! Санның сауабын алдым, көптің обалына қалдым, сауап жеңсе оңалдым, обал жеңсе жоғалдым. Тіріде бір қой беріп сыйламаған әкеңді, өлгенде өтірік айтып қинамасаң қайтеді, - деген екен.





*Бота ойнақтаса,
Молишылық болар.
Тайлақ ойнақтаса,
Тоқшылық болар.
Кәрі бура ойнақтаса,
Жоқшылық болар.*

САПАҚ ШЕШЕН

Ел аузындағы айтылған деректерге қарағанда Қоңырат руынан шыққан Сапақ шешен ХІХ ғасырдың алғашқы ширегінде өмірге келіп, ХХ ғасырдың басында дүниеден өтіпті. Сапақ әрі шешендігімен қоса, батырлығымен де танылған адам. Арғы аталары жоңғар шапқыншылығы кезінде ел мен жерді жаудан қорғаған батыр болған. Сапақ өзі екі ағайынды болса керек. Тобықты еліне күйеу бала болып келетін Сапақ аға сұлтан Құнанбаймен тығыз қарым қатыныста болған. Сапақты халық жақсы құрметтеген, оның әділдігін, тапқырлығын үлгі ретінде кейінгі ұрпаққа жеткізуді міндет етіп қойғанға ұқсайды. Сапақтың ел алдындағы құрметі оның бүгінге дейінгі сақталып жеткен шешендік сөздерінен аңғарылып отырады. Нақтырақ айтқанда, қажылыққа барып қайтқан Құнанбайдың Сапақтан жасы үлкен бола тұра, әрі күйеу баласы болып келсе де, оған арнайы амандасуға баруы көп жағдайдың аңдысын аңартып тұрса керек. Біз төменде шешенге байланысты қолымызға түскен материалдарды жариялап отырмыз.

САПАҚТЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Құнанбай қажылыққа барып келгеннен кейін, алыс сапардан келген соң жасы үлкен болса да, онымен амандасуға Қоңырат Сапақ шешенге барады.

Екеуі намаз оқып қатар тұрғанда, Сапақ шешен ұмытып кетіп, қолын кеудесіне бүкпесе керек. Сөзден сүріндіру үшін, намаз оқып болған соң Құнанбай:

- Намазың бұзылды, - депті оған сонысын айтып. Сонда Сапақ:
- Иә, Құнеке! Мен ұмытқан жоқпын. Менің көңілім құдайда тұрса, сіздің көңіліңіз бен екі көзіңіз менің екі қолымда тұрған екен ғой. Онда сіздің намазыңыз бұзылды, - деп жауап қайтарады.

Намаздан кейін асқа бата жасағанда Сапақ бетін алақанымен сипаудың орнына жеңімен сипапты. Жаңағы сөзден тосылғанымен есесін қайтармақ болған Құнанбай:

- Сапекең бізге ғана үлкендік жасайды екен десек, құдайдың өзіне де үлкендік жасайды екен ғой, - дейді. Сонда Сапақ:

- Иә, Қүнеке! Неше қабат тасболаттан өтеді дейтін құдайдың рақметі менің бір қабат киімімнің жеңінен өтпейді деп ойладың ба? – деп тағы да сөзден ұтып кетсе керек.

* * * * *

Бірде арнайы қонақ болып Тобықты еліне келіп жатқан Сапақ биді балдыздары жезде ретінде қалжыңдап, дастархан басында отырғанда қымызды ұзақ сапырып, ыдысқа құймай отырып алыпты. Сөйтіп:

- Иә, құрметті жездеке, сізге қай қымыздан құяйық? Бұл үйде тай қымыз да, құнан қымыз да, дөнен қымыз да бар, - депті. Шыдамы таусылып шөлдеп отырған Сапақ би балдыздарына:

- Берместің үйінде бесті қымыз да болады, құлаштап сапыра бермей тезірек құйсандаршы, - деген екен. Сөйтіп, ел ішіне бесті қымыз деген ұғым да кеңінен тарап кетіпті.

* * * * *

Елдің қадірлі адамы Ысқақ деген кісінің үйінде қонақта болған Сапақты аттандырып тұрып былай деп сұрақ қойыпты:

- «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген мақал бар. Сапақ шырағым, сенің көргенің көп. Қазақтың бір екі мақалы менің көкейімді тесіп жүр. Соны мағыналап берсең. Алғашқысы, «Ер – егіз, еңбек - жалқы» дейді, екіншісі, «Қырық жыл байлық бар, қырық жыл жарлық бар» дейді. Осыны қалай түсінуге болады?

Сонда Сапақ:

- Ағасы, бұның бәрі біздің сұрап, сіздің шешетін нәрсеңіз екен, - дейді. Ысқақ болса:

- Сапақжан, «Асыл тастан, ақыл жастан» деген емес пе? – деп сұрағын қайталайды.

Сапақ былайша жауап беріпті:

- Ер анадан егіз туса да, өскенде екеу болмайды. Екі елден қыз алып, әйелдер егіз болмаса, жалқыға айналады. Көргенді жерден қыз алса, көзіне шел салмаса, жоқтығыңды білдірмей, қонағыңды оң қабақпен қарсы алып, жылы шыраймен шығарып салып отырса, егізің сол болады. Еңбектің жалқы болуы, көргенсіз жерден қыз алсаң, отбасыңның күлін шашып, қонағыңды сыртқа тепсе, қанша көпшіл болып, еңбектенгеніңмен жалғыз қаласың. «Қырық жыл байлық бар, қырық жыл жарлық бар» дегеннің мағынасы – қырыққа келенше, сау саламат күйде өмірдің қызығында боласың. Қырықтан

кейін сексенге келгенше, ауырмайтын жерің, сыздамайтын сүйегің қалмайды. Денсаулық зор байлық екенін сонда түсінесің. Мінеки, байлық пен жарлықтың маңызы осында болса керек.

* * * * *

Батыр сөйлесе,
Жауға салған ойранын айтар.
Ақын сөйлесе,
Қызық думан тойдағыны айтар.
Мешкей сөйлесе,
Ішіп-жегенін, тойғанын айтар.
Саудагер сөйлесе,
Дүниесі мен байрағын айтар.
Қасапшы сөйлесе,
Пышағы мен қайрағын айтар.
Ақылды сөйлесе,
Бағалы сөздің қаймағын айтар.
Ақымақ сөйлесе,
Ақылға қонбайтын қайдағыны айтар.

* * * * *

Бота ойнақтаса,
Молшылық болар.
Тайлақ ойнақтаса,
Тоқшылық болар.
Кәрі бура ойнақтаса,
Жоқшылық болар.

* * * * *

Қызыл тілден,
Қатты сөйлесе қан тамады,
Тәтті сөйлесе бал тамады.
Ащы да тіл,
Тәтті де тіл,
Жұмсақ та тіл,
Қатты да тіл.



*Үріккен елде мереке болмас,
Қараңғы жерде көлеңке болмас.
Ездің сөзінде береке болмас,
Жақсының сөзінде келеке болмас.*

ЫРЫСБАЙ ШЕШЕН

Ел аузында мәлімет деректері аз сақталған шешендердің бірі – Ырысбай ХХ ғасырдың алғашқы жартысында ділмарлығымен көзге түскен адам. Көпті көрген қариялардың айтуына қарағанда, аталары Арқа өңірінің шығыс өлкесін мекендеген. Енді бір деректерде Абыралы, Қайнар өңірінде өмір сүрген деген әңгімелер айтылады. Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында Қытай өлкесіне қарай өтіп кетеді. Ырысбайдың бізге жеткен шешендік сөздерінен оның шымшыма бірқакпай сөзге шебер болғандығын аңғаруға болады. Дегенмен, кеңес дәуірінің алғашқы кезінде-ақ ауыз әдебиетіне белгілі бір деңгейде тұсау салғаннан кейін шешендік өнердің де еркін дамуына кедергі түсті. Елдің басым бөлігі жазба әдебиетке ден қойды. Солай бола тұрғанымен ел ішінен шыққан Дия, Күмісбек, Түсетай тәрізді сөз шеберлері көнеден келе жатқан дәстүрлі айтқыштықты дамытуға өздерінің үлестерін қосты. Сондықтан, Ырысбайдың шешендік сөздерінде де ХІХ ғасырдан жалғасын тауып келе жатқан қанатты айтылымдардың көрінісі аңғарылып отырады. Біз шешеннің қолдағы бар мұраларын мағыналы әрі маңызды болғандықтың көпшілікке арнайы ұсындық.

ЫРЫСБАЙДІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Ұлы Отан соғысы кезінде Арқадан бір қауым ел ауып, өр Алтайдағы Бұлғын және Шағанқол деген жерлерге барып қоныстанады. Сол жақты мекендеген ел «қайдан көшіп келесіндер?» дегенде, Ырысбай шешен былай депті:

Сұрадың мұны несін,
Сен дағы іргелі елсің.
Бурылтоғайдың басы,
Қосшеңгелдің қасы,

Қонысқа жайлы жерсің,
Жылқы үріксе, бөрінің жемі,
Ел үріксе, ұрының жемі.
Қаз қонбаса көл бекер,
Ел қонбаса жер бекер.
Көлден ауған қаз бекер,
Жерден ауған ел бекер.
Біліп тұрып сұраған,
Сендерге айтқан сөз бекер.
Үріккен елде мереке болмас,
Қараңғы жерде көлеңке болмас,
Ездің сөзінде береке болмас,
Жақсының сөзінде келеке болмас.

Айыбын түсінген ел, құшақ жайып қарсы алып, қоныстануға жер берген екен.

* * * * *

Аштық кезінде өздері қиналып отырғанда Ырысбайдың үйіне қонуға рұқсат сұрап бір мейман келеді. Қонакәде бойынша асып берер еті жоқ Ырысбай былай деген екен:

- Қазақта кел демек бар, кет демек жоқ. Біздің үйде көже ішпек бар, ет жемек жоқ. Сараң байға барғанша, сарқыраған суы бар сайына бар, ренжитіннің майына барғанша, ақкөңілдің шайына бар.

* * * * *

Елдің бір басшылықта отырған адамы ауылға келіп, суағар арқылы қазылған тоғанның жай-жапсарын ауыл басшыларынан сұраса, олар жауап бере алмапты. Соны естіп тұрған Ырысбай былай деп айтқан екен:

Тоғанды қазғаннан сұрамаймысың,
Жүйрікті озғаннан сұрамаймысың.
Кедейлерді жарытам десең,
Бір жерге басын құрамаймысың.
Еңбектің қадірін қиналған біледі,
Адамның қадірін сыйланған біледі.
Көптің қадірін жиналған біледі,
Ауылдың иті ергенді біледі.
Торғай тары тергенді біледі,
Басшылардан жөн сұрасаң,
Қой сойғызып, ет жегенді біледі.
Ақыл айтқан қарт көрмедім,
Елдің басын құраған.

Қолын жайған қайыршы көрдім,
Аштықтан тамақ сұраған.
Кең көсілген жайды көрдім,
Түйені көрдім, тайды көрдім.
Бес саулықтың сүтін беріп,
Ердің еңбегін жалмаған байды көрдім.

* * * * *

Бірде досымен аң аулауға шыққан Ырысбай киікті кезіктіріп, атқанда тигізе алмаған жолдасына былай деген екен:

Киікті атпай далаға аттың,
Қаңғалақтап қараға аттың.
Нысананы таба алмай,
Жобалау мен жораға аттың.
Тауып атпай тасқа аттың,
Мергенмін деп босқа аттың.
Қаңғып кеткен оғыңнан,
Қынапта қалған оқ артық.
Шалқып жанған жалыннан,
Қызып тұрған шоқ артық.
Арықтан өлген қойыңнан,
Союға жарар мал артық.
Тигізе алмаған мергеннен,
Үйінде жатқан шал артық.
Сөз ұқпаған жігіттен,
Тілі шыққан бала артық.





*Сұрасаң сөзді Қападан,
Базарлы жерден тартынбай
Миуалы жерде бәйтерек,
Бұтағы бұлтқа тартылған*

ҚАПА ШЕШЕН

Шешендік өнерді зерттеуші ғалым Балтабай Адамбаев кезеңдік тұрғыдан жүйелей келіп, XVI-XVIII ғасырлардағы өмір сүрген шешендерді ел құрасқан шешендер деп, ал XIX-XX ғасырдың басында өмір сүрген шешендерді ел қорғасқан шешендер деп екіге бөліп қарастырады.

Б.Абылқасымовтың пайымдауынша XIX ғасырда қазақ халқында үш жүзден астам ақындар өмір сүрген болса, біздің ойымызша шешендер де бұл көрсеткіштен кем болмауға тиісті. Бірақ, өкінішке орай олардың көпшілігі дерлік өздері де, сөздері де бүгінгі күнге жетпеген. Енді бір бөлігі бірлі жарым шешендік айтылымдарымен ғана сақталып қалған. Сондай топтың құрамына Қапа шешен де кіреді. Шешеннің сөздері толық сақталмағанымен біз ұсынып отырған бір ғана әңгімесінен біраз мәселенің басын аңғаруға болады. Біріншіден, Қапамен кездескен Саққұлақ шешен исі қазақ халқына танымалы тұлғалы би болған адам. Сол Саққұлақтың Қапаны ерекше құрметтеуіне қарағанда, оның да шешендік өресінің өз заманында жоғары болғандығын аңғартады. Екіншіден, екінің бірі еркін түрде Саққұлақтың алдына барып, көсіле сөз сөйлуден қаймығатын болған. Қапаның еркін сөйлеуі оның өз заманында халықтың құрметіне бөленген тұлға екендігін аңғартады. Олай болса, біз аз деп кемсітпей, Қапаның сөзін жұртышылыққа жариялауды өзімізге міндет санадық.

ҚАПАНЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗІ

Қапа Баянуаылдағы Қанжығалы Қарт Бөгембайдың ұрпағы Саққұлақтікіне барады. Есіктен кіре бергенде Саққұлақ:

- Тоқта! Бір ауыз нақыл сөз айт! –депті. Сонда Қапа тұрып:
- Сұрасаң сөзді Қападан,

Базарлы жерден тартынбай
Миуалы жерде бәйтерек,
Бұтағы бұлтқа тартылған.
Керегің болса сұрап қал
Тірлігінде бар тұрған.
Қадірін білмей айрылма
Қолыңдағы алтыннан, -
деген екен. Сонда Саққұлақ:

- Жөн-ақ! Енді бір ауыз сұрағым бар. Атыңды қалай Қапа қойған.
Еліңізде ұры-қары көп болған соң паналасын деген бе? – дейді қағытып.

- Менің Қапа екенім рас, бірақ Қапаға паналаймын дегендерді әр түрлі
саққұлақ иттер үркіте береді, - деп, төр алдына шынтақтай жата кеткен екен.



*Ұл бала үйдің базары,
Қыз бала үйдің жасауы.
Жаңа түскен келіншек,
Жақсы болса мереке,
Жаман болса келеке.*

ЖАБАЙ ШЕШЕН

Жабай шешен Арқаға аты мәлім Қара бидің баласы. Бір ерекшелігі олар да әкелі-балалы шешендердің тобына жатады. Өйткені, Қара бидің өзі де, баласы Жабай да, немересі Тоқсан би де тілі мірдің оғындай сөзге шебер адамдар болған. Ақиқатында Тоқсан би мен Қара биге қатысты мәліметтер белгілі бір деңгейде баршылық. Ал, Жабай туралы әңгіме ел ішінде көп сақталмаған. Өйткені, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде өмір сүрген өнер адамдардың екі топқа жүйеленгендігін білеміз. Олардың бірі заман ауқымынан аса алмай сол кездегі саясатты жүрегімен мақұлдасам да, сырттай келісімін берген топ болса, екіншісі, солақай саясатқа ашық түрде қарсы шыққан айбарлы жандар. Жабай шешен де осы топтың соңғыларының санатына жатады. Сондықтан, кеңес дәуірі кезінде ел ішінен шыққан шешендер жайында материалдар жинақталғанда, соңғы топқа енгендердің мұралары қабылданбаған. Нәтижесінде, бірлі-жарым сөздері ғана ел аузында сақталып, бүгінгі заманға жетіп отыр.

Жабайдың баласы Тоқсан би жайында ел ішінде мынандай аңыз тараған. Арқадағы екі елдің арасында мал дауына байланысты жанжал шығып, нәтижесінде барымта ұлғайып, оның соңы Тоқсан бидің баласының соққыға жығылып, қайтыс болуымен тынады. Баласының құнын сұрауға Тоқсан бидің өзі жауласушы жақтың шешені Избасты бидің ауылына келіп, ат басын тірейді. Мұны көрген Избасты би бірден Тоқсанның бетін қайтармақ болып:

- Е, сөйле-сөйле, құлағы жоқ шұнақ биім, құйрығы жоқ шолақ биім. Екі елді араздастыруға келдің бе?! Әлде айтыстыруға келдің бе, әлде бітістіруге келдің бе? – дейді.

Мұндағы құлағы жоқ дегені ел ішіндегі жаңалықтарға назар аудармайды деп, ал құйрығы жоқ дегені баласы жоқ деп кемсіткені болса керек.

Сонда Тоқсан би былай депті:

- Құлағым жоқ болса,
Сұңқар шығармын.
Құйрығым жоқ болса,
Тұлпар шығармын.
Ешкі егіз табады,
Ит сегіз табады,
Доңыз тоғыз табады.
Сен тоғызыңмен толған екенсің,
Қырсықтың ауылына қонған екенсің.
Тоғызыңды аламын десе,
Құдайдың шамасы жоқ па?
Маған перзент беремін десе,
Баласы жоқ па?

Ізбасты тоғыз баланың әкесі екен. Тоқсанға тиіскен айыбын мойындап, бидің айтқанын толығымен өтеп, еліне қайтарыпты.

Міне, осындай шешендік өнердің сабақтастығын әкелі-балалы шешендерден аңғаруымызға болады.

ЖАБАЙДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Балқаштың солтүстік жағалауын қыстап, жаз Арқаны жайлаған Дадан Тобықты ішінде Ақсақ атаның атақты адамдарының бірі – Тұмабай деген бай болыпты.

Әкесі қайтыс болғанда баласы Тұмабай әкесінің жаназасына 60 көкала бас атан байлап, аяқ жетер жердегі қаріп-қасерге таратқан. Ол уақытта Дадан Тобықты бір болыс ел. Халыққа танымалы Жабай шешенге Тұмабай әкесі қайтыс болғанда өз жағдайынан хабар беріп, «өзі келмей әкемді жерлемеймін», - деп кісі шаптырыпты. Осы хабарды естіген Жабай:

- Ол әкесін тарихта қалатындай етіп жөнелтейтін деп жатыр екен, мен де тарихта қалатындай көңіл айтайын, - деп көңіл айтқан екен....

Қазақта бір мирас бар көңіл деген,
Өлімсіз өткен емес өмір деген,
Ғаламға он сегіз мың қарап тұрсаң,
Өлімнен бірде жан жоқ жеңілмеген.

Ойласаң, ұлы Атамыз Адам қайда?
Қайтыпты елден бұрын жақсы жайға,
Опасыз дүниені көргеннен соң,
Артынан Хауа кеткен бірер айда.
Әулие, Зада, Шілтен машайықтар,
Ғалымдар, ғаламаттар, ғажайыптар.
Бұл күнде біреуі жоқ осылардың
Аттанған дүниелік боп ғайыптар.

Олай болса өтіпті қанша халық,
Келеді бірден-бірге мирас қалып,
Ұлықпан Хакім қайда мың жасаған?
Тудырған тастан тұяқ ғазірет Салық.

Ойласаң ата-баба бәрі қайда?
Пайғамбар, сахаба мен Әбу-Тәліп,
Адам жоқ дүниеде Аллаға аян,
Өлшеусіз жүретұғын тірі қалып.

Ойласаң ғазіреті Жақып қайда?
Айырылып Жүсібінен болған шәйда,
Ескендір, Даниял, Хәкім, Ғайса пірім,
Өлімге таба алмаған ешбір айла.

Өлмек анық, анадан пенде туса,
Адамзат не болмайды шайтан қуса.
Қолына Зәбур келген Дәуіт қайда?
Сөйлескен Тор тағында Ғазірет Мұса.

Ғаламға ер Сүлеймен әмір еткен,
Пәрмені дүниеге бәрі жеткен,
Мәймана жүзік келіп күдіреттен,
Бір перзент дүниеден көрмей кеткен.

Алланың аятында анық айтқан,
Ешбірі артық емес Мұхаметтен.
Сәруары екі дүние мәлім болған,
Абзалға алпыс үште ажал жеткен.
Өлді деу Пайғамбарды дұрыс емес,
Фәниден бақи жайға көшіп кеткен.

Береді кімге опа дүние шіркін,
Әркім-ақ, тастап кетер жиған мүлкін.
Ғазірет Әбубәкір Сыдық қайда?
Ашатын өз қолымен жәннат кілтін.

Аюбты мақұлыхатқа қылған азық,
Құрт жеген денесінің бәрін қазып.
Құдайым сүйген құлға пәле берер,
Ақыры Сахы алды оны жазып.

Сүйікті Сахаба еді Ғамза-Ғаппас,
Құлақ сал бұл сөзіме Әну-Әннас,

Пейіштен тіршілікте сүйінші алған,
Он сахаба ішінде Садуахас.

Тасытқан топан суын Нұх бабадан,
Құтқарған барлық жанды Нұх жазадан.
Хам, Сам, Яфыс үшеуі бірге туып,
Барша халық тараған осылардан.

Ғазірет Құл-Қожа Ахмет, Сұлтан бабам,
Аузынан Арыстан баб жаңғақ алған.
Ғалымдықтың жолында қаза тауып,
Пәниден бақи жайға дүние салған.

Пайғамбардың бағытын батыл ұстап,
Батыспенен шығысқа даңқы қалған.
Ғаділі Ғақаша пір қайда кетті?
Туына Пайғамбардың ие болған.
Сәруәрі, Расулімнің Хақтың досы,
Мөрінен арқасындағы сүйіп алған.

Айтайын Арыстан баб баптың бабы,
Артық қылып жаратқан жалғыз хағы.
Жаназасын оқыған Жібірейіл,
Періште сансыз сапта тұрғандағы.
Денесін хамбіл сумен пәктеп жуып,
Пейіштен харәк тоны жамылғаны.

Өтіпті Шахадар – Әбу Сыдық,
Құдайдың сүйген құлы өте сынық.
Баһадүр, Ғомар, Ғүсіман, Ғалиарслан
Діні үшін ісләмнің болған ұлық.

Қасен менен Құсайын Кербалада,
Шәйтлх сапар шеккен бір арада.
Барлық халық жиналып қайғыланып,
Күннің көзі тұтылған бахамәрға.

Имамдардың ұлығы имам Ағзам,
Артық қылып жаратқан жалғыз Аллам.
Төрт мың ғалым өзіне ұстаздық қып,
Намазына жиналған елу мың адам.
Бағдат, Мысыр, Шын машын, Меке халқы,
Өліміне күйзелген бүкіл ғалам.
Ғаділдіктің жолында қаза тауып,

Пәниден бақи жайға дүние салған.
Қазіргі ісләмнің барлық жолы,
Мирас болып әлемге содан қалған.
Құдайым сондай құлын жарылқамақ,
Құрметтеп имам Ағзамды есіне алған.

Ер Қожай, Пәуәдірім, Қызыр Илиас,
Қырық бір Шілтен, Машайық болғаны рас,
Ғаламның ырзығын қолдаушылар,
Айтайын аты шулы Хызыр Илиас.

Айтайын арысымды Қараменде,
Атағы мәлім болған барлық елге,
Ақ пен қараны айырып адалдықпен,
Көңіл көзін жіберген артық-кемге.
Қара қылды қақ жарып билік айтқан,
Алдынан өткен емес ешбір пенде.
Мұхамбет Саллаллаһу шапағат қып,
Барлығын жарылқасын жатқан жерде.

Арыстың туы болған Жидебайға,
Аспан астын теңеген күн мен айға.
Қайда барса сапары қайырлы боп,
Істегені ұнаған бір құдайға.

Көп сөйлемей көрнекті әулие өткен,
Халық болып күйзелген Шабанбайға.
Шарапатын айтуға шамам келмес,
Зираты көрінеді анадайда.

Алысы Арғын, қалысы Қара-Шорда,
Кімді апарып теңейміз Сеңкібайға.
Біреуін шарапатты, бірі дара,
Жаратқан не шара бар бір құдайға.

Арыстың ары болған Ағыбай-ды,
Қандай жан танымайды Ағыбайды.
Ат-тұрман, азық-түлік керек қылған
Ағыбайдың атын атап сарынайды.
Айтпаған аруаққа сиынбаған,
Адам да абұйырға жарымайды.

Жарылғап аты шулы ердің-ері,
Батырдың өзі қатарлы кемеңгері,

Қайда барса сапары қайырлы боп,
Мархабатқа бөленген жүрген жері.
Ғаламға қанша жақсы адам берген,
Қалайша ұмытамыз бір құдайды.

Әз Жәнібек, Қабанбай, Бөгенбайға,
Бір пенде пар келмейді ешбір жайда.
Әнет бабаң, Қазыбек Қаз дауысты,
Айтайын жолбарыс хан Абылайға.
Барлық қазақ жиналып бәтуа ғып,
Бұларға да таппаған ешбір айла.
Кіші жүзде Махамбет, Исатайға,
Кімді апарып теңейміз Мұсатайға?

Үйсін, Төле, білгенге Балпық бабам,
Қырғызда Шәбілен болған адам,
Ағаш бесік көргендер жер бесікке,
Жатады деп жалғыз хақ жазған қалам.

Олай болса өлім хақ пендесіне,
Кепілдік бере алмаймыз өлмесіне,
Реніштен тәуба артық деген сөз бар,
Көз жетті өлген адам келмесіне.

Ажалға ырза, пәлеге сабыр деген,
Адамға ақырғы орын қабір деген,
Жаназаға жиналған жанның бәрі,
Дұға қылып қол қойса, қабыл деген.

Арты қайыр, алдында иман деген,
Бар сөзге құрандағы илан деген.
Хадисін Пайғамбардың баян етіп,
Барлығы шүкірлікке сиған деген.

Халықтың көңілі осы Тілеш байға.
Ұнасын бұл жұмысың бір құдайға,
Алаштың әбүйірін айға апардың,
Айдатып алпыс атан Тұмабайға.
Жар болып Тобықты атам әруағы,
Қолдасын қырық шілтен осындайда.
Тілегің хаққа толық қабыл болып,
Жұмақта әкең марқұм жүрсін жайға.

Тілеш бай, өркендер-ау сенің артың,

Қазақтың бастап бердің ұлы салтын.
Алты Алаш, Арғын бабам, жеті момын,
Үш жүздің көтердің-ау ғаламатын.
Дос-дұшпан, қалың туыс, көп ағайын,
Саған алғыс айтуда барлық халқың.
Бір тұлпар тұқымыңнан қайтсе шығар,
Игіліктің шешер-ау нағыз артын.
Мырзаны Төлегендей кім білмейді,
Бір күнде алпыс жаяу алған атын.
Сана би, Айбас батыр, Қожантай бай,
Бұлардың да біледі халық салтын.
Аржағын айта берсем толып жатыр,
Тоқтатам Шот бабамен сөздің артын... -

деп тоқтаған екен.

* * * * *

Жабай шешен өзінің дәуірлеп тұрған заманында Бірән деген елге сыйлы азаматтың әйелі қайтыс болады да, жас балалар жетім қалады. Соны естіген Жабай шешен былай деп көңіл айтыпты:

Көшкен елге,
Жол кездесер,
Қатын өлсе,
Сор кездесер.
Бақытты жігітке,
Тұлпар кездесер,
Байыпты жігітке,
Сұңқар кездесер.
Кедей талаптанса,
Мал кездесер,
Жас жігітке,
Жар кездесер.
Өгізді өрге салма,
Күші кетер.
Шеберді жерге салма,
Ісі кетер.
Биік таудың басына шықпа,
Терең судың астына түспе,
Бойыңнан әл кетер.
Өткенге өкінбе,
Осы сөзіме тоқтап,
Белінді бекін де, әйел ал!

Бір жылдан кейін үйленген Бірән Жабайға келіп, жағдайын айтқанда, шешен былай депті:

Ұл бала үйдің базары,
Қыз бала үйдің жасауы.
Жаңа түскен келіншек,
Жақсы болса мереке,
Жаман болса келеке,
Ат алсаң, айында мақта,
Қатын алсаң, жылында мақта.

Buketov University



*Алтын ақса көрінбес,
Болат сынса білінбес,
Он сегіз мың галамда,
Тек тәңірдің өзі өлмес.*

ҚОҢЫРАТБАЙ ШЕШЕН

Ел ішінде шешендік сөздері толық сақталмаған ділмарлардың бірі – Қоңыратбай шешен. Оның бүгінгі таңға жеткен мұралары жоқтың қасы десек те болады. Шешеннің көңіл айтуын жеткізуші Бабажан ақсақал оның 1850 мен 1932 жылдардың аралығында өмір сүргендігін айтқан еді. Дегенмен, өмір сүрген өңірі қазіргі Ақшатау, Ақжал маңайында болғанымен, нақты қай рудан шыққандығы белгісіз.

Бізге жеткен көңіл айту үлгісінен Қоңыратбайдың өз кезінде өткір тілді, сөзге шебер адам болғандығын аңғаруға болады. Оның мазмұнынан шешеннің халықтың қанатты сөздерін жетік меңгерген күнделікті әрекетіне пайдаланып отырған елдің елеулі азаматы болғанға ұқсайды. Қанша іздестіргенімізбен сөз шеберінің өзгедей айтқан нақылдарын кездестіре алмадық. Бірақ, аз да болса, көптей көрсін деп және ұмытылып бара жатқан дүние сол күйінде жабулы қалмасын деп халыққа ұсынғанды жөн көрдік. Бабажан қарияның айтуы бойынша Қоңыратбай шешен өзінің тілінің ашшылығымен және кеңестік кезеңнің саясатына қарсылығымен көзге түсіп, сол заманның құрбаны болған өнер иесі.

ҚОҢЫРАТБАЙДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗІ

Әрі жомарттығымен, әрі кішіпейілділігімен халыққа танымал болған, дәулетті, бірнеше мәрте болыстыққа сайланған Дүйсеке деген көпке қадірлі адам дүние салыпты. Соны естіген ел ішінде сөзге шеберлігімен танылған Қоңыратбай деген шешен көпшіліктің атынан марқұмның Нысан деген інісіне былай деп көңіл айтқан екен:

Алтын ақса көрінбес,
Болат сынса білінбес,

Он сегіз мың ғаламда,
Тек тәңірдің өзі өлмес.
Алды бейіш болсын!
Арты кеніш болсын!
Жаны жәннәтта болсын,
Тәні рақатта болсын,
Жерге біткен бетеге,
Қар жауғанда кете ме?
Жүректегі бұл қайғы,
Жыламай көңіл біте ме?
Дүниеден өткен Дүйсекең,
Халыққа сыйлы кісі екен.
Ей, Нысан-ай, Нысан-ай!
Қара да өткен, хан да өткен,
Қыбырлаған жан да өткен.
Құдайдың досы Мұхаммед,
Бұл дүниеден ол да өткен.
Өлімсіз пенде болмайды,
Жақсысыз ел де болмайды.
Алатын Алласы болады,
Кететін пендесі болады.





*Айтпаса сөздің
Атасы өледі.
Бермесе қарттың
Батасы өледі.
Жастан ақыл шығады,
Қарттан нақыл шығады.*

АЛТАЙ ШЕШЕН

Арқа өңірінен әр кезендерде от ауызды, орақ тілді ділмар адамдар көп шыққан. Олардың барлығының дерлік айтқан шешендік сөздері ел ішіне кеңінен тарағанымен толық деңгейде бізге жеткен жоқ. Дегенмен, бір топ сөздері атадан балаға мирас болудың арқасында бүгінгі дейін жалғастылығын тауып келіп отыр. Сондай өнерпаздардың бірі қазіргі Ақтоғай ауданының өңірінен шыққан Алтай шешен. Шешеннің өмірі, маңайы туралы толық деңгейдегі деректер сақталмаған. Бірақ, көнекөз қариялардың айтуы бойынша Қаракесек – Сарым руының Өтеміс тармағынан шыққан болса керек. Алтайдың айтқан шешендік сөздері ел аузындағы сақталған нұсқаларда авторы ұмыт болып, халықтық мұраға айналып кеткен түрлері де кезігеді. Оны да жетпісінші жылдардың бас кезінде ел ішін аралап жүргенде кезігіп әңгімелескен қариялар айтқан еді. Бірақ, біз нақты дерек болмағандықтан ол сөздерді де Алтайдың атынан енгізгеніміз жоқ. Мәселен, сондай айтылымдардың біріне төмендегідей әңгімені жатқызуға болады.

Қазіргі Ақтоғай өңіріне қарасты Нұра елді мекеніне болыс болған Орынбай ақсақал жетпіс бес жасында орнынан түсіп, онымен дауласып жүрген жиырма бес жасар Боқай болыстыққа сайланып кетеді. Ел ішіне ағайындардың арасына сөз жүгірткен Қара Омар, Шұбар Омар деген кісілер осы даудың арқасында біраз пайда көреді. Сондай кезеңде Ұлы жүз Ысты еліндегі Бұлдырық деген шешеннің баласы жол түсіп Алтайдың үйінде қонақта болыпты. Дәм ішілгеннен кейін Бұлдырықтың баласы:

- Алтеке, сізді шешен деп естуші едім. Ел ішіндегі осы жағдайға байланысты болған оқиғаны түйіндеп беріңізші, - деп сауал тастайды. Сонда Алтай:

- Дау-дамай пісті,
Боқай болды күшті.

Орынбай орнынан түсті,
Олардың арасынан,
Шекер мен балын,
Екі Омар ішті, -

дейді. Жиналған халықтың арасында Төлеубек деген суырып салма ақын отырады. Орынбай ақсақал да отырғандардың арасында екен. Қонақ Төлеубекке қарап:

- Ақын ретінде сіз не дейсіз? – дегенде, Төлеубек:

- О, күнің қандай екен, бұ күніңнен,
Бір кезде ел түршікті дүбіріңнен.
Алдыңа жан салмаған тұлпар едің,
Шығарды құнан қуып үйіріңнен, -

деп Орынбайға қарапты. Ел шешенге де, ақынға да айтқан сөзіне тәнті болып, ризашылығын білдіреді.

Міне, осы тәрізді айтылған сөздерді біз Алтайдың шешендік сөздеріне енгізгеніміз жоқ. Өйткені, көпшілік жерде бұл сөзді Алтай емес, Ахметжан би айтты деген әңгімелер де кездеседі.

АЛТАЙДЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Арка өңірінен шыққан ірі тұлға, Алашораданың көрнекті өкілі Ақбайдың Жақыбы өз кезінде ел ішінен рухани құндылықтарды жинаумен де айналысқан адам. Әсіресе, мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, шешендік айтылымдарды қағазға түсіріп отырған.

Ел ішінде жүргенде, Тоқырауын деген өзеннің бойында орналасқан Алтай деген шешен тұрады дегенді естіп, сәлем беру үшін әрі пікірлесу үшін арнайы іздеп келеді. Ауылға келгенде есіктің алдында тұрған Алатайды көріп, Жақып:

- Ассалаумағалейкум! – деп, сәлем береді.

- Уағалайкумуассалам! – сәлем алған қарияға Жақып өзінің сөзін жалғастырып:

- Ата, мені таныдыңыз ба? – депті. Сонда Алтай қария:

- Мен танитын кісі емес сияқтысың, дегенмен, жүріс-тұрысың мен киген киіміңе қарап, ілім мен білім қуып жүрген бала екеніңді аңғарып тұрмын. Ұзын құлақтан естуші едім, Ақбайдың оқыған бір баласы бар деп. Сен сол шығарсың? – дейді.

- Жаңылған жоқсыз, ата! Дәл таптыңыз! Мен сізге әрі сәлем берейін деп, әрі ескілікті әңгімелеріңізді тыңдайын деп, әдейі іздеп келдім, - дейді Жақып.

Қария өзі бастап үйге кіріп, Жақыпты төрге отырғызып, дастархан жайғызып, қымыз алдырады, қазанға ет салғызады. Бұл аралықта Ақбайдың оқымысты баласын көреміз деп көрші-қолаңдар да үйге жиналады. Төрге жайғасқаннан кейін Жақып ақсақалға барлай отырып, сөз тастайды.

- Иә, ақсақал, жасыңыз нешеге келді?

- Сексеннің сеңгіріне шықтым.

Талай нәрсені ұқтым.

Ұтқаным да, ұтылғаным да бар.

- Адам жасының әрбір белесін қалай бағалар едіңіз? – деп сұраған Жақыпқа қария былай дейді:

- Елуге келсең елпендеп,
Жүре алмайсың селтеңдеп.
Алпысың келсе басыңа,
Аз келер адам қасыңа.
Жетпісің келсе жағалап,
Өткеніңді ойла бағалап.
Сексенің келсе бүйірден,
Қалдырар сені үйірден.
Тоқсаның келіп, қолға алса,
Тобықтай ғана денең қалады.
Шамалы ғана демің қалады,
Кірмеген жерге нең қалады?

Жақып:

- Маған тағы қандай айтарыңыз бар? - дегенде Алтай қария сөзін былайша жалғастырыпты:

- Жақыпжан-ай!
Халық айтады:
Әлін білмеген әлек деп,
Әлді болсаң әркім білер,
Әлсіз болсаң, дұшпан езер.
Ит құтырса, иесін қабады,
Кұл құтырса, қазаныңа қармақ салады.
Кұлдан құдыққа құласа,
Құрбақа құлағында ойнайды.
Тай бие болмайды,
Бие түйе болмайды.
Өзінікін қорсынып, өзгенікін молсынған,
Өз шаруасына ие болмайды.
Өлген арыстаннан тірі тышқан артық,
Ақымақ достан ақылды дұшпан артық.
Қолына бір жаманның алтын түссе,
Қор қылар қадір білмей мыстан артық.





ИТЕКЕ ШЕШЕН

Итеке би өз дәуірінде Темештің Кеңгір руына ғана емес, бүкіл Арқа өңіріне ақыл-парасаттылығы, әділ билігі, көреген-білгірлігімен танымал би болған. Көне көз қариялардың айтуына қарағанда шешен XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген болса керек. Табан астында сөз тауып, жауап қайтаратын, тілі мірдің оғындай нысанаға дәл тиетін сөз шеберін ел ерекше құрметтеген. Бірақ, бір айта кетерлік жәйіт дау мәселесіне араласпаған, тек қана нақыл, ғақлия айтумен шұғылданған адам болған деседі. Төменде қолға түскен мұраларын ұсынып отырмыз.

ИТЕКЕНІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Ол кезде қазаққа тән жайлау-қыстау, көш-қон рәсімінің шектелмеген шағы. Содан Итекең іргелі ауылды әдеттегідей келесі қонысқа өзі бастап шығады. Бұрындары денсаулығы мұқалып, сырқаттанып жүрген екен. Ел қамы, жер қамы деп биекең бойын байлаған дертке әу бастан оншалықты назар аудара қоймаған. Содан, көші түзеле, бидің денесі ауырлап, бей-берекесі кетеді. Әрине, ел бастаған ер азаматтың хал-күйі баршаның көңіліне кірбің келтіреді. Мұны қалай сезінбесін. Арқаға әйгілі Итеке би болған соң – ол да сезінеді. Сонда, өрен-жаран, туған-туыстарына өсиет етеді: «Сендер абыржымаңдар, көш бағытынан айрылмасын. Бұл дүниеде мәңгілік кім өмір сүрген, адамға дәм-тұзы таусылған жерден топырақ бұйырады, - дей келіп:

Өмір деген қамшының сабындай қысқа болар,

Жақсының сөзі жастарға нұсқа болар.

Әділдік пен адалдық қонған болса,

Сұлу сөзге шешендер ұста болар.

Сиреп те қалды қатарымыз,

Ағарды мұрт пен сақалымыз,

Әу баста жазылып қойған болар,

Қай жерге барып жатарымыз, - депті. Сонда ағайындары:

- Биеке, о не дегеніңіз, бөтен елде атыңыз шықпай атаусыз қаласыз, - дегенде:

- Ештеңе етпейді, мен жерленген соң, ол жердің аты Итеке аталар, сірә, - деп сендіреді.

Кешікпей биекең көзін мәңгілік жұмған екен, бірақ, қос атқа тең жасалып, мәйіт көшпен бірге біраз сапар шегеді. Сөйтіп, Итеке ауылы Жуантөбе жазығына жетіп, Айса көлді маңайлай бере ат басын тіреп, биекеңді соңғы сапарына шығарып салу рәсіміне кіріседі. Ақылдаса келгенде кішігірім өзеннің жарқабақ иірімі үстінен бой көтерген тостақ төбешік баршаға ұнайды. Мінекей, сол сәттен Алла тағала аруақты бидің қалауын қабыл қылған жер аты, тап бүгінге дейін Итеке атанады.



Buketov University



*Сыпайы сызып айтады,
Шешен қызып айтады,
Шорқақ үзіп айтады.
Бұзық бұзып айтады.*

КЕНЖЕ ШЕШЕН

Қарқаралы өңірінің тағы бір шешен-биі – Кенже Матақұлы. Арғын Қаракесектің Шор атасынан тарайды. Кенженің Ақберді деген ағасы өзі молда әрі шешен болыпты. Үнемі мәнерлеп, тақпақтап сөйлейді екен. Сөз өнерін сол ағасынан үйреніпті. Ақберді әл үстінде жатып інісінен бір сөз сұрасам бересің бе? – депті. Кенже тартынады. Өзі жөнелейін деп отырған ағаңның көңілін неге қалдырасың, не сұраса соны беремін демейсің бе?» - дегендерге: «Ойбай-ау, ол кісінің не сұрайтынын мен қайдан білейін. Менің қолымнан келсе жақсы, ал егер келмесе орындаймын деп өтірік уәде бергеннен, көңілін қалдырғаным артық емес пе?» - депті.

КЕНЖЕНІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Кенже шешен көпшілік бас қосқан бір жиында отырғанда қасындағылар:
- Кенжеке, кейінгі жастар айтып жүретіндей бір ұлағатты сөз айтыңызшы! – деп қолқа салады.

Сонда шешен:

Басыңа іс түссе,
Бекке барма, көпке бар.
Бек өктем деп белінді сындырады,
Көп көптеп ісінді тындырады.
Әкімі әділ болмаса, халық бұзылады.
Тасырға біткен төбе таудай көрінеді.
Сыпайы сызып айтады,
Шешен қызып айтады,
Шорқақ үзіп айтады.

Бұзық бұзып айтады.
Түзік теріп айтады.
Сөз нәрін беріп айтады! – деген екен.

* * * * *

Шешендер тек билеушілердің іс-әрекетін ғана емес, жалпы халық арасындағы кемшіліктерге сын көзбен қарап, оларды өз тапқырлықтарымен түзетуге тырысқан. Мысалы, Қарқаралы елінде сарандығымен аты шыққан Тасырбай деген өмір сүріпті. Тасырбайдың әдісі кеш батқан соң келген кісіге есігін ашпайды екен. Азынаған боранда келген талай жолаушы бұл үйден дәм татпақ түгіл, табалдырығын аттай алмай суыққа ұшырапты. Мұны естіген Кенже шешен жанына Әбжан деген атқосшысын ертіп Тасырбайдікіне аттанады. Келген бойда шешенді байқаған Тасырбай есігін іліп алып ашпай қояды. Сонда шешен жанындағы Әбжанға:

- Елге хабарла, Кенже Тасырбайдың күресінінің үстінде жатып қайтыс болды деп, бауырымда! – деп қоя береді.

Аздан соң суық хабарды естіп ел жиналыпты. Сараңның есігінің алдында жатқан Кенжені көріп Тасырбайдың есігін аштырады. Үйге енген соң Кенже басын көтеріп:

- Бұл Кенженің бір өлгені, Тасырбайдың екі өлгені, - депті.
Ұялған сараң кешірім сұрап, әлгі жаман әдетін тастаған екен.





*Кім бітімшіл болса,
Көп соған жарасады.
Кім бүтіншіл болса,
Топ соған жарасады.*

ЕРЖАН ШЕШЕН

«Жеті атасын білмеген жетесіз» деп жұрт тегін айтпаған ғой. Осы орайда Қуандық Қаратоқадан шыққан Ержан би еске түседі. Сәкен Сейфуллиннің «Ел әңгімелері» деген ертеректе шыққан кітабында: «Ел билігіне араласқан Ержан би Ақмола мен Қарқаралы уезіне белгілі шешен адам, - дей келіп, тілмарлығын мына бір сөзбен дәйектейді: «Тойымбектің Әбділдәсі болыстыққа сайланғанда Жантүгелге тізесін батырады. Бірге жүрген үзенгілес Ержан би болысқа қарсы шығап, қыстауды кедей атаға алып береді. Сонда болыс:

- Бірге атқа мініп едік қой, ат төбеліндей аз ғана Жантүгелге мені жығып бергенің қалай?! – депті. Ержан:

- Саған қулығын сата ма, құдығын сата ма, жерсіз аз ғана ауыл қайда барып күнелтеді?! – деп болысты сөзге тоқтатыпты».

Қазақтың сұңқар ақыны Сәкеннің қаламына іліккен Ержан би Тоқаның Жасыбай Марқа бұтағына жатады. Оның ішінде Марқаның Қалыбегінен туған Жантүгелдің тікелей ұрпағы. Шапқыншылықта Жантүгелдің әкесі Қалыбек өзбек ішпе сіңеді. Бір жиында Күшікбай батырға «қаңғырып кеткен туысыңды тауып алмайсың ба?» деп мін тағады. Намысқой батыр інісін тауып әкеп, алдына мал салып, басына үй тігіп, тәуір жердің қызын алып беріпті. Қалыбектің алғашқы баласын ырымдап: «Жаным енді түгел» деп Жантүгел қойған көрінеді.

Сонымен, Жантүгелден тараған әулет баршылық. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды», - деп және айтқан. Ұрпақ үшін қазақ елінің бүтіндігі үшін атқа мінген Ержан бидің билік құрған тұсы бодандық саясаттың күш алған кезі еді. Қазақты бір-біріне айдап сап қырқыстыруға тырысқан патша өкіметінің озбырлары жер дауы мен жесір дауына майды құя түскенді. Қаракесек пен Қуандық арасының дау шарының билігіне Ержекең мықтап араласқан. Екі елдің жапсарында өтетін «Сырлытам» съезінде қатарынан бес мәрте төбе-билікке сайланыпты.

ЕРЖАННЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Орысшаға жүйрік, сөзге шешен биді аяқтан шалғандар оның кедейлігін бетіне басады екен. Кәрсон Райымқұл болыс Қуандық жағына: «Ұлынды билікке араластырмай, құлынды араластырғаның қалай?» дегенде Ержан: «Ұлынды шығармай билікке, ұрынды шығарғаның жол болсын!» деп болысты сөзден сүріндіріп кетіпті.

Ержан ұғымтал болған. Аз оқыса да орысшаны жетік меңгерген. Ел ішіндегі жоқ-жітік, жарлы-жақыбай оған жүгініп, арыз жаздырады екен. Ояз оны шақыртып, арызқойлығыңды таста деп үгіттепті. Сонда шешен Оязға екі ауыз сөз жазып беріпті. Қазақша мәтіні былай: «Бөрі жатағын торайға айырбастамас болар...»

* * * * *

Ержан Танай елінің сөз ұстаған биі Көшкінбай болыспен қағыса береді екен. Көшкінбай тұрып:

- Әй, Ержан, сен жүйріксің ғой, көп кімге жарасады, топ кімге жарасады? - деп екі ұштылау сұрақ қойыпты.

- Кім бітімшіл болса,
Көп соған жарасады,
Кім бүтіншіл болса,
Топ соған жарасады, - депті Ержан жайымен.

- Мына сөзің жадағайлау шықты, - деп Көшкінбай риза болмапты. Ержекен қайта қайырғанда:

- Көпті бастай білген, топты тоқтата білген ұтады ғой, - деп би аңғарын танытыпты. Көшкінбай шешенге:

- Аз ғана Жантүгелден сен қалай тудың? - депті сөз шығармаққа. Ержекен жауаптан іркілмей:

- Әкем момын болған шығар. Құдайдан адалдан тілеген соң туғанмын. Ешкімнің қазанына түсіп қайнап, мысына түсіп күйген жоқпыз, бір жақсы жері, - депті.

* * * * *

Пәрменбекұлы Ержан 1916 жылы алпыстан аса бере дүние салыпты. Билікке араласуға бара жатқанда орта жолда ауырады. «Екі жыл писір, үш жыл старшын, отыз жыл би болдым үзеңгі суырмай. Бір адамның басында бүтін ғұмыр тұрмайды. Бүйірімнен бір шаншу қадалды, үйімде өлейін», - деп ат басын кері бұрыпты. Бидің қазасына жиналған дуалы ауыздар: «Жантүгел мен Айтудың айы батты-ау, қырық жыл бойы екі ауылдың тағалы тайын да ұрыға алдырмап еді», - депті.



*Сауын саусаң бие сау,
Салқын түспей суалмас.
Күшті жисаң, түйе жи,
Қырқадан қиялай көшсең мұңаймас.*

АҚТАЙЛАҚ ШЕШЕН

Шешендік сөздер – халық даналығы. Ел аузында сақталып келген мұралардың бір парасы өзге өңірлерде пайда болғанымен, Арқа атырабымен байланысып келетін тұстары көп. Өйткені, ағайыны аралас, қойлары қоралас жатқан, көршілес рулардың арасында түрлі мәселелерге байланысты шешендік сөздер өмірге келіп, ел ішіне кеңінен тарап отырған. Сондай өнерпаздардың бірі – Ақтайлық би. Шыққан руы Орта жүздің Керей тайпасы. Олардың елі Тобықты Құнанбайдың жұртымен қарым-қатынаста болған. Осыған орай ел аузында сақталып жеткен бидің мұраларын жариялағанды жөн көрдік.

АҚТАЙЛАҚТЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ

Ертеде Өскенбайдың тұсында Тобықты руының бір тармағы – Көкше жігіттері барымтада Керейдің бір кісісін өлтірген екен. Керейден Биболат би дау қуа барса, не күн, не сөз бермей қайтарып жіберіпті.

Биболат Өскенбайға жүгінсе керек. Өскенбай: «Мына Керейдің құнын неге бермейсіндер?» дегенде, Көкшелер жағы: «Біз кісі өлтірген жоқпыз» деп дауласыпты. Сонда Өскенбай: «Жазда Сергиопольде (қазіргі Аякөз) съезде бас қосармыз, мәселе сонда шешіледі, екі жақ тоқтасар билерінді айтыңдар, мен хабардар етемін», - дейді. Көкше жағы билікке Бопыны атайды да, Биболат Ақтайлақты ұстайды.

Келесі жазда дүйім жұрт Сергиопольде бас қосады. Ақтайлақ Бопының пара алғанын естіп жатады екен.

Съезде билікті кім айтады дегенде, Ақтайлақ Бопыға: «Ақсүйек төресің ғой, бірінші сен айт», - депті.

Сонда Бопы: «Бұл адамның өлімі танбыс көрінеді ғой. Керей Тобықтыдан төрт кісі күмән ұстасын», - деп Көкшенің ыңғайына көшеді.

Биболат бұған қанағаттанбай, мен Бопыға салған жоқпын, Ақтайлақ не бұйырса, соған ризамын дейді. Сонда Ақтайлақ толғай жөнеліпті:

Сауын саусаң бие сау,
Салқын түспей суалмас.
Күшті жисаң, түйе жи,
Қырқадан қиялай көшсең мұңаймас.
Қатын алсаң дегдарлы ал,
Артында жесір қалса кім алмас.
Жез қарғылы құба арлан,
Жетпей түлкі шала алмас.
Желбіршектен оқ тисе,
Балық өрге жүзе алмас.
Біреудің жеткіншегі жығылса,
Жер таянбай тұра алмас.
Жетесізден би қойсаң,
Парадан аузын жия алмас.
Жылқы жайлау сұрасаң –
Бетеге шалғын даладан.
Қой жайлауын сұрасаң,
Кекірелі, жантақ, сорадан.
Малды жисаң қойды жи,
Қолың кетпес шарадан.
Итті жисаң, сырттан жи,
Қой бермейді қорадан.
Ақсүйек Бопы төре едің,
Бүйірің шықпас парадан.
Ағарған сақал қараймас,
Атан жығар қырдан жел соқса.
Ойда боран борамас,
Жақсылар орға жығылса,
Жаманның ешнәрсесі құрымас.
Құрымағаны құрысын,
Сол шіріктер не болғанын біле алмас.
Параға сатып ер құнын,
Бопы, сенің сірә да артың оңалмас.
Бұлаңдап жүрген жігіттің,
Бір көкейін жоқ кесер.
Сабазды құнсыз жіберсең,
Кісі өлтірген тек кетер.
Атам қазақ қонысы,
Бетегелі белдей ме?
Өлке бойын жайлаған,
Көшпелі қалың ел дей ме?
Керей құнсыз кеткенмен,

Басқадан кісі өлмей ме?
Күмән кессең сен, Бопы,
Мен жүз түйе құн кестім,
Ердің құнын бермей ме?!

- Мен жүз түйе құн кестім, ердің құны – екі елу. Елу түйесі қазірден бастап Керейдің алдына салынсын. Елу Түйенің онын Өскембайдың, онын Бопының, онын осы отырған билердің, онын Көкшенің, онын Найманның шаңырағына байладым, - деп бітім шартын жасапты. Ақтайлақ бидің осы аталы сөзі кейінгілерге нұсқа боп қалыпты.

* * * * *

Бір күндерде Ақтайлақ би ауыл сыртында төбенің басында отырса, көз ұшы жерден келе жатқан Жанақ ақын екенін танып, ауылда, үй сыртында тай үйретіп жүрген балалардың ішінде өзінің кенже баласы – Сабырбайды шақырып алып: «Балам, анау келе жатқан Жанақ ақынға ұқсайды. Сен құрметтеп қарсы ал да, бір ауыз өлең айт, Жанақ бір әбігерге түссін», - депті. Жанақ ақынның мінгені дәу шұбар ат және жылқыға қобызын жеке артып алыпты. Бимен сәлемдесіп бола бергенде Сабырбай:

Бақсы екен деп ойлап ек, басын тартқан,
Ақын – Жәкем екен ғой, өлең айтқан.
Бәрекелді көшіңнің сәндісіне,
Қараша інген секілді байталға артқан, -

дегенде Жанақ ақын сасқалақтап қалып, қобызды шешіп алайын деп тұра бергенде, Ақтайлақ би: «Жәке, үйге барғанда балалар қобызды шешіп әкеледі, әзірше мына таяқты пайдалан», - деп таяғын ұстатыпты. Таяқты ала сала Жанақ:

Төмен елден келемін жоғары өрлеп,
Үш жүздің баласында ақын – мен деп.
Атан да алдым біреуден, жамбы да алдым,
Мына неме кездесті-ау көлденеңдеп, -

дегенде Ақтайлақ: «Бұл біздің жаңа талап Сабырбай деген баламыз», - депті. Сабырбай Жанақтың атын кермеге байлап, қобызын шешіп әкеп қолына ұстатыпты.

Жанақ:

Айналайын балапан жас талабым,
Айтысуға мен сенен жасқанамын.
«Сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендейін,
Өрге өрлеп, ілгері бас, қарағым, -

дегенде, Ақтайлақ: «Балам, Жәкеңмен айтысу саған оңайға түспейді. Тез үйге бар да мал сойғыз және оңаша үй тіккіз: Жанақты шақырып келтіре алмаушы едім, бүгін дәм айдап өзі келді және саған шын ықыласымен тілек-бата білдірді емес пе», - депті.

* * * * *

Ақтайлақ би тоқсан беске келгенде таңертең бір ауыз өлең айтса, сол өлеңді жатқанша қайта-қайта айта береді екен. Қарттың бұл қылығына балалары күле беріпті. Сонда Ақтайлақ:

Жалаң аяқ, жалаң бас,
Жарға ойнадың сен он бес.
Қызыл шекпен желбегей,
Қыздар сүйген жиырма бес.
Жалаулы найза секілді,
Жалаңдаған отыз бес.
Қынсыз пышақ секілді,
Қылшылдаған қырық бес.
Ақыл тоқтап, ми толған,
Сені қайттым елу бес.
Аш бөрідей арсылдап,
Алдыңды орап алпыс бес.
Өрге шықса тізем деп,
Ылдиға түссе белім деп,
Сені қайттым жетпіс бес.
Балаң мазақ қылады,
Қатының сөзбен ұрады,
Сені қайттым сексен бес.
Кеше тірі Ақтайлақ,
Бүгін өлі бір тайлақ.
Тірі деп ешкім ескермес,
Қараша тауға қар жауар,
Қос бұлақтан су ағар,
Ұрдың мені тоқсан бес, -
деп төсегіне құлай кеткен екен.





*Жоқтық ұят емес,
Барлық мұрат емес
Малым-жаным садағасы,
Жаным-арым садағасы
Жалғыз ағаш үй болмас,
Жалғыз жігіт биі болмас
Бай байға құяды,
Сай сайға құяды.*

ШЕШЕННІҢ СӨЗІ ОРТАҚ

Ертеде Шаншар деген ру болған екен. Олар өте қу, тапқыр, айлакер болыпты. Бір күні сол рудың үлкен ақсақалы қатты ауырып жатып баласына айтады:

- Балам, менің бір тілегім бар, сол тілегімді орындасаң батамды беремін - дейді. Баласы аз ойланған соң:
- Жарайды, әке, тілегінді орындайын, айт! - депті. Сонда әкесі:
- Балам, қулығыңды маған бер! - деген екен. Онысы енді қулықты қой, еліңді алдама дегені болса керек.
- Әке, қулығымды саған берген де, сақа бием қайда қалады? - дейді. Осындай жауап күтпеген әкесі баласына қатты ренжіп:
- Егізді екі болма,
- Екі бие саума – деп айтып қалыпты. Содан жаңағы ақсақалдың баласы өмір бойы сіңірі шыққан кедей болып өткен екен.

* * * * *

Шаншарлық үш жігіт бір байдың үйіне түсіп, шай ішпек болыпты. Үй әйелі оларға шай жасап, шайға салатын ірімшік, құрттарын дастархан шетіне төге салыпты. Шайға салуға арналған тамақты дастархан шетіне төгу түрімен шайға май салмайтын нысайы белгілі болыпты. Оны байқап отырған Шаншарлық қу әйелдің самаурын әкелуге кеткен уақытын пайдаланып дастарханда жатқан ірімшік, құрттардың арасын май салған табақ қоятындай

етіп ашып қояды да, келе жатқан әйелді көрмеген болып қасындағы жолдасына:

- Асықпасаңшы.

Майын қазір әкеліп салады ғой,

Шошалаға тағы да барады ғой,

Қуырдақ та дайын боп қалған шығыр,

Па, шіркін! Бұл келіншек жарады ғой! - депті әйелге естірте. Әйел осы сөзден ұтылып еріксіз қайтадан шайға май әкеліп салып, қуырдақ пісіріпті.

* * * * *

Бірде Шашубай деген ақын дос-жарандарымен көңілді әңгімелесіп отырып:

- Мені өлгенде қалай жөнелтесіңдер? - деп қалжындайды. Сонда Сұртай деген бір қу жігіт:

- Уайымдамаңыз, өлгенде ақ жауап, арулап, тақтайға салып шегелеп тұрып қоямыз, - депті. Сонда Шашекен: «Мен бәрібір ораза ұстап, намаз оқыған діндар адам емеспін ғой. Тақтайларыңды көргенде мені тозаққа салатын періштелер өз тамызығы өзінде екен деп қуанатын болды ғой онда, - депті. Отырғандар Шашекеннің мына сөзіне ду күліпті.

* * * * *

Байтоқ деген ақын жыл сайын Жәңгір ханға келіп, өлең айтып жыр жырлап, бір түйе алады екен. Бір жылы ханға келіп, тағы да жыр жырлап, өлең айтады. Жәңгір:

-Бір түйе әкеліп беріндер! - дейді. Ханның адамдары есік алдына бір кәрі түйе әкеліп байлайды. Байтоқ ақын сыртқа шығып түйенің қасына барып бірдеңе айтқандай болып күңкілдейді де, үйге кіреді. Хан:

Ақын неғып жүрсіз? - деп сұрайды. Сонда ақын:

Шөп бермесем өлермісің?

Алысқа айдап жіберсем.

Айналып үйге келермісің,

Бөкей, Сығайдың әкесі,

Нұралы ханды білермісің? – деп түйеден сұрап едім, сонда түйе:

Шөп берсең де өлермін,

Бермесеңде өлермін.

Хан Нұралыны айтасың,

Оның әкесі Әбілхайырды да,

Білемін деп жауап берді, -дейді.

Мұны естіген хан:

-Шапшаң жас түйе әкеліп беріндер! - деп бұйрық етеді.

* * * * *

Қуандықтың ірі байларының бірі Игілік, Мұса мырзаны қонаққа шақырыпты. Мұса мырза Игіліктің шақыруын қабыл алып жолдас-жораларын ертіп, оның үйіне қонаққа барады. Сол үйде отырғандардың бірі:

- Мөңке ақсақал қалай? – деп сұрайды. Сонда Игілік:

- Бұрынғыдай емес, дәулеті қайтты. Қазір ешқайда шықпайды. Үйде пеш түбінде отырып қалды, - депті. Мұны естіген Мұса:

- Е, ол кешегі уақытта атағы алты алашқа шыққан Мөңке еді ғой. Ертең барып сәлем берейін. Көзім көріп еді, - депті.

Келесі күні шешенге сәлем беріп:

- Қалыңыз қалай? – деп сұраса, Мөңке:

Кәрілік келеді екен тас артқандай,

Безбеннің бір жағына баса артқандай.

Жетпіс кісен аяғыма түсіп отыр,

Жан бар ма Орта Жүзде босатқандай, - депті.

Мөңкенің үйінен қайтып келген жерде Мұса мырза:

- Игілік, сен маған жүз қой, бір үйір жылқы бер, ішінде сауатын жуас биесі, мінетін жақсы аты, соятын бойдағы болсын, малыңды елге барысымен қайтарам. Сенен алған малды Мөңке ақсақалға бермекпін, - депті. Мұса мырзаның сұраған жүз қойы мен жылқысын Игілік беріпті. Келесі күні Мұса жылқымен қойды Мөңкенің аулына айдатып апарып:

-Мына бір азғантай малды келін, балалар алданыш қылсын. Мына атты мініп, біз қайтқанша өзіңіз бізбен болыңыз, - дейді. Мөңке Мұса қайтқанша бірнеше күн онымен бірге болып, қайтайын деп жатқанда, Мұсаға былай деген екен:

- Таяқ ұстап қалған едім сен келіп ат мінгіздің, айран-шалап ішіп қалып едім, қымыз ішкіздің. Қима жеп қалып едім, қазы жегіздің. Пеш түбінде бүктеліп қалған көп шалдың бірі болып, өлі мен тірінің арасында жүрген менің өткенімді есіме түсіріп, көңілімді өсіріп қайтадан төрге отырғыздың. Сағынған едім игі жақсылармен жүздестірдің:

Жүз жабы қусам жетпес бір тұлпарға,

Мың қарға залал етпес бір сұңқарға.

Жаманға жазатайым ісің түссе,

Жарамас етегіңді бір қымтарға.

Әкең Шорман болғанда атың Мұса,

Кім болмайын дейді екен Құдай қылса.

Жалғанның шамшырағы болып тұрсың.

Жұмаққа да енерсің дәм бұйырса, - деп батасын берген екен.

* * * * *

Уық бойы қар жауса,
Жұтамайды сауысқан,

Жетесі жақсы болмаса,
Шыдамайды туысқан.
Көргені жаман бергенін айтады.
Туысы жаман туғанын жамандайды
Алла демеген алғанын жамандайды.
Қас жорғадан жортақ туады
Қас батырдан қорқақ туады.
Қас шеберден шорқақ туады.
Тентектің ақылы түстен кейін түседі.
Атадан бала туса екен,
Ата жолын қуса екен
Бетіне келер ұятын,
Өзі біліп жуса екен
Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле
Алты ұл тапқан қатынды, ханым десең болмай ма?
Бұл кісі Шоң Торайғырдың досы екен. Баянтаудың інісінің баласы
Жантайды ертіп келіп, осы нақыл сөзді ауызба-ауыз естігеннен кейін үш жүз
қой айдатып жіберіпті.

* * * * *

Жоқтық ұят емес,
Барлық мұрат емес
Малым-жаным садағасы,
Жаным-арым садағасы
Жалғыз ағаш үй болмас,
Жалғыз жігіт биі болмас
Бай байға құяды,
Сай сайға құяды.



Buketono University



A decorative border with intricate black and white floral and scrollwork patterns, framing the central text.

Екінші бөлім

Сөз туралы
сөз



Түсіндірме сөздік

ӘНЕТ БАБА ШЕШЕН

Жүгіну – түсіндірме сөздіктерде бұл сөздің екі түрлі мағынасын көрсетіп жүр. Алғышқысы, екі аяқты астына басып, тізерлеп жүресінен отыру. Екіншісі, дау-жанжалдарды шешу үшін төрелік айтатын адамның алдына келіп, бір тізесін бүгіп, шешім сұрай келуін көрсетеді. Ақиқатында, ауыз әдебиетінде алғашқы нұсқасынан гөрі соңғысы жиі қолданылады. Оның себебі, ел ішіндегі дау-дамайдың тыныс-тіршілігіне байланысты болып келеді.

Қорамсақ – садақтың оғын салып жүруге арналған, теріден жасалған арнайы қапшық. Бұл сөз көпшілігінде «Қорамсаққа қол салды, бір салғанда мол салды» деген тұрғыда батырлар жырында жиі кездеседі.

Жебе – көркем шығармаларда жебенің бірнеше мағыналық тұрғыдағы қолданысы кезігеді. Жиі қолданылатын түрлері алғашқысы, садақ оғының атауы болса, екіншісі, сүйеу, көмектесу, қолдау деген тұрғыда келеді.

Қыдыр ата – халықтық аңыздарда ақсақалды қарт бейнесінде суреттелетін бірде көрініп, бірде көрінбейтін ел аралап жүретін ырыс-береке әкелетін әулие адам ретінде бейнеленген. Қыдыр көпшілігінде бата сөздерде жиі ұшырасады. Мәселен, бұған Шашубайдың: «Қыдыр дарысын, бақ қарасын, Райымбектің мына баласының түрінің қап-қарасының» деген батасын келтіруге болады.

Опыну – деген сөздің негізгі мағынасы өкіну сөзімен мәндес болып келеді. Бұл екі сөздің арасындағы айырмашылық өкіну жалпы қолданыстағы өкініштегі көңіл-күйдің негізгі сипатын аңғартатын болса, опыну өкініштің өте жоғарғы деңгейдегі қатты түрін сездіреді.

ДОСБОЛ ШЕШЕН

Келеке – адамның жасаған өрескел немесе ыңғайсыз іс-әрекетін әңгімелей отырып, мазақы жағдайға айналдыру.

Құлақтану – белгілі бір жерде болған қажетті оқиғаны немесе керекті жәйттерді хабарлап айту, жеткізуді көрсетеді.

Қол қусыру – ерте дәуірде ханның немесе уәзірдің, болмаса, қожайынның алдына келіп, оң қолын жүрегінің үстіне қойып, әрекет жасауды қол қусыру деп атайтын болған.

Қыл-қыбыр – қолданысқа жарамайтын ең нашар деңгейдегі ұсақ-түйек қылшықтан жиналған қалдықтарды айтады.

Шанаш-манаш – ертеде сусынды құйып алып жүру үшін малдың терісінен арнайы торсық жасайтын болған. Ешкінің терісінен жасалған торсықты шанаш деп атаған.

Уәж – дәлелді түрде айтылған немесе ұсынылған ой-пікірдің жинақталған түрін айтады.

Тұтқыр – ауыз әдебиетіндегі қолданыстарда үш түрлі мағынасы кездеседі. Алғашқысы, ұстаған жерінен жабысып айрылмайтын деген мағынаны аңғарса, екіншісі, сөйлегенде көсіліп кете алмайтын адамдарды сездіреді, үшіншісі, айтқанды тез қабылдап ұғып алатын адамды айтады.

Дуадақ – қазақ халқында жер бетіндегі ұшып жүретін құстарға арнайы ат тағайындап отырған. Сондай құстардың бірі дуадақтың қанаты үлкен, мойыны ұзын, ірі құс екендігі көрсетілген.

ЖАМАНҚҰЛ ШЕШЕН

Кенесары қозғалысы – отарлау саясатына байланысты қазақ даласында көптеген көтерілістердің болғандығы белгілі. Солдың бірі Кенесары қозғалысы. «Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы» деп аталатын еңбекте Кенесары қозғалысына байланысты мынадай дерек келтірілген.

«Қазақтардың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдарда болған басқа барлық көтерілістермен салыстырғанда Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күрестің ерекшелігі оған үш жүздің бұқара халқы түгелге дерлік қатысты. Бұл күрестің кең қанат жайып, бүкілхалықтық сипат алуы, Кенесары күресінің өзіне тән саяси ерекшелігі деу керек. Азаттық күреске қатысушы рулардың саны күрестің алғашқы жылдарына қарағанда 1843-1845 жылдары көбейе түскені байқалады. Кенесарыны анағұрлым белсенді қолдаған рулар: Қыпшақ, Төртқара, Жағалбайлы, Табын, Тама, Бағаналы, Шекті, Алшын, Керей, Жаппас, Арғын, Үйсін, Дулат т.б. Кенесары жетекшілік жасаған азаттық күресіне ру басылары мен билері және басқа да ауқатты топ өкілдері қатысты. Олар, мысалы, Ш.Едігенов, Шорман Күшіков, Мұса Шорманов және т.б. Кенесарыға белсенді қолдау көрсеткендердің бірі оның әпкесі Бопай. Ол өзінің күйеуі Сәмеке мен оның туыстары сұлтан Сортек пен Досан Әбілқайыровтарда Кенесарыға қосылуға үгіттейді. Олар көнбеген соң күйеуін тастап, баласымен көтерілісшілерге қосылып, Кенесарының бір отрядын басқарады».

Табыл – Жаманқұл шешеннің әкесінің аты. Шежірелік мәліметтерде Қаракесектен – Ақша, Түйте, Түйтеден – Майқы, Танас, Майқыдан – Айтуған, Күнтуған, Айтуғаннан – Әлтеке, Сапақ, Әлтекеден – Әлмұрат, Дос,

Есболай, Өтеген, Әлмұраттан – Әтембек, Жарас, Ақбота, Ақботадан – Елдей, Табыл туады. Табыл өз заманында дәулетті, ірі байлардың бірі болған.

Тарту-таралғы – ірі көлемдегі, қомақты түрде берілетін сый-сыйапаттын атауы.

Қоңсы – көркем шығармаларда екі түрді мағынада қолданылады. Бірі, кірме, өзге жақтан көшіп келген отбасы туралы айтылса, екіншісі, көрші іргелес қоныстанған адамдарды айтады.

ҚҰНАНБАЙ ШЕШЕН

Жақ – халықтық қолданыста бірнеше мағынадан тұратын сөз болып табылады. Құнанбай шешеннің әңгімесінде жақ сөзі кермесіне жуан жебе салынып тартылатын садақтың түрі ретінде қолданылған.

Сауға – арнайы жазадан аман қалу үшін сұралатын кешірімнің түрін айтады.

Ұранқай – кептірілген, иілген ағаштардың басын түйістіріп, байлап жасалатын шатырша үйшік.

Пұт – салмағы 16 келі тұратын өлшем бірлігі.

Батпан – қазіргі қолданыста жүрген тонна деген сөздің көне дәуірдегі қазақша атауы.

Ғапыл – шығыс елдерінен келген аңыз-әңгімелерде қолданылатын байқаусызда деген мағынаны аңғартатын сөз.

Жекжат – әкеден төмен қарай есептелетін алтыншы ұрпақтың атауы. Атап айтқанда, бала, немере, шөбере, немене, шөпшек, жекжат, жұрағат.

Балта ақын – Балта Бұқарбекұлы XIX ғасырда Семей өңірінің Абыралы аймағында өмір сүрген ақын. Шөжемен айтысқа түскен. Көбінесе Құнанбайдың жанында болған.

ЖЕТЕС ШЕШЕН

Бұйымтай – ел аузындағы әңгімелерде екі түрлі мағынада қолданылады. Бірінші мағынасы, бір адамның екінші адамға қолқа салуы, қалауы. Екінші мағынасы, біреудің екінші адамға арнайы іспен, шаруамен келуі.

Пырақ – діни шығармаларда жиі кездесетін пейіште өмір сүретін қанаты бар ұшуға бейімді тұлпар. Кей қолданыстарда жүйрік сәйгүліктерді де пырақ деп атайды.

АҒЫБАЙ ШЕШЕН

Мейман – бұл сөз қонақ деген қолданыстың мәндес мағынасын білдіретін сөз болып табылады. Қонақтан айырмашылығы қолданылу аясында. Мәселен қонақ, жалпы атау ретінде пайдаланылады. Арнайы

шақырған да қонақ, сапарда келе жатып түстенсе де қонақ. Ал, мейман арнайы шақырылмаған жол түсіп, кешкілікте келген адам.

Сойыл – шамамен алғанда ұзындығы екі жарым метрдей болатын мықты ағаштан тазаланып, кептіріліп жасалған қару. Сойылдың ұстайтын жағында қайыстан тілініп жасалған қолдың білегіне іліп алатын ілмегі болады. Сойылды ат үстіндегі адамдар ұстайтын болған.

ЖАЛАҢТӨС ШЕШЕН

Тақуа – ислам дінін жетік меңгерген, бес парызды толығымен орындап жүрген ұстамдылығы мықты, сабырлы әрбір іс-әрекетін шариғат жолымен жасайтын діндар адам.

ОЛЖАБАЙ ШЕШЕН

Мүсәпір – жан-жақты қиыншылыққа түсіп, жағдайы төмендеген, тіршілігі әлсіз сауаты нашар қиналыста жүрген адамды айтады. Мүсәпірмен мәндес келетін сөздер бейшара, байғұс, сорлы.

Ғаріп – жағдайы, тыныс-тіршілігі нашарлаған жуас адам.

ДҮЙСЕНБАЙ ШЕШЕН

Алқа-қотан – бірнеше қатар жасап, дөңгелене отырған көпшіліктің бас қосуы.

Саржал – Арқадағы Шерубай-Нұра өзенінің бір сағасы болып табылады.

Қызылтау – Қарағанды облысы Шет ауданына қарасты аймақта орналасқан ұзын таудың атауы.

Шуаш – Қаракесек-Сарымның ішіндегі кіші рудың атауы. Белгілі Жанқұтты бидің шыққан руы.

ҚАРА БИ ШЕШЕН

Бектаута – Балқаш қаласынан алпыс шақырым жерде солтүстік жағында орналасқан таудың атауы. Оның ортасынан жоғарырақ белдеуінде үңгір бар. Ел ішінде сақталған аңызда ол үңгірді көне заманда әулие адам мекен етіпті. Сонан халық тауды киелі деп ерекше құрмет тұтады.

Шортанбай – XIX ғасырда Арқа өңірінде өмір сүрген қазақтың белгілі ақыны. Отарлау саясатын жырлау барысында айрықша көзге түскен, сонымен қатар заманның ағымын аңдай білген көріпкелдігі бар ірі тұлға. Шортанбайдың өлеңдері әдебиет тарихында арнайы айтылады. Көптеген зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне арқау болған. М.О.Әуезов өзінің «Әдебиет тарихы» деген еңбегінің бір тарауын «Зар заман ақындары» деп Шортанбайдың толауының атымен атаған. Шортанбай жай қарапайым ақын

емес, сыншыл ақын. Оның өлеңдерінде сол заман ғана емес келешек те көрініс тапқан.

Ақыр заман болғанда,
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ,
Ақша деген мал шығар.
Жеткізе алмай онысын,
Қалтыраумен жаны шығар, -

деген өлеңдері біздің пікірімізді айғақтай түседі.

Ақжол – ел аузында сақталап жеткен аңыздарда Арғынның атасы Қыдан тайшының баласы. Тарихи деректер бойынша Әбілқайыр ханның бас биі болған. Тілге шешен, сөзге шебер, ұтқыр ойлы адам болса керек. Бақталастықпен Қара Қыпшақ Қобыланды Ақжолды өлтіріп кетеді. Соған ренжіген Жәнібек пен Керей өзіне қарасты елді бөліп көшіріп, қазақ мемлекетін құрады. Сөйтіп, Ақжол есімі Арғын елінің ұранына айналған.

ТҰЯҚ ШЕШЕН

Тарғақ – далалы, шөлейтті жерлерде кездесетін торғайдан сәл ғана үлкен қара түсті дақтары бар, сұрғылт түсті құс.

Құтпан айғыр – алғашқы сыңары құт деген сөздің негізінде жасалған құтты жылқы, мал басы деген мағынаны аңғартады.

САҚҚҰЛАҚ ШЕШЕН

Санат – ел жақсыларының бас қосып, маңызды мәселе төңірегінде әңгіме қозғаған мәжілісі.

Ағат – бұл сөздің мәндес қолданылатын түрлері жаңылыс, байқаусыз деген тұрғыда келеді.

АҚБАЙ ШЕШЕН

Көген – уақ малды атап айтқанда, қойды немесе ешкіні қатарлап байлауға арналған жіптердің тізбегі.

Жәннатлы Бахия – қазақ халқында ислам дінін қабылдағаннан кейін ерекше қасиетті мекендерді өзгеше атау кеңінен өріс алған. Осы негізде қажылыққа баратын Сауыд Арабиясындағы Мекке қаласын осылай деп атайтын болған.

КЕРНЕЙБЕК ШЕШЕН

Көрпетай – Қарағанды облысы Ақтоғай ауданына қарасты аймақта орналасқан шағын көлемді тауы бар өлкенің атауы.

Тебінгі – атқа салынатын ертоқымның тоқымы шағын болған жағдайда шалбардың балағына қорғаныс ретінде қолданылатын ертұрманға қатысты бұйымдардың бірі.

Оқалы – әдеміленген, көзге тартымды етіп келістіре жасалған түрлі ою-өрнектермен көмкеріліп жасалған бұйым.

ЕДІГЕ ШЕШЕН

Арыту – арықтату, жүдету, сылу деген сөздердің мағынасын береді.

Қияғында – қияқ деген шөптің негізінде жасалынған сөз. Сонымен қатар, таудың тік құлама бетін қия деп атайды. Яғни, қияғында деген құстың қанаты немесе екі жағы жүзді қару тәрізді мағыналарды аңғартады.

САҒЫНДЫҚ ШЕШЕН

Сұркылтай – үлкендігі торғайдың шамасындай болып келетін, тоқтаусыз қайта-қайта шикылдай беретін, бір орында тұрақтап отыра алмайтын кішкене мазасыз құс.

Кешу – адамның қайтыс болар алдындағы арыздасып қоштасуы.

КЕНЖЕБАЙ ШЕШЕН

Мәмле – ертеректе шешендікке байланысты айтылған әңгімелерде жиі қолданылатын келісім мағынасын аңғартатын сөздің түрі.

Ләм-мим – ауыз әдебиетіндегі қолданыста үндемеді, сөйлемеді деген мағынаны аңғартады. Ақиқатында, араб әліппесіндегі л – ләм, м – мим дыбыстарының аталуынан шыққан. Құран кәрімде біраз сүрелердің алдында әлиф, ләм, мим деген қолданыстар бар. Оны мағыналауға, аударуға рұқсат етілмейді. Өйткені, мағынасын жаратуыш ғана біледі деп айтылады. Осы негізде қазақ тіліндегі ләм-мим сөзі үндемеу деген мағынаны қолдануға жұмсалған.

САБОТА ШЕШЕН

Жапа – адамның басына түскен қыспақ, қорлық, қиыншылық, қысым, зорлық.

Тарпан – жылқының жабайыға айналып кеткен түрі.

Жарғақ ішік – жүнін тақырлап қырып тастаған, теріден иленіп жасалған тон тәрізді сырт киім.

БАЗАР ШЕШЕН

Бұйымтай – бір адамның екінші бір адамға арнайы келіп, бір жағдайға немесе затқа сұраныс жасауы. Яғни, қолқа салуы, қалауын айтуы.

Бауыр – қазақ халқында бірге туған немесе туыстас болып келген адамды бауыр деп атайды. Ақиқатында, бұл сөздің денедегі бауыр мүшесімен байланысы бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Бауырдың басты қызметінің бірі қан жасау. Яғни, ішкен-жеген тағамның нәрінен сүзгіден өткізгеннен кейін қанға айналдырып, денеге жібереді. Осы негізден қарағанда туысқанын бауырым деу себебі қандасым дегенді астарлы түрде берудің көрінісі болып табылады.

БЕКБОСЫН ШЕШЕН

Запы – ауыз екі сөйлеу тілінде көпшілігінде тіркестік тұрғыда жиі қолданылатын сөз. нақтырақ айтқанда запы болды, запысы шықты және тағы басқалары. Мағынасы, ығыр болды, зәреп болды, әбден шаршады, жалықты деген сөздермен мәндес болып келеді.

Барымта – екі рудың арасындағы даулы мәселенің туындауына байланысты қарымта қайтару мақсатында үйір-үйірмен жылқы малын құғызып алуды барымта деп атайды. Ертеде дәулетті байлар өздерінің қарамақтарында арнайы жаттығудан өткен барымташыл бір топ жігіттерді ұстайтын болған. Оларға келісім шартқа сай еңбек ақысын төлеп отыратын болған.

БІРІМТАЙ ШЕШЕН

Шау – екі түрлі мағынада қолданылатын сөз. Қолданыстың басым бөлігі адамның жасы келіп, қартайып қалған шағын, яғни кәріліктің белгілі бір кезеңін аңғартады. Шау тартты деген тіркес егде тартты деген мағынаны көрсетеді. Екінші қолданысы, жылқы малына пайдаланылады. Шабан жүрісті сылбыр аяндайтын аттарды шау жүрісті жылқы немесе шау тартқан жылқы деп айтатын кездер кездеседі.

Селбесу – қандай да бір жағдайда әсіресе, қиыншылыққа тап болған кездерде екі адамның біріне-бірінің қол ұшын беріп, көмектесуін селбесу деп атайды. Бұл сөз әсіресе, ортақ мақсаттағы іске жолыққанда жиі қолданылады.

ҚОСЫБАЙ ШЕШЕН

Апшу – негізгі мағынасы есін шығарды, құтын қашырды деген тіркестермен мәндес болып келеді. Анығында, үйретілмеген асау жылқының аспанға секіретін әрекетін апшу дейтін болған.

НАУ ШЕШЕН

Қаңсу – негізгі мағынасы құрғау, кебу дегенді аңғартады. Сөздік қолданыстарға орай шөлге байланысты ғана айтылмай тапқыр сөздердің немесе өлеңнің жетіспеуіне байланысты да қаңсу сөзі қолданылып отырған.

Қолқа – қолқаның бірнеше мағынасы бар. Бірі – жүректен шығатын ең ірі тамырдың атауы. Келесі түрі – кеңірдек пен өкпенің түйіскен тұсы. Тағы бір мағынасы – көңілі қимаса адамның бір затты арнайы сұрауы. Немесе өтініш, тілек айтуы. Шешендік сөздерде бұл сөз қалау сұрау деген мағынада қолданылады.

БАПАН ШЕШЕН

Шайыр – екі түрлі мағынасы бар. Алғашқы мағынасы, қойдың жүнінің тұтасып, бөлмелеуге келмейтіндей баттасып, желімденген түрін айтады. Екінші мағынасы, өткір тілді, өрнектерді шеберлікпен құрастыра біліп, өлең шығаратын ақындарды да шайыр дейді.

Опа – бұл сөздің де бірнеше мағынасы бар. Біріншіден, қыз-келіншектердің бетіне жағатын жұпар иісті ақ ұнтақ. Екіншіден, шапағат, ізгілік деген мағынаны аңғартады. Халықтық қолданыста опа бермеді деген тіркес шапағаты тимеді деген ұғымды сездіреді.

САРЫ ШУАШ ШЕШЕН

Кемсек – дене бітімінде туа біткен кемшілігі бар адамдарды кемсек деп атаған.

Суат – өзеннің немесе бұлақтың, өзекшенің мал суаруға ыңғайлы келген тұсын суат деп атаған.

ЫРЫСБАЙ ШЕШЕН

Саулық – екі түрлі мағынасы бар сөз. Бір мағынасы, ауру-сырқаудан аман болушылықты аңғартса, екінші мағынасы төрт-бес жасқа келген қойдың ұрғашы түрін айтады.

ҚАПА ШЕШЕН

Миуа – түрлі шөптердің жарыса өскен жидек араласқан қарақаты да бар, тығыз орналасқан сайдың табанын айтады.

ЖАБАЙ ШЕШЕН

Шілтен – эпикалық жырларда жиі кездесетін адалдық пен әділдіктің жолында жүрген кейіпкерлерді жебеп, қолдап отыратын, көзге көрінбейтін әрі киелі, әрі қасиетті бейне. Көпшілік жағдайда оны ғайып ерен қырық шілтен деп атайды.

Әбу Бәкір Сыддық – мұсылман әлеміндегі Мұхаммад (с.ғ.с.) пайғамбардан кейінгі билік жүргізуші алғашқы халифа. Дінде төрт шаһарияр

деген ұғым бар. Бұл халық ақындарының шығармаларында жиі кезігеді. Шөже ақын Шорманның мұсасына былай деп мадақтау айтқан.

Таза жібек жіп болмас дүриядан,
Төрт ақсұңқар ұшыпсың бір ұядан.
Әулетінен төрт шардың жаралмаса,
Дәл өзіңдей жан тумас дүнияда.

Осы жыр жолдарындағы төрт шар деп отырғаны – төрт шаһарияр. Яғни, мұсылман әлеміндегі төрт халифаны айтады. Олар: Әбу Бәкір Сыддық, Хазыреті Омар, Хазыреті Оспан, Хазырет Ғалы.

Қасен, Құсайын – Мұхаммад (с.ғ.с.) пайғамбардың Бибі Фатима деген қызынан туған немерелері. Олар туралы ел аузында мынадай әңгіме бар. Пайғамбар кішкентай кезінде осы екі немересін екі тізесіне отырғызып алып, еркелетіп қатты жақсы көргендігінен Қасенді аузынан, Құсайынды мойнынан сүйеді. Артынша, Жаратушыдан арнайы хабар келеді. «Сен екі немеренді өте қатты жақсы көріп, Мені естен шығардың. Бірін мойнынан, екіншісін аузынан сүйдің. Аузыңнан сүйген немереңе у беріп өлтіреді, мойнынан сүйген немеренің басын шауып өлтіреді», - дейді. Тарихи деректерде Қасен, Құсайынның ажалы тура осы айтылған әңгімедегідей болып келген. Яғни, Қасенге у беріп өлтірсе, Құсайынды Язит патшаның әскерлері қоршауға алып, басын шауып өлтірген. Осыған байланысты шығарылған «Кербаланың шөлінде» деген көлемді дастан бар.

ҚОҢЫРАТБАЙ ШЕШЕН

Бетеге – төрт түлік малға жұғымды боз түсті болып келетін, аласа өсетін шөп. Қазақ ертегілерінде бетегеден биік, жусаннан аласа деген тіркестер жиі кездеседі.

Кеніш – молшылық, байлық, береке деген мағынаны аңғартады. Өткен ғасырдың екінші жартысында бұқаралық ақпарат құралдарында «Ел іші-өнер кеніші» деген айдар жиі қолданыс тапқан.

АЛТАЙ ШЕШЕН

Сеңгір – таудың ең биік шыңының жотасы сеңгір деп аталады.

КЕНЖЕ ШЕШЕН

Күресін – қоныстас отырған бірнеше үйден шыққан, керексіз зарттардың үйілген төмпешігі.

ЕРЖАН ШЕШЕН

Жапсар – босағаның керегемен қиюласып келген тұсын айтады. Сонымен қатар, екі ауыл немесе екі рулы ел іргелес қоныстанса, олардың да түйіскен тұстарын жапсар дейді.

АҚТАЙЛАҚ ШЕШЕН

Дегідар – екі түрлі мағынасы бар сөз. Бір мағынасы, асыл текті ақсүйек адамдарды мегзесе, екіншісі, бей-жай, делсал болып отырған адамды да бейнелейді.

Қарғы – бір мағынасы секіру деген ұғымды берсе, келесі мағынасы арнайы жұмсақ қайыстан белбеу тәрізді етіп жасалып, иттің мойнына тағатын жалпақ орама.

Шашубай – Шашубай Қошқарбайұлы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген халық ақыны. Кеңестік дәуір кезінде өндірісті жырлап, әсіресе, кеншілердің еңбегін ерекше бағалай білген, дәріптеген. Бірнеше мәрте ұйымдастырылған ақындар айтысына қатысып, жеңімпаз атанған. 1943 жылы Қарағанды қаласындағы Ғ.Мүсіреповтың ұйымдастыруымен өткізілген республикалық ақындар айтысына қатысқан. Шашубай айтыскер, композитор, актер ғана емес, дастаншыл да ақын. Ауыз әдебиетіндегі кездесетін дастандарды өз тарапынан жырлай білген өнерпаз.

Ауыз әдебиетіндегі эпикалық туындылардың бірнеше вариантының болатындығын зерттеуші ғалымдарымыз жеткізушілердің, жырлаушылардың өз тарапынан өңдегенінің нәтижесі деп айтқандығы белгілі. Бірнеше варианттылыққа «Алпамыс», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Абылай-хан» жырларын алып қарауға болады. Мұндай варианттарда негізгі оқиға желісі бірдей болғанымен ішкі мазмұнында, құрылысында, тілінде айырмашылықтар бар. Ғалымдардың осы пікірін айғақтайтын дәлелдің бірі Шашубай Қошқарбаевтың «Қамбар батыр» дастаны. Оқиға желісінде негізгі жырдан ешқандай айырмашылық жоқ. Бірақ, көлемінде едәуір алшақтық бар. Негізгі жыр 1812 жолдан тұрса, Шашубай жырлаған Қамбар батыр 660 жолдан тұрады. Негізгі жырдың құрамында 8 буынды жолдар да, 11 буынды жолдар да бар. Ал, Шашубай варианты 7 буынды жолдардан тұрады. Бірақ, оның есесіне мұнда қара сөзбен баяндалатын шағын-шағын үзіктер бар, ол негізгі вариантта жоқ. Мұнда болмағанмен басқа жырларда қара сөзбен әңгімелей отырып, жырлау кездеседі. «Қамбар» жыры фольклорлық туынды болса да, Шашубай вариантында, ақынның өз жанынан қосқан, өзгерткен, өңдеген жерлері кездеседі. Ауыз әдебиетінде кең қолданыс тапқан мәндес оқиға қыздың күйеу жігітті таңдауы. Ол үшін ел жинап сыннан өткізеді. Ол сынның шарттарын белгілеуші қыздың өзі. Осы әдет Қамбар жырында да бар. Негізгі нұсқасында көптің жиналғанын ғана айтса, Шашубай нұсқасында жиналғандарға аз да болса мән берген:

Өзімбайдың тойына,
Көп те кетіп барады,
Бек те кетіп барады.

Алаңғасар әңгүдік,
Текке кетіп барады.
Көп те кетіп барады,
Аз да кетіп барады.
Самайынан бит аққан,
Таз да кетіп барады.

Қыздың жырдағы мақсаты өзінің көңілі ұнаған жігітке қосылуы. Сол үшін өзі де алаң, өзге де алаң. Ол байдың алты ұлдың арасында өскен ерке қызы. Анау-мынау адамды менсінбейді. Көрікті, атына заты сай, ел мақтауында жүрген жігіт керек.

Шашубай осы тұста бұл жағдайға өзінше пайым жасап, басқаша берген. Шашубай пікірінше қыздың жігітті ұнатуы бір қыры, екіншісі, елі мен жерін қорғайтын азаматты іздеу керек.

Мұсылман аз, кәпір көп,
Бір күні келсе бетпақ жау.
Шауып шығар бір ер жоқ,
Сынап тұрсам ақырын-ау.

Енді екі жырда да келмей қалған адам Қамбар болады. Осы арадағы Қамбардың батырлығын, әділдігін көрсету үшін қолданылған эпизод – жолбарыспен алысып өлтіру – Шашубай нұсқасында айтылмайды. «Батырдың жолбарыспен шайқасатыны туралы сюжет «Қамбар» жырының кейбір варианттарында кездеспейді. Ақынның ойынша Қамбар аңқау батыр емес, ақылды ер».



A decorative border with intricate black and white floral and scrollwork patterns, framing the central text. The border is symmetrical and features a variety of motifs including leaves, scrolls, and dotted lines.

Үшінші бөлім

**КӨНЕНІҢ
КӨЗІ**



Би-шешендер мұрасын жеткізушілер туралы мәліметтер

Төрбеков Рамазан. Руы Қаракесек – Сарым – Құлық. 1935 жылы өмірге келген. Кейін зейнеткерлік еңбек демалысына шыққан. Негізгі атқарған қызметі Ә.Ермеков атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі. Мекені-жайы Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ауданының Шабанбай би ауылы. Ол мұғалімдік қызметін атқара жүріп ел ішіндегі көнекөз қариялардан халықтың рухани мұрасын жинаумен айналысқан. Сөйтіп, көптеген бағалы материалдарды қолына түсіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізуге тәрбиелік мәні бар аңыз-әңгімелерді жастардың санасына сіңіруге байланысты зор еңбек атқарған.

Қашубайұлы Ермекбай. Ермекбай қазіргі Қарағанды облысына қарасты Шет ауданының Өспен елдімекеніндегі Қаражартастас деген ауылда өмір сүрген. Туған жылы 1936. Руы – Қуандық – Қарпық – Мырзамбет – Күшікбай. Кезінде темір жол бойында жұмыскер болып еңбек еткен. Жас кезінен бастап ауыл ақсақалдарының ескілікті әңгімелерін тындауға әуес болып ер жетеді. Бірте-бірте сол естіген әңгімелерді жадына түйіп, бергін келе маңайына, жастарға әңгімелеп айтып отыруды әдетке айналдырған. Сөйтіп, сол өңірден шыққан би-шешендер мен ақындардың шығармаларының бүгінгі күнге жетуіне себепкер болған.

Хамзин Рысбек. 1924 жылы өмірге келген көнекөз қариялардың айтқан әңгімелерін есінде сақтап өткен ақсақалдардың соңы. Руы – Қаракесек – Керней. Қарағанды облысы Шет ауданына қарасты Ақжал елдімекенінде өмір сүрген. Әсіресе, аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандарды жатқа айта білген адам. Жәкен Байтуовтың «Бөрі батыр» сондай-ақ, Дия Қажының, Тәшеннің мұраларын бүгінгі күнге жеткізушілердің бірі. Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер.

Сембеков Танай. Еңбек жолын Балқаш көлінің жағасындағы Тасарал елді-мекеніндегі балық аулау совхозында бастаған. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Көп жылдар бойы Балқаш қалалық теледидар студиясында бас редактор болып жұмыс істеді. Жұмыстағы кәсібі халықпен тығыз байланыста болғандықтан, ескілікті сөз білетін адамдардан рухани құндылықтарды хатқа түсіріп, жазып алып жүрген. Мүмкіндікке орай жинаған материалдарының біраз бөлігін

теледидардан шығарып, жариялауға ықпал жасаған. Кейінгі ұрпаққа қолдағы бар дүниелерін жария етіп, айтып отыратын болған.

Шитов Әліпбай. 1910 жылы дүниеге келген. Балалық шағы ауылда өткен ел азаматының көнеден жеткен құнды мұраларды естіп, жинап, мүмкіндігінше қағазға түсіріп, мүмкіндігі келмегенін жадында сақтап, бүгінгі таңға жеткізуге үлкен үлес қосқан адам. Әсіресе, елге танымалы Әнет бабаның шығармаларын, айтқан аманат сөздерін жастарға насихаттай білген. Сонымен қатар, Арқаны мекендеген біраз рулардың тарихи дереккөздерін де есінде ұстаған.

Кәріпұлы Өмір. 1940 жылы 5 мамырда Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданына қарасты Құмдауыт деген ауылында өмірге келген. Қарағандыдағы педагогикалық институттың филология факультетін тәмамдаған. Мектептерде ұстаздық қызмет атқарап, жас жеткіншектерді тәрбиелеу ісіне араласқан. Бертін келе Ағадыр аудандық газетінде қызмет жасап, қазақ тілі қоғамының өркендеуіне зор үлес қосқан. Шыққан руы Арғын – Тарақты. Халыққа танымалы жазушы. Проза саласында «Сарыбел сазы», «Бұрқақ», «Серілер мен перілер» деген тәрізді көптеген еңбектерін жарыққа шығарған. Халықтың рухани құндылықтарын ерекше бағалап, жинаумен, жариялаумен айналысқан адам.

Мұсабеков Ықлас Жаңырбайұлы. 1918 жылы өмірге келген. Шыққан руы – Кенжеқара. Жаңаарқа ауданының тұрғыны. Қария үш жасында әкесінен жетім қалып, үлкен атасы бауырына басқан болатын. Кішкентай Ықылас жас кезінде атасының қойынында ұйықтап, көп әңгімелер тыңдап, оларды жатқа білген. Оның ішінде (жұмбақтар, қазақтың салт-дәстүрлері, қанатты сөздер). Әрине кішкентай Ықыластың зерек болуына басқа да себептер болды. Оның біреуі, Ықыластың атасы бір ауылдың беделді ақсақалы болғандықтан көптеген жиындарға, қонақтарға атасымен бірге еріп жүрген екен. Ықылас көптеген ақсақалдардың әңгімелерін, нақыл қанатты сөздерді тыңдап, дереу қағазға түсірген жайлары да болған. Әсіресе, Сары Шуаш шешен жайлы әңгімелерді көп білетін.

Аманбекұлы Ахметбек. 1903 жылы қазіргі Қарағанды облысы Шет ауданына қарасты Өспен өлкесінің Қаражартас деген жерінде дүниеге келген. Руы – Қуандық – Қарпық – Тоқа. Қуандық руынан шыққан ақындар мен шешендердің шығармалары мен олаға қатысты тарихи және ел әңгімелерін молынан есіне сақтап, игере білген адам. Ол кісіден материалдар 1996 жылы жазылып алынды.

Жұмағұлұлы Балқаш. Қуандықтың Тоқа руынан шыққан, ертеден бастап халықтың рухани құндылықтарына ден қойып мүмкіндігінше қағазға түсіріп, сонымен қатар естігендерін жалында сақтап, кейінгі күнге жеткізген адам. Ол 1939 жылы өмірге келген. Шет ауданының Батық елдімекенінде тұрған.

Сейтқазин Жүнісбек Төлеубайұлы. 1919 жылы 15 шілдеде Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Руы – Орта жүз – Қарауыл. Ұлы Отан соғысына қатысқан соғыс ардагері. Бұл кісі 1942 жылы әскерге алынып, автоматшылар

оқуын бітірген. Сөйтіп, 8-ші Панфилов дивизиясының 1311 с/полкында автоматшы болған. Майдандағы ерліктері үшін 18 орден-медальдармен марапатталған.

Мананбаев Бабажан. Қарағанды облысының Шет өңірі өлкесінде 1907 жылы өмірге келген. Бала кезінде арабша оқып, хат таныған ол жас кезінен бастап от басы мен ағайынның қамы үшін еңбекке араласады. 1932 жылғы аштық кезінде Балқаш көлі арқылы Алматы облысына өтіп, Еңбекші қазақ ауданындағы Маловодные ауылында жұмыс жасайды. Інісі Сүйлейменов Мұқанға ағалық қамқорлығын көрсетіп, оның білім алуына қол ұшын береді. Сөйтіп, Мұқан сол ауылдың колхозының төрағасы болғанда өзі жылқышы болып жұмыс жасайды. 1941 жылы соғысқа алынып, 1943 жылы оң жақ қолы мен аяғынан ауыр жарақат алғаннан кейін елге қайтады. Ақсақалдың Ұлы Отан соғысындағы көрсеткен ерліктеріне байланысты ордендер мен медальдары баршылық. Кейін Қарағанды облысы Шет ауданының Кеншоқы ауылына көшіп келген кезінде түрлі бас қосуларда ескілікті әңгімелер мен аңыздарды, тарихи деректерді тамылжыда айтып, көпке таратушы болған. Ол кісінің айтқан әңгімелерінен жастар тағлымдық маңызы бар мәліметтерді игереді. Көпке құрметті, елге сыйлы Бабажан ақсақал 1995 жылы Кеншоқы елдімекенінде дүниеден озды.

Тілеубаев Сарымсақ. 1910 жылы қазіргі Қарағанды облысына қарасты Шет ауданының Кеншоқы өлкесінің Мыңқауға (5-ші ауыл) деген жерінде өмірге келген. Бала кезінен бастап ел ақсақалдарымен жиі араласып, айтқан әңгімелерін ескі жазумен қағазға түсіріп отырған. Арқа өңіріне аты мәлім Шабанбай, Жанқұтты, Жаманқұл, Атантай, Көпбай тәрізді билікке араласқан тұлғалардың айтқан шешендік сөздерімен өміріне қатысты мәліметтерін жинастырған. Бала кезінде молладан ескіше хат таныған. Кейінірек мектепте оқып, сауатын ашқан. Ұлы Отан соғысы басталғанда көппен бірге отан қорғауға аттанып, талай ерлік әрекеттерімен көзге түскен. Бірнеше рет жау оғынан жарақат алған. Соғыс біткеннен кейін аман-есен туған ауылына оралып, әр түрлі қызметтер жасайды. Көңіліне ұнағаны жастарды оқытып, білім беру болғандықтан, Кеншоқы мектебіне мұғалім болып жұмысқа орналасады. Жастарға бағдарламадағы білімді үйрете жүріп, ел аузынан жиналған материалдардың негізінде ата-бабаның рухани құндылықтарын саналарына сіңіріп отырған. Ұлттық руханияттың жанашыры болған, ұстаздық еңбегімен ерекше көзге түскен, соғыс кезіндегі ерліктері үшін көптеген орден-медальдармен марапатталған Сарымсақ ақсақал 1993 жылы қайтыс болған. Шыққан руы Қаракесек – Сарым – Кәдір.

Ғалымұлы Махмұт. 1907 жылы ақпан айында Нұра болысына қарасты Алтыншы ауылында өмірге келіп, 1995 жылы Ағадыр елді мекенінде қайтыс болған. Жас кезінде ауыл молласынан арабша оқып, хат танығаннан кейін ер жете келе өздігінен ізденіп, орыс тілін үйренеді. Сонымен қатар, ел ішінде жүргенде әңгіме білетін қарттардан әдеби-тарихи маңызы бар мәліметтерді жинастырумен айналысады. Сөйтіп, Жанқұтты, Жамнақұл, Шортанбай, Нарманбет шығармаларын әрі жадында сақтап, әрі қағазға түсіріп, кейінгі

ұрпаққа жеткізеді. Ұлы Отан соғысының ардагері. Қызыл Жұлдыз, Даңқ ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған.

Байтілеуұлы Өтжан. Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданына қарасты Толағай ауылында тұрған. 1914 жылы өмірге келген. Руы – Көзей. Аймаққа қадірлі ауыл ақсақалы болған. Көпшілігінде шежірелік деректерді жатқа айта білген адам. Сонымен қатар, Жұмыр, Жұмық, Қара шешендер туралы мәліметтерді бүгінгі күнге жеткізуші.

Бектеміров Төкен. Қарағанды облысындағы Қарқаралы ауданының Балықтыкөл өңірінде 1918 жылы дүниеге келген. Ауылда ертерек еңбекке араласқан ақсақал көнекөз қариялардан естігендерін есіне сақтауды машық еткен. Кейін келе маңызды да мәнді тілі шұрайлы тәрбиелік сипаты мол рухани дүниелерді жастарға айтып, олардың өмір жолына белгілі бір деңгейде ықпалын тигізген. Қарқаралы өңіріне қатысты тарихи деректер, мәліметтер, әрі шешен, әрі ақын Қылышбайдың мұраларын жер-су атауларына байланысты топонимикалық аңыздар халықтың мақал-мәтелдері осы кісі арқылы бүгінгі күнге жетіп отыр.

Нұрахметов Мақсұт. Қазіргі кездегі Қарқаралы ауданының Егіндібұлақ елдімекеніндегі Төртүй деген жерде 1928 жылы дүниеге келген. Ертерек хат танып, жазу, сызу ісімен көбірек айналысады. Ел аузынан естіген әңгімелерін қағазға түсіріп, олардың тарихи деректермен қаншалықты деңгейде байланысы бар екендігін айқындауға көңіл бөліп отырған. Әсіресе, тұлғалардың өсиеттерін, бата-тілектерін жанрлық тұрғыдан, тақырыптық тұрғыдан белгілі бір жүйеге келтіріп, топтастыра білген. Кейбір қанатты сөздерге өз тарапынан сын-пікірін де жазып отырған.

Мырзағұлұлы Байболсын. Қаракесек – Сарым – Кәдір руынан шыққан Байболсын ақсақал 1925 жылы дүниеге келген. Заман ауқымына қарай балалық шағын жинап қойып, еңбекке араласады. Кейін Ұлы Отан соғысына қатысып, ерліктер көрсетеді. Бірнеше ордендермен, медальдармен марапатталған. Шешендік сөзді, ақындық толғамдарды ерекше қадірлей білген. Көнениң көзінен қалған рухани мұраларды жадында сақтап, кейінгі жастарға жеткізушілердің бірі ретінде көзге түскен адам. Сарым елінен шыққан тұлғалы азаматтардың көптеген деректерін есіне сақтап, бертін келе жариялануына ықпал жасаған.

Акселеуұлы Тәжібай. 1917 жылғы 11 қаңтарда Қарағанды облысы Шет ауданының қазіргі Жұмыскер деп аталатын ауылында дүниеге келген. Руы Қаракесектің ішінде Қояншытағай. Кезінде әр түрлі жұмыстар жасап, еңбекке араласқан. Көпшілігінде ел қарттарының қасында жүріп, ескі әңгімелерді есіне сақтап отырған. Атап айтқанда, Жауғаш батыр жайлы аңыздар, Тоқтамысқа қатысты әңгіме, Аталық қалпеге байланысты аңыз-әңгімелерді жеткізушілердің бірі.

Танабайқызы Күләш. Күләш Шет ауданының Жұмыскер ауылында 1920 жылы екінші қыркүйекте дүниеге келген. Руы Қаракесектің ішінде Кәрсон. Әсіресе, халықтық дастандарды жаттап өскен адам болатын. Ол кісінің айтуында шешендік сөздермен қатар «Бодық батыр» дастаны, «Есей

батыр» дастаны және Сүйіндік бақсы, Күмісбек молла туралы аңыздар жазылып алынды.

Жұматайұлы Совет. Совет ақсақал Қарағанды облысының Шет өңірінде 1929 жылы өмірге келген. Руы – Қаракесек – Сарым – Қоңырбай. Жастайынан еңбекке араласқан. Төрт түлік малдың жай-жапсары мен қыры мен сырын қазақи қалыпта терең меңгерген адам. Ел ішінде жүріп, жастық шағынан бері естіген рухани дүниелерді жадына сақтай білген. Әсіресе, шешендердің сөздері мен ақын-жыраулар поэзиясын жан-жақты игере білген адам. Арқа өңірінен шыққан біраз танымалы тұлғалардың соңына қалдырған мұралары осы Совет қариядан жазылып алынған болатын.

Жәбдіков Сағымбай. 1919 жылы Қарқаралы өңіріндегі Бақты ауылында өмірге келген. Руы – Орта жүз – Қарауыл. Елде түрлі кәсіптермен айналысып, еңбек еткен ақсақал кейінгі ұрпаққа айтарлықтай рухани құндылықтарды жеткізді. Атап айтқанда, халықтың түрлі нақыл сөзері мен мақал-мәтелдерін, қанатты сөздерін, сондай-ақ ХІХ ғасырдың соңында өмір сүрген Кенжетайдың айтқан шешендік сөздерін біздің қолымызға осы кісі тигізді.

Омарбаева Мұғи. 1925 жылы Қарқаралы өңіріндегі Бақты ауылында дүниеге келген. Руы – Қырғыз. Жас кезінен үлкен аталарының қолында тәрбиеленген ол ескілікті әңгімелерді жиі естіп өседі. Сөйтіп, бала кезіндегі тыңдағандары бертінге дейін есінде сақталып, кейінгі күнге жеткен. Атап айтқанда, түрлі жоқтаулар, сыңсулар, төрт түлік малға байланысты айтылған жырлар, ел аузындағы бірқакпайлар, сонымен қатар, әрі шешен, әрі ақын болған Жолды деген жыршының мұраларын жеткізген адам.

Нұғыманұлы Көшен. Көшен ақсақал Бұқар жырау өлкесіндегі Сәтпаев өңіріне қарасты Алабас ауылында 1925 жылы дүниеге келген. Руы – Қаржас. Бала кезінде ескіше де, жаңаша да сауатын ашқан ол ел құрметіне бөленген қариялардың әңгімелерін көп естіп өседі. Солардың басым бөлігін жадында сақтап, кейінгі жастарға үлгі-насихат ретінде айтып отыратын болған. Шорманның Мұсасы, Шоң, Торайғыр жайындағы аңыз-әңгімелерді жетік білетін қария бізге көптеген рухани құндылықтарды баяндады.

Жұмашұлы Бейсембек. Базарекең-Бабас руынан шыққан Бейсембек ақсақал 1918 жылы өмірге келген. Бұқар жырау ауданына қарасты Керней ауылын мекен еткен. Жер-су атауларына байланысты, сонымен қатар, жер дауына байланысты аңыз-әңгімелер мен шешендік сөздерді көп білетін қария болатын. Мүмкіндігінше ақсақалдан сол өлкеге байланысты мұраларды қағазға түсіріп алдық.

Ізтілеуұлы Балабай. 1922 жылы Қарағанды облысының Жаңаарқа өлкесінде өмірге келген. Шыққан тегі Қуандық – Қарпық – Тоқа. Ұстаздық жұмыспен айналысып, жастарға тарих пәнінен білім берген. Жаңаарқадағы №1 қазақ орта мектебінде мұғалім болып еңбек еткен. Ұлттық құндылықтарды әрі есіне сақтап, әрі қағазға түсіріп отырған қария ел ішіне тараған баталардың бірнеше нұсқаларын, сонымен қатар, Байғозы батырға, Шоң Телғозыұлына қатысты дерек мәліметтерді жинастырып берді.

Сапиянова Манар. 1953 жылы өмірге келген. Руы – Барқы. Тұрғылықты жері Қарағанды облысы Шет ауданына қарасты Батық ауылы. Қариялардан естіген әңгімелерін арнайы бір дәптерге жазып, жинастырып отырған. Жинаған мұралары шешендік сөздер, ақындық өлеңдер, дастандар, тарихи оқиғаларға байланысты деректер. Біз Бапан би және Нау шешен туралы материалдарды осы кісіден алдық.

Қалиева Бибіжар. Қарқаралы өңіріндегі Бесоба ауылында дүниеге келген. Туған жылы 1919. Руы – Тобықты. Зейнеткерлікте жүрген кезінде осы өңірге қатысты аңыздар мен ертегілерді, әңгіме-өлеңдерді хатқа түсірдік.

Тайжанов Балташ. Қарқаралы өңіріндегі Бесоба ауылында 1935 жылы дүниеге келген. Руы – Арғын – Алтай. Ел аузынан жинастырған материалдары тек қана Арқа өңіріне қатысты емес, оңтүстік және шығыс өлкелеріне де байланысты дүниелер баршылық. Материалдарының басым бөлігі шешендік сөздерге арналған. Біршама ақындардың толғаулары да кездеседі. Арасында баспа бетінде жарық көрген дүниелер де баршылық. Дегенмен, тың мұралардың да бар екендігіне көзіміз жеткендіктен біраз жазбаларын қағазға түсіріп алдық.

Қожахметқызы Серік. Бұл кісі 1928 жылы Жаңаарқа өлкесінде дүниеге келген. Руы Қуандық ішінде Алысай. Кезінде кітапханашы болып қызмет жасағандықтан көптеген ел қарияларымен тығыз байланыста болған. Нәтижесінде, айтарлықтай көлемдегі халықтық мұраларды жинастыра білген. Олардың арасында ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, насихатты-ғибратты сөздер баршылық. Мәселен, «Сықырлы белдік» деген ертегісі бұрын-соңды баспа бетін көрмеген. Осы тәрізді жұмбақтар мен жаңылтпаштар да жетерлік.



Buketov University



A decorative border with intricate black and white floral and scrollwork patterns, framing the central text. The border is symmetrical and features various motifs like leaves, scrolls, and dotted lines.

Төртінші бөлім

Сыр
сандық



Ақжолтай Ағыбай батыр

Атақты ер Ағыбай Шұбыртпалы,
Белгілі сарбаздарын шұбартқаны.
Ағыбай, Қошқарбай мен ер Бұхарбай,
Бұларды соңына ерткен Кенеханы.

Мал үшін бұлар ерлік құрған емес,
Салғаны жанды ортаға елдің қамы.
Солардың біреуінен сөз бастаймын,
Әлеумет құлақ салса бұған тағы.

Жау шабу мирас қалған Абылайдан,
Бұл әдет Кенесары, Наурызбайдан.
Кененің жауға шапқан бас батыры,
Бастайын аз әңгіме Ағыбайдан.

Батыры Кенекеннің өңшең саңлақ,
Өр елден жүйрік атты алған таңдап.
Арқаның алпыс тарау бойын өрлеп,
Жақсы атпен жігіттері жүрді алшандап.

Дұшпанға анталаған ұстатпады,
Кенекен талай шапты, бір шаппады.
Аруақты Кенесары, Наурызбайға,
Жортқанда, қарсы келіп жан батпады.

Ағыбай аға батыр үлкен, жасы,
Жөн айтар Кенекеннің замандасы.
Қай жерде жақсы ат болса жый деп еді,
Барады бастан асып жау айласы.

Жігітін жаман атқа мінгізбеген,
Кенекен алты алаштан ат іздеген.
Аттанып бір жорыққа Ағыбайы,
Ат іздеп жасақ үшін күн-түн кезген.

Сұйық жал, қашыр мойын, күміс құйрық,
Кең танау, омыраулы, тіп-тік иық.

Бір ел бар деп естиді күншығыста,
Жылқысы аса сұлу, мінсіз жүйрік.

Бір адам Ағыбайға мақтайды көп,
«Жорғасы судай желіп, шаппайды» - деп.
Біреу емес, мақтады бірқатар жан,
«Биесі жабы тұқым таппайды» - деп.

Ағыбай ыңғайланды «Барайын» - деп, -
«Сол елді болса да алыс табайын» - деп.
Аттанып сәуірік пенен байтал әкеп,
«Жүйріктен өсім-тұқым алайын» - деп.

Ағыбай бұл сапарға ыңғайланды,
Қасына жеті жолдас ертіп алды.
Жүйріктен өсім-тұқым алайын деп,
Бет қойып күншығысқа кете барды.

Сол кезде жер ортасы келген жасқа,
Жан-жаққа сапар жүрген бұдан басқа.
Аз жүрді, көп жүрді ме белгісі жоқ,
Келіпті Қызылқайнар, Тектұрмасқа.

Тектұрмас самал, салқын бұлағы бар,
Атарлық арқар, бөкен, құланы бар.
Жолаушы, жолшы керуен қонатқан,
Түбінде Қызылқайнар бұлағы бар.

Жігіттер, тыңдасаңыз, мінеки кеп,
Келетін бұл бұлаққа жолшы да көп.
Келіп кетер адамы көп болған соң,
Қойыпты Қызылқайнар, Тектұрмас деп.

Келеді ер Ағыбай ерге салып,
Қорықсын адамзаттан бұлар нағып.
Ұмтыла түн ішінде жүрді бұлар,
Қарауылды аламыз деп ерте барып.

Астында бусандырып мінген атын,
Тастамай батырлықтың салтанатын.
Ат қаңтарып суытып жата кетті,
Келіп Қызылқайнарға таңға жақын.

Оянды таң атқан соң көзін ашып,

Жатсын ба жамандарша ұйқы басып.
Басына қарауылдың Таңбай шықты,
Өзгесі ыстық қылды, бақыр асып.

Жолдастар ыстық қылды асып бақыр,
Отырды от басында өзге батыр.
Ер Таңбай қарауылға қарап тұрса,
Елсізден бір атты адам келе жатыр.

Аттыны келе жатқан Таңбай көрді,
Таңырқап «Не қылған жан мынау» деді.
«Елсізден бір атты адам келеді» деп,
Ойдағы Ағыбайға хабар берді.

Батыр айтты: «Келе ме бері таман,
Кетті ме жын көрініп әлде саған?
Елсізде жапа-жалғыз келе жатқан,
Япыр-ай, оның өзі неткен адам?»

«Осы жер ел жоқ, күн жоқ жапан дала,
Тектұрмас сан біздейге болған пана.
Бет бұрмай осы араға келе ме екен?
Шықтағы қарауылға қайта қара».

Ер Таңбай қарауылға қайта барды,
Жалғызға келе жатқан көзін салды.
Келді де Ағыбайға хабар айтты,
«Осы жерге түп-тура келіп қалды».

Келді деп осы жерге хабар айтты,
Бұларды неткен жан деп таңырқатты.
Қолында ырғай шоқпар, сойылы бар,
Кезеңнен шыға келді ақсұр атты.

Айтқанша, ақсұр атпен шыға келді,
Өрімдей жап-жас жігіт бұлар көрді.
Жіңішке, ұзын бойлы, тіп-тік сида,
Отырған батырларға сәлем берді.

Иіліп сәлем берді бұларға кеп,
Тұлғасын Ағыбай да ұнатты бек.
Қасына келіп, танығандай амандасты:
«Есенсіз бе, ер Ағыбай ағеке» - деп.

Сөйлесе, сөйлер сөзге сондай епті,
Айтқан жоқ мұнан басқа бір сөз тіпті.
Түсіп атын басына іле тастап,
Жеңін жастық қылды да жата кетті.

Етегін төсек қылып қалды ұйықтап,
Именіп бұлар қорқып қалды тоқтап.
Қорқады бір кісіден сегіз батыр,
Ерлігін елден арнап шыққан баптап.

Ағыбай ойлап отыр әрбір ойды,
Жіңішке бала жігіт сида бойлы.
Өздері асқан етін жеді дағы,
Тағы да оған дәмді істеп қойды.

Ұйқысы түрегелді әбден қанып,
Бұлақтан дәрет алды түзге барып.
Бір ауыз жөн сұраған жауабы жоқ,
Алдына асқан дәмін берді салып.

Отырып дәмін ішті асып-саспай,
Бұрылып, басқа жаққа қадам баспай.
Бұларға қарамады мойнын бұрып,
Батырлар бір сөз айтпай қалды отырып.

Бір ауыз тым болмаса қош деместен,
Әлгі келген жағына кетті жүріп.

Ағыбай айтты: «Мынау не қылған жан,
Мен мұның мінезіне қаламын таң.
Мынаның жайын білмей үйге барсам,
Өлімнен артық маған үлкен арман».

Атына бұ да мінді барайын деп,
Мұндайдың көріп едім талайын – деп.
Мынаның жайын білмей бос қайтқанша,
Қасына еріп өліп қалайын, – деп.

Атына мінді Ағыбай қайрат етіп,
Қарамай әлгі жігіт қалған кетіп.
Аяңдап кетіп бара жатыр екен,
Артынан қуа шауып келді жетіп.

Бұларға Ағыбайға жолықты кез,

Жан емес жолдас болған сыр мінездес.
«Жарайды, Ағыбай аға, қош келіпсіз!»
Деді де, жүріп кетті айтпай бір сөз.

Келеді екі батыр жан батпайды,
Қарасып бірін-бірі ұнатпайды.
Елсізде жолдас болған екі батыр,
Екеуі бір-біріне тіл қатпайды.

Астында қинамайды мінген атын,
Тастамас батырлықтың салтанатын.
Алдынан екеуінің жусап тұрған,
Бір құлан тұра қашты кешке жақын.

Құланды екі батыр қуып кетті,
Атына қамшы басып екпіндетті.
Ағыбай тозаңына ере алмады,
Ұзатпай жас батырың барып жетті.

Құланға құрық салды ағындатып,
Секіргенде қайырға қалды тартып.
Ауызомыртқа үзіліп салмағымен,
Жығылып қара жерде қалды жатып.

Бала айтты: «Ағыбайым, тез түсе қал,
Арам өліп кетпесін бауыздай сал.
Айнала қабырғадан іредағы,
Өзге етін керек қылмай, қазысын ал».

Қазысын алдыдағы жүре берді,
Кеш батып бір бұлаққа бұлар келді.
Атынан түстідағы әлгі бала,
Даладан етегімен тезек терді.

Ағыбай о да қарап тұрсын нағып,
Қам қылды дәм істерлік түрін танып.
Реттеп бағанағы тамақтарын,
Одағы бақыр асты шақпақ шағып.

Ыстығын істеп ішті күн батқанша,
Ат суып дәмін алды ел жатқанша.
Аттарын мықтап тұсап қоя беріп,
Екеуі қалды ұйықтап таң атқанша.

Таң атып тағы жүрді екі батыр,
Ешнәрсе ойламады болып қапыл.
Қамысы шытырмандай жөнсіз қалың,
Жағалап бір өзенді келе жатыр.

Барар жер мағлұм емес бұларға алыс,
Толқиды сумен бірге қалың қамыс.
Жағалап сол өзенді келе жатса,
Ақырып түрегелді бір жолбарыс.

Ағыбай сескенді де шошып қалып,
Айнымай әлгі бала тұра қалып.
Бшқынып қарсы келіп шапшығанда,
Шоқпармен сыңар қолдан қалды салып.

Шоқпармен жолбарысты бірақ қақты,
Бір ұрғанда-ақ өлген иттей домалатты.
Екі көз екпінімен шығып кетіп,
Жығылып шекесінен жерді қапты.

Сескенді ер Ағыбай мұны көріп,
Бұлар атынан түскенше қалған өліп.
«Айнала қабырғадан іредағы,
Ал, - деді, - бауыр жүнін екі бөліп».

Ағыбай айтқанының қылды бәрін,
Білмейді онан басқа не қыларын.
Баланың қайратына жан пар келмес,
Батырдың қорқып көңлі болды жарым.

Үкімі бұл баланың сондай қатты,
Жолдас боп оншақты күн дәмін татты.
Екеуі кешке шейін жүрдідағы,
Кеш батып, бір бұлаққа тағы жатты.

Ағыбай ұнатпайды бала түрін,
Шыбықтай бала жігіт көзге көрім.
Бұл күні күндегідей көп жатқан жоқ,
Ертерек жүріп кетті таңнан бұрын.

Әңгіме, бұларда жоқ ойын-күлкі,
Бұл түнде ұйықтаған жоқ тыныш ұйқы.
Жағалап бір өзенді келе жатса,
Кездесті қарсы алдынан қалың жылқы.

Жолдасы қасындағы жері де жат,
Жас бала жаннан асқан асыл болат.
Жылқының бір ретті ортасында,
Жайылған жүзден артық шабдар қасқа ат.

Бала айтады: «Немене көрген күнім,
Болмаған сабаз едім ешбір мінім.
Жануар өңшең бірдей шалқасқалар,
Менікі болатұғын бар ма күнің».

Ағыбай келе жатыр не біледі,
Атына қамшы басып тебінеді.
Ақты боз елең-алаң болған шақта,
Алдынан бір қалың ел көрінеді.

Ағыбай түстім дейді қандай жолға,
«Тәңірім-ай сапарымды өзің онда».
Арасы екеуінің бір шақырым,
Көрінді елден оқшау екі орда.

Ертерек бұл елді де көрді батыр,
Уайым ойламайды болып ғапыл.
Күрсініп ақсұр атқа қамшы басып,
Бет қойып төменгі үйге келе жатыр.

Ағыбай келе жатыр қасын жанап,
Ергені бала жігіт жаңа талап.
Ішінен ақ орданың шықтыдағы,
Бір әйел тура жүрді қарсы қарап.

Алдынан әйел келді жылап-еңіреп,
«Бейшара-ау, жалғыздықтан тарттың бейнет.
Өзіме енді көрінсе өлтірем», - деп,
Қайрайды қатты тісін әлгі жендет.

«Бейшара мұнда келіп не көресің,
Жеткені ажалыңның енді өлесің.
Жалғызым, ақыретте табысалық,
Жалғаннан сапар шегіп жөнелесің».

Бұл қатын бүй деп зарлап қалды тұрып,
Бала оған қарамайды мойнын бұрып.
Қатынның айтқан сөзін есіне алмай,

Жоғарғы ақ ордаға кетті жүріп.

Атынан түсе қалды анадай кеп,
Кернеп тұр байқағанға ашуы кеп.
Батырға осы арада бір сөз айтты:
«Бар болса бер, Ағыбай, қанжарын» - деп.

«Осы жерде тілектес боп сіз тұрыңыз,
Кешікпей аман болсам, шығармын тез.
Егер де үйден шықпай өліп кетсем,
Бас сақтар ақсұр атпен қам қылыңыз».

Соны айтып әлгі бала қалды кетіп,
Ойлайды қалды екен деп әлде нетіп.
Үйге бала кіргенде қатты қорқып,
Тер ақты Ағыбайдан дір-дір етіп.

Сөйтті де ол да ойлайды болып қашпақ,
Шошыған соң жүректі қайтып баспақ.
Сиынып тәуекелге тұрды дағы,
Баланы кетемін деп қайтып тастап.

Тұрғаны жанды қысып осы жолға,
Ең әрісі өлермін, - деп, түссем қолға.
Бала үйге кірген соң көп кешікпей,
Шықырлап шыр айналды әлгі ақ орда.

Ағыбай әр сапарда болған жолы,
Тұрғаны сабырлық қып қайрат молы.
Аздан соң үйден бала шыға келді,
Қан болып қанжары мен екі қолы.

Бала айтты: «Отырмысың, Ағыбайым,
Менің көп айтылмаған сөзге жайым.
Жанға қас дұшпанымнан құтқарды Алла,
Отырмай, атыңа мін Ақжолтайым».

Атақа мініп төменгі үйге келді,
Алдынан қатын зар еңіреді.
Бейшара зар еңіреп, жылап тұрып,
«Залымның халі-жайы қалай?» - дейді.

«Сұм залым жұртты жеңген баяғыда,
Шіріткен жан біткенді таяғына.

Ақжолтай Ағыбаймен жолдас болып,
Түсірдім ішек-қарнын аяғына».

Бұл бала мұны айтады гүл-гүл жайнап,
Жұрт жылап қуанып жүр я құдайлап.
«Төсек сал жолы құтты батырыма,
Астын жұмсақ, жастығын жақсы жайлап».

Қуанып байғұс қатын төсек салды,
Біреуден біреу естіп хабар алды.
Жұрт шулап абыр-сабыр қуанып жүр,
Төсекте ер Ағыбай ұйықтап қалды.

Ұйқы ұйықтап тұрды батыр кешке таман,
Қуанған көрсе халық жақсы-жаман.
Аллаға шүкіршілік деп қуанып жүр,
Дұшпаннан құтылған соң есен-аман.

Бұл елге рақым етті бір құдайым,
Көп айтып қуанышын не қылайын.
Ас ішіп әңгімеге айналған соң,
Сұрады енді Ағыбай бала жайын.

Бала айтты: «Ей, батырым, қара маған,
Жаман көп ешнәрсеге жарамаған.
Жөн айтпай дәл он бес күн жолдас болдым,
Айтайын мен жөнімді енді саған.

Тындасаң, менің жайым бір үлкен кеп,
Кебімді мен отырмын қозғайын деп.
Бай екен менің әкем өзі жалғыз,
Дәулеті көп, мейлінше перзенті жоқ.

Әкемнің жалғыз болған ғазіз басы,
Ағады бала десе көзден жасы.
Өзінде бала да жоқ, бауыр да жоқ,
Бар екен бір туысқан қарындасы.

Бұл адам дәулеті мол, болған мықты,
Көрмеген туып қорлық жаннан тіпті.
Жаралған жат жұрттыққа қарындасын,
Бір елге жасы жетіп ұзатыпты.

Әкеме жалғыздықтың сазы батты,

Қайғыртып бас кемдігі жабырқатты.
Әкемнің әлгі ұзатқан қарындасы,
Жүкті боп барған жерде бір ұл тапты.

Әкемнің дәулеті мол, көңілі сынық,
Қайғарғын бас кемдіктен болып мұңлық.
Балада қыздан туған қиық жоқ деп,
Жиенін алды асырып бала қылып.

Әкемнің жиен жүрді баласы боп,
Алып жүрек арыстандай қуатты бек.
Жүкті боп өз шешем де мені тапты,
Жиеннің жолы құтты, ақжолтай боп.

Ешкімге тигізбейді жиен өзін,
Малы көп жасырғандай жердің жүзін.
Көп малдан сыймай жатқан айдап беріп,
Жиенге әперіпті бір бай қызын.

Көп қылып енші берді және тағы,
Қондырып бөлек ауыл қойған шағы.
Бар шығар ең кем болса екі мыңдай,
Көп жылқы сонікі еді бағанағы.

Бұл жиен мықты болды ер арыстан,
Жері жоқ кейін қалған еш жарыстан.
Қызы сұлу, орыны онан да артық,
Маған да қыз әперді бір алыстан.

Әкеміз сонан кейін дүние салды,
Қисапсыз мал артында екі ұл қалды.
Қанша мал садақа қып ат шаптырып,
Қондырдық құтты орнына байғұс шалды.

Адамға не істетпейді дәулет, молдық,
Ойым жоқ көрем деген жаннан зорлық.
Мен кенже жиен үлкен ағам болып,
Сонымен біразырақ дәурен сүрдік.

Жиеннің діні қатты қара тастан,
Адамға қайыры жоқ бала жастан.
Бетіне ешбір адам қарамайтын,
Мейлінше батыр болды жаннан асқан.

Бұл жиен батыр болды қайраты артып,
Екпіні соққан желдей көкті шарпып.
Қанағат өз малына бірде қылмай,
Менің кеп бар малымды алды тартып.

Жиеннен мен осындай көрдім қорлық,
Қайратын жаратар ма тәңірім мол ғып.
Қолымды өз малыма бір батырмай,
Есіктегі иттен жаман көрдім қорлық.

Осындай күйге түстім, сорым қалың,
Болмады бір басымда ықтиярым.
Еш адам бұл теріс деп сөз айтапйды,
Себебі жеңіп алған жанның бәрін.

Қараңыз сұм жиеннің ақылына,
Қайырымсыз, қатал іске батылына.
Қоймайды малды алғанмен қара басқыр,
Қызықты менің тағы қатыныма.

Сөйтті де қатыныма қолын салды,
Көнбесе аласұрып ашуланды.
Қойнымнан жатқан жерде сүйретіп ап,
Еріксіз үйіне апарып жатып алды.

Мен түстім осындайлық үлкен кепке,
Жазылмас душарластым қайғы дертке.
Байына көңілі алаңдай береді деп,
Мені де ниет қыпты өлтірмекке.

Қатыным бұл ойынан хабар берген,
Пытнә ит қайраты мол жұртты жеңген.
Шыбын жан мал мен жардан тәтті болып,
Бір түнде ақсұр атпен қаштым елден.

Бір түнде ақсұр атпен кеттім қашып,
Қолға түссем өлем деп жаман сасып.
Жол жүріп бірнеше күн тыным алмай,
Жапанда жата кеттім ұйқы басып.

Жапанға жата кеттім қашып барып,
Алладан мәдет сұрап, жылап, налып.
Тыным алып аз ұйықтап кеткен екем,
Түсімде жетіп келді әкем ғаріп.

Түсімде жетіп келді әкем фақыр,
«Ей, балам, бұл жерде ұйықтап болма ғапыл.
Жананда жеті жігіт жолдасы бар,
Ағыбай Тектұрмаста келіп жатыр.

Жүр балам осы араның жолыменен,
Олар да жүріп келді түніменен.
Ақжолтай жолы құтты батыр еді,
Жолдас бол, тез бар балам оныменен.

Ағыбай душарласса болып несіп,
Екеуің жолдас болсаң желдей есіп.
Қанжарын екі жүзді қару қылсаң,
Аласың дұшпаныңның басын кесіп».

Қуанып сол түсімнен тұракелдім,
Шын көрсет пазылыңды о тәңірім.
Әкемнің түсіндегі сөзін сынап,
Ертерек жетейін деп атқа міндім.
Әкемнің түсімдегі сөзі шын боп,
Отырған бұлақтағы сізді көрдім.

Қуанып, құдай тілек берер дедім,
Айтқаны әкем фақыр келер дедім.
Сырымды бұған айтып ұқтырмайын,
Артымнан батыр болса ерер дедім.

Мен сізден қанжарды алдым жаннан кешіп,
Барсам, жатыр ұйықтап көңілі өсіп.
Қанжарды қақ жүректен салдымдағы,
Сілтедім төмен қарай қарнына есіп.
Қарнын қаққа бөлді де қанжар жарды,
Шошынып ұйқысынан сонда оянды.
Шошынып, қару іздеп қарбаң қағып,
Менің кеп білегімнен ұстай алды.

Ұстап алып лақтыруға ыңғайланды,
Ұстадым керегеден қорғап жанды.
Қолымнан жұлқылай келіп тартқан шақта,
Теңселіп ақ орда үй шыр айналды.

Орнынан тұрайын деп ұмтылғанда,
Ішек-қарны аяғына түсе қалды.

Ұстаған білегімнен қолы босап,
Сылқ түсіп өлермен боп кете барды.

Ей, батарым, осындай менің жайым,
Құтқарды сұм залымнан бар құдайым.
Алдыңның толысынша мал айдап кет,
Бұл малды сенен аяп не қылайын.

Кәпірден жаман қорлық көргенім бек,
Зарынан жұрт қорыққан уайым жеп.
Көп жылқы бағанағы сол итгікі,
Бір жақта менің жылқым онан да көп.

Ақжолтай, Ағыбайым, сенің атың,
Жайылған жер жүзіңе салтанатың.
Ақ ордадан шығып келіп, зар еңіреген,
Көргенің бағанағы біздің қатын».

Сыр айтты бала бұған жайлап,
Ағыбай көп отырды артын ойлап.
Топтан тоғыз тұлпарды таңдап алды,
Жылқының не қылмақшы бәрін айдап.

Біреуі сол тоғыздың Ақауыз ат,
Порымы жануардың жылқыдан жат.
«Сауға!» деп ер Наурызбай сұрап алды,
Жүрісі, сүйегімен бәрі де ұнап.

Сол кезде бұл тұлпардың төрт-бес жасы,
Дәл бір кез қырым ет жоқ кесер басы.
Қақпан бел, қамыс құлақ белдемелі,
Ағаштың бәлігіндей қабырғасы.

Төрт елі қабырғасы ені жалпақ,
Шіреген шақпақ еті бұты талтақ.
Үстіне кісі мінсе қоразданып,
Қарайды жан-жағына жалтақ-жалтақ.

Шапқанда қанды көбік алдын жауып,
Қояды басын тартсаң шайқап-щайқап.
Сыртылдап шын қызғанда құйысқаны,
Лоқсымас жар, су келсе онан тайқап.
Шапқанда құс секілді көрінеді,
Алдынан оның қарап тұрсаң байқап.

Өзге аттан жүріп кетсе адымы алыс,
Қанаты қабырғада кере қарыс.
Екпіні пысқырғанда үй жыққандай,
Танауын десең болар бейне талыс.

Кез келген иесіне Ақауыз ат,
Арқада ер Наурызбай жүрді алшақтап.
Ежелгі ата-баба кегі үшін,
Жортатын Абылайлап, ұранын сап.

Жортқанда Ақауызды аңқылдатып,
Қолында ақ семсерін жарқылдатып.
Зәресін алған талай сұм дұшпанның,
Асықтай өшіккенде аспанға атып.

Ақауыз Наурызбайдың серігі еді,
Сауға қып ер Ағыбай беріп еді.
Астында Ақауыз жүрген шақта,
Ер Науан жеңілмейтін берік еді.

Ақауыз жау оғынан мерт болыпты,
Жанына ер Науанның шер толыпты.
Қапыда жаман атпен қолға түсіп,
Қырғыз ұстап, ер Науан сонда өліпті.

Бұл сөзді оқып ем жазған қаттан,
Тексерттім өзгерістеп табиғаттан.
Өтірік ертеқ сөзді өлең қылып,
Ақын көп бет алдына еткен мақтан.

Әлеумет бұл сөз анық ертегі емес,
Таралған үлкендерден осы кеңес.
Кездескен шежіреде ердің сөзін,
Құлағың естігенде қағады елес.

Тарқаттым Ағыбайдың мына тойын,
Шу қылған қызықпенен Шудың бойын.
Аманат жан ұяда тыныш тұрса,
Аудармақ баспа сөзге ендігі ойым.
Ағыбай сан ажалдан кеткен аман,
Ат қойған Ақжолтай деп барлық ғалам.
Жамиғат айтушыны айып етпе,
Осымен сөз аяғы бітті тамам.

Қалқаман - Мамыр

Өткен іс — ойға күңгірт, көзге танық,
Көрмесе де білгенге бәрі қанық.
Мың жеті жүз жиырма екінші жыл
Қазақтың Сыр бойында жүргені анық.

Әнет бабаң Арғынның ел ағасы,
Әрі би, әрі молла, ғұламасы.
Орта жүзге үлгі айтқан әділ екен,
Сол кезде тоқсан беске келген жасы.

Кішік деген — бабаңның өз атасы,
Мәмбетей ол Кішіктің бір ағасы.
Мәмбет сопы, Кішіктің шешесі бір,
Қатаған Тұрсын ханның ханышасы.

Біздің жетінші атамыз Әйтек деген
Бабаңның бір туысқан інісі екен.
Әйтектің бәйбішеден жалғызы Олжай,
Тоқалынан Байбөрі Қалқаманмен.

Бәкең деп атап кеткен Байбөріні,
Бұл сөзім ертеке емес, сөздің шыны.
Бір қыз үшін Қалқаман елден кеткен
Соның жайын айтайын тыңда, міне:

*Шаһкәрім Құдайбердіұлы
«Қалқаман-Мамыр» поэмасынан алынды.*

Алтын сақа

Сөз құдыреті – бісміллә.

Бісміллә деп сөз бастап, Өскенбайдың Құнанбайы жарық дүниеге келуі жайынан қолда бар аз-мұз деректерді ынтызар жұртшылық назарына моншақтай тізбелеп тарталық.

Жеті атадан көш тарсақ, арғы тек сыр шашады: Сары – Кішік (Көшек деп те атайды; тоқалдан) – Әйтек (тоқалдан) – Олжай (бәйбішеден) – Айдос – Ырғызбай – Өскенбай. Міне, «Абылай ханмен жолдас болған кісі» (Шәкәрім шежіресінен) – Ырғызбайдың ұлы, атақты Өскенбай би кіндігінен Құнанбай есімді перзент осылайша тек қуалап кеп туады.

Асылы, белгілі Абайтанушы Әбіш Жиреншиннің зерттеп-көрсетуінше, Өскенбай бидің бес әйелінен он шақты бала дүниеге келеді. Соның ішінде бәйбіше Зерден би Құттымұхамбет, Құнанбай, Тайбала ныспылы екі ұл, бір қыз сүйеді. Құнанбай Өскенбайдың өзінің жасы жиырма алтыға тақағанда туғанына қарағанда, үлкен баласы онан төрт-жеті жыл бұрынырақта жарық дүние есігін ашқанға ұқсайды.

Өскенбайдың Құнанбайы нақтылы қай жылы, қай айда, қай күні туған деген сауал қойып, архив қазынасын үңіле тексеріп, соған дәлді жауап іздейтін болсақ, қилы сыр шертетін айғақтарға тап келер едік. Мәселен, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов, Әрхам Кәкітайұлы, Ахат Шәкәрімұлы, Әбіш Жиреншин, тағы да басқа бертінге дейінгі Абайтанушылар өздерінің ғылыми-зерттеу еңбектерінде, естелік-эссе жазбаларында Құнанбай григориандық жыл санаты бойынша, 1804 жылы туған деп айнымастан көрсетіп отырады. Әлде, әубаста тиянақтап ескерілмегендіктен бе, болмаса көнекөздердің көзі тірісінде тыңғылықтап зерттеліп жазылып алынып қалмағандықтан ба, қай айда, қай күні деген мәселе тас қараңғы жабулы күйінде қалған да қойған. Ал Мәскеудің Орталық мемлекеттік әскери-тарих архиві қоймасында сақталған, 1859 жылғы желтоқсанның 24-інде толтырылған: «Формулярный список о службе Кучук-тобыктинской волости хорунжего Кунанбая Ускенбаева» - деп аталатын істе Құнанбай 49 жаста деп көрсетіліпті. (МОМЭТА. 400-қор, 50-тізбе, 4-бөлімше). Сонда, бұл дерекке сүйенер болсақ, Өскенбайдың Құнанбайы 1810 жылы дүниеге келген болып шығады.

Омбының облыстық мемлекеттік архивінен табылған және бір істе Батыс-Сібір генерал-губернаторы Г.Х.Гасфортқа мәлімдеме жолдағанда тергеуші Гусев аға сұлтан Құнанбай туралы былайша мағлұмат келтіріпті: «аға сұлтан Кішік (Күшік емес – Б.С.) Тобықты болысында жарты ғасыр ғұмыр кешті, осында кері қайтты, көп жыл ауыл старшинасы, болыстың управителі болған» (ООМА. 3-қор, 3-тізбе, 3650-іс, 485, 530-531-парақтар, сыртымен). Енді 1852 жылғы қыркүйек айында хатқа түскен осы айғаққа шүбәсіз сеніммен қарасақ, Құнанбай 1802 жылы туған ба деп тұспалдап қалуға да әбден болады.

Қалай бұра тартып жорамалдаған күнде де бұдан былайғыда тек бір тарихи ақиқатты ғана басы ашық деп мойындағанмыз жөн. Ол – Өскенбайдың Құнанбайының 1804 жылы туғандығы.

Құнанбай қажы ұрпақтары бірден-бірге айтумен жеткізіп, Ахат Шәкәрімұлы жазып қалдырған дерекнамаға сүйенсек, жасы он сегізден енді ғана асқан Зере ана (азан шақырып қойған есімі – Тоқбала. Найман ішінде Матайдың Қойгел табынан. Әкесінің аты – Бектемір. Бірге туған бауыры – Жанәлі. Мұрнына зересырға тағып жүргендіктен көз тимесін деп Зере атап кеткен) аяғы ауыр тартып, ай-күні толар мезгілде таңғажайып бір түс көреді. Түрлі-түсті суреттер алмасқан түсінде ері Өскенбай алтын сақаны иіріп отырған көрініс айрықша жадында жатталып, жас ана түсін жақсылаққа жориды. Мұны естіген үлкенді-кішілер де «Өскенбай иірген алтын сақаны» аймаңдай ер бала дүниеге келеді екен деп долбарласады.

Айтса айтқандай, сәт сағаты туып, дене бітімі өте кесек, сүйегі іріліктің барша нышанын танытып, қол-аяғы балғадай перзент дүниеге шыр етіп келеді. Ежелгі ел дәстүрі бойынша, үш күндік мерзім ішінде нәрестеге ат қойып, құлағына үш рет үшкіргенде сыйлы ауыл қариясы немесе шежіреші дана адам нені мақсат-мұрат тұтынып, нендей жайға ырымдағаны белгісіз, әйтеуір сәбиді «Құнанбай» деп ныспылдапты.

Әлде атам қазақ мал атаулыға қатыстырып айтатын «құнан» сөзін кең мағынасында, адами тіршілікке бейімдей алып, бай, барлық біткен атаулының Құнаны болсын деген ойға меңзеді ме екен? Болмаса, Ырғызбай – Ырғыз, Торғай – Торғай, Кеңгірбай – Кеңгір өзендері бойында туғанына сай ат қойылуына лайықтап, аласапыранда ауған бабалар көші – «Қу», «Ақтайлақ», «Құнан» өзендері бойына да қонғанын еске түсіріп, «Құнанбай» деп есімдік ескерткіш қалдырғанды мақұл тапты ма, кім білсін?! Қалай тарата түсіндірген күнде де анықтап білерміз, тұжырым түйеріміз – Құнанбай есімі Өскенбай ұлына ешбір тарихи себеп-салдарсыз, тектен-тек қойыла салмағандығы...

Ерекше бітіммен, келбет-кескінімен туған баласы Құнанбайды Зере ана дәретсіз емізбеген. Бөбегін қалайша бағып-қағып, мәпелеп өсіргенін кейінде Зере әже былай деп еске алып отырады екен: «Мен Құнашты бір күн дәретсіз емізіп көргем жоқ және омырауымды тазалап жумай, «Бісміллә» деп айтпай емізген мезгілім жоқ!».

Өскенбайдың Құнанбайының балалық шағы, өсу-есею кезеңі туралы мынадай бірлі-жарым деректер сақталып жетіпті. Ұлы атасын еске оралтып, Шәкәрім қажы жазады: «... Қажы марқұм бұл елдің надан кезінде туып, шала хат танып қалса да, әкесі Өскенбай биге әр жақтан келген хаттарды онашаға алып барып бірін-біріне салыстарып, өзіне-өзі оқып, түркі кітапты оқитұғын болыпты. Және ноғай моллаларды сақтап, елсізге үй салғызып, қазақтың балаларын жиып алып, молла менен балаларды сонда сақтап оқытып, бұл жақтағы қазаққа оқу оқытып, хат танытқан сол қажы марқұм еді. Осы күнгі біздің көз оқырымыз – «Ескітам» жеген жер – сол бала оқытқан тамның орны еді».

Бұл айтылған ойды жаңадан жаңғырта түсіп, Ахат Шәкәрімұлы естелік жазбаларында былайша толықтырады: «Құнанбайдың денесі өте сымбатты, толық, бойы зор, жүзі нұрлы, ботакөз, маңдайлы, қыр мұрын, сұлу болған. Балғын, зор денесі балуандыққа, өткір көзі ерлікке, басы ақылдыққа біткен. Әкесі молдадан оқытып, Құнанбай шала хат танып қалса да, әкесі Өскенбайға келген хаттарды бірімен-бірін салыстырып, өз талабымен хатты толық танып, түрікше жазылған кітаптарды еркін оқи алатын болған».

Зерек, алғыр, өте ұғымтал, сонымен қатар қатал, пысық, еті тірі Құнаш өзіндік қасиеттерімен көзге түсіп өседі. Оның мінез-болмысы, әдет-машығы ерекше таныла бастаған кезеңі он жастан асқан шақ болған.

Б.Сапаралы «Құнанбай қажы» кітабынан.



Күнделіктен үзінді 15-тамыз

Бұл жердің болысы, Кішік-Тобықтыкінен мүлде бөлек. Анда біреу өтірік айтса, Құнанбай бірдеңе десе болды, ашқан аузын жұма қояды. Біз тамақ ішкенде Құнанбайдан басқаның бәрі үйден шығып кетеді. Ал мұнда жас Шалғынбайдың ондай беделі жоқ. Керек пе, керек емес пе, ерінбегеннің бәрі киіз үйге сыймай кетеді. Олардың арасында жалт-жұлт еткен тибет шапандарын кигендері де көп. Кішіктерге, әсіресе, Аягөздегілерге қарағанда, мұнда дәулеттілер көбірек болса керек...

Мәмбетай мен Кішік-Тобықтылардың бір-біріне қырын қарайтындығы байқалады. Тіпті құран жолымен қонақ кәдесін көрсетуден де тартынды. Құнанбайға еріп келгендер от жағып, түнімен от басында қауқылдасып, әңгіме айтысып, ауылда түнеп шығыпты. Оларға бір жапырақ қой етін де бермеген. Қасындағыларын тамақтандыру үшін Құнанбай қой сатып алыпты. Олар тамақ жеп жатқанда, жергілікті адамдар олардың етті қалай жейтіндерін көруге келіпті. «Бір жапырақ етті сендерден аяр ма екенбіз, аямас па екенбіз, бізге келіп, өз көздеріңмен көріндер», - деп Құнанбай жігіттері олардың әдепсіздіктерін беттеріне басып боқтайды...

Құнанбай сөйлеу үшін жаратылған машина ғана емес, ол тек бұрамағанда ғана тоқтайтын сағат дерсің. Төсектен тұрысымен-ақ, сөйлей бастайды, содан көзі ұйқыға кеткенше толассыз сөйлеп береді. Қос қолын мықынына таянып, екі-үш сөзден кейін-ақ шарифаттан үзінді келтіріп, ол абызша сұңқылдап кетеді. Оның жадында сақтау қабілеті таң қаларлық, үкіметтің барлық указдары мен жарлықтарын кітаптан оқып отырған адамша жатқа айтады.

А.Янушкевич «Күнделіктер мен хаттарынан» үзінді.



Олжабай батыр

Халық ақыны хат жазуға қалам алған,
Ешкімнен өтпей тұрмас мына жалған.
Орта жүзде Сүйіндік ұранды ел,
Олжабай қатарында батыр болған.

Мәшһүр Жүсіп жазыпты кітабына,
Үшбу сөз тарих болып бізге қалған.
Сақау ақын белгілі асқан жырау,
Мазмұнын көріп тұрып өлең қылған.

Халықтың қатарласқан заманында,
Тағлым алып сөйлейтін менде сонан.

Өз Тәуке ақылдының даналары,
Үш жүздің бірге жүрген балалары.
Сыр бойын мекен етіп Арқа менен,
Өсіпті сондай болып саналары.

Сырдың суы деген шын нұрдың суы,
Қызығын көрген екен солардағы.
«Жері байдың елі бай» дегені рас,
Жайылған жер жаһанға аруағы.

Мекен ғып Ертіс, Алтай, Алатауға,
Құлын жүрмес оралып биебауға.
Билігі бұл үш жүздің сондай артық,
Бермеген ынтымақпен елін жауға.

Жетісу, Алматыны қатар жайлап,
Сыңсытып сары қымыз бие байлап.
Балдырған, бүлдірген мен жүзім, алма,
Түрлі ағаш бұтағында бұлбұл сайрап.

Ағаштың арасында қызғалдақтай,
Жарасып қыз, бозбала жатар ойнап.
Мал баққан шалдар көріп қоя ма деп,
Қарайды жігіт ғаріп бойлап-бойлап.

Ойнаған асыр салып құлын-тайлар,
Бір тайпа ел, ол Асының тауын жайлар.
Асыдан қараторлық шілік басып,
Шарыннан елі өтіп қайтып айдар.

Іленің ар жағында тауы шолақ,
Жеріне Қарашоқы болған қонақ.
Алтынемел, Түлкілі, Күреңбелмен,
Сарноқай, Шағын менен қайтқан орап.

Аралтөбе, Терісаққан, Көксу басып,
Қапалды Талдықорған жатқан қамап.
Малдысары, Кербұлақ, Қаратал мен,
Ешқандай ада болмас жерді санап.

Баласы Орта жүздің Сыр бойында,
Мал жұтар, жау шабар жоқ тіпті ойында.
Жаз жайлауы Арқа мен Баянауыл,
Жайқалған бетегенің май айында.

Сәні артық талай жерден Қарқаралың,
Көкшетау гүлі екен бозбаланың.
Кезеңнен аса соққан салқын самал,
Қызығын халық көрген ен даланың.

Көкшетау Көк кезеңін аса көшіп,
Көш тартқан арманы жоқ қыз баланың.
Есіл менен Ертістің арасында,
Семірген құр аттай боп құлын, тайын.

Қайдауыл аққан өзен жер анасы,
Айта берсем таусылмас тамашасы.
Орта жүзде Сүйіндік аты шыққан,
Ал енді ашылады сөз сарасы.

Айдабол он үш жаста би болыпты,
Алтау екен өзінде бар баласы.
Бәйбішеден Жанқозы, Малқозы деп,
Кішісі Кенжеқозы бір данасы.
Тайкелтір тоқалынан туған екен,
Бұлар да үшеу екен бір анасы.

Кенжесі Кенжеқозы жастай өлген,
Айтылар сөз жүйесі солай келген.
Үйсінде Қаратайдан ел болыпты,
Қызына Қаратайдың қалың берген.

Айдабол би болыпты сегіз қырлы,

Баласы өліп болыпты іші кірлі.
Тоқалдың баласына Тайкелтірге,
Әперем деп айтады осы қызды.

Туғанымның жесірін бермеймін деп,
Жанқозы осылайша намыс қылды.
Малқозының баласы Толыбайға,
Осыған әперем деп ниет бұрды.

Айдабол әкесі де қабылданып,
Саншалық қалың әскер қасына алып.
Үйсінде Қаратайға бармақ болды,
Бермесе қайтамын деп шауып алып.

Солайша Айдабол да жүріп кетті,
Батырлық ойлап келед бір ниетті.
Жасанып жау көргендей шоқтай жайнап,
Бір күні Қаратайға келіп жетті,
Сөйлесіп жесір жөнін күш көрсетті.

Қаратай сөз сөйлейді Айдаболға,
Айдабол бас болыпсың қалың қолға.
Басында құдай қосып құда болдық,
Ниетің бұзылыпты осы жолда.

Басында құда болдың киіт киіп,
Қалыпсың балаң өліп, сен күйініп.
Білсең де қастық, достық ниетімді,
Өзің кеп қайтсаң нетті қалым біліп.

Үш жүздің баласына батырсың ба,
Келіпсің қодырайып әскер жиып.
Тәуекел біреуіміз жеңісер-ек,
Кетеді жоқ нәрсеге жұрт бүлініп.

Ойыңнан жамандықты сіз шығарғын,
Бұрынғы уағдада өзім бармын.
Қайтарғын қолыңдағы көп жолдасты,
Бұрынғы жол-жобамен қызымды алғын.

Айдабол қабыл көрді бұл ниетті,
Құдаға көп рахмет құлдық етті.
Қасында азын-аулақ адам қалды,
Көп жолдасы еліне қайтып кетті.

Айдабол сол сапарда қыстап қалды,
Толыбай қызды құшақтап рақаттанды.

Есебике деп айтады қыздың атын,
Қыз болғанда қызықты сондай сәнді.
Болғанда шашы сүмбіл, тісі гауһар,
Көргенде балқытады шыбын жанды.

Толыбай қыстай жатып қызық көрді,
Мақтаулы Қаратай ер бұ да серді.
Елінен шанышқылы бір қыз әкеп,
Күндікке осыдағы жұмсап берді.
Бөктік деген қыз екен бұ да нұрлы,
Толыбайға некелеп тағы берді.
Жаз шығып, ел жадырап, қары кетіп,
Айдабол енді іздемек туған елді.

Ойлады Айдабол би жақсы талап,
Ат мінді жан басына еркін балап.
Екі қыз қыстай ойнап күйеуімен,
Болыпты қатарынан екі қабат.

Жаз шығып соныменен елге қайтты,
Қаратайға қанша етті зияфатты.
Арада бірнеше күн жүргенен соң,
Екі қыз қатарымен туа қапты.

Екеуі де ұл болды тапқанының,
Айдабол қуанады тіпті қатты.
Түзден пайда болды деп бұл балалар,
Біріне Олжабай деп қойды атты.

Қаратайдың қызынан Олжабайды,
Есебике шешесі де асыл затты.
Бөктіктің Шанышқылы ата заты,
Кем емес еш адамнан салтанаты.

Қоста жатып туды деп осы бала,
Қошөтер болад деген қолғанаты.
Айдабол немересін қолына алып,
Сондайлық түсіп тұрған ықыласы.

Баласын отырыпты алдына алып,

Қарады форымына көзін салып,
Жайнаған жай тасындай түбі бөлек,
Отырды Айдабол би түрін танып.

Бұл бала туған екен елге ырыс,
Бақытты ерге өтпейді жауда қылыш.
Қайырлы аман болса бұл шырағым,
Қап түбінде жатпайтын асыл құрыш.

Зұлым болса бұл бала елдің соры,
Арамдықпен байланар оның жолы.
Өзі білмес, білгеннің тілі алмас,
Ондайды деп айтамыз елдің қоры.
Жасықтың көп нәрсеге сәндігі жоқ,
Өлшеусіз деген екен білім жөні.

Балаға түсті сондай ықыласы,
Ұлғайды артықша боп бар тұлғасы.
Қақбақтай жауырынды, орта бойлы,
Шүдері, қайқы құлақ, қара қасы,

Сабырлы, кіші пейіл, жанға жайлы,
Қатардан асып туған мәртабасы.
Он төртке жасы келді сол уақытта,
Болуға ыңғайланды ел ағасы.

Сүйіндік Олжабайдың ата заты,
Жайылды жастайынан шаһараты.
Толыбайдың жастайынан мініп жүрген,
Бар екен Тайкүреңдей жүйрік аты.
Бәйгесін Орта жүздің алып жүрген,
Жақсы ат деген болады ер қанаты.

Толыбай Тайкүреңді жүрген бағып,
Бәйгені ерегескен келеді алып.
Бір түнде бұл Тайкүрең жауға түсті,
Толыбай қалған екен жабырқанып.

Баласы Олжабайды сынамаққа,
Отырды біреуіндей сөзге салып.
Қарағым, бұған қандай ақылың бар,
Қартайып әкең отыр жаяу қалып.
Жоқтаусыз жібергенің тұлпарыңды,
Іздеп шықсаң қайтеді батамды алып.

Бұл сөзді естіп тұрды Олжабай ер,
- Атажан, мақұл – деді – батаңды бер.
Ажалды үйде-түсте ешкім білмес,
Жалмайды жан иесін сұм қара жер.

Бақтыңа құдай берген перзентіңмін,
Талабым қалай екен бір сынап көр.
«Ер сырын би танымас елде» деген,
Бағы ашылмас жігіттің шықпаса тер.
«Жатқанға жан жуымас» деген сөз бар,
Толқын ұрмас дарияны соқпаса жел.

Әкесі бұл сөзіне ризаланып,
Ақ қошқар қойымызды айтып шалып.
Ағытты бата беріп көздің жасын,
Кісесін мойынына таға салып.

- Он сегіз мың ғаламда жаратушы,
Баламды жамандықтан жүргін қағып.
Қырық шілтен, он екі имам, ғайып ерен,
Адасса жар болыңыз қолдан алып.

Бұл күні сапар тартты бұл жас бала,
Қасында жолдасы жоқ жеке дара.
Бір атты іздеймін деп намыс үшін,
Болам ба әлде қалай мен бір нала?
Балам, қайда барсаң жолың болсын,
Айтамын сен келгенше аққа сана...

Он төртте Олжабайдың сонда жасы,
Құрбыдан артық туған мәртабасы.
Бір атын құлынкөк деп айтушы еді,
Ой желке, құлан жалды-келген машы.

Құлынкөк Олжабайдың арғымағы,
Басына бала жастан қонған бағы.
Қаламдай қия жойған екі құлақ,
Жалтырар екі көзі – жаққан шамы.

Қысқа бел, бауыры жазық, қабырғалы,
Түрілген еліктей боп оның таңы.
Қол еті қоржындай боп бөлек тұрған,
Орақ бас, жай тасындай түстің бәрі.

Бата алып атасынан кетті жүріп,
Сары ала қамшы менен садақ іліп.
Үстінде торлама көз сауыты бар,
Басына батыр жөні қалқан киіп.
«Тайкүреңді алған қырғыз батыр екен»,
Хабары құлағына барған тиіп.

Арада бірнеше күн сапар етіп,
Олжекең бір тоғайға келді жетіп.
Бұл жерге бүгін түнеп шығайын деп,
Солайша аттан түсті көңіл етіп.

Тоғайда атын ұстап жатып қалды,
Тынығып бір азырақ демін алды.
Жарым күн шамасында сол тоғайда,
Жалтырап бір-екі от тұтанды.

Олжекем бұл қалай деп отырғанда,
Жанған от барған сайын жақындады.
Қатерлі іс екен деп мұның өзі,
Қамшысын екі бүктеп қолына алды.

Басында от көрінген тым алыстан,
Бұл оттан пайда болды бір арыстан.
Жақын кеп жата қалды жер бауырлап,
Кез болған Олжабайға бұл бір дұшпан.

Оттай боп жалтыраған екі көзі,
Батырдың бір осындай келді кезі.
Біріне-бірі батпай түніменен,
Жатты ғой о да байқап өзін-өзі.

Арыстан таң атқан соң кетті жүріп,
Олжекем бұл қалай деп қалды тұрып.
Бар екен Олжекемнің жолбарысы,
Арыстан бата алмады соны біліп.

Таң атып, тамақ ішіп, мініп атын,
Амандыққа шүкірлік айтып батыр.
Ер Олжабай далада келе жатса,
Бір жалғыз үй тұр екен, келді жақын.

Ол үйден шыға келді кемпір ана,

Деп айтты: «Қайдан келдің?» - дейді бала,
Ел-жұртыңды жау шауып жалғыз қалып,
Деп айтты: «боп жүрсің бе жеке-дара?»

Батыр айтты: «Елім аман, көңілім жаман,
Осындай бір қасірет болды жанға.
Жесірлік бір атымды жауға алдырып,
Себеппен келіп тұрмын бұл араға».

Кемпір айтты: «Ей, балам, енді нандым,
Сырыңды ішіндегі сен шығардың.
Жау қолына қойғанша жайрандатып,
Бар болса жер жүзінде тауып алғын.

«Ат – адамның қанаты» деген сөз бар,
Тірі болса қолға алып пайдаланғын.
Жайнаған жай тасындай жас баласың,
Боларсың жұрт ағасы талайлардың».

Олжабай сөз сөйлейді лебіз ашып:
- Анажан, сыр сұрастық ұшырасып.
Адамсыз көпті көріп, көп жасаған,
Қарашы талығымды бір бал ашып...

Балаға көңіл түсіп кемпір ана,
Мақұл деп құмалақты қойды жайып.
Сөйлейді құмалақ та көргендігін,
- Туыпсың ай балам бақтың асып.

Бақтың зор, ал балам дұшпаның қор,
Етпеген екенсің ғой бұрында жол.
Бағана бір топ адам кетіп еді,
Дұшпаның байқап қалдым, екен ғой сол.

Оңында қырық бірдің қызыр сынды,
Бұл сапар, құдай білед, болады жол.
Мен дағы тілеулеспін жолың болсын,
Қайыр қош, я шырағым, қош аман бол!

Олжабай кемпірменен бақұлдасып,
Бұны естіп қайраты судай тасып.
Талас суын қыдырып Әулие-ата,
Келіпті Тоқпақ, Пісбек барын басып.

Атбасы тауын өрлеп, Ыстық көлмен,
Кебеңді Өтекеге келді асып.
Ауылына Өтекенің келіп тұрса,
Күрең ат байлаулы тұр құп жарасып.

Олжабай атты көріп іші қайнап,
Садағын қолына алды енді ыңғайлап.
Ауылға биғам жатқан салды бүлік,
Қолына алып жасыл туын «а құдайлап».

Қырғыздар бұл жұмыстан жаман сасып,
Бұларда шығып жатыр тобын сайлап.
«Мың қараға бір кесек» деген дейін,
Ақыры қырғыздарды шықты айдап.

Өтеке өз көзімен мұны көрді,
Тоқтатып қырғыздарды жауап берді:
- Мұнымен ұрыспаңдар тілімді алсаң,
Бұл өзі күшін сынап жалғыз келді.

Атын беріп жөніне қайтаралық,
Біздағы бүлдірмелік бекер елді.
Өтеке қорыққаннан Олжабайдан,
Құрметті сөзін айтып бұған енді.

Өтеке сөз сөйледі Олжабайға:
- Я, балам, кез боп қалдың осы жайға,
Талабың таудан үлкен, бақтың асқан.
Мен де жолдас болып ем бірталайға.

Татулыққа, шырағым, дүние көп,
Жауласпалық қырылып жалғыз тайға.
Достасып алысалық қолда барын,
Қоярлық уағданы бір құдайға.

Олжекем осы сөзге ризаланып,
Дос айтқан Өтекенің тілін алып.
Құрметтеп Олжабайды қанша қырғыз,
Батырдың ордасына түсті барып.

Достасып Өтеке мен ер Олжабай,
Жатыпты бірнеше күн демін алып.
Бір тоғыз Тайкөк атқа және қосты,
Еліне қайтты батыр олжаланып.

Әтеке әрі досы, әрі аға,
Беріпті тоғыз кісі жолдас жанға.
Кейінгі қолдан аман асып түсіп,
Барыпты аман-есен Тәшкен қала.

Қасында жолдасымен есендесіп,
Қайтарған қош айтысып сол арада.

Тәшкенде біраз күндей сайран етті,
Көрген жан Олжабайды қайран етті.
Олжабай сол бетімен төмен құлап,
Еліне Қарақалпақ келіп жетті.

Кез болып бір қария осы жерде,
Жөн сұрап Олжабайдан жауап күтті:

Руым Орта жүзде Сырда жатқан,
Сүйіндік елім аты емес мақтан.
Қырғызда Әтекемен жекжат едім,
Бұл сапар жолым солай келе жатқан.

Ол адам аз сөйлейді жауап беріп:
Я балам, сені тұрмын тәуір көріп.
Бір жұрты ер жігіттің қайын деген,
Бір атты қайтпаймысың бізге беріп?
Келдағы жыл айналып қызымды алғын,
Уағдам тап осылай болсын берік.

Олжабай оған айтты сөзіме бақ,
Қызыр қонған жігітке қонады бақ.
Бұл атты бере алмаймын бұл сапарда,
Осы ат болып еді бізге аманат.

Қиянат аманатқа ете алмаймын,
Бұл сапар сізге беріп кете алмаймын.
Аман болса кеп қалар тағы кезім,
Мәнісін сұрасаңыз біздің жайдың.

Олжабай осы сөзбен жүре берген,
Аман сау туып-өскен жерге келген.
Бөгенбай батыр кепті даңқын естіп,
Ерлігін Олжабайдың елі көрген.

Бөгенбай құтты болсын айта келді,
Жас бала аралапты талай жерді.
Үш жүзде Олжабайдан асар жан жоқ,
Бөгенбай осылайша баға берді.

Екі батыр дос болып құшақтасып,
Айбыны екі бағлан жұрттан асты.
Орта жүздің ұраны жұрт ұйыған,
Ерген жас екеуіне судай тасты.

Олжабай Бөгенбайға қатты салмақ,
Бар еді сол заманда Құба қалмақ.
Бір жылы сол қалмақпен соғыс болып,
Сарысудың өзеніне түскен аңдап.

Олжекем шалқасынан ұйықтап жатса,
Барады бір мезгілде бой шымырлап.
Олжабай шошыр ма екен жыланға деп,
Бөгенбай қарап тұрды мұны барлап.

Бір жылан үстін басып тіл шығарып,
Сол заман аузына болды бармақ.
Олжабай білді мұны хабарланып,
Енуге жылан басы енгенінде,
Тіспен қырқып тастады басын алып.

Бөгенбай мынау іске қайран қалды,
Қасында Жанатайға айтты барып.
Жанатай, саған сондай бір іс болса,
Қалайша құтылар ең амал тауып.

Жанатай сөз сөйледі Бөгенбайға,
Аруақ зор осы күні Олжабайда.
Ондайлық қатер іске кез боп қалсам,
Етпеспін қапелімде оған айла.

Тәуке хан Құба қалмақ алған жеңіп,
Бір-бірін қалмақ, қазақ тату көріп.
Тәукенің бір күндері жасы жетіп,
Қартайып кәрілікпен жатқан шөгіп.

Торғауыт қалмақ шығып сол заманда,
Қазақты күннен күнге кетті жеңіп.
Абылай, Әбілмәмбет заманында,

Қалмақтар жер шыбындай кетті өріп.

Қоңтайшы ол қалмақтың болған ханы,
Қазаққа сол уақытта тиді зары.
«Ақтабан шұбырынды» заманында,
Қазақтың жауда кетті көп мал-жаны.

Қоңтайшы бұл қазаққа зәрін шашып,
Қазақ елі туған жерден босып, қашып.
Сырдың бойын қуалап қалың қалмақ,
Түркістан, Ахмешітті қалған басып.

Қазақтың ол заманда батырлары,
Қабанбай, Бөгембай мен Олжабайы.
Сырымда Малайсары Жанатаймен,
Өмірлік жолдас болған Жасыбайы.

Дос болған ту ұстасып екі батыр,
Деп айтар Олжабай мен Бөгенбайды.

Бөгенбай ол уақытта асқан батыр,
Болыпты өз еліне алтын шатыр.
Соғысып бір жорықта Қоңтайшымен,
Қалмаққа салған екен заман ақыр.

Қоңтайшы жеңіп жүрген одан бұрын,
Қазақта қастығы бар, ниет қырын.
Қалмақтың ортасына қырғын салып,
Алыпты Қоңтайшының екі қызын.

Қыз атын деп айтады Лағба, Лаба,
Ұқсаған екі сұлу күн мен айға.
Таңдауға түскенінде екі қызды,
Бөгенбай былай деген Олжабайға:
Олжабай жасың кіші, ақылың дана,
Бұл күнде олжа болды бұл қыз бала.
Қайсысын көңілің қалар сіз алыңыз,
Олжа алғын қалауыңша бұл арада.

Олжабай Бөгенбайға ырзаланып,
Лағбаны алған екен түрін танып.
Лаба қыз Бөгенбайға жар болыпты,
Өмірді өткізіпті рақаттанып.

Солардан туған бала кейін күнде,
Жүріпті қалмақ деген атақ алып.

Бөгенбай ол баланы алғаннан соң,
Дүниеге Саққұлақ деп бір ұл келген.
Туыпты тағы бір ұл Саққұлақтан,
Бөгенбай Олжабай деп атақ берген.
Болыс деп Олжабайдай ел ұраны,
Солайша Олжабайды артық көрген.

Баласы Орта жүздің Арғын, Найман,
Тәукеге заманында бақыт қоған.
Үш жүздің балалары бір қоныс боп,
Барлығы Сырдың бойын мекен қылған.
Бас қосып Арғын, Найман бір қоныста,
Оржекем Орта жүзге ұран болған.
Сарысу, Арқа есігі – Арғын атты,
Айдабол төртуылды қоныс қылған.

Жайлауды Нұра суы еді мұның,
Сала мен Домбыралы бетегелім.
Моншақты құлан өтпес Шідерті өзен,
Сілеті, Қара-Сенгір, Шалқар белім.
Сапырып сары қымыз қаздай қалқып,
Шарықтап тамашамен жатқан елім.

Батырдың Малайсары жөні басқа,
Қайраты қайтпас салса да қара тасқа.
Өлген жерде өлелік деп,
Бір-бірін жау қолына тастамасқа.
Сол уақта Құба қалмақ Қалданшерін,
Қастасып қазақпенен мінген атқа.

Зорлығы Қалданшерін шектен асты,
Қырғындап қызық елін асып-тасты.
Бұл қалмаққа бір тыю салайын деп,
Абылай хан батырлармен ақылдасты.

Сол уақытта батырлары Абылайдың,
Уақта Баян батыр жауға айдын.
Балтакерей, Тұрсынбай, Бердіқожа,
Көкжарлы көкжал Барақ бәрі дайын.

Сырымда Малайсары ескі батыр,

Барлығы басше еткен Олжабайды.
Қаншалық көп ерлерін ертіп алып,
Абылай Қалдан ханға қанат жайды.

Бұларсыз жауға Абылай аттанбайды,
Олар жоқта көңілі шаттанбайды.
Еліне Қалданшерін келіп түсіп,
Бір жерден тауып алды жақсы жәйді.

Әскерін түсіріпті үшке бөліп,
Үш түрлі үшеуіне атақ беріп.
Айтады кезеуілші біріншісі,
Екінші тосқауылшы Тәуір көріп.

Үшінші айтады салықшы деп,
Олжабай жүреді екен соған еріп.

Келгенін Абылайдың Қалдан білді,
Ой ойлап соғысам деп неше түрлі.
Жасанып жан-жағының бәрін жиып,
Қазақпен қарсыласып бұлар тұрды.

Аттанып Абылайдың батырлары,
Екі жақ есебі жоқ қырылады.
Қазақты бұл өнермен алмаспыз деп,
Қалмақтар дарбазаның құлпын алды.
Кеш түсіп сол заманда уақыты болып,
Батырлар мекеніне қайта барды.

Қазақтың батырлары сондай мықты,
Ол күні қанша қалмақ қырылыпты.
Абылай сонда тұрып батырларға,
Бір түрлі іс еткін деп бұйырыпты:

Сөз тыңда деп айтады Малайсары,
Ел үшін құрбан деген ердің жаны.
Бердікожа, Көкжарлы Көкжал Барақ,
Қақпаны қиратындар қаптап бәрің.
Бұл істі қабыл көріп тамам батыр,
Ұмтылды, оқ жаудырды садақтардан.

Қалыпты Малайсары жараланып,
Белінен оқ тиіпті қаны ағып.
Олжабай Малайсары қалын көріп,

Отырды жолдасына қапаланып.
Сонымен өз қосына алып барып,
Қойыпты дәрі жағып, белін таңып.

Атына екі жақтан қамшы ұрып,
Бір қалмақ келді дағы жалғыз шауып:
- Олжабай қамал бұзған батыр деуші ед,
Қатындай қашып жүрсің мұнда нағып?

Қалмақтың сөзін естіп,
Олжабай атқа мінеді.
- Аруақ маған жар бол деп,
Пірінен мәдет тіледі.
Тайкөкті тайдай ойнатып,
Тор көз сауыт жайнатып.
Қолына алды ыңғайлап,
Алтынды садақ жебені.
Артық туған Олжабай,
Абылайға келеді.
Туды маған бергін деп,
Қайратымды көргін деп,
Қолында алмас берені.
Бере салды Абылай,
Ешбір жауап демепті.
Мылтықтан түтін тұман боп,
Қақпаға жетіп келеді.
Абылайдың ақ туын,
Қолына батыр алып тұр.
«Олжабайлап» оқ атып,
Ұранын айтып салып тұр.
Барлық қазақ жабылып,
Өкпелері қабынып.
Қалмақтарға оқ атып,
Қыран-топан салып тұр.
Қалмақ тұрған қалаға,
Асырып атқан оқтары,
Бұршақтайын жауып тұр.

Ақиқат сөз бұл өзі,
Ішінде жоқ мақтаны.
Басқасымен жұмыс жоқ,
Келе салып Олжабай,
Бүкірмен шапты қақпаны.
Есі шығып қалмақтар,

Олжабайды атқаны.
Батыр туған Олжабай,
Сонда дағы саспады.
Атқан оғы қалмақтың,
Олжабайдың қолына,
Тиіп, өтіп кетіпті.
Қақпасын бұзып өтем деп,
Мұратыма жетем деп,
Қалмаққа сондай өшікті.
Оқ тигенін білген соң,
Алды қалай болад деп.
Туды маған бергін деп,
Тұрсынбай батыр жетіпті.
Мақұл көріп Олжабай,
Тұрсынға туды беріпті.
Бір қақпаға таласып,
Қақпаның бұзып бір жағын,
Қалаға қазақ еніпті.
Қорған толған көп қалмақ,
Ашылып есік қалған соң,
Шыбындай өріп келіпті.
Қалмақ, қазақ қосылып,
Қызыл қаны жосалып,
Бір зор қырғын көріпті.

Аянбай соғыс етті атпен шауып,
Оқ тиер деп асылында етпес қауып.
Қылыштасса қырылмай жан оңа ма?
Талай қалмақ қалыпты қырғын тауып.

Екі күн соғыс болды бір күн тынбай,
Соғыста қарап тұрмас қылыш ұрмай.
Асытныда Сарғасқа атқа садақ тиіп,
Сол жерде жаяу қалды хан Абылай.
Қалмақтар қаптап кетіп байлап алған,
Олжабай бір жақ шетте абайламай.

Қалмақтар Абылайды кетті алып,
Қазақтың басына бір қайғы салып.
Олжабай Абылайынан айрылғанға,
Қапа боп тұра алмады қатуланып.
Қара Ертістің бойында қалмақтарға,
Сол күні қырғын салды қайта барып.
Олжабай соғысады намыстанып,

Ақырып арыстандай ойран салып,
Абылайдан айрылған қазаққа өлім,
Қалайша ел-жұрт болмақ онан қалып?!

Абылай қолға түсті қайран ерім,
Ол кеткен соң сынады менің белім.
Жасымнан Олжабай деп атым шығып,
Қайтып көрем Арқаның енді жерін.
Абылайдан аяған жан енді неге керек,
Не бүгін Абылай азат, не бізге өлім.

Қайғырды Абылайдай ағасына,
Қайраттың түсті Олжабай сабасына.
Қақ жарып қалың қолды сол уақытта,
Барыпты Қалдан-Шерін ордасына.
Оқ атып темір қақпа бұзса дағы,
Қалмақтар жібермеді арасына.

Олжабай жүрсе дағы қырғын салып,
Қалаға енгізбепті мың сан халық.
Қалмақтың бір батыры Шарыш деген,
Бұрыннан атақ алған мағлұмданып.
Ұрыста Олжабайға тура келіп,
Шабыста қайтқан екен байлап алып.

Шарышты ер Олжабай байлап алды,
Онан соң өз қосына қайтып барды.
Қайғырып Қалдан хан да батырына,
Сонымен Олжабайға кісі салды.

Қалдан сөзі:
Сәлемде Олжабайға ерді берсін,
Сөзіме достық айтқан шындап сенсін.
Көнбесе бұл жауапқа батыр болса,
Жекпе-жек соғысамын өзі келсін.
Қорықса ұрысуға меніменен,
Кісімді берсін дағы кете берсін.

Осылай келген кісі айтып отыр:
Бұл сөзге ей, Олжабай, сен не дерсің?

Олжабай күйінеді мына сырға,
Сөйлейді қаһарланып қалмақ сұмға.
Қашатан қатын емес айтқан серттен,

Қалданшерін қалауынша келсін мұнда.
Ол қалмақ осы сөзбен кетті қайтып,
Көргенін Олжабайдан берді айтып.
Қалдан да қаруланып, қатуланды,
Көрмеген дұшпанынан беті қайтып.

Қалдан хан келді сонда майдан жерге,
Дұшпанын ерегескен көзі көрді.
Қалдан айтты: «Ей, Олжабай, қапы қалма,
Қолымнан сендейлердің талайы өлді».

Қалданның осы сөзін ұғып тұрды,
Садақтың жез айылын һам суырды.
Олжабай шауып келіп атқанында,
Мылтығын Қалдан ханның талқан қылды.
«Өмірде мұндай атқыш бола ма» деп,
Қалдан хан осылай бір айтты сырды:

Олжабай, кеше сені көріп едім,
Ерлігіңе шын баға беріп едім.
Жан батпаған қақпаны бұзып-жарып,
Қатты ұрысып қалаға келіп едің.

Ойлап едім қақпа бұзған қандай қазақ,
Сындырып мылтығымды салдың азап.
Қан төгіскен қырғынды біз қояйық,
Арамызда татулық жүрсін ұзақ.

Ат берді алтын жауып бір арғымақ,
Достасып болмақ қалды жақсы талап.
Дүниеде татулықпен тұрмақ болып,
Серттесіп, ақ мылтықтың аузын жалап.

Олжабай қайтып алды Абылайын,
Қалданшерін біліпті батыр жайын.
Қалмақтың да батырын қайтып берді,
Ұзартып басқа сөзбен не қылайын.

Олжабай олжалы боп қайтты еліне,
Жан көрінбес батырдың бір өзіне.
Жасыбай Бәсентиін, таз руы,
Жас батыр бірге жүрген өмірінде.

Осындай Олжабайға бақыт қонған,

Қошемет келіп жатыр оң мен солдан.
Атқан оқ Олжабайға тимеген соң,
Абылай «Қужарғақ» деп атын қойған.
«Бақыты асқанның басына таяқ тимес»,
Дұшпанға ерегескен салады ойран.
Олжабай өз еліне келгеннен соң,
Орта жүз «он сан» болып тойын қылған.

Орта жүздің қуанып барлық елі,
Қадірлеп алдырыпты Едігені.
Олжабай Орта жүзге ұран болып,
Бастады осылайша әңгімені.
Барлық ел қойдай шауып бата қылып,
Сарала туды беріп белгіледі.
Олжабай, Бұқар жырау, Едігемен,
Мұнан жоқ Орта жүздің өтер ері.

«Ақтабан шұбырынды» заманында,
Қазақтың қоныс таппай қалғанында,
«Қазаққа қоныс тапсам» деп айтады,
Олжабай шыбын жаным аманында.

Арқаның барлық жонын аралады,
Еділ мен Жайық, Ертіс аралары.
Есіл мен Алтай тауы, Арғанатты,
Ұлытау, Сарысумен шамалады.
Бұл жердің қыры киік, ойы балық,
Көргеннің сүйсінеді шыбын жаны,
Мың жылқы жатса дағы көрінбейді,
Жаз жайлау, қыс қыстауы жалғыз сайы.
Күрең түс, бетегеден ат жүрмейді,
Көрінген құр аттай боп құлын-тайы.

Аралап ер Олжабай бәрін көрді,
Тауына Баянауыл тағы келді.
Бетегеден аты жүрмес сондай шүйгін,
Бұл жерді талай жерден тәуір көрді.
Көкшетау, Қарқаралы, Өлеңтімен,
Шідерті ұзын аққан өзендері.
Бес ата қоныс етіп осы жерді,
Жанқозы мен Малқозымен Қоңырбелді.

Қыстауы болды сонда Баян тауы,
Қалмақ боп тұр қазақтың сонда жауы.

Жаз жайлау Ерейменнің сырт жағында,
Құланөтпес, Қушоқы деген тауы.
Сән-салтанат сәулеті сондай артық,
Бетеге, кара қияр көздің жауы.
Көрінбес жатқан жылқы шыққан шөптен,
Оралған бір ыңғай боп бие бауы.

Нұраның өзені аққан саласында,
Ұлытау, орта таудың арасында.
Өлеңті, Шідертінің өзендері,
Алакөл құйылады сабасына.
Сапырып сары қымыз сансыз жылқы,
Орта жүз орда болған баласына.
Сол уақта құба қалмақ қайта жау боп,
Бір жанжал түскен екен арасына.
Әмірсана қалмақ қашып өз елінен,
Жүріпті Абылайдың панасында.
Олжабай Қоңтайшының қызын алған,
Туысқан жақын екен о басында.

Әмірсана жүрген екен қашып келіп,
Олжабай күйеуім деп жақын көріп.
Күңгірлек кезеңене қол қаптады,
Сол жерде барлық елде тұрды біліп.
Ішінен жеті кісі бөлек шығып,
Аулына Олжабайдың келді жүріп.

Елші сөзі:
Қалмақтар сөз сөйлейді Олжабайға:
Тыныштық сіз бен бізге болар пайда.
Сұратты Әмірсанды құба қалмақ,
Сонымен келіп тұрмыз осы жайға.
Достық етсең бересің Әмірсанды,
Олжабай қай жақ пайда өзің ойла.
Бермесен тірі болып кетер жан жоқ,
Бүгіннен соғысатын майдан сайла.

Олжабайдың айтқаны:
Олжекең бөгелген жоқ көп сөз ойлап,
Қызарып екі көзі оттай жайнап:
- Әмірсан жар түбінде жетім тоқты,
Қолымнан бере алмаймын оны байлап.

Осындай бір-біріне қарсы келіп,
Батырдың ойларына түсті желік.
Қалмақтар өз қосына қайтып барып,
Жау сырын бір-бірінің анық көріп.
Жасыл ала туын алып, ер Олжабай,
Шақыртты елі-жұртын хабар беріп.

Әлқисса сол замандағы Олжабайдың соғысы:

Атқа мінді Олжабай,
Қолына жасыл ту алып.
Жауатын күндей сұрланып,
Түсі қашып қуарып.
Алмастай соққан ақ семсер,
Заһарға салып суарып.
Қырық жігіт қырланып,
Жасыбай батыр ырғалып.
Асып туған Олжекең,
Алтынды садақ сарыжай.
Тайкөк деген тұлпарға,
Мінді сонда оңданып.
Батыр туған Олжабай,
Сиынып жаппар құдайға.
Жай тасындай жайнатып,
Уаң тұлпарды ойнатып.
Әмірсанды бергін деп,
Қайратымды көргін деп,
Шықты қалмақ бір қырға.

Шідертінің басында,
Күңгірлектің тасында.
Арыстандай ақырып,
Олжабай барды сонымен
Қалмақтардың қасына.
Садақтың алды астына,
Шоқпар ұрды басына.
Қарсыласты қалың қол,
Дұшпандық деген осы да.
Бір-біріне қатыспай,
Ақты қандар жосыла.
Бақыты зор Олжабай,
Сондайлық тұрса оқ жауып,
Тимейді садақ басына.
Қамданып келген қалмақтар,
Қайтар емес соғыстан.

Бұлт орнаған таудай боп,
Біріне-бірі тоғысқан.
Өлгендердің саны жоқ,
Қызыл қанға шомылып,
Тамаққа тойған сауысқан.
Ат баурына ағыпты,
Қалмақ, қазақ қандары.
Бір-бірімен саласып,
Жараланған тәндері.
Он күн ұдай ұрысып,
Аянбастан қырысып,
Көптігімен қалмақтың,
Қазақтың кетті сәндері.
Жара түсіп тәніне,
Өзі сенбей әліне,
Қазақтың кетті әлдері.
Бұл қалмақты жеңе алмай,
Қанша қалмақ қырылып,
Жолдасына сене алмай.
Жаратқанға жалынып,
Жылады сонда Олжабай:
- Қор қылмағай дұшпанға-ай,
Жаратушы бір құдай.
Нағашым едің үйсінде,
Қуат бергін Қаратай!
Өмірде беті қайтпаған,
Жар бола гөр Бөгенбай!
Орта жүзге ұран боп,
Абыройым кетті ме,
Қамдана гөр Жасыбай!
Қашпаған соң қалмақтар,
Олжабай батыр сасыпты.
Шақырып аруақ сиынып,
Көзінің жасын шашыпты.
Әптiek айтып Олжабай,
Мінажат қақтан сұрады.
Тайкөктің тартып тарпасын,
Толғап мойын бұрады.
Жасыбайды қасына ап,
Енді қырғын салады.
Шідертiнiң басында,
Қатты соғыс болады.

Олжабай тартты садақты,

Рүстемдей талапты.
Он бір күндей шабылып,
Тайкөк деген тұлпары
Жолбарыстай жарапты.
Қашты қалмақ сол кезде,
Ойдағы тастап талапты.
Көш жолымен шұбырып,
Есепсіз қалмақ қырылып,
Баян тауын жанапты.
Қалмақ енді бір сайға,
Садақты қардай боратты.
Атысты сайға тығылып,
Оқтан жатыр қырылып.
Өзен өрлеп шапқанда,
Қайқайып садақ тартқанда,
Қалмақтың тиіп бір оғы,
Жасыбай қалды жығылып.
Астындағы Қоянкөк,
Қайта тұрды сүрініп.
Атының жалын құшақтап,
Кейін қайтты Жасыбай.
Пірлеріне сыйынып,
Жасыбайдан әл кетті.
Жалғыз жүріп Олжабай,
Қалмақтарды дендепті.

Баян таудың ішінен,
Қуып шықты қалмақты.
Қашқан жаудың соңынан,
Мылтық оғын зымыратты.
Қалың қазақ бір сергіп,
Қалмақтан иығын босатты.
Шідертінің басынан,
Қалмақ қашты құйылып.
Өлген қалды далада,
Қортым тастай үйіліп.
Бір сергіді қазақтар,
Дүние тауып сүйініп.
«Қалмақ қырған» атанды,
Сондағы жүрген жерлері.
Баян таудың көлдері,
Қоңыр салқын белдері.
Қара Ертісті қаптатып,
Қалмақты атқа таптатып,

Бір сын болды қалмаққа.
Алтай таудың белдері,
Ожалы болып ұранды ел,
Орта жүздің ерлері.
Алтай таудан әрі асып,
Артын бағып қарасып,
Еліне қайтып жөнелді,
Қалмақтың сынып белдері.
Қалмақты таудан асырып,
Дұшпанын елден қашырып.
Өлігі қалды қалмақтың,
Бір адырды жасырып.
Оқ жыландай орғытып,
Тайкөк атты Олжекең
Тобылғыдай қатырып.
Орта жүздің ұраны,
Олжабайдың аруағы.
Жаһанға кетті шашылып,

Олжекең келді елге қайта айналып,
Ерлігі Орта жүзге болды қанық.
Ел қорыған ерлерге өлшеу бар ма?
Жатыпты соныменен бір дем алып.
Ал тағы бір әңгіме басталады,
Қалайық тыңдаңыздар құлақ салып.
Құба қалмақ тұсында тыным бар ма?
Ерлерді қобалжытқан неше айналып.
Сақау ақын айтады екен бұл сөздерді,
Солардан жеткен мирас бізге қалып.

«Олжабай Орта жүзде ту ұстаған,
Балапан тұйғын құстай құныстаған.
Қолының қоспасынан оқ тисе де,
Ту ұстаған жерінен жылыспаған».

Осындай дәурен кешкен ер Олжабай,
Дұшпанын ерегіскен ала берген.
Арқаның айдын шалқар даласында,
Олжабай ойнап-күліп қызық көрген.
Бітіріп дау-жанжалды жұрт ішінде,
Қарамай жақындыққа төре берген.
«Олжабай есен болса, ел аман» деп,
Абылай осылайша оған сенген.

Олжабай болған еді шарапатты,
Ел-жұртына көрсетті рақатты.
Жасанып отырады күндіз-түні,
Күрмелеп байлап қояр Тайкөк атты.
Жағалап Ертіс бойын қалың қалмақ,
Арқада қазақтарды тағы шапты.
Әбілмәмбет еліне қалмақтар кеп,
Бір күні байқаусызда қырғын тапты.

Бектері келген сайын елді шауып,
Ел екен етпепті биттей қауып.
Серен деген қалмақтың батыры бар,
Қазақтар қала берген қырғын тауып.
Ел болып ақылдасып басты қосып,
Бір күні Олжабайға барған шауып.

Әбілмәмбет ханның елі Олжабайға кісі жібіріп айтқаны:

Атқа мінді Арқадан,
Орта жүздің баласы.
Қалмақтан келіп қалың қол,
Жыртылған соң жағасы.
Тоғыз күндей соғысып,
Келмеген соң шамасы.
Олжабайға барсақ деп,
Етекке басты салсақ деп,
Келеді жұрттың ағасы.
Қалмақтан жеп таяқты,
Халқының кетіп мазасы.
Орта жүзді ұран ет,
Толыбайдың баласы.
Қос атпенен шапқыншы,
Олжабайға келіп тұр.
Жайын айтып басынан,
Көздің жасын төгіп тұр.
Бізге қалмақ жау болып,
Жазаны жұртқа беріп тұр.
Тілегенің Олжеке,
Орта жүздің баласы.
Алдына келген туғанның,
Арызын тыңдап қарашы.
Елімізді жау шауып,
Қызыл қанға бояды,
Бұл Ертістің жағасы.
Серен деген бір қалмақ,

Бүлдірді келіп жұртыңды.
Сарыарқаның шаңдатып,
Жылқыға салды қиқуды.
Күнде келіп шабады,
Бұзып тұр сүйтіп ұйқыңды.
Ажыратқан ажалдан,
Қалмақ келген көп халық,
Кетіріп барады сыйқымды.

Олжекем бұл хабарды естіп қанды,
Орғытып Тайкөк атқа мініп алды.
Өмірлік жан жолдасы қырық жігіт,
«Дабыл» деген дауысын бір шығарды.
Жау шапты елімізді дегеннен соң,
Сауытын дулығамен киіп алды.
Ессіз қалмақ қайда деп ел шабатын,
Олжекең Ертісті өрлеп тұра салды.

Қалың Найман соғысқан бұдан бұрын,
Жау алудың білмеген тіпті ебін.
Қалмақтар өз білгенін істеп жатқан,
Қазақтар көрген жаудан күнде шығын.
Бәсентиін Сырымбет Олжабайға,
Баяндады қалмақтың ішкі сырын.
- Серен деген батырға кез боп тұрмыз,
Қайратты бір антұрған екен зұлым.

Мен бұған таппай тұрмын ешбір айла,
Көрінсем деп ойлап ем осындайда.
Қалмақтың көптігі сол қарағайдай,
Бекініп бұл Етісті, жатыр сайда.

Естіп білді Олжекең,
Қалың найман жауабын.
Дулығаның сыртынан,
Баса киді телпегін.
Қор етпе деп дұшпанға,
Пірден мәдет сұрады.
Белде қылыш найзамен,
Жез айыл берен садақты.
Қырық жігіт қырындап,
Етек-жеңін түрініп,
Қалмаққа қойды енді атты.
Олжабай деп ұрандап,

Ертістің бойын шаңдатты.
Қарсыласып қалмақпен,
Мылтық, садақ зырлатты.
Қалмақ деген зәнталақ,
Қырық жігітті көрген соң,
Жиылды бұда анталып.
Екі ғаскер қосылып,
Бірін-бірі паршалап.
Қалмақ-қазақ екеуі,
Араласып кетіпті.
Ажалдыға оқ тиіп,
Қазасы сол күн жетіпті.
Тайкөкпенен Олжабай,
Суда жүзген жайындай,
Қақ жарып ішіне өтіпті.
Мылтықтан тұман түтін боп,
Бірі – айдаһар, біреуі,
Жылан болып кетіпті.
Шоқпарлары күрсілдеп,
Ат тұяғы дүрсілдеп.
Найза қылыш үні жоқ,
Жарқ-жұрқ етіпті.

Олжабай мен Сереннің,
Бір келмеді кездері.
Қызыл қанға толыпты,
Батырлардың көздері.
Сайдан ақты қызыл қан,
Қалмақтың өлген жерлері.
Кешке шейін соғысып,
Бірін-бірі жеңбеді.
Күн батқан соң соғыстан,
Барлығы да тарады.
Барабанын қағады,
Жаудағының жауабы.
Өз қосына барған соң,
Қазақтарды санады.
Екі жүздей қазақтан,
Отыз бопты сол күні.
Соғыста өліп қалғаны,
Қалмақтан ешбір хабар жоқ.
Тауып алып өлгенін,
Апарып отқа жағады.
Түніменен Олжабай,

Қайғыланды қамығып,
Ішпепті тамақ терленіп,
Қалмақтың беті қайтпады,
Жеңбедім деп нағылып.
Сарғайып таң атқаннан,
Қалмақ бейқам жатқанда,
Жөнелді ерің шабынып.
Қарамады Олжабай,
Қазақтың қалған қолына.
Тайкөкпенен тау асып,
Бір сайдың түсті жолына.
Қалмақтың артын айналып,
Бір түссем деп соңына.
Ертіс суын жағалап,
Көп ағашты паналап,
Шықты сүйтіп оңына.
Жасыл ала туын жайнатып,
Бір кезеңнен Олжабай.
Шыға келді түйғындай,
Тайкөк атты ойнатып.
Шақырлап сулық шайнатып,
Барабан соғып ұрысқа.
Шығамыз деп қалмақтар,
Отырған асын қайнатып.
Олжабайлап ұрандап,
Қалмаққа тиді сонымен,
Садақ, мылтық зырлатып.
Жар астынан жау шығып,
Босатты қалмақ жосынын.
Сасқалақтап қалмақтар,
Етігін басына киеді,
Атқа теріс мінеді.
Қылышым деп садағын,
Салбырата іледі.
Сабыры кеткен қалмаққа,
Олжабай сүйтіп кіреді.

Асып туған Олжабай,
Ойлады сонда айланы.
Шіреніп тартып садақты,
Елді аузына қаратты.
Сансыз жатқан қалмақты,
Жеке жүріп жайғады.
Түске шейін соғысып,

Қазақ та келді болысып.
Қалмақтың кетіп сәндері,
Болмады деп жолымыз,
Олжабай болды сорымыз.
Қашып соғыс қылам деп,
Бұзылды қалмақ ойлары.
Бір топ қарға ішінде,
Бүркіттейін ойнады.
Бестау, Сырым тауынан,
Қалмақты қуып асырды.
Бір өзі көпке төтеп боп,
Түсірген соң жасылды.
Бір кезеңнен асканда,
Қиялап жартас шатқалды.
Сонда көрді Олжабай,
Серен деген асылды.

Серен менен Олжабай,
Қарсыласып алысты.
Қарсы найза салысты,
Екеуі де атақты ер.
Бірдей ойнап намысты,
Бір-бірінің басына,
Шоқпар жатыр ұрылып.
Бір-бір салып өтеді,
Қайта айналар бұрылып.
Олжабай шықты қылышпен,
Серен ердің сол кезде,
Бір қолы қалды жұлынып.
Қашты қалмақ сонан соң,
Атқа қамшы ұрылып.
Қия жол қалың шатқалда,
Ылдилап төмен шапқанда.
Жан аямай қашқанда,
Бір тас қағып тізесін,
Қалды Серен жығылып.
Құтылмасын білген соң,
Олжабайдан өтініп.
Қол қусырып Серен ер,
Құлдық етті иіліп.

- Жан сауға, деді – батырым,
Бар емес пе ақылың.
Қолға түстім қолыммен,

Байқайын істің ақырын.

Сол жерде Серен ерді байлап алды,
Өзінің тұлпарына мықтап таңды.
Қырғыннан қалған қалмақ көп еңіреп,
Тоз-тоз боп өз еліне кетіп қалды.
Ер жігіт ел-жұртының ырысы ғой,
Жаудан қорғап және де олжа салды.
Басқа да елде батыр толып жатыр,
Арада жер мен көктей парқы барды.
Ерлігін Олжабайдың көзі көріп,
Бәсентиін Сырым батыр сөз шығарды:

Көп алғыс айтып еді Олжабайға,
Бақытты бала туса елге пайда.
Он күндей біз соғыстық бұл қалмақпен,
Бітпедік олжаланып жалғыз тайға.
Олжабай екі күндей араласып,
Қалмақты қырып бітті жалғыз сайда.
Нағашың Қаратайға тартыпсын-ау,
Ол ер де сұмдық еді осындайда.
Олжабай сөз сөйледі Бәсентайға:
Оқ тимес ажалсызға жүрсе қайда.
«Ел ағасыз болмайды, тон жағасыз»,
Сырым-ау, бұрынғының сөзі қайда?
Осыны Олжабай ер сыйға алғын,
Серенді өз қолыма қайтып беріп,
Ашуды ойыңыздан һәм шығарғын.

Осыдан Қалдан-Шерін қатты берді,
Елшісі Олжабайға бір күн келді.
Сөздің жөнін бастан-аяқ естіген соң,
Олжекең барлығын да қабыл көрді.

Серенді байлауынан босатады,
Біздағы барамыз деп қоштасады.
Босанып Серен батыр кеткеннен соң,
Қуанып ел-жұртына жол тартады.

Олжабай қырық жігітпен шықты жолға,
Бармақ боп шақырған соң Қоңтажыға.
Қанша жан қарсы шығып қарсы алдынан,
Қалдан хан сый көрсетті Олжабайға!

Олжабай күйеу болып сонда жатты,
Өткізді ойын-сауық салтанатты.
Той тарқап тамашасы біткеннен соң,
Ұзатты Тименсайын перизатты.
Қырық қыз, қырық жігіт пен тоқсан кара ат,
Тағы да тоқсан боз ат сыйға тартты.
Алты қанат ақ орда бір үйменен,
Олжабай қуанышпен елге қайтты.



Buketono University




A decorative border with intricate black and white floral and scrollwork patterns, framing the central text. The border is symmetrical and features various motifs including leaves, scrolls, and dotted lines.

Бесінші бөлім


**АСЫЛ
қазына**



Рухани құндылықтарды жеткізуші Бабажан (оң жақта), Сарымсақ (сол жақта) ақсақалдар.



Би-шешендер мұрасын жеткізуші Өліпбай (оң жақта), Махмұт (сол жақта) ақсақалдар.



Көнекөз қариялар Байболсын (оң жақта), Совет (сол жақта)

Въдомость

Косымпа 2

Охиришкыя волостяго вступившаго подъ управление
вспышкыя Охирова, съ означеніемъ: въ сколькоиъ каждаа
волость составляетъ Дуновъ, орты, числа народа и
миллюонагоа цршаа скота. —

Званіе волостей и имена воеводъ и старшихъ правителей.	Число Дуновъ		Число Дуновъ		Количество скота в равнагоа цршаа	
	Дуновъ	орты	Дуновъ	орты	Дуновъ	орты
<u>Каркаралыискаго Охира</u>						
1 Дайсенбай Пехжовилой Управляющій сего волостіа Султанъ Нурди Килисова Аулыны старшины: Котай Чохомаговъ, Карамыс Нуралы, Саттбайды Егеревъ Кудайберды Маттобаевъ, Дауменъ Матаковъ, Мубаа Агаберды, Коруттыкъ Са ландыкъ Сибалбаевъ	13	798	2394	3192	20497	5.736 77.915
2 Миршавилой. Управляющій волостіа Султана Батмуръ Булбаевъ, аулыны стар шины: Бюргубай Косбалбаевъ Бекбайы Даманъ Сокбаевъ, Дина хара Дидилыевъ, Аратбар лыкъ, Бердигаска, Кошекбаевъ	12	732	2196	2928	19995	4416 55.67

Каркаралы аймағының тұлғалы азаматтары Жолды Шыңғысовтың, Дәумен Матақовтың және тағы басқаларының шаруашылығы туралы мәліметтер.

احمدھادی مقصودی .

جماعت

عبادات اسلامیہ مجموعہ سینک

دورتنجی جزئی

انتدائی مکتبہ نیک اؤچنچی صافی شاگرداری اؤچوندر .

۶ نچی طبعہ

۱۳۳۱
سند
۱۹۱۳

КАЗАНЬ.
Лито-Типографія И. Н. Харитонова.
Угелъ Воскресенск.и Казанск.ул., соб. домъ.
1913.

Ислам дінінің шариғат шарттарына байланысты «Жамағат» деген атаумен Қазан қаласындағы И.Н.Харитоновтың баспаханасынан 1913 жылы жарық көрген қазақтың би-болыстарының басшылыққа алған кітапшасының мұқабасы

Шерден ауыр не?

Балаби Досбол қартайған
шағында халқын жылдыт;

Шерден ауыр не?

судан терез не?

оттан ыстық не?

көктем биік не? - деп төрт сұрақ

8

берген елхім шешендікте

Балаби өзі шешім бе-

лай деп жауап берінті.

Шерден ауыр дегенім ақыл білім,
судан терез дегенім оқу ғылым,

оттан ыстық дегенім қани жола-
ған адамның өмірі.

көктем биік дегенім тәжәббар-
дің көзілі.

Арқадағы би-шешендердің ішіндегі ірі тұлғалардың бірі
Досболдың шешендік сөздеріне байланысты дәптерге
түсірілген қолжазбаның түпнұсқасы.



Үзіліссіз отыз жыл болыстық қызмет атқарған әрі би, әрі шешен
Жантөбетұлы Машақтың суреті.

КУНАНБАЙ МЕН СЕЙТКАЗЫ БИ

Кунанбай заманында бөліп төлген "Қисіні" десе, "Кунанбаймын" деп еткен бұл қазақ білген адам екен. М. Әуезовтың "Абай жолы" эпопеясынан Кунанбайды мейірімсіз, өзіннен басқа адамды ойламайтын қатал адам ретінде көреміз. Бірақ ол заманның заңы да солай еді. Сонымен бірге кейінгі "Абай жолы" кітабы жазылған уақыттың заңы да бұл кітапта Кунанбайды солай бейнелеуге мәжбүр еткізді.

Осы Кунанбаймен кездесу туралы үлкен кісілердің аузында бір әңгіме бар. Біздің үлкен атамыз Сейтказы-би болған кісі. Сол кісі Кунанбайға, манайындағы жуан аталар өңдеріне теңдік бермейтіндігін айтты ақыл сұрай барыпты. Сейтказының бұл арын ундемей мұқият тыңдап алып өл кісі:

"Ей, Сейтказы манайымдарылар теңдік бермейді дейсің, менің алып берген теңдігім саған теңдік бөл ма?! Әуелі ақылмен шеш, теңдікті қолыңнан бермесе, жолыңнан ал. Солардың бір жылында бір жекжал алып, шығарып өзіңнің де бір ата ел екендігіңді көрсет. Қол жинаймын деп зуре болма. Өзіңде сөк тауылдай он жігіт бар ма? Сол он жігіттің он жолдасы бар шығар, осы жиырма жігіттің сайланып барса, бітпейтін іс бола ма?

Осылай істесен малың да, жаның да, жерің де тыныштық болады". — деп ақыл айтады.

Сейтказы да бұл ақылға тәнт болып, елге қайтады. Кейін Базаралының бір асында жиырма жігітпен өзінің қарындасын шақырады, сөккіге жығып, ел арасында теңдік алған екен.

Біраз жылдан соң Кунанбайдың осы көмегіне риза болған Сейтказы:

"Ол кісі қатты ауру, жатып қалды." деген хабарды естіп, Кунанбайдың жолына қурбандық деп, бір сөккі сөйіп, қудайы қылып таратады. Дадам тобықтыда Сейтказы деген кісі Кунанбайға қурбандық шалды деген сөз Кунанбайға да жетсе керек. Кунанбай бұл аурудан бір-екі ай жатып жазылып, екінші жылдан соң қайтыс болыпты. Сонда Сейтказы ел адамдарымен бірге бата оқи барады. Сол кезде Кунанбайдың шешесі келіп, булардан:

— Қарактарым, сендердің елдерінде Кунанжаны ауырып жатқанда, қудай жолына қудайы беріпті. Сол кісі араларыңда бар деп естіп келдім.

Ол кісі қайсысың? — деп сұрайды.

— Шешей, мен едім — дейді Сейтказы.

— Кунанбайға қудайы беретіндей беретіндей не жақсылығын көріп едің?

— Жетісу шығып, жекжат-журат аралағанда "Тобықтымын" десем, Кунанбайдың інісі екенсі! — деп хан көтеріп құрметтейді. Сол себептен де Қуде-

Көнекөз қариялардан жазылып алынған Құнанбай Өскенбайұлына қатысты аңыз-әңгімелердің бір парасы.

Айы және күні, месяц и число	Рег. № Поряд. №	Документтің аты және мазмұны Наименование и содержание документа	Жұмыс істелген күн Проработано дней	Есептелінген еңбек күн Начислено трудодней	Сумма	Жазу т. кіт. Отметка на г.
------------------------------	--------------------	---	--	---	-------	-------------------------------

1. Ақша - 1000 рубль - қаражат

2. Ақша - 500 рубль - қаражат

3. Ақша - 200 рубль - қаражат

4. Ақша - 100 рубль - қаражат

5. Ақша - 50 рубль - қаражат

6. Ақша - 25 рубль - қаражат

7. Ақша - 12.5 рубль - қаражат

8. Ақша - 6.25 рубль - қаражат

9. Ақша - 3.125 рубль - қаражат

10. Ақша - 1.5625 рубль - қаражат

11. Ақша - 0.78125 рубль - қаражат

12. Ақша - 0.390625 рубль - қаражат

13. Ақша - 0.1953125 рубль - қаражат

14. Ақша - 0.09765625 рубль - қаражат

15. Ақша - 0.048828125 рубль - қаражат

16. Ақша - 0.0244140625 рубль - қаражат

17. Ақша - 0.01220703125 рубль - қаражат

18. Ақша - 0.006103515625 рубль - қаражат

19. Ақша - 0.0030517578125 рубль - қаражат

20. Ақша - 0.00152587890625 рубль - қаражат

Шежіреге байлансыты көне қолжазбаның бір көрінісі.

I - Бөлім

а) Сары Шуаш Шешен.

Сары шуаш (тұтан, аңген жепіл бемісіз) Семей, Жамбылдан бұрынғыдан наймандар ауы-
станым шұққан шешен. Сары шуаштың
өзге шешендерден бір ерекшелігі - ол ша-
һа тілді, сөм-сөзашым, зұл опасында
ұатты сөзді төге сөйлейтін шешен бол-
та деседі ел. Ол шұққан денелі қармақ-
ша кешен, бақпақ көз, тәжілім шұққан,
кешек ауыз, қартақ құлақ домбыраша
тұтала кісі болса керек. Оныңмен сөз
сөйлеген тұлғалар айрықша сөз түр-
та тұрпатын тілге тиіс етер екен.
Сары шуаш бір жолға керей ретіндегі
батырлық ауына құм, рақым бақпа-
т. Сонда оқи көрсеткен ретіндегі:

- Сен кешек ауыз, қартақ құлақ,
қартақ сұаң болса билейсің,
Астана аға шаққ ат берсе,
Астаң мінгір арақтасың.
Қоралы қартақ көз ақ берсе,
Қаралыда бірін атаң қаратасың
Сен ел болса та қаратасың
Шешен рақым қарабекке қартақ
Сары шуаш ретіндегі қартақ
Сен ағын түріңмен не үлгің қолға
кеңің?

Сонда Сары шуаш ел:

- Сен де құдайдың құлы екенсің,
Керейден шешеннің ағын түр екенсің,
Қаралы қарабекке қартақ,
Өзіңнің ағын атаңның ұла екенсің,
Белгі.

Сары Шуаш шешен жайлы жазылып алынған материалдың бір беті.

Дүйсенбай шешен.

1. Дүйсенбай, Қуебелі, Алшанбай,
Жаманқұл Қаратау бойы-
нан еліне қанай қоныс
аударғанда, еден Қуебелі
торенің Қіші ауз кірме
Алшан елін ағарман-ша
барман ретінде ұстап
отырғандығын естиді де,
өзі қатты сирқат ба-
ғандықтан бағасы Дүйсен-
байға төреге жүзсайды,
Дүйсенбай ауыға келе бір
тобенің басында ағарман
отырған адамға пен қоны-
ліктің орта кезінде май-
қасын Қуебелі мен Алшан-
байға көреді. Төре де
Дүйсенбайды танып, дауыстап:
- Қай бір қобыздың бағасы
қоныс келесіңдер ме? Жаман-
құл не деп сөлеп айтты?
дейді. Дүйсенбайдың әкесін
ұзақ бойлап, еңкіш, сөзге

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында Бабажан ақсақалдан жазылып алынған Дүйсенбай шешенге қатысты материал.

حدودیہ محکمہ سٹیشن صدر شہر غفران ماہ پور جنس حضرت صدر شہر
 بزرگی کینہ سری سلطان قاسم اولیٰ علیہ السلام نام دور
 اول اولوچ بادشاہ حضرت سلطان غایت و رحمت و زمان پاریہ لاری موہنجو روہر
 قلعہ سندھ لاری نیکان سلطان کو جب اوچے و نوجان سلطان سمد اوچے ہر پورسی
 بادشاہت بادشاہ سلطان دیکھ مہربان یعنی کوربا این صاع قاوشدین رائین
 مکرہ سلطان عبدالملک اولیٰ ارشدین یارکان و ضلع کسبیر تورا لاری پاریہ
 دیباہ شیب توہر اندین صدر سلطان ارشدین یارکان تورا لاری
 جوہر بولادی نیر ترابی سلطان اورانی تورا لاری سلطان ابہ لیدام قاتار خان
 بزرگ امید توہر میں توفیق جواب بزرگ بیکم تورا لاری اناناقی اوچے بکسیر
 سلطان قاسم اولیٰ علیہ السلام بادشاہ



ایسوں شہر لاری بزرگ بیکم تورا لاری سلطان ابہ لیدام قاتار خان

Кенесары ханның қолымен жазылған хаты мен мөр таңбасының көшірмесі.

Құнанбай Өскенбаевтың



Арқаның

Алшынбай Тіленшиннің



Арқаның

Тәттімбет Қазанғұповтың



Арқаның

Жанғұтты Ботантаевтың



Арқаның

Володимир Иванович
Тіленшиннің



Арқаның

Толқун Қожабаевтың

Ғарбек Мамановтың

Қазақстан Республикасы

Мамановтың

50 48 2 31

Мамановтың

2 48 32

Қазақстан Республикасы

Қазақбаевтың

34 16 31

Ғарбе


16 34 41

При выборе присутствующих в Архангельском

Мамановтың

Қазақстан Республикасы

Арқаның ірі тұлғалары Құнанбай Өскенбаевтың, Алшынбай Тіленшиннің, Тәттімбет Қазанғұповтың, Жанғұтты Ботантаевтың мөр таңбалары.



Жаманқұл мен Дүйсенбай шешендердің шежірелік кестесі.



Түйін


Қазақстанның өзге де өңірлері тәрізді Арқа аймағынан көптеген өнер қайраткерлері шыққан. Солардың бір парасы халықтың рухани қазынасы болып саналатын шешендік сөздерді дамытушылар болды. Әрине, мұндай өнер адамдарының көш басында Қаз дауысты Қазыбектің тұратындығы ақиқат. Фольклор мен әдебиетті зерттеуші ғалымдар халыққа жан-жақты таныла білген ірі тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына байланысты кеңінен зерттеулер жүргізіп, нақты тұжырымдар мен байламдар жасаған болатын. Нәтижесінде, айтарлықтай еңбектер жарыққа шығып, ғылыми конференциялар өткізілді. Десек те, әр кезендерде өмір сүрген би-шешендердің мұралары толығымен танылып болған жоқ. Белгілі ғалым Б.Абылқасымовтың: «XIX ғасырда қазақ даласында үш жүзден астам халық абындары өмір сүрген» деген пікірін басшылыққа алар болсақ, шешендердің де саны осы көрсеткіштен кем болуға тиісті емес. Олай болса, белгісіз болып келген зерттеу нысанына айналмаған өнер иелерінің кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған мұраларын мүмкіндігінше жарыққа шығару бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болмақ.

Біздің жинаққа енгізген би-шешендеріміздің басым бөлігі көпшілікке әлі таныс бола қоймаған тұлғалар. Оның себебі, шешендік сөздерінің әлсіздігінен емес, іздеушілерінің, зерттеушілерінің болмағандығына байланысты. Сонымен қатар, олардың бір парасының айтқан сөздері кеңес дәуірі кезіндегі саясатқа сәйкес келмегендіктен тыйым салынғандар болды. Осындай әрекеттің әсерінен сол шешендердің айтқан нақылдары, ұлағатты сөздері қазыргі кезге толығымен жетпеген. Дегенмен, қолға түскен шығармаларын оқырманға ұсынуды жөн деп таптық.

Мысал ретінде, Жаманқұл шешенді алып қарайтын болсақ, XIX ғасырда өмір сүрген өнерпаздың елге сіңірген еңбегіне байланысты ел ішінде «Жаманқұл үш жүздің баласына билік айтқан» деген әңгіме сақталып қалған. Әрине, мұндай деңгейге көтерілу, халықтың тарапынан бағасын алу сөзі әлсіз адамдарға тиесілі болмаса керек. Келесі бір Абыс шешендердің бірі – Жетес. Тарихта екі Жетес шешеннің болғаны белгілі. Бірі – Кіші жүз елінен шыққан өнерпаз. Ол XIX ғасырда өмір сүрген. Ал, біз қарастырған жетес шешен XVII ғасырдың тұлғасы. Ел тарихында батырлығымен танылған шапқыншылықтан елі мен жерін қорғай білген Олжабай, Ағыбай тәрізді тұлғалар көпшілікке мәлім. Бірақ, осындай танымалы азаматтардың тек батыр ғана емес, от

ауызды орақ тілді шешен болғандығы туралы да ел ішінде әңгімелер баршылық. Сонымен бірге назардан тысқары қалған сөз шеберлерінің санатына Кернейбекті, Саботаны, Науды, Қосыбайды жатқызуға болады. Бұлардың қалдырған мұраларының жастарды тәрбиелеуге мәнді, маңызды тұстары баршылық. Осы орайда айта кететін тағы бір мәселе қазақ тілінің сөздік жүйесі. Қазіргі кезде қажет болса да, қолданудан қалып бара жатқан *сеңгір, жапсар, дегідар, азат, тарғақ, мәмле* тәрізді тағы басқа сөздердің мағынасында ашып беруге талап жасайды. Сонымен қатар, би-шешендердің мұраларын жеткізуші адамдардың да паспорттын ұсынуға талап жасадық.

Тағы бір мәселе, біз жинаққа енгізген шешендерге қатысты әр түрлі дерек көздерден жеке бір тарау жасадық. Жалпы жинақтағы шешендердің шығармалары фольклор мен әдебиет саласындағы зерттеушілер мен ізденушілерге септігін тигізетіндігі ақиқат. Сондай-ақ, жастарды елін-жерін сүйуге, патриоттық сезімін ұштауға ықпал ететін тәрбиелік мәні бар тұстары да жеткілікті. Түйіндей келгенде жинақ көпшілік оқырмандарға арналған.



Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991. – 443б.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1974. – 307б.
3. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240б.
4. Сыдықов Е., Артықбаев Ж. Өнет баба: ғұмыры мен заманы. – Астана: Фолиант, 2017. – 256б.
5. Ысмайлов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956. – 264б.
6. Адамбаев Б. Алтын сандық. – Алматы: Жазушы, 1989. – 214б.
7. Артықбаев Ж., Жакин М. Шет өңірінің тарихы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. – 275б.
8. Бабатайұлы Д. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2004. – 147б.
9. Хан кене. Жинақ. – Алматы: Жалын, 1993. – 448б.
10. Сапаралы Б. Құнанбай қажы. – Алматы: Ер-Дәулет, 1995. – 288б.
11. Ел тұтқа. Оқу құралы. – Астана: Құл тегін, 2001. – 356б.
12. Ел аузынан. Шешендік сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 365б.
13. Артықбаев Ж. История Казахстана. – Караганда. Изд. КарГУ, 1999. – 135б.
14. ҚазақССР тарихы. I том. – Алматы: Ғылым, 1982. – 435б.
15. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. – Алматы. Жалын, 1974. – 214б.
16. Тынышпаев М. Великие бедствия. – Алматы: Жалын, 1991. – 152б.
17. Құдайбердіұлы Ш. Родословная. – Алматы: СП дастан, 1990. – 120с.
18. Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. – 76б.
19. Жеріңнің аты – еліңнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Ару ана LTD, 2006. – 808б.
20. Сейдімбеков А. Балталы бағаналы ел аман бол. – Алматы: Жазушы, 1996. – 235б.
21. Сәдуақасов Т.Қ. Астана аймағы. – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 648б.
22. Оңдасынов Н. Парысша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 384б.
23. Оңдасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 266б.
24. Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 302б.
25. Адамбаев Б. Тозған қазды топтанған қарға жейді. – Алматы: Рауан, 1991. – 192б.
26. Құдайбердіұлы Ш. Қалқаман-Мамыр. – Алматы: Ғылым ордасы, 2014. – 52б.
27. Рахимов Б. Қазақ тарихи жырлары. – Қарағанды: Болашақ-баспа, 2009. – 458б.
28. Әбдуов М. Шежіренің жанрлық сипаты. – Қарағанды: Арко, 1998. – 81б.
29. Шәретқызы З. Машақ болыс. – Қарағанды: Санат, 2017. – 368б.

30. Ақжолтай Ағыбай батыр. құраст. Әбсемет М. Жезқазған: Обл. Типография, 1992. – 174б.
31. Ер есімі ел есінде. Жинақ. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2013. – 235б.
32. Талпақ қажының Ахметжаны. Жинақ. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015. – 236б.
33. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. – Алматы: Ғылым, 1984. – 136б.
34. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968б.

Букеетов University

Мазмұны

Бастау.....	5
БІРІНШІ БӨЛІМ. Өнер алды – қызыл тіл	
Әнет баба шешен.....	12
Досбол шешен.....	15
Жаманкүл шешен.....	36
Құнанбай шешен.....	50
Жетес шешен.....	60
Ағыбай шешен.....	67
Торайғыр шешен.....	74
Жалаңтөс шешен.....	79
Олжабай шешен.....	82
Дүйсенбай шешен.....	84
Қара би шешен.....	93
Тұяқ шешен.....	100
Саққұлақ шешен.....	104
Машақ шешен.....	110
Байсейіт шешен.....	118
Мәнжігүл шешен.....	121
Ақбай шешен.....	124
Кернейбек шешен.....	127
Алтынбек шешен.....	130
Едіге шешен.....	131
Байтоқ шешен.....	133
Сағындық шешен.....	135
Кенжебай шешен.....	138
Бегеш шешен.....	140
Жұмабай шешен.....	143
Сабота шешен.....	145
Базар шешен.....	148
Бекбосын шешен.....	152
Бірімтай шешен.....	155
Мырзахмет шешен.....	157
Қосыбай шешен.....	159
Жұмық шешен.....	160
Меркіт шешен.....	162
Зілқара шешен.....	164
Нау шешен.....	167
Бапан шешен.....	170
Сары шуаш шешен.....	172
Шоқай шешен.....	174
Сапақ шешен.....	177

Бірысбай шешен	180
Қапа шешен.....	183
Жабай шешен.....	185
Қоңыратбай шешен	193
Алтай шешен	195
Итеке шешен.....	198
Кенже шешен.....	200
Ержан шешен.....	202
Ақтайлақ шешен.....	204
Шешеннің сөзі ортақ.....	208
ЕКІНШІ БӨЛІМ. Сөз туралы сөз	
Түсіндірме сөздік	214
ҮШІНШІ БӨЛІМ. Көненің көзі	
Би-шешендер мұрасын жеткізушілер туралы мәліметтер.....	226
ТӨРТІНШІ БӨЛІМ. Сыр сандық	
Ақжолтай Ағыбай батыр	234
Қалқаман-Мамыр	248
Алтын сақа	249
Күнделіктен үзінді.....	252
Олжабай батыр	253
БЕСІНШІ БӨЛІМ. Асыл қазына	
Қосымшалар.....	286
Түйін	307
Пайдаланылған әдебиеттер	309

Buketov University

Ғылыми басылым

ТУРА БИДЕ ТУҒАН ЖОҚ

Орталық Қазақстандағы би-шешендердің әдеби мұрасы

Екінші кітап

Авторлық түпнұсқадан басылды

Басуға 05.08.2020 ж. қол қойылды. Пішімі 70×100 1/16. Қағазы офсеттік.
Көлемі 26,08 б.т. Таралымы 155 дана. Тапсырыс № 53.

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ баспасының
баспаханасында басылып шықты.

100012, Қарағанды қ., Гоголь к-сі, 38. Тел. 8 (7212) 51-38-20.